**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**ӘОЖ 378. 1** **Қолжазба құқығында**

**ТАЖЕНОВА ГУЛЬСАРА СЕРИКОВНА**

# Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары

6D010300- Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Б.А.Тұрғынбаева

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Гази университетінің профессоры,
доктор Хаяти Акиол (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

**МАЗМҰНЫ**

**КІРІСПЕ**
**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**...........................................................3
**АНЫҚТАМАЛАР** .........................................................................................4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.........................................................6

**I АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

1.1 Ақпарат құралы ретіндегі «медиа» ұғымының мәні, қалыптасуы мен даму тарихы..........................................................................................................15
1.2 «Медиабілім», «медиақұзыреттілік», «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдарының мәні, құрылымы, өзара байланысы............................................27
1.3.Оқушылар мен жастарға медиабілім берудің шетелдік тәжірибесі .........43

**II СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ НЕГІЗДЕРІ**

2.1 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары .......................................................................53
2.2 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделі ...............................................................................................61
2.3 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары ..................................................................................69

**III КӘСІБИ БІЛІМ АЛУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ**

3.1 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны .............85
3.2 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі ...........96
3.3 Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген эксперимент және оның нәтижелері .......................................................................................................111

**ҚОРЫТЫНДЫ** ..........................................................................................133
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** ..........................................135
**ҚОСЫМШАЛАР** .......................................................................................150

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста қолданылған нормативтік құжаттар:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (15.11.2021 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). Астана. Ақорда.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелді.

"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. – Астана, 18.08.2010ж., ҚР Білім және ғылым министрінің №454 бұйрығы.

Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 11.01.2007ж., № 217.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 18.01.2014 ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы 20 мамыр 2015ж.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. inform.kz. https://www.inform.kz/kz/ukimet-cifrlyk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasyn-bekitti a3098045

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021ж. https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555

Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Бұқаралық коммуникация құралдары** – ақпарат құру, жасау, жазу, көшіру, тираждау, сақтау және тарату, ақпарат көзімен және көпшілік аудитория арасында ақпарат алмасуға арналған техникалық құралдары.

**Цифрландыру** – бизнес үлгілерін құру немесе өзгерту, құндылық тудыратын жаңа кірістерді, мүмкіндіктерді алу үшін цифрлық технологияны қолдану.

**Медиа** – ақпаратты жасау, жазу, көшіру, тираждау, сақтау, тарату, қабылдау және субъект (автор) пен объект (көпшілік аудитория) арасында онымен алмасуға бағытталған техникалық құралдар.

**Медиабілім** (медиапедагогика) әртүрлі дереккөздердегі түсіндірмелер: - «медиамен қарым-қатынас жасау мәдениетін, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту, сыни ойлау, түсіндіру біліктіліктері, медиамәтінді талдау және бағалау, медиатехника көмегімен өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларына үйрету мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен материалдары арқылы тұлғаға білім беру және дамыту үрдісі.

**Медиасауаттылық** («медиабілімнің» баламасы) – кеңістік-уақыт болмысын қабылдай, талдай және синтездей білу, медиамәтінді «оқи» білу.

**Медиамәдениет** – медиа саласындағы материалдық және зияткерлік құндылықтар жиынтығы, сондай-ақ оларды социумда жасау мен қызмет етуінің тарихы анықталған жүйесі; аудиторияға қатысты «медиамәдениет» немесе «аудиовизуалды мәдениет» медиамәтінді қабылдау, талдау, бағалау, медиашығармашылықпен айналысуға, медиа саласында жаңа білімді меңгеруге қабілетті адам тұлғасының даму деңгейінің жүйесі бола алады.

**Медиақабылдау** – «медиаболмысты», медиамәтін авторларының сезімдері мен ойларын қабылдау.

**«Медиамәтін** – бұқаралық ақпарат құралдарының (баспасөз, кітап, бейнелеу өнері туындылары, театр, кино, радио, теледидар, Интернет т.б.) арналары арқылы таратылатын ақпарат.

**Құзыреттілік -** оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін меңгеруі көрінетін білім берудің нәтижесі.

**Медиақұзыреттілік -** БАҚ мәтіндері мен Интернет материалдарын, саналы қабылдау, сыни талдау, таңдау, баға беру негізінде қолдануына ықпал ететін, нәтижесінде медиапайдалануға деген ақылға салынған, салмақты мотивтерді, ақпараттық қауіпсіздікті, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар, қасиет - сапалар жиынтығы.

# БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҚРБжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖОО – жоғары оқу орны
Қаз ҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ППИ – Педагогика және психология институты
ППФ – Педагогика және психология факультеті
ЖАТ - Жаңа ақпараттық технологиялар
АТ – Ақпараттық технология
АТК– Ақпараттық техникалық компьютер
БАҚ - Бұқаралық ақпарат құралдары
БКҚ - Бұқаралық коммуникация құралдары
ОӘК – Оқу-әдістемелік кешен
ОАО – Оқу - ақпараттық орта
ЭТ – Эксперименттік топ
БТ – Бақылау тобы
МБ - Медиабілім
ЮНЕСКО - (UNESCO – United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) Біріккен Ұлттар Ұйымының ғылым-білім және мәдениет бойынша мәселелерімен айналысатын саласы (ұйымы)
RWCT – оқу мен жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясы
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
БББ – Білім беру бағдарламасы

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі**. XXI ғасыр адамзаттың индустриалдық қоғамнан ақпараттық қоғамға өтуімен ерекшеленеді. Осыған байланысты ақпаратты ала білу, оны өңдеу және күнделікті пайдалану өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады. Ақпараттық технологиялардың дамуы, жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялық тетіктердің жер жүзіндегі рөлі мен ықпалының басты күшті иеленуі - қазіргі заманның негізгі мәселесіне айналды.

Қоғамдық өмірде Интернетсіз экономиканың бірде-бір саласы дами алмайды. Бұл ретте, елімізде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында цифрландыруға күш салу адами капиталды белсенді түрде дамыту, инновациялық экономиканы құру, 2050 жылға қарай 30 дамыған елдің қатарына кіру құралы ретінде қарастырылса[1], 2021 жылғы 1 қыркүйекте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар–ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім саласын цифрландырудың маңызына тоқталып, оны сапалы білім берумен тікелей байланыстырып, «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасын жүзеге асыруды тапсырды[2]. Бұл өз кезегінде ақпараттық кеңістіктің кеңею үрдісін көрсетеді.

Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың басты құралдарының бірі. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары көмегі арқылы адамның өзін-өзі танытуына, оның қоғамдық өмірге қатысуына, барлық мүмкін әлеуметтік рөлдерді игеруіне және т.б. ықпал етеді. Ақпараттық технологиялардың қазіргі кездегі өнімдері әртүрлі әлеуметтік топтардың ақыл-ойына, эмоцияларына, өз бетімен шығармашылық және сыни ойлануына, құндылық бағдарлары мен нанымдарына әсер етеді. Дегенмен ақпараттардың жағымды және жағымсыз типтері болатындығын ескерсек, соңғысынан қорғана алуға қабілетті тұлға қалыптастыру міндеті туындайды.

2018 жылы қабылданған «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы ҚР Заңы» балалардың өз жасына сәйкес келетін ақпаратты алу және тарату құқықтарын іске асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл заң нормаларын білу және орындау балалардың білімі мен тәрбиесімен айналысатын болашақ педагогтер үшін де аса маңызды[3].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Баспасөз, әсіресе, электронды баспасөз, бүгінгі танда Қазақстанның ақпарат кеңістігінде қалыптасқан үйлесімсіздіктерді дұрыс бағалай алмай, олардың шешімін таба алмай отыр. Қазір Республикамыз алыс және таяу шетелдерден жетіп жатқан теле және радио бағдарламалары нөсерінің астында қалды. Оларды ешкім талдап жатқан жоқ» – деп атап көрсетеді[4]. Осыған байланысты мемлекет пен қоғам, билік пен халық, БАҚ пен адамдар арасындағы коммуникация барысында көрініс табатын медиабілімнің нәтижесі медиақұзыреттілікті қалыптастырудың

маңыздылығы арта түседі. Себебі XXI ғасыр адамы үшін масс-медиа мен таратылып жатқан ақпаратты түсініп дұрыс баға бере білу-оқи және жаза алу сияқты сауаттылықтың бір түрі болып табылады. Оны қалыптастыруды ертерек, бала бақша тәрбиеленушісі, мектеп оқушысы, студент кезден қолға алу бұл саладағы сауатсыздықтан болатын зардаптарды болдырмауға ықпал етеді.

«Студент» сөзі латын тілінен аударғанда «ынтамен оқушы, ізденуші» деген мағынаны білдіреді. Студенттердің негізгі әрекеті - оқу, яғни мақсатты түрде жүйелі, тыңғылықты білім алуға, кәсіби еп-дағдыларды үйренуге ұмтылуы. Студенттік кезең білім алу жолында талмай ақпарат іздеу, оқып үйрену, зерттеу әрекетімен шұғылданатын уақыт. 50-жылдардан бастап студенттік өмірдің психологиялық ерекшеліктері (А.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, И.А.Зимняя, А.Г.Маклаков, И.С.Кон және т.б.) зерттеліп, ғалымдардың барлығын «студенттік кезең–ақпаратты ең белсенді қолданатын топ болғандықтан, БАҚ-тың сананы билегіштік әсеріне ұшырағыш тобы» деген көзқарас біріктірді.

Бұл жас олардың есею сезімінің пайда болып, өзін-өзі ұқсастыру, әлеуметтік анықталу шағы. Осыған қарамастан, студенттік аудитория ақпаратты талғай бермейді, оны үстірт іздеуге дағдыланған. Сондай-ақ, БАҚ өнімдерін сыни талдауға бейімделмегендіктен, олардың айтар ойының түп төркінін түсіне бермейді. БАҚ өнімдерін тұтынушы жастар арасында шынайы өмірден гөрі көгілдір экранның арғы жағындағы қызылды-жасылды «қызықтан», кейбірі ешкіммен араласпай, күндіз-түні теледидар мен компьютерден бас алмай бар қызығын содан тауып, тәуелді болғандар қатары күн санап артуда. Интернеттегі атыс-шабыс ойындар, зорлық-зомбылықты көрсететін фильмдер мен мультфильмдер, түрлі бейәдеп суреттер жастардың жат мәдениеттің өнімдеріне әсерленіп, өз ұлттық тамырынан ажырауына әкелуде.

Осыған байланысты жаһандану заманында бір жағынан ақпаратты кедергісіз алатын қоғамның орнауы заңдылық болып табылса, екінші жағынан, жастардың ақпарат тасқынының кері ықпалынан сақтандыру, антигумандық ақпараттар ағынынан өзін-өзі қорғай алу дағдыларын қалыптастырудың қажеттілігі артады. Бұл ретте жоғары мектептің оқу-тәрбие үрдісінде БАҚ-ның өнімдерінің жағымсыз, сананы билегіштік әсер етуінің алдын алуға бағытталған жүйелі педагогикалық шараларды жүзеге асырып, ЖОО студент тұлғасының медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдістері, құралдары, формаларын іздеу және ғылыми-тәжірибелік негіздерін терең зерттеу міндеттерінің туындауы заңдылық. Аталған мәселені шешу сөз жоқ, жастардың медиақұзыреттілігінің дамуына ықпал ететін медиабілім беруді тиісті жолға қою нәтижесінде жүзеге асады.

Медиабілім арқылы қалыптасатын «медиақұзыреттілік» біздің зерттеу жұмысымыздың аясында тұлғаның ақпарат көздерімен жұмыс істеу, қажетті, пайдалы ақпаратты іздеудің жолдарын, ақпараттың ақ, қарасын айыруды

үйрену, кейбіреулерінен болатын зияндықтардан қорғанудың тетіктерін білу - деген мағынада қарастырылады.

*Мәселенің ғылымда қарастырылу деңгейі.* Тұлғаның құзыреттіліктерін ақпараттық технологиялар негізінде қалыптастыру мәселесі ғылыми еңбектерде әрқырынан қарастырылып, ұлы ойшылдар мен ағартушылар, белгілі философ, психолог және педагогтердің еңбектеріне арқау болған.

Ақпараттық технологиялардың мәні мен мазмұны ерте заманнан бүгінге дейін философ, психолог және педагогтердің көзқарастарында орын алып, бүгінгі күні қоғам талабына сай жүйеленіп келеді. Нәтижеге бағытталған білім беру парадигмалық идеясы аясында «құзыреттілік» ұғымы кең қолданысқа еніп, зерттеушілермен әртүрлі түсіндірмелер берілді. Атап айтсақ:

- «құзыреттілік», «құзырет» ұғымдарының педагогикалық және психологиялық аспектілерін Дж.Равен[5], К.Роджерс[6], И.В.Роберт[7], Хуторской[8], Қ.Г.Құдайбергенова[9], М.А.Абсатова[10] және т.б. қарастырған;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологиялар негізінде түйінді құзыреттілігін дамыту мәселелесін отандық ғалымдар: К.У.Қунақова[11], М.З.Джанбубекова[12], Қ.М.Нағымжанова[13] және т.б. еңбектерінде қарастырылады;

- ақпараттық технологияны пайдалану арқылы студенттер мен оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері Г.Қ.Нұргалиева[14], Т.О.Балықбаев[15], Ж.А.Қараев[16], Ж.У.Кобдикова[17], К.З.Халықова[18], Б.Абықанова[19] және т.б.;

- болашақ мамандардың ақпараттық технологияларды қолдануға даярлығын, ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды Е.Ы.Бидайбеков[20], Д.М.Жүсіпалиева[21], К.М.Беркімбаев[22], А.Сағымбаева[23], Б.Т.Кенжебеков[24], Б.А.Досжанов[25], Г.У.Сыздықбаева[26], А.Т.Чакликова[27] және т.б. әр қырынан қарастырған;

- жастарды сыни сауаттылық арқылы ақпараттар әлемінде әрекет ете алуға дайындау мәселесі шетелдік К.Поппер[28], Д.Халперн[29], Р.У.Поль[30], R.H.Ennis, S.P.Norris[31], ресейлік ғалымдар: В.А.Попков, А.В.Коржуев[32], Е.А.Ходос, А.В.Бутенко[33], С.И.Заир–Бек[34] т.б. және отандық С.С.Мирсеитова[35], Б.А.Тұрғынбаеваның[36] т.б. еңбектерінде көтеріліп келеді;

- ақпараттың сананы билеушілік (манипуляция) феноменін зерттелуіне XIXғ. аяғы – XXғ. басындағы психология, әлеуметтану, саясаттану, философия салаларында батыс зерттеушілер: А.Моль[37], А.У.Хараш[38], В.М.Бехтерев[39], Г.Лебон[40], Г.Маркузе[41], З.Фрейд[42], М.Макклюен[43], М.А.Хевеши[44], У.Липпман[45] арнаған еңбектер бар;

- психологиялық зерттеулердің арасында ақпаратпен жұмыстың психологиялық тетіктерін тәжірибелі түрде зерттеген: А.Бандура[46], С.Милграм[47], S.Aufenanger[48] және тағы басқа есімдерін атауға болады.

- заманауи өмірде сананы билеу мәселесінің зерттелу жағдайын: А.С.Миронов[49], А.Ю.Горчева[50], В.Г.Крысько[51], В.П.Пугачев[52], Г.В.Грачев[53], И.К.Мельник[54], К.Х.Каландаров[55], М.В.Жижина[56], О.Н.Быкова[57], О.П.Березкина[58], П.Бергер[59], С.А.Зелинский[60], Т.З.Адамъянц[61], Т.М.Харламова[62], В.Г.Баукин[63] тәрізді ғалымдар еңбектерінде қарастырылғанын талдау көрсетті.

- медиақұзыреттілікті қалыптастырудың әртүрлі мәселелеріне арналған: педагогикалық зерттеулер А.А.Журин[64], А.В.Федоров[65], А.В.Шариков[66], В.В.Гура[67], Д.Е.Григорова[68], Е.А.Столбникова[69], И.В.Жилавская[70], Л.Мастерман[71], О.А.Баранов[72], Р.В.Сальный[73], В.А.Возчиков[74], Е.В.Мурюкина[75], И.А.Фатеева[76], К.Бэзэлгет[77] және т.б. ғалым жұмыстарымен толығады;

- қоғам дамуындағы медианың рөлі, оның білім мен тәрбиедегі орны мәселелері қазақ зерттеушілерінің еңбектерінде де қарастырылып келеді, олардың қатарында, А.М.Ержанова бұқаралық коммуникация және оның жаһандық трансформация мәдениетіне әсерін[78], Ж.Ж.Молдабеков; Б.М.Таңатарова этносаяси процестерді дамытудағы БАҚ рөлі[79], Л.С.Ахметова, А.Веревкин Қазақстандағы медиабілім: теориясы мен практикасы[80]; А.Ш.Баймультдинова Медиа–Қазақстанда дамуы: заманауи көзқарас[81]; А.Э.Баймухамбетов Қазақстандық БАҚ-тың сәйкестік жағдайында, заманауи медиажаһандану тенденциясы[82]; Л.З.Маханова масс-медиа мәтіндерінде толеранттылықтың тілдік құрал мәнеріне[83]; Қ.Ө.Есенова қазіргі қазақ медиа-мәтіннің прагматикасының түйткілді мәселеріне[84]; Е.Ж.Масанов медиамәдениеттегі адам мәселесін[85]; П.Б.Сейтқазы болашақ мұғалімдерді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тәрбие үрдісіне дайындаудың ғылыми-теориялық негіздері[86]; А.А.Ташетов болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа-ресурстарды пайдаланудың ғылыми-тәжірибелік негіздеріне қатысты зерттеулер жүргізген[87].

Дегенмен, зерттеу мәселесі бойынша жазылған философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық және ғылыми-педагогикалық еңбектерді талдау:

- қоғамның барлық саласының ақпараттануына орай медиабілімге деген сұраныстың артуы мен білім беру жүйесін реттейтін құжаттарда, білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларында мәселенің қажетті деңгейде көрініс таппауы арасындағы;

- болашақ педагогика саласы мамандарына медиабілім беріп, БАҚ өнімдерін сауатты тұтынуға деген құзыреттіліктерін қалыптастыруға, оларды мектеп оқушыларын да осы бағытта тәрбиелеуге даярлауға деген әлеуметтік және кәсіби қажеттілік пен оның тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткіліксіздігі арасындағы ***қарама-қайшылықтардың*** бар екендігін көрсетеді.

Аталған қарама-қайшылықтар студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруды нәтижелі ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды

анықтап және ғылыми тұрғыда негіздеу ***мәселесін*** туындатты. Осыған сәйкес зерттеу тақырыбы ***«Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары»***-деп таңдалды.

**Зерттеудің мақсаты:** студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу, психологиялық-педагогикалық шарттар кешенін айқындап тәжірибеден өткізу.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

**Зерттеу пәні:** кәсіби білім алу барысында студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер* студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары ғылыми негізделсе, құрылымдық-қызметтік моделі жасалып, мазмұны мен белсенді және арнайы әдістері жоғары оқу орнының тәжірибесіне ендірілсе, *онда* студенттердің бұл сапасын қалыптастырудың деңгейі артады, *өйткені* үрдістің тиімділігіне әсер ететін психологиялық-педагогикалық шарттар жүзеге асады.

**Зерттеудің міндеттері:**

1.«Студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымының мәнін нақтылап, құрылымын, «медиабілім», «медиақұзыреттілік» түсініктерімен өзара байланысын айқындау;

2. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделін жасау;

3. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыруға негіз болатын психологиялық-педагогикалық шарттарды негіздеу;

4. Педагогикалық бағыттағы мамандар даярлау білім беру бағдарламаларына енгізуге болатын «Медиабілім негіздері» атты элективті курс пен әдістемесін даярлап, тәжірибеден өткізу.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** әртүрлі ақпараттармен жұмыс барысында ол өнімдерді сыни тұрғыдан зерделеу, студенттердің БАҚ арқылы келіп жатқан ұғым, түсініктерге байыппен қарап, өзіндік қорытындылар жасауына, ақпараттан келетін қауіптерден өзін алшақтата алуға ықпал етеді.

**Зерттеудің теориялық–әдіснамалық негіздері:** тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар, тұлға теориясы; ғалымдардың ақпараттық мәдениетті дамыту, өзін-өзі дамыту; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, медиақұзыреттілікті қалыптастыру жайындағы ғылыми еңбектер. Мәселені зерттеуге қажетті әдіснаманың құзыреттілік, аксиологиялық, іс-әрекеттік, семиотикалық тұғырлары мен жан жақтылық, теориямен тәжірибенің бірлігі, тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымдары.

**Зерттеу көздері:** зерттеу мәселесіне қатысты философ, әлеуметтанушы, саясаттанушы, психолог және педагогтердің еңбектері; шетелдік және

отандық ғалымдардың еңбектері мен іс-тәжірибелері, мерзімді басылым материалдары, автордың педагогикалық және зерттеушілік тәжірибесі.

**Зерттеу кезеңдері:**

*Бірінші кезең* (2015-2016ж.ж.) – зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Бұл кезеңде зерттеу мәселесінің өзектілігі негізделіп, мақсат-міндеттері, пәні, нысаны және ғылыми болжамы айқындалды, медиақұзыреттілікті диагностикалаудың өлшемдері мен деңгейлері анықталды.

*Екінші кезең* (2016-2017ж.ж.) – студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық–қызметтік моделі жасалды, психологиялық-педагогикалық шарттары негізделіп, айқындаушы эксперимент барысында студенттерінің аталған сапасының бастапқы деңгейі айқындалды, «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы әзірленіп, оқыту үдерісінде тәжірибеден өтті.

*Үшінші кезең* (2017-2018ж.ж.) – эксперимент материалдары жүйеге келтірілді, соның негізінде, студенттердің медиақұзыреттілігінің қалыптастыру динамикасы анықталды. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижелері шығарылып, ғылыми негізделген ұсыныстар, пәннің ОӘК, «Медиабілім және медиақұзыреттілік» атты оқу-әдістемелік құрал әзірленді.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу жұмысына қойылған міндеттерді жүзеге асыруда *теориялық* (философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, сараптамалық шолу әдісі, қорытындылау, салыстыру т.б.); *эмпирикалық* (сауалнама, әңгімелесу, педагогикалық бақылау, тестілеу, педагогикалық эксперимент); зерттеу бойынша алынған нәтижелерді өңдеудің *математикалық-статистикалық* әдістері қолданылды.

**Зерттеудің базасы:** Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Экспериментке барлығы 128 студент қатысты.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:**

- жоғары мектеп педагогикасының теориясы осы еңбекте қолданылатын «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдары мәнінің нақтылануымен, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылған;

- студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың компоненттері, көрсеткіштері, мазмұны мен әдістері, құралдары, диагностикалық әдістемелері, деңгейлерінен тұратын құрылымдық–қызметтік моделі жасалынды;

- ЖОО-да студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын: медиаөнімдерінің сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және

түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету сияқты психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы нақтыланып, негізделді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың ұсынылып отырған психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыру барысында дайындалған «Медиабілім негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Медиабілім және медиақұзыреттілік» атты оқу–әдістемелік құрал, «Педагогика жəне психология» мамандығы аясында «Медиапедагог» магистрлік білімнің және бакалаврлар даярлаудың үлгі ББ бағдарламалары дайындалды.

Зерттеудің бұл практикалық нәтижелерін жоғары және арнаулы оқу орындары тәжірибесінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалану білім алушылардың медиасауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. *«Студенттердің медиақұзыреттілігі»* – тұлғаның ақпараттық әлемде дұрыс бағыт алуына БАҚ өнімдерін, Интернет материалдарын сыни тұрғыда талдап, дұрыс бағалау негізінде қолдануына ықпал ететін, тұлғаның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, рефлексиясын сипаттайтын, нәтижесінде медиаөнімдерінің түпкі ойын түсінуді, оларды пайдаланудағы ақпараттық қауіпсіздікті, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар, қасиет–сапалар жиынтығы.

2. Студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық–қызметтік моделі мотивациялық, танымдық-әрекеттік, бағалаушылық компоненттер мен олардың көрсеткіштерінің, әдіснаманың іс-әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлары мен ұстанымдары, біртұтас педагогикалық үрдістің құрамалары: мазмұн, әдіс технологиялар, құралдар негізделген, зерттеліп отырған сапаның деңгейін анықтайтын әдістер мен әрекеттер жиынтығынан тұратын құрылым.

3.Студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары жоғары оқу орынында студенттердің осы сапасын жетілдіруді жоғары деңгейге көтеруге ықпал етуде басшылыққа алынатын: *медиаөнімдерінің сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету* сияқты өзара байланыстағы әрекеттер жиынтығы. Олардың жаңашылдығы зерттеу пәнімен байланыстылығында, мазмұндық толықтылығында және кешенді негізделуінде болып табылады.

4. «Медиабілім негіздері» атты элективті курсының мазмұны медиабілімнің рөлін, бағыттарын, негізгі терминдерін, теорияларын, медиабілімнің даму кезеңдерін, медиақабылдау мәселелерін, медиабілім сабақтарын ұйымдастыру түрлерін зерделеуді көздейді. Бағдарлама

мазмұнын игеру интербелсенді, проблемалық, эвристикалық, ойын әдістемелері мен шығармашылық сипаттағы практикалық сабақтар арқылы жүзеге асып, студенттердің медиамәтіндерді сыни талдау негізінде саналы қабылдау қабілетін қалыптастыруды қарастырады.

Пәнді тәжірибеден өткізуде студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың ұсынылған психологиялық-педагогикалық шарттары басшылыққа алынды.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:** зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкестілігімен; зерттеу әдістер кешенін пайдаланумен; алынған деректердің дәлелдігімен, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысының жоспарлы кезеңділігімен, бастапқы және соңғы көрсеткіштер нәтижелерінің тиімділігімен, олардың оқу-тәрбие үдерісіне кешенді ендірілуімен қамтамасыз етіледі.

**Зерттеу нәтижелерінің талқылануы мен жүзеге асырылуы:** зерттеу материалдары бойынша 22 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 6 - ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдардағы журналдарда, 2–Scopus ақпараттық базасына кіретін журналдарда, 6-халықаралық конференция материалында, 5–шетелдік конференция материалдарында, 1-Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, 1-элективті курс бағдарламасы, 1-«Медиабілім және медиақұзыреттілік» атты оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.

**Диссертацияның құрылымы:** диссертация 150 беттен, кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған 229 әдебиет тізімі мен қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеу тақырыбының өзектілігі дәлелденіп, ғылыми аппараты: нысаны, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық негіздері, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі көрсетіледі.

**«Ақпараттық қоғам жағдайында студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың тарихи-теориялық негіздері»** атты бірінші тарауда «ақпарат», «ақпараттық қоғам», «медиа», «медиабілім» дефиницияларының мәндері ашылып, медиабілімнің қалыптасу, даму кезеңдеріне, медиабілім берудің шетелдік тәжірибесіне талдау жасалады, «медиабілім», «медиақұзыреттілік», «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдарының мәні нақтыланып, құрылымы айқындалады, зерттеу мақсатына сәйкес авторлық анықтама беріледі.

**«Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық және қолданбалы негіздері»** атты екінші тарауда мәселені зерттеуге қажетті әдіснамалық тұғырларға, ұстанымдарға, құрылымдық-қызметтік модельге сипаттама беріліп, зерттеу барысында айқындалған психологиялық-педагогикалық шарттар негізделеді.

**«Кәсіби білім алу барысында студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен нәтижелері»** атты үшінші тарауда студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың «Медиабілім негіздері» атты элективті курс мазмұны, жүзеге асыру әдістері мен технологиясы сипатталып, зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік–эксперименттік жұмыстың ұйымдастырылу барысы мен нәтижелері келтіріледі.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Қосымшада** зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында қолданылған әдістемелер, студенттерге арналған сауалнамалар, диссертацияға енбеген басқада материалдар ұсынылады.

# I АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Ақпарат құралы ретіндегі «медиа» ұғымының мәні, оның қалыптасуы мен дамуының тарихы

Ақпараттық технологиялардың дамуы, жаһандық бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникациялық тетіктердің жер жүзіндегі рөлі мен ықпалы басты күшті иеленуі XXI ғасырдың негізгі мәселесіне айналды. «Ақпарат» терминінің ғылыми айналымға түсуі, коммуникация құралдарының қарқынды дамуы, оның қазіргі заманның таңбалау мағынасына ауысқанынан бірталай бұрын пайда болған. Қоғам өмірінің әртүрлі салаларын компьютерлендіру мен ақпараттандырудың технологиялық және әлеуметтік салдарының тереңдігі мен ауқымын ескере отырып, оларды кейде компьютерлік немесе ақпараттық төңкеріс - деп те атайды[88].

Ақпарат - адамның өзіне қарағанда әлдеқайда көне құбылыс. Табиғат ерте кезден өсімдіктер мен тірі организмдерде жұмбақталған (кодталған) ақпаратты өзінің даму барысында беріп отырған. Мысалы, жануарлар мен құстардың тілі де ақпаратқа бай. Ал адамдар өздерінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ, ақпарат беру мен сақтаудың жаңа құралдарын іздеудеп табуға әрекет жасаған. Бұған жартастағы суреттер, «Жазбалар ғибадатханасындағы» Майя өркениетінің иероглифті тақталары, ежелгі египеттіктердің абак тастары мен жасырын хабарларды жіберуге арналған дискілері дәлел бола алады. Көне түркі, Орхон-Енисей жазбалары сол тарихи кезеңде өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігінен бізге құнды ақпараттар жерткізіп тұрған жәдігерлер болып саналады. Осыдан бірнеше мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар өз үңгірлеріне өмірдің ең басы аспектілерін таңбалап кеткен. Бұл – ең бірінші өздерінен кейінгі ұрпақ үшін жасалған әдіс. Біз сол суреттерге қарап, бұрынғы адамдардың қалай өмір сүргендігін, немен айналысқандығын біле аламыз. Мұндай суреттер әлемнің түкпір-түкпірінде бар, тіпті, қазақ даласында да тұнып тұр[89].

«Ақпарат» термині латынның түсіндіру, баяндау, мәлімет деген ұғымдарды білдіретін «informatio» сөзінен шыққан. Бұл терминнің кең тарағанына қарамастан, ақпарат түсінігі ғылымдағы ең көп пікірталас тудырған түсініктердің бірі болып табылады. Қазіргі кезде ақпарат түсінігінің дәл анықтамасынан гөрі, оны ұғынудың интуициялық түрі басымдау болып келеді және оған адам әрекетінің әр салаларында әр түрлі мағына беріледі.

Л.Мастерман әртүрлі ақпарат көп болған жағдайда, аудиторияға бағыт-бағдар беру, ол өнімдерді сауатты қабылдауға, түсінуге, талдауға; оның көрермендерге, оқырмандар мен тыңдармандарға әсерінің тетіктері мен салдарлары туралы түсініктерінің болуына үйрету қажет деп санайды. Бір жақты және бұрмаланған ақпарат міндетті түрде түсіндіруді талап етеді. Міне, сондықтан, студенттер берілген немесе жалпыға белгілі және тексеруді

талап ететін фактілер арасындағы айырмашылықтарды; ақпарат көзінің сенімділігін; пайымның әділетсіздігін; айқын емес немесе екі ұшты дәлелдерді; пайымдау тізбегіндегі логикалық үйлесімсіздікті және т.б. анықтай алуы тиіс, деп есептейді[90]. Айтылған бұл пікірді қазіргі медианы тұтынуға қатысты білім мен медиа арқылы тәрбие берудің басты ұстанатын қағидасы болуы тиіс, - деп санаймыз.

Е.П.Тавокин өз кезегінде, ақпарат табиғатының екі жақтылығын анықтайды. Ол объективті әлем құбылыстары, үрдістерінің көрінісі ретінде идеалды болғанымен, материалды объектілер арқылы: белгілер, дыбыстар және т.с.с. арқылы беріледі. Оның пайда болуының (көрінуінің) ең маңызды шарты – белсенді (өзін-өзі ұйымдастыратын) субъекттің өзара әрекетке қатысуы, яғни, «ақпарат – ол субъекттің басқа субъекттің (-тердің) қабылдауына арналған нақты немесе идеалды дүниенің белгілі бір фрагменттерін саналы немесе санасыз көрсетуінің материалданған нәтижесі»,- деген анықтамасын ұсынады[91]. Бұл анықтамалар «ақпарат» категориясын әрі қарай талдауға және оны университет студенттерінің медиақұзыреттілік тақырыбы бойынша зерттеулерінде қолдану үшін негіз болады.

Ақпарат саласының сарапшылары ақпараттың төмендегідей ерекше белгілерін атап көрсетеді: жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; ақпарат таратушының қабылдаушыға біржақты ықпалы; тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі. Осы белгілер адамдар өмірінде ақпараттың алатын орынын, оның әсерін көрсетеді, деп ойлаймыз. Қоғамның өмір сүруін қамтамасыз етудегі БАҚ-тың рөлін мына айтылғандар да дәлелдейді. Мысалы, Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор» - екендігін айтса, 1840 ж. француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атаған.

«Ақпарат» ұғымына қатысты анықтамалардың көп болуы - бұл түсініктің мағынасының күрделілігімен, ерекшелігімен, көп түрлілігімен және олардың белгілі бір теорияларға қатысты болуымен байланысты. Қазіргі кезде ақпарат түсінігін айқындаудың кең таралған үш теориялық жолы бар (1 - кесте).

1 - кесте. Ақпарат теориялары

| | |
|---|---|
| Бірінші теория | Сандық-ақпараттық тұрғыдан қарастырады да, ақпаратты оқиғаның анықталмағандығының (энтропияның) өлшемі ретінде айқындайды. Ақпарат көлемі, қандай жағдайда болмасын, оны алу ықтималдылығына тәуелді: хабар неғұрлым ықтимал болып табылса, оның ақпараты соғұрлым аз болады. Бұл теория ақпараттың мағыналық жағын ескермесе де, хабарды оңтайлы кодтау мен ақпаратты өлшеуге негіз болды да, байланыс техникасы мен есептеуіш техникасында өте пайдалы болып шығады. Бұдан басқа, ол ақпараттың жаңалығы, хабардың жеделдігі сияқты маңызды қасиеттерін көрсету үшін, өте қолайлы. |
| Екінші теория | Ақпаратты материяның қасиеті ретінде яғни кибернетиканың пайда болуы кез келген хабарлама ақпарат болады деп пайымдайды. Осы ілімнің көрнекті |

| | |
|---|---|
| | өкілі В.М.Глушков ақпаратты тек әріптермен шимайланған кітап беттері, адам тілі ғана емес табиғат құбылыстары да жеткізеді деп санап, ол материядан тыс болған емес, болуы да мүмкін емес. Оны сақтауға өндеуге және жинауға болады, - деп есептейді. |
| Үшінші теория | Ақпарат - бұл білімнің әрекеттегі, пайдалы, "жұмыс істеуші" бөлігі. |

Бұл теориялар бір-бірін жоққа шығармай, керісінше толықтырып отырғандығы байқалады[92]. Сонымен қатар, ақпарат таратушылар тарапынан мақұлданған идеялар екендігі белгілі. Қазіргі кезде ақпараттың негізгі таратушылары бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) болып табылады. БАҚ адам баласы үшін дүниетанымдық тұрғыдан қосымша әлеуметтендіруші құрал ретінде қызмет етуде. Демек, олар адамзаттың дүниені танып-білуінде, қосымша білім алуында үлкен рөл атқарады. Осы ойымыздың графикалық бейнесі төменде беріледі (1-сурет).




1- сурет. БАҚ-тың тұлғаға әсері

БАҚ-тың көрсетілген қызметтері азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, процесстер жайлы мағлұматтарды тарату арқылы жүзеге асады. Бұл қызметсіз кез келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

Батыстық саяси - қоғамдық ой мақсаты, ғылыми-техникалық прогресстің жаңа кезеңі – компьютерлік және ақпараттық төңкеріс тудырған, ең жаңа құбылыстарды түсіндіру болып табылатын «ақпараттық қоғам» деп аталатын тұжырымдаманың әртүрлі нұсқаларын ұсынды. Қазіргі кезде батыстық саяси– қоғамдық ой да, 70-жылдары постиндустриалды қоғам теориясы алған орынға біртіндеп жылжып барады.

Постиндустриалдық қоғам теориясын ұсынған жетекші зерттеушілердің бірі - Д.Беллдің пікірінше, ақпарат пен басты рөлді компьютер ойнайтын білімді ұйымдастыру мен өңдеудегі төңкеріс - постиндустриалды қоғам, деп атайтын мәнмәтінде дамиды[93]. Бұл ойда автордың ақпараттық қоғамға деген оң көзқарасын, сол қоғам талаптарына сай жастарға білім берілуі тиіс, деген ниетін байқауға болады.

Ғалым У.Мартин ақпараттық қоғамның негізі сипаттамаларын критерийлер бойынша бөліп, анықтауға талпыныс жасайды. Олар:

- *технологиялық* — өндірісте, мекемелерде, білім жүйесі мен тұрмыста кеңінен қолданылатын ақпараттық технология;

- *әлеуметтік* ақпарат - өмір сапасын өзгертудің маңызды ынталандырушысы, ақпаратқа кеңінен қолжетімдік болған жағдайда, «ақпараттық сана» қалыптасып бекиді;

- *экономикалық* акпарат - экономикада ресурс, қызметтер, тауар, қосалқы құн мен жұмыс бастылық көзі ретінде экономикада негізгі факторды құрайды;

- *саяси* халықтың әртүрлі таптары және әлеуметтік топтары арасындағы өсіп келе жатқан қатысулар және консенсуспен сипатталатын саяси үрдіске әкеліп соғатын ақпарат еркіндігі;

- *мәдени* жеке индивидтің немесе жалпы қоғамның дамуы үшін, ақпараттық құндылықтарды бекітуге ықпал ету арқылы ақпараттың мәдени құндылығын мойындау.

У.Мартиннің келтірілген сипаттамасында коммуникация ақпараттық қоғамның негізгі элементі болып, табылатындығына баса назар аударатындығы байқалады. Автордың пікірі бойынша, ақпараттық қоғамды - өмір сапасы әлеуметтік өзгерістер мен экономикалық даму перспективалары сияқты үдемелі түрде ақпарат пен оны пайдалануға тәуелді болатын қоғам ретінде анықталады. Ақпараттандыру мен компьютерлендіру, адамдардан компьютерленген қоғамның жағдайлары мен шындығына бейімделуді және оған қоғамда лайықты орынды қамтамасыз ететін жаңа дағдыларды, жаңа білім мен жаңа ойды талап етеді. Сондықтан, У.Мартиннің ақпараттандыру - қоғам мүшелерінің, барлығының жеке деңгейінде де, ұйымдасқан деңгейінде де, жұмыс орнында да, тұрмыста өмір салты мен сапасына әсер береді, ол жақсы болса да, жаман болса да, тұтас қауымдастар өмірін тек өзгертіп қана қоймайды, сонымен қатар ол адамдар арасындағы қатынастар мәнмәтінінің өзін қайта құруға ықпал ететіндігі туралы ойымен келіспеуге болмайды[94]. Осындай қоғамда өмір стандарттары, еңбек пен демалыс формалары, білім жүйесі мен нарық - ақпарат пен білім саласындағы жетістіктердің айтарлықтай ықпалында болатыны түсінікті.

Заманауи ақпараттық қоғамның коммуникациялық кеңістігі құрылатын техникалық құралдарды белгілеу және сипаттау үшін, «бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымы пайдаланылады[95]. Оған XX ғасырдың негізгі коммуникациялық құралдары болған теледидар, радио, пресса жатады. Алайда, жаңа техникалық құралдардың – компьютердің, Интернеттің пайда

болуы бұқаралық коммуникацияның қалыптасқан жүйесіне маңызды өзгерістер енгізді.

Ол өзінің үйреншікті институционалды құрылымдарының шегінен шығып кетті деуге болады. Мысалы, ұялы байланыстың пайда болуы - индивидтің тұлғааралық коммуникациясы үшін телефонды пайдалану, сондай-ақ радио тыңдау коммуникация үшін пайдаланатын басқа да құрылғылардың пайда болуына әкелді. Бір сөзбен айтқанда, дәстүрлі «бұқаралық коммуникация» және «бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымдарымен беріле алмайтын және тұжырымдалмайтын техникалық құралдар пайда болды. Олар медиақұралдар деп топтастырылады[96].

Ақпарат өздігінен тұтынушыға жете алмайды, бұл жағдай оны тұтынудың материалданған нәтижесін беруге қабілетті белгілі бір технологияларды қажет етеді. 1962 жылдың өзінде – ақ, канадалық философ, филолог, әдебиеттанушы Маршалл Маклюэн «Гутенберг галактикасы: баспамен айналысатын адамның қалыптасуы» деген кітабында, көбіне жазу және кітап басып шығаруға бағытталған коммуникациялық технологиялардың қоғамдағы когнитивтік үрдістерді ұйымдастыруға әсерін айқындауға әрекеттенген[97]. Ғалымның бұл саладағы еңбектерінің маңыздылығын атап өте отырып, медиа мен электрондық құрылғылардың адамға әсері туралы пікірін басшылыққа алу қажеттілігін атап өтеміз.

Ақпараттық қоғам мен жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының өзара қатынастары туралы айта келіп, мамандар үш негізгі аспектіге назар аударады. *Бірінші аспект* – ақпараттық-коммуникациялық технология мен Интернеттің дамуының қазіргі сатысындағы бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері. *Екінші аспект* – «интернеттену» жағдайындағы дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары. *Үшінші аспект* – ақпарат берудің құрылымының өзгеруі, яғни бұқаралық құралдарының түрлері, оны қабылдау тәсілінің өзгеруі[98].

Қазіргі кезде ақпарат құралдары арасында Интернет күшті басымдыққа ие болуда. Бұл күнде Интернет желісін тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 2,4 млрд адамнан асқан. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың үштен бір бөлігінен астамы. 50 миллион аудиторияны өзіне баурап алу үшін радиоға - 38, теледидарға -13, ал интернетке бар болғаны 4 жыл қажет екен. Осыған сәйкес, Интернет (Қазнет) желісі қазақстандық сегментінің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастырудың және дамытудың 2008 - 2012 жылдарға арналған тұжырымдамасы, білім беруді ақпараттандырудың нақты бағыты Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жасалған болатын[99].

Ең алғашқы бұқаралық ақпарат құралы ***баспа*** болып саналады. Мерзімді басылымдардың атасы деп танылатын ақпараттық парақтар Еуропа қалаларында XVI ғасырда пайда болған. Оның себебі капиталистік экономиканың қарқынды дамуы мен соған сәйкес сауда саттық және мәдени байланыстардың жеделдеуі. Еуропаның кітап басып шығару ісінің басында XV ғасырдың ортасында жеке литерлерден тұратын баспа құралын ойлап

тапқан Иоганн Гутенберг тұр. Осы құрылғы арқасында XVI ғасырда жүз мыңдаған кітаптар басылып, жалпы халыққа қолжетімді болды.

Олар «аввизи» деп аталатын (итал.avviso-хабар) венециалық ақпараттық парақшалар деп саналады. Ол бір ұсақ тиын gazzetta сатылатындықтан «газет» атауы осылай пайда болған. Ресейдің алғашқы газеті «Куранты» деген атпен І Петрдің бастамасымен XVIII ғасырдың басында шықса, отандық алғашқы газет *«Қазақ газетінің»* 1-нөмірі 1913 жылы 2 ақпанда Орынбор қаласында жарық көрген. Газетті шығаруды ұйымдастырушы, әрі редакторы - Ахмет Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі Мыржақып Дулатұлы болды.

XIX ғасыр баспаның даму кезеңі болып, осы кезеңде қашықтыққа сымсыз хабар тарату әдісін ойлап тапқан әйгілі А.Попов пен Г.Маркони жаңа ақпарат құралы ***радионың*** негізін салды. 20 және 30–жылдары АҚШ пен Еуропада радиохабарлар тарату ісі дамып, олар жарнамалар жасауда пайдаланылды. Кеңестік одағында радиохабарлар негізінен саясатты жүзеге асыруға қызмет етті. Ал бейнелі хабар тарату теледидар ойлап табу эксперименті 1920 және 1930 жылдары Ұлыбритания, СССР, Германия, АҚШ сияқты мемлекеттерде қарқынды жүріп, соның нәтижесінде 1935 жылы Германияда алғашқы телехабарлар таратыла бастап, 1936 жылы Берлин Олимпиадасынан алғаш трансляция жасалды. 1937 жылы Кеңес Одағында Москва және Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қалаларындағы телеорталықтар құрылып эксперименталды бағдарламалар жүргізіле бастады.

Ақпарат туралы сөз еткенде онымен «медиа» (media – латынның medium сөзінің көпше түрі) ұғымы да қатар жүреді. «Медиа» сөзі адамдар бір-бірімен бетпе-бет емес, құралдар арқылы хабарлама алмасқанда пайдаланылады. Сондықтан, «бұқаралық ақпарат құралдары»: телевизия, радио, газет және интернет секілді ұғымдардың жиынтығынан тұрып, «коммуникацияның, ақпараттың немесе газет, радио, телевизия арнасының немесе тәсілінің бірі» дегенді білдіреді. Олар арқылы берілетін хабарламалар медиахабарлама деп аталады. Сонымен қатар, магнит ленталар, дискеттер секілді ақпарат тасымалдаушылар да осылай аталады. Интернет те көптеген адамдар үшін негізгі бұқаралық ақпарат және коммуникация құралы ретінде медиаға жатады.

«Медиа» түсінігінің мағынасын ашқаннан кейін, оның пайда болу тарихына тоқтала кеткенді жөн көрдік. М*едиа*, адам тілі, ым және мимика сияқты тура коммуникацияны беру формаларының бірі. *Екіншіден*, техникалық тасымалдаушылар қолдау көрсететін ақпаратты жанамалау формаларын: кітап, суреттер, фрескалар, фотографияларды да медиа түрлеріне жатқызу қабылданған.

Жалпы медианың шығу және даму тарихы бойынша жасалған талдаулар, олардың мүмкіншіліктері мен әрекет ету диапазондары үнемі кеңітіліп және толықтырылып отырғандығын, мемлекеттің басты «аспаптарының» бірі ретінде бұқаралық коммуникация құралдары болғандығын анықтауға мүмкіндік берді. Олар ғасыр басында: фотография,

пресса, радио, кинематограф түрінде болған болса; кейіннен: теледидар, видео пайда болды; қоғам дамуымен бірге әлеуметтік желілер компьютер, Интернетке, DVD және т.б. пайда болды. Бұл әлемдік тенденциялардың дамуын төмендегі кезеңдердің барлығынан көруге болады:

I кезең - 1900-1918 жылдар - медианың кино, пресса, радио материалдарында пайда бола бастауы;

II кезең - 1919-1934 жылдар – медианың киноәуесқойлар бірлестіктері, жас корреспонденттер қозғалысы және т.с.с. қалыптаса бастауы;

III кезең - 1935-1955 жылдар – кино, радио, фото-аппаратураларды пайдалану кезеңі;

IV кезең - 1956-1968 жылдар – фото, радио, кино-үйірмелер мен факультативтер, мектеп прессасы қайта өркендеуі, білім саласында «идеологиялық» бақылаудың әлсіреуі;

V кезең - 1969-1985 жылдар – кино клубтардың, әуесқойлар киностудияларының, мектеп кинотеатрларының белсенді қызметі, медиа саласындағы әдебиеттерінің басылымдары, ғылыми зерттеулердің, эстетикалық бағыттағы медианың дамуы;

VI кезең - 1986 жылдан бастап, қазіргі кезеңге дейін – мультимедианың қазіргі кезеңі: видеоның таратылуы, компьютерлердің пайда болуы, оларды білім үрдісінде пайдалануды бастау; фестивальдар, халықаралық мектептер, медиабілім конференцияларын, медиа мәселелері бойынша саммитер және т.б. өткізу.

Осылайша, медианың XX ғасыр бойындағы даму тарихы мәдениет феноменінің қалыптасуы мен даму тарихымен тікелей байланысты болғандығын көрсетеді. Демек, медианың дамуын мемлекеттің тарихи дамуынан, оның мәдениетінен бөліп қарауға болмайды деген тұжырым жасалады[100].

Медианың қалыптасуы мен дамуының кезеңдеріне талдау, медиа көмегімен әртүрлі елдердің өзара әрекеті мен қарым-қатынастары, соның ішінде әртүрлі мәдениеттердің қарым-қатынасының орнатуға әсері болғанын байқатты. XX – XXI ғасырлардың медиа саласындағы мүмкіншіліктері - мәдениеттердің, ұлттар мен халықтардың әрі қарай ынтымақтастығын дамыту үшін жаңа перспективалар ашатындығын көрсетті. Мәселен, заманауи компьютерлік телекоммуникациялар осы мүмкіншіліктерді толық жүзеге асыруды, сынып бөлмелерінің, студенттер аудиторияларының қабырғаларын жылжытуға, танымның кең әлеміне, оған қоса мәдениеттер диалогына шығуға жол ашуды қамтамасыз ететін құралдарға жатқызуға болады. Әсіресе жастар арасындағы әртүрлі қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік құрылымдардың дамуына медианың мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылуда.

«Медиа» ұғымына тоқталар болсақ, H.Bonfadelli *медианың* адами белгі жүйесін сақтау мен тасымалдау үшін жарамды барлық адамдық артефактілер мен техникалық құралдарды қамтитын техникалық ұғым ретінде қарастыратындығын тілге тиек етеміз. Зерттеуші сонымен қатар, медианың

бір немесе бірнеше белгі жүйелері арқылы материалданатын зияткерлік еңбек - семиотикалық және ерекше дағдылар, жұмыс формалары мен қайта өндірудің экономикалық жағдайы арқылы құрылатын әлеуметтік ұйымдардың маңыздылығы әлеуметтік институционалдық қызметтерін ашып көрсетеді[101].

Г.Марси-Бенке мен М.Раттың зерттеулерінде «медиа» ұғымының ауызекі сөйлеу үшін қолданылуы негізге алынған. Жастардың «медиаға» артықшылық көрсететінін диагностикалай отырып, «медиа» сөзін олардың өзінше (топ ішінде, жеке) пайдалануы мен түсінуін ескеру маңызды деп санайды. Эмпирикалық түрде жастар үшін 10 негізгі медианы бөле отырып, Г.Марси-Бенке мен М.Рат оны келесі типтерге жіктейді:

***Нарративтік медиаға:*** фильм, сериал, кітап, комикс, мультфильм, шартты түрде тіпті компьютер ойындары мен журналдар, сондай-ақ өте шартты түрде музыка да жатады.

***Коммуниктивтік медиаға:*** телефон мен Интернет енеді.

***Әуенді медиаға:***фильм, сериал, мультфильм мен музыканың өзі жатады.

***Белсенді медиаға:***телефон, Интернет, компьютер ойындары жатады.

***Экшн-форматты медиа*** (жедел сюжетті):форматтарды фильмдерден, кітаптардан, комикстерден, мультфильмдерден және компьютер ойындарынан табуға болады.

***Коммуникативтік форматты медиаға:*** сериалдар, кітаптар, журналдар мен шартты түрде фильм, Интернет қызметтері мен ұсыныстары жатады[102] (2 - сурет).




2- сурет. Медиа түрлері (Г.Марси-Бенке мен М.Рат бойынша).

Жоғарыда келтірілген жағдайлар қазіргі адамдардың, біздің жағдайымызда студенттердің, белгілі бір медиаортада өмір сүріп жатқандығын дәлелдейді. Олай болса, «медиаорта» ұғымының мәнін ашу қажеттілігі туындайды.

Жеке тұлғаның өмір сүру барысындағы болатын орталарының әртүрлілігі оның қалыптасуына, жетілуіне ықпал ететін кеңістіктер жүйесі. Орта - адам дамуын қамтамасыз ететін шарттардың байланыстылығы, тұлға дамуының біртұтас, жиынтық факторы.

Ж.Ж.Руссоның философиялық-педагогикалық көзқарастарында даму ортасы ерекше орын алады. Белсенді тұлғаның оңтайлы даму негізі – деп, ортаны қарастырғандардың ішінде Ж.Ж.Руссо алғашқылардың бірі болды[103]. Ол тәрбие үрдісін тиімді ету үшін, әр тұлғаға оның мүмкіншіліктері мен табиғи сұраныстарының арасында тепе-теңдік орнататындай ерекше даму ортасы құрастырылуы керектігін атап көрсетті. Бұл ортада тұлға әзір дайын білімді алмайды, ол сол білімді өзі тауып, тірі табиғатты бақылай отыра өзінің тәжірибесінің негізінде үйренеді. Философтың пікірінше, тұлға дамуының негізгі кайнар көзі білімнің көлемі емес, сол білім көлемін өздігінен еркін пайдалана білуінде. Осылайша «табиғи саналылықтың» тәрбиесінде дамыған тұлға өз қасиеттерінің ішкі әлем дүниесінің еркіндігін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Кеңестік педагогикада «орта» термині 20-жылдары пайда болды. Ол кезде «орта педагогикасы» (С.Т.Щацкий), «баланың қоғамдық ортасы» (П.П.Блонский), «қоршаған орта» (А.С.Макаренко) ұғымдары жиі қолданылды. Тәрбие мәселелерін шешудегі орта амалы батыс еуропа мен американдық педагогика мен психологияда өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап белсенді түрде көтеріле бастады (А.Бандура, К.Левин, Г.Сирлс, Дж.Гибсон, Дж.Дьюи т.б.). Соңғы уақыттарда орта педагогикасына С.В.Тарасов, В.А.Ясвин, А.В.Ярмоленко т.б. еңбектерін арнаған. Ресей білім академиясының академигі Т.Г.Новикованың жетекшілігімен орта зертханасы құрылып, зерттеулер жүргізілді. Әсіресе академиктің шәкірті Ю.С.Мануйлов орта амалының теориясын жасап, оны әдіснамалық деңгейге жеткізді[104].

Жоғарыда қарастырылған еңбектерде «ортаның» ерекшеліктері барған сайын айқын белгілерге ие болады және қазіргі кезең үшін маңызды болып табылатын жеке құбылысқа енді. Кейін зерттеушілер «медиа орта» ұғымына қатысты ой - тұжырымдар жасай бастады.

Мысалы, А.Тарабанов: «медиа ортаны» жұмыс істейтін медиа жиынтығы, журналистердің алуан түрлілігі, ақпараттық арналардың алуан түрлілігі, бейресми байланыстың алуан түрлілігі, бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табатын инсайдерлік және жалған ақпарат ретінде анықтайды[105].

Осыған сүйене отырып, автор медиа ортаның анықтамасын шығарады – бұл бізді күнделікті қоршап тұрған нәрсе. Бұл контексте медиаорта жұмыс істейтін жағдайлар жиынтығы, яғни бұқаралық коммуникациялардың делдалдығы арқылы (баспа, радио, теледидар, видео, кино, компьютерлік

арналар, интернет және т.б.) адамды сыртқы әлеммен байланыстыратын, белгілі бір моральдық-эстетикалық құндылықтарды хабардар ететін, көңіл көтеретін, насихаттайтын, адамдардың бағалауына, пікірлері мен мінез-құлқына идеологиялық, экономикалық немесе ұйымдастырушылық әсер ететін сала.

Қазақстандық медиакеңістікте жаһандық және жалпыұлттық медиаорта бірігіп, қазақстандық медиапайдаланушының сана-сезіміне, дүниетанымдық көзқарастарына, мінез-құлқына ықпал етуде. Батыс пен Шығыстың мәдениеті Интернетте қосылып, қазақстандық медиа пайдаланушының мәдени санасына аралас ықпал жасауда.

Отандық медиатанушы ғалым – Е.Ж.Масанов: заманауи Қазақстанның медиаортасы қоғамдық сананы, рухани және материалды мәдениетті, саясатты, экономиканы, әлеуметтік институттарды – адамның әлеуметтендірілуіне әсер ететін барлық нәрсені қамтиды. Қазіргі қазақстандық жаңашылдықтың ерекшеліктері медиамәдениеттің қызметін жаңа медиаортаның шоғырландырушысы ретінде күшейту болып табылатындығы жайында пікір білдіреді[106].

Бұл айтылғандар, медиаорта – бізді қоршаған ортамен байланыстыратын бұқаралық ақпарат құралдары (баспа, радио, ТД, видео, кино, компьютер арналары, Интернет және т.б.) арқылы үгіттейтін, көңілімізді көтеретін, белгілі бір құндылықтарды насихаттайтын, идеологиялық, экономикалық немесе адамдардың пікірлері мен көзқарастарына әсер ететін орта, әсер ету шарттарының жиынтығы, - деген тұжырым жасауға негіз болады. Сонымен, медиа ортаның негізгі мақсаты бұқаралық ақпарат құралдары мен бұқаралық коммуникациялық құралдардың делдалдығы арқылы қоғамда белгілі бір мәдениетті қалыптастыру үшін жағдай жасау болып табылады. Жоғарыдағы талдаулар негізінде «медиа орта» санатын жалпы түрде бұқаралық коммуникациялар мен бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпараттық қоғамның мәдениеті қалыптасатын, таратылатын және көбейтілетін кеңістік ретінде анықтауға болады.

Медиаға қатысты келтірілген тұжырымдардан соң, медиаөнімдерінің сан - салалы қызмет атқарғандығын есепке ала отырып, солардың бірі ретіндегі әлеуметтік саладағы ерекше орын алғандығына назар аударамыз. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың ақпараттық сұраныстарын қанағаттандырумен айналысады. Дегенмен, ақпаратық-комуникациялық мәселелерді шешуде ақпарат құралдары қаншалықты маңызды болса, онда жарияланатын кейбір материалдардың сапасы мен әсер ету сипаты жастардың құндылық жүйесін өзгертуге кері әсері де, соншалықты зор болып отыр. Студенттердің табысты әлеуметтену проблемасын шешуге әлсіз бағдарлануы, олардың әлеуметтік инфантилизмге, ересек өмірге бейімделе алмауына жеткізеді. Жастардың жеке ерекшеліктері, этникалық фактор мен діни ақуалдардың ықпалдары, ұлтаралық қарым-қатынас, тіл саясаты және т.б. мәселелердегі студенттер даярлығының нашарлығы жеткіліксіз дәрежеде орын алып отырған ақиқат. Діни экстремизмді, жат ағымдар мен жағымсыз

істерді, қоғамдық мораль мен тәртіпке сай келмейтін ақпараттарды уағыздаушы түрлі күштер осыны пайдалануға тырысады. Интернеттегі бейнероликтер, сайттар адамдардың санасын жаулап, өз ұстанымдарын насихаттайды. Осы арқылы олар өздерінің бұрыс саясатын жүзеге асыруда.

Әсіресе, соңғы уақыттарды ақпарат құралдарының пайдалы хабар таратумен қатар, адам психикасына зиянды әсер ететін, жаңсақ бастырып, қателікке ұрындыратын, сананы билегіштік өнімдерді ұсынуы да жиі орын алуда. Мысалы, өзіміз көп қарайтын теледидардағы жаңалықтарды алсақ, жер жердегі жарылыстар, терактілер, су тасқындары, төтенше жағдайлар, апаттар, зомбылық әрекеттер туралы ақпаратты таратудан басталады. Себебі ақпарат құралдары қазір бизнес. Ақылды адамды жақсы жағынан тәрбиелейтін жобалар экономикалық тұрғыда тиімді емес. Әсіресе жекеменшікке өткен арналар көрермен, тыңдаушы тарту үшін небір әдістерді қолданады. Мұны мемлекет те реттей алмай отыр деуге де болады.

Демек, ақпарат адам үшін қаншалықты қажет, маңызды болса, одан соншалықты кері әсер, жағымсыз жайттар да берілу жағдайлары артып келеді. Зерттеу барысында осы мәселеге айрықша назар аударылып деректер жинақталды. Айтылған жайттың салыстырмалы кестесі төменде келтіріледі (2-кесте).

2 – кесте. Бұқаралық ақпарат құралдарының тұтынушыларға әсері

| **БАСПАСӨЗ** | |
|---|---|
| **жағымды** | **жағымсыз** |
| - ақпаратты жедел алу;<br>- таңдау жасау мүмкіндігінің болуы; | - үгіт насихат жасауы;<br>- сананы билеу (манипуляция);<br>- психикаға әсері; |
| **РАДИО** | |
| **жағымды** | **жағымсыз** |
| - ақпараттың дыбыс арқылы шексіз шартарапқа хабар тарауы;<br>- кез келген жерде (мысалы, көлікте) пайдалана алуға қолжетімділігі; | - белгілі бір дәрежеде мәжбүрлігі;<br>- кейінге қалдыруға, уақытын ұзартуға келмеуі;<br>- бейне, суреттің боолмауы |
| **ТЕЛЕДИДАР** | |
| **жағымды** | **жағымсыз** |
| - ақпартты терең түсінуге мүмкіндік беруі;<br>- сезімдерге әсер етуі;<br>- көңіл көтеруге ықпалы; | - адамның гипноз жағдайында болуы;<br>- қоғамдық пікір қалыптастыруы; |
| **ИНТЕРНЕТ, ЖЕЛІЛЕР** | |
| **жағымды** | **жағымсыз** |
| - ақпараттандырады;<br>- білімдендіреді;<br>- шығармашылықты дамытады. | - қызығушылықтың аясын тарылтуы;<br>- өз әлемін қалыптастыру, тәуелділіктің орын алуы;<br>- агрессия, зұлымдық, экстремизмнің насихатталуы;<br>- адамның жеке өміріне араласуы. |

Қазіргі кезде Батыс үкіметтерінің компьютерлік ойындарды - мемлекеттерге қарсы жұмсақ соғыс құралы ретінде, ашықтан-ашық пайдаланып отырғандары жасырын емес. Батыстық елдер, әсіресе Америка өз мәдениеттері мен құндылықтарын насихаттап, оларды оң құндылықтар ретінде көрсетеді. Деректерге сүйенер болсақ, 1999 жылдан бастап, елдердің мәдениеті 1,5%-ға төмендеген. Оңтүстік Америка халқының 75% өз ата салт-дәстүрін ұмытқан және де осы кезге дейін, дүние жүзіндегі елдердің адамдары адами құндылықтарын ұмытып, тіпті Интернет әсерінен барлық елді қосқанда 10000 - нан астам адам өзіне қол жұмсауға барған.

2018 жылы ЕАЭФ - ның бас қосуда мәжіліс депутаты Д.Н.Назарбаева қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде жаңа цифрлық әлемнің жақсы жақтарымен бірге интернеттен болатын қауіпті де еске салды. Қолымыздағы смартфондардағы мессенджерлер тек коммуникация құралдары ғана емес, оларды террористер мен наркотаратушылар да пайдаланатынына тоқталды. Троллилерді көрінбейтін соғыс жауынгерлері, - деп атады[107].

Бұл пікірде қазіргі қоғамда адам баласы БАҚ арқылы тоқтаусыз келіп жатқан ақпарат ағынының әсері жағдайында өмір сүруде екендігі айтылады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, қоғамдық өмірдің барлық саласының ақпараттануы адамның кәсіби және тұлғалық дамуының қайнар көзі ғана емес, қосымша түйткілдер де туғызатын үрдіс. Арналардың көптігі, ақпарат материалдарының таралуының сан салалығы мен жылдамдығы тұтынушыларға олардың сапасын бағалауға, талдап, саралап ұғынуға мүмкіндік бермей жатады. Осыған орай оны тұтынушы аудиторияның ақпаратты іздеу, тұтыну, мазмұнын өз бетінше саналы ұғынуға дайындаудың мәні артуда.

Тараушаны қорыта келе айтарымыз, қоғамның барлық саласын ақпараттандыру сияқты әлемдік трендтен қалыспау – мемлекет алдындағы маңызды міндет. Әлбетте, бұл бағыттағы қабылданып жатқан бағдарламалардың табысты жүзеге асуы халықты көптеп тартумен тікелей байланысты болғандықтан, бұл үрдісте бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі аса зор. Бүгінде БАҚ жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың басты құралдарының бірі. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары көмегі арқылы адамның өзін-өзі танытуына, оның қоғамдық өмірге қатысуына, барлық мүмкін әлеуметтік рөлдерді игеруіне және т.б. ықпал етеді. Ақпараттық технологиялардың қазіргі кездегі өнімдері әртүрлі әлеуметтік топтардың ақыл-ойына, эмоцияларына, өз бетімен шығармашылық және сыни ойына, құндылық бағдарлары мен нанымдарына әсер етеді. Дегенмен ақпараттардың жағымды және жағымсыз типтері болатынтығын ескерсек, соңғысынан қорғана алуға қабілетті тұлға қалыптастыру міндеті туындайды.

Әсіресе болашақ педагогикалық мамандықтарда кәсіби білім алып жатқан студенттерде қалыптастырылатын бұл сапалар олардың еңбек тәжірибесі арқылы мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілері, оқушылар мен колледж білім алушыларының бойына сіңірілуге жұмсалады деп санаймыз. Осылайша өскелең ұрпақ медиаөнімдерін сауатты пайдалануға бағытталады. Сондықтан

қоғамның дұрыс дамуы үшін жас ұрпақтың адами келбетіне, денсаулығына, ой-өрісіне келетін зиянды азайту мақсатында: отандық ақпарат құралдарын дамытып, оларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету; педагог ғалымдар тарапынан компьютерлік оқыту формаларын зерттеп, әдістемелік нұсқаулар жасау, сонымен бірге балалар, жасөспірімдер, ата-аналар арасында ақпаратты ала білу, қолдана білу сауаттылығын дамытып, ақпараттық қауіпсіздікке дайын болуын қамтамасыз ету қажеттілігі артады. Мұны медиадан келетін қауіп-қатерден сақтану құралы – «медиақұзыреттілік» - деп атау қабылданған. Ол құзыреттілік медиабілім арқылы қалыптасады. Бұл айтылғандар жұмысымыздың келесі параграфында баяндалатын болады.

## 1.2 «Медиабілім», «медиақұзыреттілік» «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымдарының мәні, құрылымы, өзара байланысы

Адамзатты басқа тіршілік иесінен ерекшелеп тұратын ақылы мен санасы десек, сол екеуінің ортақ жемісі – сөзге келіп түйіседі. «Ақпаратқа кім ие болса, сол әлемді билейді» - деген қанатты сөздің бүгінгі шындыққа қаншалықты сай екеніне күнделікті өмірде көз жеткізіп келеміз. Ендеше, осы тұрғыдан келгенде тұлға бойында медиасауаттылық пен медиқұзыреттілікті қалыптастыру заманның басты талабы екені сөзсіз.

Ақпарат көбейген сайын оның ақиқат не жалған екенін анықтау қиындап кетті. Оған пандемия кезінде толық көз жеткіздік. Коронавирус туралы бұрмаланған ақпараттар әр отбасында талқыланды. Бұған шүбә келтірмейтініміз анық. Қоғамда медисауаттылықтың төмендігі үрейге, сенімсіздікке, денсаулық саласындағы жобалардың сәтсіз болуына, әлеуметтік поляризацияға, жек көрушілікке алып келетінін өткен жылдардың өзінде анық көрдік.

Сондықтан медиа өнімдерін сауатты пайдалану үшін арнайы білім қажет етіледі. Мұны «медиабілім» - деп атау қабылданған. Зерттеу барысындағы талданған әдебиеттерде «медиабілім» (ағылшынша *media education*) термині салыстырмалы түрде қолданысқа жаңа енген: баспасөз, теледидар, радио, кинематография, жарнама, Интернет, оның әртүрлі қосымшалары сияқты бұқаралық ақпарат және басқа коммуникация құралдарының әсерін қарастыратын жалпы білімнің саласы. Бұл білім ең алдымен медиа саласының мамандарын даярлауда қолданылады, сондай-ақ барлық адамдардың ақпараттық коммуникациялық сауаттылығын арттыруда пайдаланылады. Соңғысын «медиақұзыреттілікті» *(ағылшынша media competence)* қалыптастыратын білім ретінде түсіну қабылданған.

Медиабілім – педагогиканың бұқаралық коммуникация заңдылықтарын қарастыратын саласы. Оның ғылыми тұрғыда айқындалған негізгі бағыттары төмендегідей:

- өскелең ұрпақты қоғамдағы адамды қоршаған ақпараттарды дұрыс қабылдауға, ұғынуға даярлау;

•ақпараттың психикаға әсерінің салдарын түсіну біліктерін қалыптастыру.

Медиабілім - дүниежүзіндегі кез келген елдің, әрбір азаматының өз ойын еркін айтуы және ақпарат алуы бойынша негізгі құқықтарының бірі және демократияны қолдау құралы болып табылады. Медиабілімді барлық мемлекеттердің ұлттық оқу жоспарларына, қосымша, формалды емес және бүкіл өмір бойы білім алу жүйесіне енгізу ұсынылады.

Медиабілім көпшілікке төмендегілерді білуге мүмкіндік береді:

а) медиамәтіндерді талдау, сыни түсіну және жасау, құрастыру;

ә) медиамәтіндердің дереккөздерін, олардың саяси, әлеуметтік, коммерциялық немесе мәдени мүдделерін, олардың мәнмәтінін анықтау;

б) медиа тарататын медиамәтіндер мен құндылықтарды түсіндіру;

в) өзінің жеке медиамәтіндерін жасау және таратуға сәйкес медиаларды таңдау және оларға қызығатын аудиторияны табу;

г) қабылдау үшін де, өнім үшін де медиаға еркін қолжетімділік алу.

Медиабілім студенттерге медиамәдениет әлеміне бейімделуге, бұқаралық ақпарат құралдарының тілін меңгеруге, медиамәтіндерді талдап үйренуге және т.с.с. көмектесуге арналған.

Осы саланың белгілі маманы Л.Мастерман, «дағдылық» және «эстетикалық» тәсілдерді дұрыс емес деп санап, оларды сыртқа тастай отырып, аудиторияның кез келген медиамәтіндеріне қатысты «сыни ойлауын» дамытуға негізделген, өзінің медиабілім парадигмасын ұсынды. Атап айтқанда, зерттеуге тұратын төрт ең маңызды саланы анықтады:

- медиа саласындағы авторлық, жекеменшік және бақылау;
- медиамәтін ықпал әсерін табу әдістері (яғни ақпаратты кодтау әдістері);
- медиа көмегімен қоршаған шынайылықты қайта таныстыру;
- медиа аудиториясы.

Бұл жерде, медиабілімнің Л.Мастерман жасаған төменде келтірілетін 18 қағидасы есепке алынады. Олар:

1) медиабілім – ол демократиялық қоғамның көптеген әлеуметтік құрылымдарымен байланысты байсалды және маңызды саласы;

2) медиабілімнің басты тұжырымдамасы – қайта түсіну, қайта таныстыру. Медиа шынайылықты көрсетпейді, белгілер мен символдарды пайдалана отырып, оны қайта түсіндіреді көрсетеді. Медиабілім бұл қағидасынсыз мүмкін емес нәрсе;

3) медиабілім адамның бүкіл өмір бойында жалғаса беретін үрдіс. Бірақ білім алушылар медиабілім үшін – басымды аудитория;

4) медиабілім мақсаттары сыни ойлауды тәрбиелеу ғана емес, сонымен қатар сыни автономияны дамыту болып табылады;

5) медиабілім – зерттеу үрдісі;

6) медиабілім – өзекті және уақтылы, ол кең идеологиялық және тарихи мәнмәтінде «осында және енді» ұғымдарын сыйдырады;

7) медиабілімнің негізгі ұғымдары, балама мазмұннан гөрі,

сараптамалық құрал болып табылады;

8) медиабілімде мазмұн дегеніміз, нұсқалы сараптамалық құралдарды дамыту болып табылады;

9) медиабілім тиімділігін екі критериймен: білім алушылардың өз сыни ойын жаңа жағдайларда қолдану қабілеті және олардың медиаға қатысты білдірген міндеттемелері мен уәждерінің санымен бағалануы мүмкін;

10) білім алушылардың медиабілімін ең жақсы бағалау – олардың өзін-өзі бағалауы;

11) медиабілім, білім алушы мен оқытушыға ойлау және диалог жасау мүмкіндігін бере отырып, олардың арасындағы қарым-қатынасты өзгертуге тырысады;

12) медиабілім – ең алдымен, пікірталас емес, диалог (В.С.Библердің «мәдениеттер диалогы» білім парадигмасымен түгендеу);

13) медиабілім негізінен белсенді және ашығырақ, демократиялық педагогтерді дамытуға бағытталған. Қысқаша айтқанда, медиабілім – әрекеттің көптеген жаңа жолдары және оларды жаңа салаларда қолдану;

14) медиабілім бірлескен, көбіне топтық оқытуға бағытталған;

15) медиабілім «практикалық сын» мен «сыни практикадан» тұрады;

16) медиабілім өзіне ата-аналар, медиа саласындағы кәсіби шеберлер мен педагогтер арасындағы қатынасты таңдайды;

17) медиабілім жалғасып келе жатқан өзгерістермен байланысты;

18) медиабілім – ерекше сала.

Ұсынылған қағидаларды талдау - аталып отырған білімдердің барлығын оқытушылардың бермейтіндігін, не болмаса жастардың өздігінен меңгеру мүмкіндігінің төмендігін көрсетеді. Ғалымның айтуы бойынша, медиабілім – медиамәдениет шығармаларын бағалау үрдісі емес, керісінше оларды зерттеу үрдісі: «оқытушылар да, білім алушылар да, бір-бірін оқыта алатын және бірге ізденетін кезде, диалогтың жаңа жолдарын дамыту қажет»[108].

Бұл ойлардан біз - басты мақсатқа: жастардың медиамәтінді түсінуін, олар қалай және кімнің мүддесі үшін жасалатынын, қалай ұйымдастырылғанын, олардың нені білдіретінін, шынайылықты қалай көрсететінін және осы көріністі «аудитория қалай оқитынын» дамытуға апаратын жолды жеңілдету үшін, педагогикалық назардан алыстатылмауы керектігін ұғамыз.

Медиабілім сыни зерттеу және В.С.Библер тұжырымдамасына сәйкес диалогқа негізделеді[109], яғни педагогтер мен студенттердің белсенділігі барысында алынатын жаңа білімдер болып табылады.

ЮНЕСКО – ның материалдарында медиабілімге төмендегідей анықтама беріледі: бұқаралық коммуникация құралдарын меңгерудің теориялық және практикалық біліктерін меңгеруге үйретуге бағытталған жалпы педагогикалық білімнің бөлігі. 2002 жылғы ЮНЕСКО өткізген халықаралық конференцияда медиабілімді кез келген мемлекеттің кез келген адамының ақпарат алуға деген құқығы, өзін-өзі көрсету еркіндігі ретінде айқындалады. Әр елдің бұл ұғымға қатысты тәсілдерінің әрқалайлылығын ескере отырып,

бұл - білімді мүмкіндігінше ұлттық оқу жоспарлары, қосымша білім, өз бетінше білім алу шеңберінде енгізуді ұсынады[110].

Медиабілімнің негізгі міндеті – жас ұрпақты ақпараттық қоғам жағдайында өмір сүруге даярлау, оны түсінуге, оның психикаға әсерін ұғу, одан қорғанудың тәсілдеріне баулу – деп, қорытынды жасауға болады. Медиабілімді шартты түрде мына төмендегі үш бағытқа бөліп қарастыруға болады: *болашақ кәсіп иелерінің білімі (журналистер, сценаристер, режиссерлер, операторлар, актерлер, кинотанушылар т.б.); болашақ медиапедагогтер; оқушылар мен студенттердің жалпы білімінің бөлігі ретінде.* Біз қарастырып отырған мәселе осы үшінші бағытқа жатады деп санаймыз.

Медиабілім арқылы медиақұзыреттілікке қол жеткізіледі. Алдымен осы терминдегі «құзыреттілік» деген бөлігіне келер болсақ, С.И.Ожеговтың сөздігінде құзыретті адам: 1) белгілі бір салада беделді, білетін, хабардар кісі; 2) құзырет – адамның белгілі бір мәселелер жөніндегі хабардарлығы; 3) биліктің шегі, деп түсіндіріледі[111].

Психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде «құзырет» - тұлғаның қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға қабілеттілігі, - деген мағынаны береді. Мұндағы сыртқы ресурстарға білім, білік, дағды, іс-әрекет тәсілдері жатады. «Құзыреттілік» ұғымына қатысты талдаулар жұмысымыздың 2.1 параграфында келтірілетін болғандықтан, бұл жерде осы екі анықтамамен шектелуді жөн көрдік.

Жұмысымызда қарастырылып отырған медиақұзыреттілікті - біз медиа өнімдерін саналы тұтынуға қажетті құзыреттіліктер, - деп санаймыз. Медиақұзыреттіліктің қызметінің бірі медиаөнімдерін дұрыс пайымдау арқылы тұтыну болғандықтан, «медиасауатттылық» түсінігіне шығамыз.

Жоғарыдағы айтылған сөздікте сауатты адам былайша түсіндіріледі: 1) оқи және жаза алатын, сонымен қатар, грамматикалық сауатты, қатесіз жаза алатын; 2) қандай да бір салаға қажетті білім, мәліметтерді игерген адам.

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте сауаттылық былайша түсіндіріледі:1) кең мағынада - әдеби тіл нормасына сәйкес ауызша және жазбаша сөйлеу дағдысын меңгеру; 2) тар мағынада – қарапайым мәтіндерді тек оқи алуы және оқу және жазу; 3) қандай да бір сала бойынша білімнің болуы[112].

A.Silverblatt ұсынған «Медиасауаттылық элементтері» еңбегінде:

- аудиторияның медиа мазмұны туралы тәуелсіз пайымдауларын жетілдіруге мүмкіндік беретін сыни ойлау қабілеттілігі;
- жалпы коммуникация үрдісін түсіну;
- медианың тұлға мен қоғамға ықпал етуін түсіну;
- медиамәліметтерді талдай және сараптай алу біліктілігін дамыту;
- қазіргі заман мәдениеті мен біздің өзіміздің түсінігімізді қамтамасыз ететін «мәтін» ретінде медиа мазмұнын қарастырады [113].

Ал енді жалпы халықаралық ғылыми дискурстағы «медиақұзыреттілік» ұғымының негізгі сипаттамаларына тоқталсақ. Еуропа Кеңесінің

құжаттарында медиақұзыреттілік: «Алған ақпарат негізінде өз пікірлерін айтуға қабілетті, жауапты азаматтарды тәрбиелеу мақсатында медиаға сыни және ойлы көзқарас» ретінде және «қажетті ақпаратты пайдалану, оларға байланысты экономикалық, саяси, әлеуметтік немесе мәдени мүдделерді түсінуге, хабарламалар жасауға, коммуникация үшін ең қолайлы медианы таңдауға мүмкіншілік береді. Ал, ол тек тұлғалық дамуға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қатысымшылдық пен интербелсенділікті дамытуға да ықпал етеді» деп түсіндіріледі[114].

Еуропа парламентінің осы мәселеге қатысты қабылданған қарарында медиақұзыреттілік деп, медианы жеке мақсатқа ешкімнің көмегінсіз пайдалана, әртүрлі медиаөнімдерінің мазмұнына сыни баға бере алу, оны контексіне қарамай тарата және жасай алу, - деп айқындалады[115].

Бұл сипаттамалардан медианы тұтыну тұрғысынан сауатты болу дегенді осы салаға қатысты белгілі бір дәрежеде білімі бар, медиамәтіндерді оқып, мәтін төркініне терең бойлай алу, ой түйіп қажетіне жарата білу немесе бас тартуға ерік-жігерінің жетуі, - деп түсінуге болады.

Ресей медиапедагогы А.В.Федоров тұлғаның медиақұзыреттілігін - медиамәтінді әртүрлі формада, жанрларды таңдауға, пайдалануға, сыни талдауға, медианың социумда әрекет етуінің күрделі үрдістерін талдауға ықпал ететін, оның мотивтері, білімдері, біліктіліктері мен қабілеттерінің: уәждік, баланстық, ақпараттық, перцевтивтік, түсіндіру, бағалау, практикалық-операциялық, әрекеттік, креативтілік сияқты көрсеткіштерінің жинақтамасы ретінде анықтайды[116]. Ғалымның берген анықтамасында мәселе кең тұрғыда қарастырылғандығын және оған берілген жан-жақты сипаттамада тұлғаның әлеуметтік өмірінде медиамен дұрыс қатынас жасауға қатысы бар ішкі психологиялық құрамалары нақты көрсетілгендігін байқаймыз.

«Медиақұзыреттілік» ұғымын қарастыра отырып, неміс медиапедагогтары M.Staiger, A.Wichert білім саясатының мәнмәтіні де «медиақұзыреттілік» ұғымын қолдану көбіне медианың инструменталды түсінігіне негізделеді және негізінен медиа-құрылғыларды қолданудың техникалық дағдыларына бағытталғандығына көңіл бөледі[117].

W.Schludermann пікірінше, медиақұзыреттілік медиаға қатысты алынған білімдерді саралай, пайдалана білуден тұратын қабілеттер мен біліктер жиынтығын қамтиды. Автор ресейлік медиапедагогтер сияқты бұқаралық ақпарат құралдар материалдарын пайдалануға жастарды белсенді түрде даярлау, сол арқылы аталмыш құзыретілікті мақсатты түрде қалыптастыру қажеттілігін атап өтеді[118]. Келтірілген пайымдауларға ортақ тұжырымды жасасақ, медиаөнімдерін пайдалану алдымен техникалық құрылғылармен жұмыс жасай алуға содан соң, оның өнімдерін қажеттілікке сәйкес тұтынуға даярлаудың маңыздылығына басымдылық берілгенін байқаймыз және бұл ойлармен келісеміз.

Әртүрлі мамандандырылған пәндердегі медиақұзыреттілік туралы дискурс, бір-біріне тәуелсіз ұзақ жылдар бойы, тіпті он жылдап енгізілді. Бұл

ұғым, тек медиабілімдік ұғым ғана емес, сонымен қатар, қоғамдық конструктор, бұқаралық – медиа арқылы көрсетілетін медиақоғамдағы белгілі бір қызметтері бар бағалық жүйе де болып табылады. Әртүрлі ғылыми дискурстарда медиақұзыреттілік ұғымының мазмұны әртүрлі болып келеді. Мысалы, экономика саласында медиақұзыреттілік өндіріс факторы ретінде, медиақұқық саласында – балалар құқығы мен тұтынушылар құқығын қорғау мәнмәтініндегі реттеу факторы, ал саясатта демократиялық құзыреттілік көрсеткіші ретінде анықталады.

Егер 90-жылдары медиақұзыреттілікті - техниканы, мазмұнды, медиамәтіндер мен медиапедагогиканы, мәтінді тура мәнде кеңінен түсіну пайдасына жатқызса, жаңа мыңжылдықта ол біртіндеп бір жүйеге келтірілді. V.Frederking, A.Krommer, K.Maiwald «Неміс тілінің дидактикасына кіріспеде» медианың пәнаралық байланыстағы рөлін мойындағаны көрсетілген. Қазіргі уақытта оқушылар мен студенттердің осы бағыттағы дайындық деңгейін анықтаған оқу үрдісінің бақылауға алғанына қарамастан, университеттің оқыту және тәрбиелеу жоспары мен оқу үрдісіне әлі толық кірмеген[119].

Бұл ретте, өз елімізде де медиақұзыреттілікті қалыптастыру мәселесінің мемлекеттік деңгейде қарастырылып, оқу жоспарларының мазмұнында қарастырылуы кезек күттірмейтін мәселе қатарына жататындығына назар аударамыз.

Неміс ғалымы D.Baacke медиақұзыреттілік, өзінің мәні бойынша түсінікті болып отырғандай, баспа, радио мен теледидардан, кассеталар мен видеомагнитофондардан, телефондар мен плеерлерден бастап, интербелсенді және мультимедиалық барлық медиаларды қамтиды. Осылайша медиа әлемінің бір - бөлігі болып табылатындықтан, білім алушылар: балалар, жастар, үлкендер күнделікті медиамен әртүрлі формада қатынас жасағандықтан, медиақұзыреттіліктің мектеп арқылы берілмейтін жолдарының бар екендігін, атап өтеді. Дегенмен, қалыптасқан базистік жіктемеге сәйкес, оқу және эмпирикалық пән болуының тиімділігіне тоқталады[120].

G.Tulodziecki медиақұзыреттілікті «медиатехнологияларды мағыналы таңдау және пайдалану, өзіңнің медиамәтіндеріңді жасау және тарату, медиадизайнді білу, медианың ықпалын тану және талдау, медианы өндіру және тарату талаптарын бағалау» ретінде анықтайды[121]. K.Treumann, P.Sander, U.Meister медиақұзыреттілікті «тұлғаның медиамен жұмыс істеу бойынша жеке қабілеті, оны тұлғаның өзін әлеуметтендіру факторлары мен педагогикалық көмек ықпалымен жетілдіреді» - деп сипаттайды[122].

Ұғымның саяси өрісінің осындай біртекті еместігіне байланысты, H.Gapski:«медиақұзыреттілік – индивидиуумның техникалық медианы коммуникация саласына тиімді енгізу біліктілігіне, сондай-ақ медианың ықпалын түсініп, ақпараттық қоғамда өмір сапасын жақсарту мақсатында осы әсерге кедергі жасай алуға негізделген тұлғаның немесе әлеуметтік жүйенің өзін-өзі ұйымдастыру мүмкіншілігі» - деген анықтама береді[123].

Бес бөлімді міндетті біліктіліктен тұратын медиақұзыреттіліктің шағын және жүйеленген құрылымын неміс педагогі В.Вебер жасады. Ол біріншіден медианың әрекетті бағытталған екі формасы болатындығына тоқталып, оларға:1) медиа ұсынатынды таңдау және қолдану; 2) өз медиаөнімін жасау сияқты әрекеттерден тұратындығына назар аудартты.

Екіншіден, екі форманың терминдерінің мазмұнында:

- медианың алуан түріне негізделген креативті мүмкіндіктер;
- медианы қолданудың тиімділігі үшін алғы шарттар;
- медиаөнімдерді өндіру мен таратуға байланысты экономикалық, әлеуметтік, техникалық, саяси жағдайлармен байланысты білім мен сараптамалық қабілеттерді енгізді[124].

Бұл түсіндірмелер медиақұзыреттіліктің жан-жақты сипатталғандығынан және ең бастысы оларда тұлғаның құзыреттілігінің бұл түрін қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүретін әрбір адамға қажетті сапа екендігінен хабар береді. Тұлғаның бұл сапасы ғылымның әр саласында қарастырылып, соған қатысты өзіндік түсініктер қалыптасқандығын байқатады. Сөзіміздің дәлелі ретінде төменде зерттеу жұмысы барысында талданған басқа да зерттеушілердің «медиақұзыреттілік» ұғымына берген анықтамаларының кестесін келтіреміз (4 - кесте).

4 – кесте. «Медиақұзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалар

| р/с | Зерттеушілер | Еңбектің тақырыбы және шыққан жері | Анықтамалары |
|---|---|---|---|
| 1 | | Педагогика большая современная энциклопедия. Минск. - 2005. | «Жарнама тарату құралы; аудио - теле және визуалды коммуникация құралдарының жиынтығы». |
| 2 | D.E.Alverman, J.S.Moon, M.C.Hagood | Popular Culture in the Classroom. – Newark, Delaware: International Reading Association, 1999. – 258 p. | Медиақұзыреттілік - адамдарға, күнделікті өмір бөлігі болып табылатын медиамәтіндердің, түрлі экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайларда дүниені тануды түсіндіреді. |
| 3 | А.В.Шариков | Так что же такое медиаобразование?//Медиа образование. 2005. № 2. | Медиакоммуникативтік құзыреттілік - сыни ойға, сондай-ақ басқа адамдармен медиатталған диалог қабілетіне негізделген, техникалық және семиотикалық жүйелердің шектеулілігін ескере отырып, солар арқылы хабарламаларды қабылдау, құру және беру құзыреттілігі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Н.Вовченко, Т.Епифанова, С.Морковина, А.Попкова | Передовые инструменты и критерии эффективности современного медиаобразования/ Г.Е.Попкова, Н.Г.Вовченко, Т.В.Епифанова, С.С.Морковина//Журнал истории, теории и практики медиапедагогики. – 2017. – № 1. – С. 26 – 37. | Болашақ мамандардың медиақұзыреттілік деңгейін келесідей сипаттайды:<br>1) түлектердің болашақ кәсіби қызметінде жаңа ақпарат алу үшін тиімді дереккөз болатын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мүмкіндіктері туралы хабардарлығы;<br>2) кәсіби қызметінде медиақұралдарды пайдалану үшін біліктілік пен дағдыны меңгеру деңгейінің болуы. |
| 5 | Ю.Клюев, В.Познин | Использование технологий медиаобразования при подготовке будущих радиожурналистов /Ю.В.Клюев, В.Ф.Познин //Журнал истории, теории и практики медиапедагогики. – 2017. – № 1. – С. 149 – 162. | Болашақта ақпараттық технологияларды белсенді, жүйелі, құзыретті қолдану үшін басты құрал болып табылатын ақпаратты дұрыс пайдалану медиақұзыреттілікке байланысты. |
| 6 | А.А.Гук | Медиаобразование как система результативных уровней медийной культуры личности /А.А.Гук //Информационные ресурсы образования.–2013. – № 5. – С. 29 – 33. | Медиақұзыреттілік - жалпы білім беретін мекемелердің бастапқы және ортаңғы буын құрылымында, сондай-ақ жоғары оқу орнында оқыған кезде қалыптасады. |
| 7 | А.А.Немерич | Медиаоброзование в Росии: на пути к медиаменталитету. Знак: Проблемное поле медиаобразования. Научный журнал. 2011.№2(8). – С. 21 – 27. | Медиақұзыреттілік қалыптасуы - жоғарғы сыныптарда басталып, жоғары оқу орнының үшінші курсында оқып жүрген кезінде аяқталады. |
| 8 | Ю.Фролов, Д.Махотин | Фролов Ю.В., Махотин Д.А. Компетентностная модель как основа оценки качества подготовки специалистов /Ю.В.Фролов, Д.А.Махотин //Высшее образование сегодня. – 2004. – № 8. – С. 34 – 41. | Медиақұзыреттілікті болашақ кәсіби қызметпен байланыстырып, онда ол үш деңгейді: жалпы мәдениеттік, жалпы педагогикалық, заттық-бағдарлы педагогикалық әрекеттерге бөліп көрсетеді. Әр деңгей үшін болашақ мамандардың практикалық дайындығы барысында қаланған, өздеріне тән білім, біліктері мен дағдылары болады. |
| 9 | Б.А.Искаков | Методика развития медиакомпетентности в | Медиақұзыреттілік – ол мұғалімнің педагогикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | условиях Ресурсного центра [Текст] /Б.А.Искаков //Мир науки, культуры, образования. - Горно-Алтайск, 2011. – №4. – С.34-37. | қызметті табысты жүргізуін, медиаресурс құралдарынпайдалануын; мұғалімнің кәсіби өзін-өзі жүзеге асырудағы бағдарлана білуі. |
| 10 | В.Вебер | Портфолио медиаграмотности //Информатика и образование. – 2002. – № 1 /Режим доступа: http://www.infojournal.ru/journal_arxiv/2002/. | Медиақұзыреттілік – бұл медиадан келіп түсетін ақпаратты талдау; авторлық медиаөнімдер жасау және медиақұзыреттілікті табысты меңгеру үшін алғышарттар құру қабілеті. |
| 11 | В.Гаврильченко | Медіакомпетентність майбутнього вчителя музики як результат впровадження медіа-освіти [Электронный ресурс] /В.Гаврильченко – Режим доступа: http://nauka.udpu.org.ua/wp.content/uploads/2013/04/Valentyna-Havrylchenko.pdf. | Медиақұзыреттілікті қалыптастыру – ол, бірінші кезекте, медиаресурстарды меңгеруге бағытталған теориялық және практикалық дағдылар. |
| 12 | Л.А.Найденова | Перспективы развития медиаобразования в контексте болонского процесса: процессуальная модель медиакультуры /Л.А.Найденова//Болонский процесс и высшее образование в Украине и Европе: проблемы и перспективы. - К., 2007. | Медиақұзыреттілік - медианы табысты меңгеру үшін теориялық: медиаресурстарды талдау, оқушыларға ақпарат беру; медиа саласындағы міндеттерді шешуге арналған жеке тәсілдер мен практикалық әдістерді: медианы пайдалану; медиаресурстардан алған ақпаратты сыни түсіну; медиа көмегімен жүзеге асырылатын коммуникативтік функцияны басшылыққа алу. |
| 13 | В.Шарко | Медіакомпетентність як складова методичної підготовки вчителя та її діагностування /В.Шарко //Інформаційні технології в освіті. – 2012. – № 13. – С. 84 – 90. | Медиақұзыреттілік:<br>- информатикадан практикалық дайындық;<br>- медиаақпаратты сыни түрде сауатты және дұрыс қабылдауға мүмкіндік беретін психологиялық және педагогикалық ғылымдарды білу;<br>- әдістерді қолдана отырып, оқу әдістері мен тәсілдерін, мағлұматты іріктеу;<br>- мұғалімдердің кәсіби қабілеттерін дамытуға бағытталған танымдық әрекетке бағдарлану. |
| 14 | Лау Хесус | Руководство по информационной | Медиақұзыреттілік: азаматтар өзін бүкіл өмір бойы дамытуы тиіс, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | грамотности для образования на протяжении всей жизни. МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех». 2006г. | бүкіл өмір бойғы білім алуы мен білім мақсаттарына жету жолындағы бірінші қадамының негізгі факторы. |
| 15 | И.А.Фатеева | Медиаобразование: теоретические основы и практика реализации: монография /И.А.Фатеева. Челябинск: Челяб. гос. ун-т, 2007. 270 с. | «Тұрақты бақылау жағдайында, табысты кәсібі мен әлеуметтік қызметі үшін, сәйкес білім, білік, мақсаттар мен белгілі бір тұлғалық қасиеттерді қолдану қабілеті». |
| 16 | В.Н.Стрельников | Медиафакультет как форма внедрения компьютерных технологий впроцесс подготовки библиотечно-информационных специалистов. Дис. ... канд. пед. наук.– Самара, 2002. | «Оқу үрдісі мен болашақ кәсіби қызметте медиа саласындағы білімі мен біліктіліктерін пайдалану қабілеті». |
| 17 | Н.И.Гендина | Информационная культура и медиаграмотность в России. Информационное общество.2013 - №4. | «Жаңа технологияларды меңгеру, оларды қолдану шарттарын, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін түсіну, БАҚ арналары бойынша таратылатын ақпарат пен жарнамаға сыни көзқарас». |
| 18 | И.А.Цатурова, А.А.Яковлев, М.А.Афанасьев, К.А.Аветисова | Формирование медиакомпетенции как инновационной составляющей языкового образования в XXI веке //Инновационные проекты в языковом образовании /Под ред. Ю.Б.Кузьменковой.– М.: Центр по изучению взаимодействия культур ФИЯР МГУ им. Ломоносова, 2007. – С. 290-294. | «Бұл - баспа мәтіндерін түсіну, түсіндіру және оларды жаңа коммуникация құралдарына шығару біліктілігі туралы дәстүрлі ұғымды көрсетуге мүмкіндік беретін көп аспектті ұғым». |
| 19 | Ю.Хабермас | Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие //Моральное сознание и коммуникативное действие. — СПб.: Наука, 2002. | «Бұл - білім және қабілет, орындау мен әрекет». |
| 20 | Michael Charlton, Klaus Neumann - Braun | Fernsehwerbung Und Kinder POCKET, Tyska, 1995. | «Медиаға қатысты: білікті, дербес, шығармашыл және әлеуметтік – жауапты әрекетке - қабілеттілік». |
| 21 | А.А.Калмыков, Л.А.Кохановa | От средств массовой информации к системе массовых коммуникаций М., ЮНИТИ-ДАНА, 2005. | «Медианың барлық түрлерімен тығыз байланысты жалпы біліктілік; тек, жаңа ақпараттық технологияларға ғана байланып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қалмастан, алдыңғы медиабілімге де қосылады». |

Зерттеушілер келтірген анықтамаларды мағынасына қарай топтастырар болсақ, олардың біраз бөлігінің медиақұзыреттілікті медианы тарату құралдарын пайдалана алу; ендігі бір бөлігі арнайы білім алу барысында қалыптасатын сапа; енді біреулері медиа-ресурстарды өз қызметі үшін табысты пайдалана алу қабілеті деп санайтындарға бөлінетінін көруге болады. Олардың барлығының да пайымдаулары өз зерттеу контексінде дұрыс деп санаймыз.

Ғалымдар берген түсіндірмелерді тұжырымдай келе, авторлардың медиақұзыреттілік тұлғаның ақпараттық кеңістікте еркін әрекет жасауына қажетті сапасы деген пікірлерімен толық қосылатынымызды білдіреміз.

Медиақұзыреттілік өмір бойғы міндет, өйткені коммуникативтік технологиялар үнемі ауысып жаңарып отырады. Сондықтан жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс істеу және пайда болатын мүмкіншіліктерді пайдалану үшін, қызметте олардың көмегі арқылы өз құзыреттілігіңді, заман ағымынан қалмағаныңды көрсету үшін үнемі қайтадан оқып, білімді толықтырып, жаңартып отыру керек болады, - деген пікірімізді де келтіреміз.

Осы ретте, медиақұзыреттілік тілдік және басқа да қарым-қатынас арқылы жүзеге асатындықтан, коммуникативтік құзыреттіліктерге тоқталмай кетуге болмайды. Мәселен, адамдар тек суретті түсініп қана қоймай, сонымен қатар оған қатысты ойлайды және ол түсіну үрдісін алдын ала анықтайды. Олай болатын болса, құзыреттілік - жаңа техниканың меңгеру қабілеті туралы ғана емес, сонымен қатар, осы техникалық-практикалық дағдылар адамдардың бір нәрселерді ойлау, сыни дәлелдер қалыптастыру және оқу арқылы рахат әсер алу қабілетіне қол жеткізу қасиеттерімен байланысты. Жоғарыда айтқанымыздай, медиақұзыреттілік «коммуникация», «байланыс» түсініктерінен тұратындықтан, бұл сапаны коммуникативтік құзыреттілік тұрғысынан да қарастыра отырып, төмендегідей сипаттамаларды келтіреміз:

- коммуникативтік құзыреттілік, коммуникативтік актілер арқылы «шынайлыққа» қол жеткізетін, адамдарға әлеуметтік және қоғамдық өзара әрекетте өмір сүруге үйрететін әрекет; «коммуникативтік құзыреттілік» өз тілінде сөйлей бастағаннан, оқудан басталып, әлі ұзақ уақыт оқытудың жаңа мазмұны мен формалардың дамушы мультимедиялық мүмкіншіліктерімен бітпейтіндігінде;

- коммуникативтік құзыреттілік, бастап оқыту, жаңа мазмұнды адами базалық ресурстарға жатады. Бірақ сонда да, бұл құзыреттілікті зерттеп, практика жүзінде қолданып, дамыту керек; бүгінгі таңда біз әртүрлі білім бағыттары арқылы отбасындағы әлеуметтендіруден бастап, коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеміз, оған қосымша күнделікті тәжірибе мен оқу кезіндегі өздігінен әлеуметтендіру үрдісін жатқызуға болады;

- медиақұзыреттілік – «коммуникативтік құзыреттіліктің» бір бөлігі және ең алдымен, бүгінгі танда оның пайдалануын, практикада қолдану мен бағдарламалық талаптарын білу қажет болып табылатын, кешенді түрдегі берілген медианың барлық түрлерімен қарым-қатынас саласындағы электрондық-техникалық байланысқа бағытталған.

Медиқұзыреттілік туралы сөз қозғағанда, оның құрылымы жайында тоқталу қажеттілігі бар. Біздің ойымызша ол: медибілім, медиасын, медиақабылдау, медиатұтынудан тұрады (3-сурет). Ендеше, олар жайлы төменде тоқталамыз.




3-сурет. Медиақұзыреттіліктің құрылымы.

**1.Медиа білім.** Бұл жайында тараушаның басында жеткілікті айтылды деп санағандықтан, бұл жерде қысқаша ғана тоқталып кетеміз. Медиабілім - оқушылар, студенттер мен ересектердің бұқаралық байланыс заңдылықтарын оқып білуге бағытталған білім саласы. Негізгі міндеті - жас ұрпақты казіргі ақпараттық заман талаптарына, түрлі ақпаратты қабылдау мен талдауға дайындау, адамды оны түсінуге, оның *психикаға* әсерін білуге үйрету, байланыстың вербальдік емес формалары негізінде, техника құралдар мен казіргі ақпараттық технологиялар көмегімен қарым-қатынас жасау тәсілдеріне үйрету. Бұл жерде екі кіші деңгейлерге бөлуге болатын бүгінгі медиа мен медиажүйелер туралы «кешенді» білім ескеріледі. Медиабілімнің негізгі бағыттарына: *а) қазіргі ақпараттық жағдайда жаңа ұрпақты өмірге дайындау; ә) әр түрлі ақпаратты қабылдауға, оны адамның түсіне білуіне; б) зардабының жүйкеге әсерін түсіне білуіне; в) техника құралдарының көмегімен қарым-қатынас жасау қабілетін игеруге үйрету сияқты мәселелер жатады.*

Медиабілім беру үрдісінде әрекеттің түрлі тәсілдері қолданылады. Мысалы: *дескриптивті:* мазмұндап айту, медиамәтін оқиғасын сипаттау, *жіктемелік:* медиамәтіннің тарихи және социомәдени контекстегі орнын анықтау, *сараптамалық:* медиамәтін құрылымы, медиамәтін тілі, авторлық

тұжырымдама және т.б. талдау, *тұлғалық:* медиамәтіннен туындаған қарым-қатынас, қобалжу, еске түсіру, сезімдер, байланыстарды сипаттау, *түсіндірмелі-бағалау*: медиамәтін туралы эстетикалық, моральдық және т.б. өлшемдерге сәйкес оның қасиеттері туралы пайымдауларды қалыптастыру.

Масс-медианың аудитория санасы мен мінез-құлқын саяси және коммерциялық мақсаттарда айла-шарғы жасаудағы ауқымды «жетістіктері»; бұқаралық коммуникация құралдары қалыптастыратын «медиашынайылық» бейнелерінің үдемелі иррационалдығы; азаматтардың көпшілік бөлігінің жағымсыз медиалық әсерлерге зияткерлік селқостығы мен эмоционалдық бейқамдығы медиабілім қалыптасу кезеңін өтіп жатқан көптеген мемлекеттерде әртүрлі деңгейдегі білім үрдісінің міндетті компонентіне айналып отыр. Сондықтан өскелең ұрпаққа медиабілім беру мәселесін дұрыс шешудің бірден-бір жолы – бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерімен сауатты жұмыс жасай алатын болашақ мұғалімдерді дайындау болып табылады. Бұл – медиақұзыреттілік пен медиамәдениеттің бастауы деп түсіну керек.

**2.Медиасын.** "Krinein" сөзі ең басында «ажырату» дегенді білдіреді және бар білім мен тәжірибені үнемі зерделеуге бағытталған, бұл - үш тәсілмен жүреді: біріншіге медиасынның сараптамалық ішкі деңгей жатқызылады. Әдетте, сын айту үшін қиын қоғамдық мәселелер қамтылады. Тура сол сияқты білімге де сараптамалық тәсілмен қарау керек, меншікті телевизиялық бағдарламалар негізінен жарнама арқылы қаржыландырылады және бұл бағдарлама құрылымы мен мазмұны да сөзсіз өз нәтижесін береді. Сараптамалық тәсіл, сынсыз медиалық жаңалықтарды қабылдамайтын негізгі білімді игеру дегенді білдіреді.

Медиа мен медиамәтіндер жүйесіне қатысты сыни ойлау – ойдың күрделі рефлексивті үрдісі, оған ассоциативті қабылдау, социумдағы медианың қызметін және адамға медиамәтін, ақпараттар, хабарламалардың бұқаралық коммуникациясы арқылы келіп түсетін тетіктерін синтездеу, талдау және бағалау кіреді. Бұл ретте сыни ойлауды дамыту – медиабілімнің қорытынды мақсаты емес, ол оның тұрақты компоненті.

Медиасын тұлғаның баға берушілік, дәйектей алушылық қабілетін дамытуға бағытталған аксиологиялық феномен болып табылады. Медиаөнімдеріне қатысты рефлексивті сыни қорытындылар жасау, әр адам өзінің сараптамалық және басқа білімдерін өзімен және өзінің жеке қылықтарымен салыстыра білуі керек, деген ойға әкеледі.

Осы тұста Е.Л.Вартанова мен Я.Н.Засурскийлердің, «БАҚ хабарламаларын, мазмұнын талдау – әрбір сыни ойлайтын азаматтың міндеті. «…егер біздің балаларымыз мектепте жүріп-ақ оларға не айтқанын түсінетін болса, онда олар болашақта ойлай және шығармашылық шешім қабылдай алатын болады. БАҚ өнімдерін сыни талдау – мамандық емес, ол қазіргі өмірді түсіну тәсілі», - деп атап көрсеткеніне ерекше назар аудара отырып, осы пікірді қолдайтындығымызды білдіреміз[125].

Жастардың әлем, адам, қоғам, табиғат жайлы бақыланбайтын ақпарат ықпалына қызығушылық танытуы - сыни ойлау және ақпаратқа сыни көзқарасты қалыптастыруда оқу үрдісіне сыни ойлауды дамыту технологиясын енгізудің жақтаушысы Али Нихат Экен (Түркия): келіп түскен ақпаратты талғамсыз «жұта бермей», өз бетімен талдай және бағалай алатындар, медиаматериалдарды сыни қабылдай алатындар ғана, масс-медианың жағымсыз әсерінен, өзін басқаларға қарағанда жақсырақ қорғай алады, деген пікір білдіреді[126]. Бұл айтылған тұжырым біз қарастырып отырған медиасынға қатысты ойларды жинақтап, қорытындылауға негіз болады.

Қорыта келе, медиаға қатысты сыни ойлау медиа және медиамәтіндер медиа саласындағы аудивизуалды елестету, виртуалды түрде тәжірибеден өткізу, логикалық және интуитивті болжау қосылған медиа мен медиамәтіндердің социумда қызмет ету қызметтерін ассоциативті қабылдау, жинақтау, талдау мен бағалау кіретін күрделі рефлексивті ойлау үрдісі, - деген тұжырым жасаймыз.

**3.Медиақабылдау**. Қабылдаудың физиологиялық негізіне мидың сараптамалық және синтетикалық қызметі жатады. Өйткені сырттан әсер еткен тітіркендіргіштерге талдау жасалмаса, оның ерекшеліктерін толық анықтау қиынға түседі. Сондықтан қабылдау адамның өмір сүру барысында айналасын тануы. Қабылдау көп жағдайда адамдардың мезеттік түйсінулеріне тура келе бермейді, әрі сол түйсіктердің қарапайым қосындысынан жасалмайды. Адам, әдетте, нақты түйсінуден дербестеніп, дерексізденген қорытынды құрылымды қабылдайды, ал бұл қорытындыға келу біршама уақыт өтуін талап етеді. Медиаөнімдерін қабылдау да осы мезеттерден тұрады.

Н.Баловсяк «Здоровье компьютерного пользователя: информационная зависимость» атты еңбегінде «Ақпаратты тек тұтынып қана қоймай, оны ой елегінен өткізіп, «өңдей» білу керек», мәселен, бір киноны көрсеңіз соның үлгі аларлық ұтымды тұстарын ой таразысына салып, алған әсерлеріңізбен бөліскіңіз келеді ғой. Дәл сол сияқты, ақпаратты оқығаннан кейін оны таразылау керек, әрі бір пайымға келген жөн. «Қабылданған мәліметтерді өңдеу» ережесін іске қосу керек. Ақпаратты тұтынуды ғана мақсат етпей, бір мезгіл өзіңмен өзің болып, өмір жайлы, болашақ жайлы ойлаған жөн. Адам ақпаратты тұтына берген сайын өзінің жеке өміріне көңіл де аудармайды. Ақпарат тасқынында шынайы өмір мен мәселелер қала береді. Ақпаратты тек қабылдай беру адам миында ілім-білімге айналмайды. Тек қабылдап қана үйренген ми таразылау, ойлау сияқты қызметтерге қабілетсіз бола бастайды» - деп атап көрсетеді[127].

Медиақабылдаудың сипаттамасына мыналар енеді:1) медиақабылдаудың рекреативті–гедонистикалық деңгейі (көңіл көтеру – рекреативті мотивация шектеулі, ашық сипаттың болмауы); 2) тұрмыстық деңгей (тұрмыстық, утилитарлы мотивация және кейіпкерлердің сәйкес мінезі); 3) эстетикалық деңгей (тұлғалық мотивация бейнеге эстетикалық жету); 4) интерпретация

деңгейі (шығарманың тұлғалық мәні мен рухани мазмұнын анықтау, ішкі көрудің болуы); 5) микроәлеуметтік деңгей (микроортаға байланысты айқындалады, кейіпкердің психологиялық түрткісі беріледі; нақты аудиторияның шығарманы қабылдауымен байланыс орнатылады).

Бұл термин, медианың үнемі өзгеріп отыратынын білдіреді. Бірақ ол тек техникалық жағынан ғана емес (киберкеңістіктің жаңа әлемдері), сондай-ақ мазмұндық жағынан да, бұл ретте бағдарламалық жасақтама бейнелі жаңа мазмұн енгізу мүмкіншілігін ұсынады. Бұл жерде де, екі кіші деңгей бар: инновативті немесе қабылданған логика ішінде медиажүйені әрі қарай дамытатын өзгерістік және эстетикалық нұсқаларды бөлу, коммуникативтік күнде қайталанатын істер шекарасы арқылы өтуді қарастыратын креативті деңгей.

**4**. **Медиатұтыну**. Осы тұста «тұтыну» ұғымының мәніне тоқтала кету жөн болады. Тұтыну өндіріс циклінің ақырғы кезеңі, оның қорытынды сатысы: өнімді, игіліктерді, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді қоғамдық қажеттердің қанағаттандырылуы үшін пайдалану. Біз қарастырып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін тұтыну да адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру міндетін атқарады.

В.П.Коломиец медиатұтынуды символикалық мазмұнды алу, игеру мен әлеуметтік байланыстар мен өзара әрекеттерді жүзеге асыру үшін, коммуникациялық құралдарды (медианы) пайдаланудың әлеуметтік практикасы ретінде қарастырады[128]. Бұл жағдайда, медиатұтыну медиаөнімді пассивті қабылдау емес, символикалық материалды өңдеу бойынша белсенді әлеуметтік практика ретінде анықталады.

Автор медиатұтынуды белсенді әлеуметтік практика ретінде қабылдау *медиатұтыну – ситуативті әрекет,* яғни медиаөнім тұтынатын адамдар үнемі белгілі бір әлеуметтік-тарихи жағдайда өмір сүретіндіктен, қабылдаушыларға қолжетімді қатынастар мен ресурстарға байланысты дегенді білдіретіндігіне тоқталады. Сонымен қатар, медиатұтыну – *күнделікті өмірді құрайтын реттелген әрекеттердің ажырамас бөлігі ретіндегі қалыпты әрекет*. Медиатұтыну әрекеттің басқа түрлерімен жиі сәйкес келіп, олармен күрделі түрде қосылады. Мысалы, адамдар жұмысқа бара жатқан кезде жолды қысқарту үшін газет оқиды; түскі асты әзірлеу кезінде жалықпас үшін немесе балаларды тыныштандыру үшін теледидарды қосады; күнделікті өмір кірбеңінен дем алу үшін және аздап болса да олардан құтылу үшін, кітап оқиды. Демек, медиатұтыну адамның баса да тіршілік әрекеттерімен астасып, қосарлана жүріп, оның қажеттіліктерін өтеуді жүзеге асырады[129].

Бұдан медиатұтыну адамның табиғи ортасын құрай отырып, оның күнделікті өмірімен тығыз байланысты екендігін көруге болады. Медиатұтынудың күнделікті өмірге осылай «енуі» уақыт бюджетімен байланысты. Егер медиаорта адамдарға уақыт өткізу үшін бұдан да көп және әртүрлі мәзірін ұсынатын болса, халықтың уақыт бюджетінің құрылымымен не болады деген сұраққа жауап іздеуді қажет етеді. Ол сұрақ заманауи

коммуникациялық технологияларды дамытатындар үшін маңызды болып табылады, өйткені бәсеке, тек тұтынушылардың ақшасы үшін ғана емес, сонымен қатар олардың назары мен уақытынан да туындайды.

Бұдан басқа, *медиатұтыну* – нақты техникалық құралдарды пайдалана білу мен оны қолдану дағдыларының болуын талап ететін білікті қызмет. Символикалық материалды «балама» түсіну үшін әлеуметтік тәжірибесі аз болса да, жас ұрпақ заманауи электрондық медианың (ең алдымен Интернеттің) ең көп пайдаланушы тобы болып табылатындығы шындық. Жаңа коммуникациялық құралдарды ең бірінші болып, осы жастар белсенді меңгереді. Заманауи медианы пайдалану жас ұрпақтың әлеуметтік капиталының маңызды құраушысы болып табылуы да заңдылық. Ал жастардың медиатұтынуын үлкендер тарапынан бақылау мүмкіншілігінің аясы тар екендігін мойындасақ, тұлғаның медиақұзыреттілігін қалыптастырудың білім беру қызметінің күн тәртібіндегі басты мәселе болатындығы ақиқат.

A.Fedorov пен R.Kubey, W.J.Potter мен W.E.Weber жетекші британ медиапедагогтары бөліп көрсеткен медиабілімнің негізгі алты ұғымына және тәсілдеріне сүйене отырып, тұлғаның медиақұзыреттілік көрсеткіштерінің жіктемесін жасады[130]. Олар: медиа агенттігі - медиамәтіндерді жасаушылардың жұмысын, функциялары мен мақсаттарын зерттеу; медиа категориясы - медиамәтіндердің типологиясын – түрлері мен жанрларын зерттеу; медиа технологиялары - медиамәтіндерді жасау тәсілдерін-технологияларын зерттеу; «медиа тілдері»: медиамәтіннің вербалды, аудивизуалды, монтаждау қатарларын зерттеу; «медиа репрезентациясы»: медиамәтіндегі ақиқатты, авторлық тұжырымдамаларды және т.б. көрсету, түсіну; медиа аудиториялары - аудитория типологиясын зерттеу.

Зерттеу мәселесіне қатысты еңбектерді талдай келе, біз студенттің медиақұзыреттілігін – *тұлғаның ақпараттық әлемде дұрыс бағыт алуына БАҚ өнімдерін, Интернет материалдарын сыни тұрғыда талдап, дұрыс бағалау негізінде қолдануына ықпал ететін, тұлғаның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, рефлексиясын сипаттайтын, нәтижесінде медиаөнімдерінің түпкі ойын түсінуді, оларды пайдаланудағы ақпараттық қауіпсіздікті, психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ететін білімдер, біліктер, дағдылар, қасиет–сапалар* жиынтығы, деп түсінеміз[131].

Параграфта айтылғандарды қорытындылай келе, медиақұзыреттілік жалпы медиажүйесі мен медиамәтінге қатысты сыни ойды, атап айтқанда – медианың социум мен медиамәтіндерде: ақпаратта, хабарламаларда, медиа саласындағы логикалық және интуициялық болжаумен бірге медианы ассоциативті қабылдау, талдау мен бағалау кіретін ойдың күрделі рефлексивті үрдісін дамытумен тығыз байланысты екендігіне көз жеткіздік. Медиамәтіндерді талғаммен таңдау, ойшыл оқырман бола алуға даярлау қажеттілігін тағы да сезіндік. Осы жерде мұғалімдер мен ЖОО оқытушыларының орны анықталары сөзсіз.

Жастар аудиториясындағы ерекше орын педагогикалық оқу орындарында оқитын студенттерге беріледі. Мұғалімнің даралық қасиеттері мен өзіндік ойлауы, ақпарат өнімдерін саналы қабылдау біліктері қаншалықты дамыған болса, мектептер мен колледждерде бұл бағытта білім беру соншалықты тиімді болады. Болашақ педагогтердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру – балабақша тәрбиеленушілері, мектеп оқушыларының медиаға қатысты білім алып, медиасауаттылығын арттырып, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сонымен қатар болашақ мамандардың кәсіби дайындығының аясын кеңітіп сапасын арттыруға апаратын бірден-бір нақты жол.

Сонымен, медиақұзыреттілік - білімнің тиянақталған жиынтығы емес екендігін айтып өту керек. Медиақұзыреттілік деңгейін арттыра отырып, тұлғаның танымдық, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық медиаақпаратты қабылдау, түсіндіру және талдау арқылы, бүкіл адам өмірі бойында жетілдіруге болады. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру үрдісін педагогикалық қамтамасыз ету: тұлғаның медиақұзыреттілік қалыптасуының мақсаты, ұстанымдары, міндеттері, формалары, бағдарламаларын жүзеге асыру әдістері, компоненттері, критерийлері мен көрсеткіштері, бұл үрдістің жүру тиімділігінің педагогикалық шарттарына кіретін қызметтерін жүзеге асыру арқылы орындалады.

Келесі кезекте медиабілім берудің шетелдік педагогикада алатын орны мен тәжірибесіне тоқталатын боламыз.

### 1.3 Оқушылар мен жастарға медиабілім берудің шетелдік тәжірибесі

Қазіргі кезде тұлғаның қажетті ақпаратты жедел тауып, оның мазмұнын шығармашылықпен пайдалана алу, өз бетінше өңдей білу, жүйелеп тәжірибеде қолдану қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұқаралық ақпарат құралымен мұндай қарым-қатынас оның әлеуметтік белсенділігінің көрінісі ретінде қабылданады.

Бүгінде еліміз бойынша үш мыңға тарта бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасайды. Мұның 80 пайызға жуығын аймақтық БАҚ - тар құрайды. Олар: жергілікті басылымдар, Интернеттегі сайттар мен порталдар, әлеуметтік желілер т.б. Сол желілер таратып отырған өнімдерді ақылға салып, пайымдай алатын ұрпақ тәрбиелеу мемлекетіміздегі басты міндеттердің бірінен саналады. Мұндай жолмен жүріп өткен барлық елдердің тәжірибесі осыны көрсетеді.

Медиабілімін оқыту 1960 жылдан бастап АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Австралия және Францияда мән беріліп, қолға алынған. Сол кезден бастап-ақ, медиабілімі жасөспірімдердің медиадағы әлем мәдениетін білу, медиатілін үйрену және бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін түсіне білуін үйретуді мақсат еткен. Аталмыш мемлекеттерде медиабілімі өз алдына жеке пән және басқа пәндермен бірге оқыту әдісі, ретінде де енгізілген болатын.

Мысалы, 2009 жылдың 12 наурызында Германия Білім және ғылым министрлігінің сараптама комиссиясы сандық ықпалға түскен медиапедагогика саласындағы мәдениет туралы баяндама дайындады. Онда медиапедагогика мазмұны бойынша: жастар қоғамда өз бағыттарын, кәсіби ортада орнын табуы және даралығын дамыту үшін олардың қандай құзыреттіліктері болу керек? Өз қабілеттерін ашып, оларға ие болып, тереңдетуі үшін, олар сандық технологияларда нені түсінуі тиіс? Сандық құралдарды қалай пайдаланулары керек? Өздерінің медиамен күнделікті қарым-қатынас жасауынан медиақұзыреттіліктің қандай көрсеткіштерін ала алады? Қоғам және кәсіби орта тарапынан, жастар еңбек нарығының өзгеріп отыратын жағдайларына және мәдени өзгерістерге сәйкес болуы үшін, қандай негізгі талаптар қойылады? Сандық технологияларға қатысты, жалпы кәсіби қабілеттілікті де, сондай-ақ кәсіпорын мен қоғамдағы тұрақты инновациялық қабілеттіліктерді де назарға ала отырып, жастар қандай біліктілік пен білімге ие болу керек? - деген сұрақтар шекарасында мәселелер талданып, медианы тұтынуға қатысты білім, білік, дағдылардың қалыптасуы және даму перспективасы анықталды. Бұл баяндама медиақұзыреттілік туралы мәселенің көпшілік көкейінде жүрген сұрақтар болғандығының дәлелі екендігін көрсетеді[132].

Медиабілім немесе бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын дұрыс пайдалану мәселесі философия, психология, педагогика, өнертану саласы ғалымдары арасында қызығушылық тудыратын мәселе. Медиабілім тарихи тамыры саяси, идеологиялық, әдіснамалық себептерге орай әртүрлі елдерде сарапталған педагогиканың жаңа бағыты болып табылады (3-кесте).

3 - кесте. Бүгінгі күндегі медиабілім бойынша көшбасшы мемлекеттер (халықаралық сарапшылар бағасы бойынша)

| **№** | **Мемлекеттер аты:** | **Мемлекетте медиабілім жоғары деңгейде деп санайтын сарапшылар саны:** |
|---|---|---|
| 1 | Канада | 17 (65,39%) |
| 2 | Ұлыбритания | 16 (61,54%) |
| 3 | Австралия | 11 (42,31%) |
| 4 | Франция | 7 (26,92%) |
| 5 | АҚШ | 6 (23,07%) |
| 6 | Ресей | 5 (19,23%) |
| 7 | Түркия | 5 (19,12%) |

Әлемдегі озық мемлекеттердің медиабілім тәжірибесін зерттеп, медиабілімнің мәселелеріне сараптамалық талдау жасап қарау, отандық медиабілім теориясының кеңеюі мен қалыптасып дамуына ықпал етеді, болашақ жастардың медиасауаттылығын қалыптастырудың теориялық, әдістемелік негіздерін жасау үшін, алдымен Канада, АҚШ, солтүстік

еуропалық елдері (Германия, Финляндия, Дания, Норвегия, Швеция, Түркия) және Ресейдің білім жүйесіндегі медиабілімнің даму деңгейіне талдау жасауды жөн көрдік.

Қазіргі кезеңде Канадада медиабілім өз дамуының өте жоғары деңгейінде деуге болады. Ол жердегі педагогтердің медиасауаттылықты насихаттау бойынша үлкен жемісті еңбегі оң нәтиже беріп отыруы, бұл саладағы жұмыстың ертерек қолға алынуында. Атап айтсақ, Канаданың 1987 жылдан бастап-ақ, ең халқы көп – Онтарио провинциясының мектеп біліміне медиабілім кіріктірілген болатын. Ол жайындағы әдебиеттерді зерделеу барысында 1989 жылдан бастап, 2004 жылға дейінгі кезеңде провинциялық (аумақтық) білім департаменттері мен министрліктері медиабілімді өнер және ағылшын тілі курстарына біртіндеп енгізгендігін, ал 1999 жылдың қыркүйек айынан бастап, Канаданың барлық аумақтарында медиамәдениет мектеп оқу бағдарламасының міндетті компонентіне айналғандығын анықтадық. Осылайша, Канада дүниежүзіне медиабілім ресми мәртебесін алған ең бірінші ел болып танылғандығы мәлім болды[133].

Медиабілім саласында оқушының білімін бағалау үшін, бағалау критерийі құрылып, бес деңгейлі шәкілі жасалынды. Оның міндетті талаптарына: шынайылық, жеткіліктілік, шындық (негізділік), түпнұсқалық жатты. Олар идея (мазмұн), ұйымдастыру, тіл құралдарын пайдалану, пікір айту және техникалық орындау параметрлері бойынша бағаланады. Сабақтарда шығармашылық және практикалық тапсырмаларға басымдылық көрсетіледі. Практикалық сабақ барысында оқушыларға, белгілі бір қалыпты сақтамай-ақ, өз пікірлерін еркін және ашық айтуға мүмкіндік беріледі. Сабаққа қажетті заманауи техникалық аппаратура болмаған жағдайда, мұғалім баспа өнімдерін: газет-журналдарды, репродукцияларды, фотографияларды және т.б. пайдалана алады.

АҚШ орта мектебінің барлық сатыларында дерлік, міндетті медиабілім беру мәселелерімен айналысуды салыстырмалы түрде Канададан көп кейін қолға алына бастаған.

Алайда, медиабілімді мектеп бағдарламасына кіріктірудің алғышарттары - жекелеген зерттеушілер мен педагогтердің, бүкіл елдегі медиасауаттылық орталықтары мен ассоциацияларының белсенді күш салуының арқасында жүзеге асты. Бүгінгі таңда, барлық 50 штатта да *Language Arts* пәнінің білім стандарттарына, медиасауаттылыққа үйрету енгізілген. Яғни, «визуалды медиамәтіндерді түсіну мен кіріктірудің визуалды біліктілігі мен стратегиясын пайдалану» және «әртүрлі медиамәтіндердің ерекшеліктері мен компоненттерін түсіну» маңызды болып табылады.

АҚШ-тағы медиабілім қозғалысы медиа әсерінің жағымсыз мәселелерін қарастырғанына қарамастан, жалпы антимедиалық қозғалыс болып табылмайды. Керісінше, медиасауаттылықтың жас ұрпақты әлеуметтендіруде ажырамас бөлігі ретінде қарастырылатын, педагогтер мен әртүрлі типті ұйымдардың: азаматтық құқық пен тұтынушылар құқықтарын

қорғайтын білім, діни, денсаулық сақтау, экологиялық коалициясы болып табылады.

Америка университеттерінде медиабілім бұрыннан бері - ақ, өте қарқынды дамып келе жатқан сала. Сонау 60-жылдардан бастап, іс жүзінде барлық американдық университеттер мен колледждерде әртүрлі формада медиа бойынша курстар жүргізіледі. Атап айтсақ, журналистика, коммуникация, кинематография, өнер, мәдениеттану, саясаттану және т.б. факультеттерінде. 46 штатында медиабілім ағылшын тілі мен өнерді оқытумен байланысты, ал 30 штатта медиабілім әлеуметтік ғылымдар, тарих және азаматтық құқық, экологиялық-медициналық цикл пәндері бойынша сабақтарда пайдаланылады. Осыған қосымша мұғалімдердің кәсіби ассоциациясы медиабілімді мемлекеттік стандарттарға енгізуге тырысуда[134].

АҚШ ғалымы K.Tyner медиабілімді коммуникацияға қол жеткізудің, жүзеге асырудың, талдаудың тәсілі ретінде анықтайды[135].

Австралияда медианы оқып үйрену міндетті мектеп бағдарламасына енеді. P.Greenaway медианы мәдениетті тарату, жаңа білімдердің қайнар көзі деп біледі[136].

Солтүстік Еуропалық елдерде медиабілім: қоғамды түсіну, демократиялық өмірге белсенді және саналы қатысу үшін әлеуетті құрал болып табылатын медианың барлық түрлеріне қолжетімді болу мақсатында - тұлғаның дәстүрлі және заманауи ақпараттық, коммуникациялық және телематикалық технологиялармен өзара әрекеттесуі арқылы даму; оқу ортасын, оқыту мен білім беру үрдісін жетілдіру; тәуелсіз және белсенді медиапайдаланушы позициясын қалыптастыру; әртүрлі медиамәтіндерді жасау бойынша шығармашылық дағды мен өндіріс дағдыларын алу және жетілдіру үрдісі ретінде түсіндіріледі.

Оларда медиабілім дамуының табиғи үрдісі, медиабілім саласындағы өзара әрекеттестігі, ынтықтастығы мен тәжірибе алмасулармен негізделетін мақсаттар, жүзеге асыру мазмұны мен формалары ұқсас.

Біріншіден, медиабілімнің бұқаралық коммуникация құралдарынан, оларды қабылдау, түсіну, талдау және т.б. реципиентке, аудиторияға - жас, тендерлік және өзге ерекшеліктерді зерттеу, тұлғаның сараптамалық, эмоционалдық, этикалық, шығармашылық қасиеттерінің дамуы, т.б. қайта бағытталуы.

Екіншіден, кіріктірілген және қосымша медиабілімнің міндетті білім сатысында, ал кіріктірілген - арнайы және қосымша медиабілімнің мектеп білімінің жоғарғы сатысында біріктірілуі. Бұл ретте, кіріктіру - іс жүзінде Ұлттық оқу жоспарының барлық пәндерімен жүргізіледі; арнайы медиабілім жалпы (сыни ойлауды дамыту, мәтіндерге семиотикалық талдау жасау, өз позициясын анықтау және т.б.) және кәсіби (фото аппаратурамен жұмыс істей білу, мультимедиялық технологияларды білу және т.б.) сипатта болады; қосымша медиабілім мектептің білім үрдісі мен мектептен тыс ұйымдарда ұйымдастырылып, өткізетін қосымша бағдарламалар мен жобалар аясында

жүзеге асырылады. Ұлттық оқу жоспарлары мен олардағы медиабілім статусы құрылымындағы ерекшеліктер шамалы ғана айырмашылықтармен сипатталады.

Кейбір шетелдік ғалымдар медиабілімнің басқа басымдылықтарына назар аударады. Мысалы, Францияда *медиабілім* азаматтық тәрбие берудің бір - бөлігі ретінде қарастырылады. Олар медиабілім жастарды қоғамның белсенді мүшесі, өз елінің патриоты болуға ықпал ететіндігін атап өтеді.

БАҚ-тың бала тәрбиесіне әсері жөнінде айтылған тұста, оның тәрбиелік ықпалына көбірек көңіл бөліп, керісінше зиянды саналатын бағдарламаларға тосқауыл қоюдың уақыты келді. Ондай мысалдарды дамыған елдердің тәжірибесінен де кездестіруге болады. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Франция сияқты мемлекеттерде балаларға қатысты бағдарламаларды сараптаудан өткізіп, олардың дамуына кері әсерін тигізетін хабарлар қатаң түрде шектеу салынады. Сонымен қатар, жеткіншектердің тұлға ретінде дамыту мақсатында ақпараттық өнім жасаушылармен тығыз байланыс орнату жағы да қарастырылған. Ондай қарым-қатынасты жүзеге асыру тікелей мемлекеттік дәрежеде жүргізіледі. Ол үшін құзырлы органдар тарапынан тиесілі нормативтік актілер қабылданады. Аталған елдердегі бұл шаралар БАҚ-тың қызметіне қол сұғу болып табылмайды. Өйткені, балалар тұтынатын БАҚ өнімдеріне деген көзқарас аталған елдердің ұрпақтың болашағына деген сергектігін көрсетеді.

Германия білім үрдісіндегі медиамәдениет мәселелерімен медиапедагогика айналысады. Біз осыған толығырақ тоқталуды жөн санадық.

Бұл мемлекетте тек, 1980 жылдардың ортасында ғана жекеменшік теледидарлар пайда болды, ал компьютерді қалың бұқараның белсенді пайдалануы – 1990 жылдары ғана басталды. 40 жыл бойы компьютер мен Интернетсіз де жұмыс істеген адамдар, әлі де болса кәсіби және тұрмыстық еңбек етуде және олардың әкімшілік шешімдер қабылдауда дәстүрлі қызметтерді атқарады. Атап айтқанда, бұл жерде өзінің ұрпағының құзыреттілігіне, оқудағы құзыреттілігіне негізделген медиақұзыреттілік түсінігі басымдылық көрсетеді. Медианы пайдалану оқудағы құзыреттілікті негізгі біліктілік, - деп бағалайды.

«Медиапедагогика» - сөзі неміс тілінің медиадидактикасы бойынша базалық басылымында көрсетілген, V.Frederking, A.Krommer, K.Maiwald еңбектеріндегі пікірде ол «балалар мен жасөспірімдердің өмір кеңістігін медиаттауды сипаттау және оқыту, білім беру мен тәрбиелеу үшін жалпы қорытындылар жасау» дегенге келіп саяды[137]. Педагогикалық үрдістегі медианы ескере отырып, неміс ғылыми педагогикалық қоғамы «Kommission der Deutschen Gesellschaft für Erziehungswissenschaft DgfE» – оның мақсаты тиімді әрекеттік опциялар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру - болып табылатындығына назар аударады.

Германияда медиабілім мен оның позицияларын институттау әртүрлі. Жүргізілген талдау барысында медиабілімге педагогикалық қауымдастықтың үш түрлі көзқарасын анықтауға мүмкіндік берді.

1. *Педагогика медиаға қарсы.* Қоғамдағы зорлық-зомбылық туралы дауыстар саяси деңгейге шыға бастаған уақыт. Бірінші позицияны медиатәрбиеден сабақ мазмұны ретінде бас тартатындар қолдайды, өйткені: а) мектептен тыс шараларға тән, ә) медиатұтыну білім мекемелерінде тереңдетілмеу керек, - деп санайды.

2. Екінші медиапедагогтер, медиабілім мен *медиақұзыреттілік ең алдымен, практикалық түрде орындалуы керек* - деген көзқарастағылар. Институционалды түрде ол мектепте: а) тікелей пәнде, ә) сабақтан тыс уақыттағы жобаларда жүзеге асырылу керек, - деп санайтындар.

3.Үшінші позиция медиабілімдік - жауапкершілікті қолдап, *медиабілім әрекетінде практикалық және сыни-рефлексивтік қабілеттер* туралы мәселе көтеретіндер.

Қазіргі кезде Интернет-ұсыныстардың коммерциялануына байланысты, pull mediадан: ақпарат алынатын медиадан, push mediаға: ақпаратты өзі беретін медиаға ауысу тән. Бұл Германияда медиабілім үрдісіндегі мәселелі өрістің тағы бірі болып саналады. Медиапедагогикалық міндеттердің нәтижелі шешіліп жатқанына қарамастан, Германияның медиапедагогтері, елдегі білім саясатына белсенді әсер ете отырып, балалар мен жастардың медиақұзыреттілігін көтеру мүмкіншілігін жақсартуға тырысады. Демек, сандық мәдениетте оқушылар мен студенттерге қажетті құзыреттіліктер Германия қоғамының да, мемлекеттік білім саясатының да басты назарында.

Канада мен Австралияда барлық мектептерде медиабілімге міндетті мәртебе берілгендігі әлемге әйгілі. Франция мен американдық медиапедагогтердің теориялық идеялары мен практикалық тәсілдері де кең тараған, Скандинавияның медиабілімінің дәстүрлілігі, белгілі. Шығыс Еуропа мемлекеттеріндегі бұл жағдай дамыған деп айтуға келмейді.

Медиабілімінің Түркияда білім беру жүйесіне енгізілу тарихы төмендегідей. Бұл мемлекетте медиабілімін қолға алудың алғашқы қадамы 2005 жылы Білім Министрлігі мен Мармара Университеті Коммуникация факультетінің дайындауымен өткізілген конференцияда жасалды. Түркия мемлекеттік білім беру саласы тапсырмасымен арнайы бағдарлама жасау комияссиясы құрылды. Бұл бағдарлама бойынша алғашқы рет, 2006-2007 оқу жылдарында Адана, Анкара, Ерзурум, Ыстамбұл және Измир қаларының кейбір мектептерінде эксперимент түрінде енгізіліп, 30 гуманитарлық пәндер мұғалімдері арнайы дайындық семинарларынан өткізілді. Бағдарламаның үшінші деңгейі 2007-2008 оқу жылдарында, 81 елді мекеннің 35 мың мектебінде (6,7,8 - сыныптарында) «таңдау пән» ретінде оқытыла бастады. 2008-2009 оқу жылдарында медиабілімі «таңдау пән» ретінде жалғасын тауып, Ыстамбұл мен Анкарада 600 мектепте (6,7,8 – сыныптарында) оқытылып, 400 мыңнан астам оқушы пәнді таңдаған. Сол уақыттан бері бұл мемлекетте оқушыларға медиабілім негіздері арнайы оқытылады.

Сонымен, шетел педагогикасында медиабілім түсінігіне берілген анықтамалардың әртүрлілігіне қарамастан басты орындардың бірін иеленетіндігін байқаймыз. Мысалы: педагогиканың бұл саласының

бөлімдері: медиатәрбие (тұлғаны тәрбиелеу құралы); медиадидактика (педагогикалық мәселелерді шешу үшін медианы қолдану); медиазерттеу (медиаға қатысты болжамдарды тексеруге қатысты ғылыми ізденістер жүргізу) болып бөлінеді. Осылайша медиапедагогика біз қарастырған шетелдерде педагогика ғылымының дербес саласы деп қарастырады, - деген тұжырым жасаймыз.

Ал, Ресей медиапедагогиканы педагогика саласы ретінде, медиабілімді тұлғаны медиа көмегімен және оның материалдары негізінде оқыту және тәрбиелеу үрдісі ретінде қарастырады. Бұл елдің педагогикасында медиабілім: тұлғаны бұқаралық ақпарат құрал материалдары негізінде білімдендіру, тәрбиелеу және дамыту үдерісі: медиамен қарым-қатынас жасау мәдениетін, коммуникативтік, шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлауын, медиамәтіндерді талдау, бағалау біліктерін қалыптастыруы тиіс, - деп саналады[138].

Оларда кеңінен таралған негізгі медиабілім модельдері, әдетте, көп аспектілі болып келеді. Жалпы, оларды келесі түрде жіктеуге болады: медиа теориясы мен тарихы кіретін білімдік-ақпараттық моделі; медиамәдениеттің моральдік және философиялық мәселелерін қарастыратын тәрбие-эстетикалық моделі; оқушылар мен студенттердің шығармашылығын, өз бетімен ойлау, елестету қабілеттерін және т.б. дамытуды көздейтін дамыта оқыту моделі. Медиабілім модельдерінің ерекшелігі, жалпы дидактикалық қағидаларды: тұлғаның жан-жақты дамуы, теория мен практиканың байланысы, қолжетімдік, жүйелілік және т.б. және медиамәдениет ерекшеліктеріне байланысты қағидаларды: аудиовизуалды қабылдауды, медиамәтіндерді талдау біліктілігі және т.б. дамыту. сақтау болып табылады.

Ресей педагогикалық энциклопедиясында медиабілім (ағылш.media education, лат.media-құралдар), оқушылар мен студенттердің бұқаралық коммуникация заңдылықтарын оқытуға арналған педагогиканың арнайы бағыты - деп түсіндіріледі[139]. Осыған орай, бізге ресейлік медиапедагогтердің (А.В.Федоров, В.В.Гура, А.А.Журин, Д.Е.Григорова, Е.В.Мурюкина, Е.А.Столбникова, А.В.Шариков, Е.И.Худолеева, Н.Б.Кириллова және т.б.) жұмыстары үлкен қызығушылық тудырды.

А.В.Федоров медиабілім, «медиамен қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттерді, креативті ойды, түсіндіру біліктіліктерін және медиамәтінді талдау мен бағалауды қалыптастыру, медиатехника көмегімен өзін-өзі көрсетудің әртүрлі формаларына үйрету мақсатында бұқаралық коммуникациялық құралдар көмегімен және солардың материалдары арқылы білім беру және тұлғаны дамыту үрдісі» - деп түсінуді ұсынады. Ғалым 2003 жылы ресей және шетелдік сарапшылар арасында сауалнама жүргізді. Бұл сауалнама қорытындысы бойынша, сарапшылардың көпшілігі ЮНЕСКО анықтамасының тұжырымдамасына жақтас екендігін көрсетті. «Медиабілім медианың барлық түрлерімен (баспа және графикалық, дыбыстық, экранды және т.б.) және әртүрлі технологиялармен байланысты; ол адамдарға бұқаралық коммуникация

социумда қалай пайдаланылатынын түсінуге, басқа адамдармен коммуникация барысында медианы пайдалану қабілеттерін меңгеруге мүмкіндік беретіндігі анықталған[140].

Медиабілім жайындағы ресей ғалымдары еңбектеріне талдау жасай келе, бұл ұғымның әртүрлі позициядан қарастырылғанын көреміз. Мысалы, Г.Селевко медиабілімді жаңа ақпараттық жағдайда сананы қорғау мақсатында коммуникация заңдылықтарын оқып үйрену деп тұжырымдайды[141]. Бұл тұжырымнан қазіргі қоғамдағы медиабілімнің адамның ақпараттан қажеттіні алып, қажетсізін алып тастаудың өзектілілігин байқауға болады. Бұл анықтама медиабілім түсінігінің мәнін анық ашып тұр деп ойлаймыз. Себебі ақпарат пен адамның өзара әрекеттестігін сипаттайды. Мұндай әрекеттестік нәтижесінде адамның белсенділігі ақпаратты басқаға жеткізуге, оған дұрыс көңіл аударып, сүзгіден өтуге мүмкіндік туады. Бұл тұжырымнан қазіргі қоғамдағы медиабілімнің адамның ақпараттан қажеттіні алып, қажетсізін алып тастауға дайын болу мәселесінің өзектілілігін көрсетеді.

А.В.Шариков медиабілімді медиаланған әлеуметтік коммуникацияны қалыптастыру үрдісі, - деп қабылдауды ұсынады. Бұл үрдіс нәтижесінде медиаканалдар арқылы әлеуметтік, саяси, экономикалық контекстегі хабарларды түсіну, өз ойын медиатілімен жеткізе алу мүмкін болатындығына тоқталады. Егер бұқаралық ақпарат құралдары демократиялық қоғамның бөлігі болса, онда қоғамның әр мүшесінің онымен жұмыс жасай алу дағдыларының болуы тиіс, - деп ойын қорытындылайды. Автор медиабілімді медиаланған әлеуметтік коммуникацияны қалыптастыру үрдісі, деп қабылдауды ұсынады. Бұл үрдіс нәтижесінде медиаканалдар арқылы әлеуметтік, саяси, экономикалық контекстегі хабарларды түсіну, өз ойын медиатілімен жеткізе алу мүмкін болатынтығына тоқталады. Егер бұқаралық ақпарат құралдары демократиялық қоғамның бөлігі болса, онда қоғамның әр мүшесінің онымен жұмыс жасай алу дағдыларының болуы тиіс деп, ойын қорытындылайды[142]. Бұл анықтама медиабілім түсінігінің мәнін анық ашып тұр, - деп ойлаймыз. Себебі ақпарат пен адамның өзара әрекеттестігін сипаттайды. Мұндай әрекеттестік нәтижесінде адамның белсенділігі ақпаратты басқаға жеткізуге, оған дұрыс көңіл аударып, сүзгіден өтуге мүмкіндік тудырады.

Е.И.Худолеева өз зерттеулерінде, медиабілімнің қалыптасу жолындағы келесі педагогикалық мәселелерді бөліп көрсетеді: педагогтердің ішкі психологиялық мәселелері, жаңа техника мен технологиялар алдындағы үрейі; өзінің кәсіби қызметінде жаңа техниканы пайдалану мүмкіншіліктерін үйрену үшін қосымша күш пайдалану мен энергия жұмсағысы келмеушілігі; қоғамның ақпараттық даму деңгейінің жеткіліксіз болуы; көптеген әлеуметтік топтар үшін электрондық ақпарат құралдарының қолжетімсіздігі; оқытушылардың медиалық құзыреттілігінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі; тәжірибелі оқытушылардың кәсіби дайындықтан өткісі келмеуі немесе оның мүмкін болмауы; оқытушылар мен білім алушылардың компьютер

техникасына еркін қолжетімділігінің болмауы; оқытушылар мен білім алушылардың нашар уәжделуі; көп педагогикалық қауымдастық үшін «медиабілім» ұғымы белгісіз болып қалуы; медиабілім теориясы мен практикасын жасаудың жүйелі мемлекеттік үйлестірілуінің болмауы[143].

Автордың белгілеген медиабілімге қатысты кемшіліктері Қазақстанның білім беру үрдісіне де тән құбылыстар деуге болады. Сондықтан, медибілімдерді қалыптастыру: медиаөнімдерін тұлғаны дамыту, тәрбиелеу мақсатында пайдалану, медиаматериалдарын саналы тұтыну, олардың психикасына әсер етуінен сақтану жолдарын ұсынатын арнайы педагогика саласының болуы ақпараттық қоғам жағдайында күн тәртібіне көтерілуі заңдылық. Қазақстандық зерттеуші П.Б.Сейтқазы жаһандану жағдайында ізденіске және шығармашылыққа қабілетті, ақпараттық заманда өзін еркін сезінетін болашақ мамандарды даярлау мәселесінің маңыздылығын атап өте отырып, бұл қажеттілік соңғы жылдары педагогикалық үдерісте белсенді түрде қолданыла бастаған медиабілімді жүзеге асыруға жол ашатынын айта келе, медиабілім – бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеруге үйретуді көздейтін педагогикадағы жаңа бағыт, - деген пікір білдіреді[144]. Бұл зерттеу біздің жұмысымыздан өзгеше БАҚ өнімдерін тәрбие құралы ретінде пайдаланудың жолдарын және әдістерін іздестіруге арналғанымен, ондағы медианы тұтынушыларды тәрбиелейтін, оның әлеуетін дұрыс бағытта пайдалануға қатысты ойларының зерттеуіміз үшін алар орны ерекше[145].

Біздің зерттеуіміз үшін Ресей мен Қазақстан медиапедагогика теориясы мен практикасын оқып - зерттеу ерекше қызығушылық тудырады, оның себептері төмендегідей:

- біріншіден, Ресей мен Қазақстанды бұрыннан келе жатқан тарихи жағдайлар байланыстырады;

- екіншіден, соңғы он бес жыл ішінде Ресейде медиақұзыреттілікке аса көп көңіл аударылды, ал оны олардың теориялық және практикалық жұмыстарынан көруге болады.

Ресей мен Қазақстанның ұзақ уақыттар бойы әлемдік медиабілім кеңістігінен алшақ болғаны да анық. Тек соңғы 10-15 жыл көлемінде өзгерістер бола бастады. Осы себепті де, қазіргі кезде медиапедагогика жайында нақты қадамдар жасалу үстінде. Алайда, Қазақстанда медиабілім білім беру жүйесіне толық енбегендігі белгілі. Тіпті басқа пәндермен кіріктіріле оқыту жағы да әлі шешімін тапқан жоқ. Сондықтан жастар медиабілімін оқу ордасында емес сырттан алып жатқандығы ақиқат. Бұл ретте, медиабілімнің мазмұнын құрып, оны оқытатын мамандар даярлау кезек күттірмейтін іс, - деп ойлаймыз. Жұмысымыздың кіріспе бөлімінде көрсетілгендей медиаөнімдерін тұтынушылардың сауаттылығы аса қажет болып тұрған уақытта олардың соған сәйкес білік, дағдылары, оларды пайдалана алу құзыреттіліктері болуы шарт.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, медиабілім - медиа өндіру талаптарын, медиаөнімдерінің формасы мен мазмұнын ашатын, балаларды, жастар мен өмір бойы білім алатындарды демократиялық, ашық қоғамның

азаматтарын ақпараттық кеңістікте білімденуде, тұлғалық, кәсіби тұрғыда дамуда, дүниетанымын кеңейтіп, эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыра алуда медиаөнімдерін пайдаланудағы сауаттылыққа тәрбиелейтін білімнің саласы деуге болады. Оған басқаша «медиапедагогика» деген атау беруге болады деп санаймыз. Медиапедагогика жалпы педагогикамен байланысты, ерекше мәндік және әрекеттік өрісі бар пән саласы ретінде анықталады. Ондағы референттік топ – жалпы педагогикаға қатысы барлар: медиабілім беруші педагогтер, білім алушылар, жалпы медиапайдаланушылар. Ал бұл білімнің сапалы, нәтижелі болуы сөз жоқ мамандардың дайындық сапасына, құзыреттілілігіне тікелей тәуелді. Алайда қазіргі заманның жан-жақты тұлғалаларын қалыптастырудың осындай бір маңызды бағыты бойынша мамандар даярлау ісінің ақсап тұрғаны өкінішті жағдай. Осы ретте, елімізде медиапедагогтерді даярлау жедел қолға алынуға тиісті шара деп есептеп, оған атсалысуды өз міндетіміз, - деп санайтындығымызды білдіреміз.

# II.СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ НЕГІЗДЕРІ

## 2.1 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары

Педагогиканың әдіснамалық мәселелері әрдайым педагогикалық ойдың дамуындағы ең өзекті, өткір мәселелерге қатысты болды. Диалектика тұрғысынан психологиялық-педагогикалық құбылыстарды зерттеу, яғни табиғат, қоғам және ойлау дамуының жалпы заңдылықтары туралы ғылым олардың сапалық ерекшелігін, басқа әлеуметтік құбылыстар мен процестермен байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Осы теорияның принциптеріне сәйкес болашақ мұғалімдерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту қоғамдық өмір мен кәсіби қызметтің нақты жағдайымен тығыз байланысты зерттеледі. Барлық педагогикалық құбылыстар олардың үнемі өзгеруі мен дамуында, қарама-қайшылықтар мен оларды шешу жолдарын анықтауда зерттеледі.

Философия курсынан әдістеме объективті шындықты тану мен түрлендірудің ең жалпы принциптері, осы процестің жолдары мен әдістері туралы ғылым екендігі белгілі. Біз зерттеу нысанына алып отырған мәселені тиімді шешу оның әдіснамалық тұғырларын дұрыс айқындауға тікелей байланысты. Жалпы зерттеу тұғырларын талдау зерттеліп отырған мәселенің терең ішкі бірлігі, өзара байланысы, өзара бірін-бірі толықтыратындығы, сәйкестігі, жүзеге асырылатындығы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Сондықтан ғылымда бар теориялық-әдіснамалық тұғырларды талдай келе, біздің жұмысымыз үшін ***құзыреттілік, іс-әрекеттік, аксиологиялық және семиотикалық*** тұғырлардың бірлігін басшылыққа алу - тиімділікті арттырады деген шешім қабылданды. Олардың жекелеген элементтері адам ойын танудың бүкіл тарихында көрініс беретіндіктен, біз зерттейтін мәселенің негізгі шарты болады деп санадық.

Медиабілім саласындағы ғылыми әдебиеттерді талдау, әдіснаманың ***құзыреттілік*** тұғырына ерекше назар аудартады. Құзыреттілік тұғырының тұжырымдамасы адамның қалыптасуына бағытталған, ол тұтас дүниетанымдық және когнитивтік негізбен, сондай-ақ өмірлік жағдаяттарға бейімделу біліктілігімен сипатталады. Құзыреттілік тұғыр идеясы заманауи білім мазмұнының қазіргі экономика мен өркениеттің талаптарына жауап бере алмауынан туындаған. Ол жаңа білім мазмұнын түзуге, соған сәйкес мазмұнды ұсынудың жаңашылдық әдістерін жасауға деген, қоғам қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған ашық сұраныс.

Ал мұндағы «құзыреттілік» ұғымына тоқталар болсақ, белгілі ғалым А.В.Хуторской құзыреттілік – тұлғаның заттар мен үрдістердің белгілі бір шеңберіне байланысты және оларға қатысты өнімді, сапалы әрекет ету үшін қажетті берілетін сапаларының өзара байланысты жиынтығы. Құзыреттілікті меңгеру, адамның осы құзыреттілікке ие болуы, - деп атап көрсетеді[146].

Бұл түйінді ойдың астарында қай салада болсын алған білім, білік, дағдыларды пайдалана алу, әрекетте жүзеге асырып, қолыңнан іс келетінін көрсете білу, - деген қорытынды жасауға болады.

Құзыреттілік туралы отандық ғалымдардың (Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Менлибекова, М.Ж.Джадрина т.б.) ой тұжырымдарында «құзырет» адам әрекеті ретінде танылса, «құзыреттілік» осы әрекетті орындай алу деңгейі түрінде анықталады. Сонымен қатар, құзырет студент білуге тиісті нәрсе болса, құзыреттілік осы нәрсені жақсы орындай алуы, өзін-өзі тануы, білімі, білігі, өзін-өзі бағалауы, - деп саналады[147,148,149].

Зерттеу барысында талданған ғылыми педагогикалық пікірлерді саралай отырып, *құзыреттілік - бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді алған білімдері мен тәжірибесін пайдалана отырып тиімді, шығармашылықпен шешуге мүмкіндік беретін, тұлғаның кіріктірілген қасиеттер жиынтығы* – деп тұжырым жасаймыз[150].

Құзыреттілік тұғыр ең алдымен, пән үстілік сипаттағы түйінді құзыреттердің қалыптасуын, одан соң, пәндік жалпы біліктерді, содан кейін білім мазмұнының практикаға бағытталуын, басшылыққа ала отырып мазмұнды жаңалау арқылы жүзеге асырылады. Бұл айтылғандарды медиабілім саласына бағыттасақ, алғашында ақпаратпен жұмыс жасау, ойды жазбаша жеткізе алу, медиаөнімдерін тұтына алу біліктері, одан кейін медианың тілін түсіну, келесі кезекте осы айтылғандар іске асыру үшін, оқыту мазмұнына медиасауаттылықты ашатын арнайы пәндер, факультативтер енгізу және оларды жүргізуде студенттердің өзіндік тәжірибесіне негізделуі қарастырылады.

Қарастырылып отырған тұғыр медиақұзыреттілікті қалыптастыруда студенттің ақпараттарға талдау жасаудағы ізденімпаздығын, шығармашылығын тірек етуді, үнемі сараптама жасап, ой елегінен өткізуді ұйымдастыруды нәтижелі етіп, студенттердің кез келген ақпаратқа баға бере алу қабілеттілігінің қалыптасуына ықпал етеді.

Қорыта келе, ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесін шешуде құзыреттілік тұғырды басшылыққа алу біздің ойымызша:

- студенттің ақпарат жайлы хабардар болуы емес, оны рефлексиялау, зерттеу, бағалау арқылы мәнін, астарлы айтар ойын ұғынуға қабілеттілігін қалыптастыруға ықпал етеді;
- тәжірибе негізінде өз бетімен медиалық білім алу амалдарын дамытуға ықпал етеді;
- медиақұзыреттілікті қалыптастыру үрдісінде студенттің тұлғалық қалыптасуының жеке траекториясын таңдау мүмкіншіліктерін береді;
- білімнің педагог-тасымалдаушысын іс жүзінде медиакоммуникация үрдісін қамтамасыз ететін педагог-фасилитатормен алмастыруға көмектеседі;
- дайындығы мен медиакоммуникация тәжірибесін практикада жүзеге асыру қабілетін жетілдіру. Құзыреттілік тұғырдың бұл қызметтері зерттеудің әдіснамалық әлеуетін арттырады.

Біз таңдаған келесі ***іс–әрекеттік*** тұғыр кез келген жүйенің даму заңдылықтарын түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады. Дамудың заңдарын білу негізінде объектіні жетілдіру, өзгерту, жаңғырту операциялары іске қосылады, әрекет жасалады және мақсатқа жетуге бағытталған нақты міндеттерді шешу үрдісі жүзеге асады. Тек осындай бірдей уәжделген әрекеттер ғана қызметті құрай алады. Іс-әрекеттер өз кезегінде операциялардан тұрады. Іс-әрекет – адамның дүниемен қарым-қатынас тәсілі. Оның барысында адам табиғатты, қоршаған айналаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді. Сөйтіп, өзін іскер, жасампаз субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғи ортаны іс-әрекет объектісі етеді.

Білім меңгеруді басқару, әрекеттер мен ұғымдарды кезеңді қалыптастыру теориясында П.Я.Гальперин ұсынған әрекетті меңгерудің заңды кезектесу тұжырымдамасы ерекше орын алады[151]. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, әрекетті меңгеру барысында сыртқы заттық қызмет, ішкі психикалық қызметке ауысады. Басқаша айтсақ, интериоризация үрдісі жүреді. Ол қажет, өйткені тұлғаның медиақұзыреттілік компоненттерін толыққанды қалыптастыру білім алушылардың тұлғалық-маңызды, жеке-бағдарлы белсенділігі үрдісінде жүзеге асады.

Адамның іс-әрекеті Л.С.Выготский[152], А.Н.Леонтьев[153], С.Л.Рубинштейн [154], Б.Г.Ананьев[155] және т.б. зерттеушілер еңбектерінің түйінді мәселелері болған. Ғалымдар тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі деп танып және оның өзге адамдармен қарым-қатынас әрекетінде қалыптасады, - деген тұжырымдарын жасайды. Белгілі психолог А.Н.Леонтьев адамзат мәдениетінің жетістіктерін игеруде - іс-әрекет атқару арқылы оның жетістіктерін одан әрі жетілдіреді, деп түсіндіреді. Ғалым әрекет құрамындағы операцияны «әрекетті нақты жағдайларда жүзеге асыру тәсілі» ретінде анықтайды[156]. Бұл ретте, қызмет элементі ретінде операция қызметке уәжділік және мақсатты бағыттылық ретінде сипатталады. Сондықтан, студенттерді өмірге және жан-жакты іс-әрекеттерге дайындауда олардың мүмкіндіктерін ескеріп, тіршіліктеріне кажетті істерге тартып, олардың өмірін әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастыру кажет екендігі даусыз. Біз зерттеп отырған медиақұзыреттілік те, тек қана студенттердің өз әрекеті арқылы қалыптасып, әрі қарай дамиды.

Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруда әрекеттік тұғырды қолдану, осы тұғырдың медиабілімдерді меңгеруде білім алушылардың белсенді, өнімді, өздік және топтық жұмыстарға бағдарлануы, педагогикалық жұмыс мазмұнының вариативтілігінде, студенттер орындайтын жұмыстардың әртүрлілігінде көрінетін педагогтің оқыту белсенді әдістерін таңдауы сабақтардың бір сарындылығын төмендетіп, студенттердің орындалатын жұмысқа қызығушылығын сақтайды. С.Л.Рубинштейн адам әрекетін «психология мәні ретінде қарастыруды ұсынып, психика мен әрекет бірлігі принципі» - деп анықтады[157].

С.А.Смирновтың айтуынша, *іс-әрекеттік тұғыр* – тұлғаның әрекеті арқылы қоршаған ортаны тануы және қайта өзгертуі, объектінің біртұтастығын және оның тетіктерін ашуы[158]. Яғни, тұлға дамуының негізі, құралы және шешу шарты – іс-әрекет. Осыған байланысты, осындай өзара әрекет тетігі қандай да болмасын мәселеге ортақ көзқарас табу мақсатындағы келіссөздерге жақын болу керек. Демек, іс-әрекеттік тұғыр - педагогикалық құбылысқа әрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы позициясымен, яғни мақсаты, мотиві, әрекеті, операциясы, ретке келтіру жолы, жөндеу, жеткен нәтижені бақылау және талдауға мүмкіндік береді.

Медиақұзыреттілікті қалыптастырудың іс-әрекеттік тұғыры студенттердің субъектілік позициясын өзектендіруді нәтижелі етеді. «Субъект» ұғымы жұмыстар үшін ерекше мәнде – «басқа адамдар және өзінде өзгерістер жүргізетін пәндік-практикалық белсенділік пен таным иесі» деген сипатқа сәйкес келеді. Субъект (студент) – ол ЖОО білім үрдісінде өз әрекеттері мен қылықтарын тиімді ұйымдастыра және өзін-өзі реттей алатын, өзін-өзі қалыптастыратын, өзін-өзі жүзеге асыратын тұлға.

Бұл ретте, Т.А.Ольхова студенттің субъектілігін оның әлемді және қоршаған адамдарды тануында көрініс береді, уақыт және университеттің білім кеңістігінде тұтас, динамикалық өрістейтін әлемге, өзіне және басқаларға көзқарасын кеңітетін үрдіс, - деп санайды. Ол өз–өзін дамытудың жолдарын іздеу, өзін-өзі жетілдірудің құнды тәжірибесін игеру мен түрлендіру ретінде қарастырады[159]. Осы пікірді өз зерттеу мәселесі тұрғысынан зерделер болсақ, медиақұзыреттілікке ие болу үшін де студент белсенді танымдық әрекет немесе субъектілік жағдайында болуы шарт.

ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыру үрдісінде іс-әрекеттік тұғырды жүзеге асыра отырып, оқытушы:

- әрбір студент – бірегей тұлға, сондықтан оның кәсіби біліміне стандартты тәсілдер жарамайды; олар нақты адамға және нақты жағдайға байланысты қолдануға жарамды болатындай таңдалуы тиіс екендігін;
- оқу тобында студенттердің қабілеттерін өзара бірін-бірі толықтыруы мен негізгі құнды мақсаттарының ортақ болуы, ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыру үрдісінде ортақ мақсаттарға қол жеткізу барысында олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін толыққанды пайдалануға мүмкіндік беруді;
- толеранттылық қатынастарға негізделген саналы, зерделенген медиакоммуникацияның болуы керек, әдеттен тыс мақсаттарды, студенттер тобының энергиясы оларға қол жеткізуге сындарлы түрде бағыттауды;
- ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыру үрдісінде барлық студенттердің мәселелері мен болашақтағы бағдарларын талдауға, бірлескен әрекеттерді жоспарлауға, алынған білім нәтижелерін бағалауға және өзін-өзі бағалауға белсенді қатысуын ескере отырып әрекет етулерін қамтамасыз етеді.

Айтылғандардың практикалық көрінісі: медиабілім беруді іс-әрекеттік тұғыр тұрғысынан басқару – бұл типі, формасы, мазмұны студенттердің

мәдени үрдісі және коммуникативтік мақсаттарымен анықталатын және оның аясында оқу орнының осы санаттағы түлектерінің қарым-қатынасы жүретін салалар және жағдайларға сәйкес, білім алушыларда белгілі бір іс-әрекеттік бірліктерінің пайда болу, медиакоммуникацияға байланысты, қандай да болмасын мәселені орындау мен жүзеге асыру барысында субъект-субъект болып табылатын оқытушы мен студенттердің бірлескен өзара әрекетін ұйымдастыруды көздейді, - деген қорытындыға келдік.

Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруда - біз таңдаған келесі ***аксиологиялық*** тұғырға қатысты (М.С.Каган, А.Лэнгле, З.И.Равкин, Н.С.Розов, В.П.Тугаринов және т.б.), зерттеушілер құндылық, дүниетаным, тұлғаның өмірлік ұстанымдары түсініктерін бірге байланыстырады [160,161,162,163,164].

Құндылық (грек тілінде «axios») – жеке адамның және басқа субъектілердің тіршілігінде олардың қажеттілігін қанағаттандыру мен қызығушылығын жүзеге асыруға арналған маңызды істер. Субъектілердің бағытталған құндылықтарына қарай жеке, топтық, ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар болып бөлінетіндігі айқындалған. Адамдар қоршаған заттар, құбылыстар, үдерістерге, басқа адамдарға және өзіне жай қарамаған, оны шындық пен жалған, жақсылық пен жамандық, көркемдік пен ұсқынсыздық, мейірімділік пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік және т.б. тұрғылардан бағалап отырған.Бұл адамзаттың әлемге қатынасының және оған деген көзқарасының ерекшелігі болып есептеледі. Әрине, адамзаттың әлемге қатынасының мұндай ерекшелігінің философиялық түсініктен тыс қалмауы заңдылық. Құндылық – белгілі бір тарихи-мәдени жағынан шоғырланған және жалпы адамзат пен жеке этнос мәдениетінің мәнін көрсететін адамның өз мінез-құлық нормалары мен мақсаты туралы жалпы түсінігі, дүниетанымы.

Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым, ақиқаттың ерекше бір түрі. Құндылықтар әлемін шындықтың рухани іс-әрекеті, рухани байлығы, жалпы айтқанда, рухани мәдениеті деп бөледі. Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір ереже немесе іс-әрекеттің реттеушісі ретінде түсіндіреді. Мәселен, Э.Кассирер: «құндылық – бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем» - деп қарастырады[165]. Ол тұлғаның ұлттық дүниетанымын, әлемдік медиамәдени құндылықтармен диалектикалық тұтастықта жетілдіріп отыруға, ұлттық құндылықтар жүйесін сақтауға, өркениетті дүниеде болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, өз елінің этномәдени, тарихи дәстүрін терең танытуға назар аударылуы қажеттігін растайды.

В.Франкл құндылықтың үш категориясын қарастырады[166]:

1) Жасампаздық құндылық: бұл шығармашылық іс-әрекетте көрініс табады.

2) Әсерленушілік құндылық: мұнда өнер туындылары мен табиғат көріністері алдында көрінеді.

3) Қарым-қатынастық құндылық: яғни, тұлға кез келген, тіпті қолайсыз, күрделі жағдайларда да жүзеге асыруға міндетті. Біз қарастырып отырған

медиақұзыреттілік, осы үшінші категорияға жатады, - деп санаймыз. Себебі студент ақпарат материалдарымен қарым-қатынасқа түсіп, одан өзіне қажеттісін, құндысын екшеп алуға қабілетті болуы тиіс.

Ш.А.Амонашвили, В.И.Загвязинский: ізгіліктік, шығармашылық, ақпараттық құндылықтық – деп, аксиологиялық тұғырды бірнеше бөлікке бөліп қарау керектігін алдыға тартады. Ғалымдар, өз еңбектерінде аталған құндылықтар арқылы, тұлғаның қоршаған ортаға жағымды әсер қалдырып, дүниетанымын байыта отырып, мәдени адамгершіліктік асқақтыққа қол жеткізе білу керектігін айтады[167,168]. Демек, тұлғаның құндылықтарды игеруі күрделі диалектикалық үдеріс екенін естен шығармауымыз қажет.

Ғалым С.Ф.Анисимов, аталған үдерісті екі сатылы деп сипаттайды: әлеуметтік (тұлға аралық), психологиялық (тұлға ішілік). Әлеуметтік сатыда – тұлға аралық қатынастар реттеліп, іріктеледі. Психологиялық сатыда тұлға таныған құндылықтар, құндылықтық бағытқа ие болады. Құндылықтың реттеліп, сараланып келіп, мәндік қатары толыға түседі[169].Ғылыми әдебиетті талдау Е.Ю.Никитина[170], М.В.Смирнова[171], Т.В.Орлова[172] және т.б. бізге аксиологиялық тұғырды, білім үрдісіндегі субъектілерін медиақұзыреттілікке қол жеткізуге ынталандырып, бағытталған әрекетке жетелейтін, өзара әрекетті ұйымдастыру амалын түсінуге мүмкіндік береді. Бір сөзбен айтқанда, бұл оқытушыны кәсіби дайындау үрдісінде ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілік деңгейін көтеруге байланысты, медиа міндеттерді шешу мақсатында, білім алушылардың бірлескен шығармашылық әрекетіне тарту үшін, пайдаланылатын амал.

Медиақұзыреттілікті қалыптастыру үрдісінде аксиологиялық тұғырды басшылыққа ала отырып, оқытушы: студенттердің нақты оқу қабілеттеріне қарамастан, барлығына жаппай өз пікірін, ұсыныстарын, сындарын айтуға тең мүмкіндік беру; студенттердің эмоционалдық және зияткерлік күйзелістерін, қысылшаңдығы мен сенімсіздіктерінен арылту; оқытушының өктемшілдік рөлінен бас тарту, талқылау үшін тыйым салынған зоналарды жоюға тырысуы деп қарастырамыз.

Біз зерттеп отырған мәселені тиімді шешуде **семиотикалық тұғырдың** алатын орыны ерекше. «Семиотика» ғылыми ұғымы гректің «semeion» - белгі, таңба сөзінен алынған. **Таңба 1.** *Белгі, ен, мөр.* **2. Ауыс.** *Қаяу, дақ, кек.* Таңба ұғымының бастапқы мағынасының өзі ойлап табу, тану дегенге келіп саяды. ***Белгі*** *1.* Шартты таңба, ен. *2.* Бір нәрсенің басқадан өзгешелігі. *3.* Белгілі бір құбылыстың нышаны, сыңайы. *4.* Айрықша атақты білдіретін айырмашылық, өзгешелік, ерекшелік нышан. ***Белгі берді [етті]*** - аңғартты, білдірді, сендірді. ***Белгі қойды*** - таңба салды, белгіледі. ***Белгі салды [соқты]*** - шартты таңба қойды[173]. Семиотика таңбалар және ақпаратты тарату жайындағы ғылым, - деп саналады.

Қазіргі семиотика саласын зерттеушілердің ішіндегі танымал ғалымдардың бірі - Умберто Эко. Ол өз еңбегінде семиотка белгі ретінде қарастырылуы мүмкін барлық нәрселерді зерттейтіндігін алға тартады[174].

Семиотиканың негізін салушы американдық логик және философ Ч.Пирс таңбалардың анықтамасын беріп, жіктемесін жасап, жаңа ғылым саласының міндеттері мен қызметтерін айқындаған. Ал, оның ісін жалғастырушы Ч.Моррис семиотиканың құрылысын анықтаған. Семиотика белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл, мәдениет, кино т.б.), табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет - қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әртүрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән[175].

Семиотика - әр түрлі хабарлар, мәліметтер беру үшін қолданылатын таңбалар жүйесі. Оның аясына адамдардың тілдік қарым-қатынасы, әртүрлі ақпараттық және әлеуметтік үрдістер, мәдениет пен өнердің дамуы кіреді. Таңба жүйелері адамның ойлау үрдісін өнімді етіп, танымды тездетеді.

Бұл ретте, біз А.А.Веряевтың «белгі жүйелерінің таным пәнін қозғалыс пен статистикалық заңдылықтарға сәйкестендіру арқылы ойлау үрдісін өнімді етеді, сондықтан да семиотикалық компонент өз бетінше білім алуды, таңбалар жүйесін тану негізінде өзіндік дамуды жеделдетеді», - деген пікірімен қосыламыз[176].Сонымен қатар, ғалымдардың (М.М.Бахтин, Ч.Ю.Пирс, О.Г.Филимонова) таңба мен айтылған ой ақпаратты тасымалдаушы және мәтіннің негізгі құрылыс материалы болып табылады, деген пікірлерін де құптаймыз. Бұл тұғыр медиаөнімдерінің ішіндегі жарнама, бейнероликтерді талдауда басшылыққа алынады. Атап айтсақ, жарнамадағы таңбалардың айтар ойын, ішкі философиясын аңғаруға көмектеседі. БАҚ өнімдерінде белгі ретінде берілген астарды айқындай алу - бұл медиақұзыреттіліктің қалыптасқандығының көрінісі.

Жалпы алғанда, зерттеуіміздің, басшылыққа алып отырған әдіснамалық тұғырлары мен олардың терең ішкі бірлігі, өзара байланысы мен бірін-бірі толықтыру мүмкіндіктері, біз қарастырып отырған мәселені шешудегі әлеуетін көрсетеді. Олардың әрқайсысының жоғары оқу орнында дайындалып жатқан болашақ мамандардың медиақұзыреттілігін қалыптастыруға қосар үлесі зор.Зерртеудің әдіснамалық негіздеріне тұғырлары мен қатар ұстанымдар да жатады. Педагогика ғылымы ұстанымдары педагогикалық қызметтің ұйымдастырылу мазмұнының және практикалық әрекет жүргізудің талаптарын белгілейді. Олар теория мен практиканың өзара байланысын анықтайды, болжалды нәтижеге жету мәселесін шығармашылықпен шешуге көмектеседі[177].

Ұстанымның гнесеологиялық мәні - оның шындықтың мәнін объективті бейнелеуге мүмкіндігімен сипатталады, оның өзіне тән ерекшелігі даму заңдылығын ашуында болып табылады. Десекте, ұстаным - дүниенің, табиғаттың адамдар арасындағы қатынастардың ұдайы даму заңдылықтарын толық қанды шеше алады деуге болмайды.

Бұдан әрі қарай зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынған төмендегідей ұстанымдарды атап өтеміз:

***Теория мен практиканың бірлігі*** – ұстанымы педагогикалық зерттеулерде үлкен рөл атқарады. Практика қайсы бір теориялық ереженің ақиқаттығының өлшемі. Дегенмен де, тәжірибеге негізделмеген теория өнімсіз болады. Сондай-ақ, теорияны басшылыққа алмаған практикада стихийялылық, тиімсіздік орын алады. Теория тәжірибеге жол ашады. Демек педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыруда психология мен педагогиканың теориясындағы жетістіктер ғана емес, тәжірибенің дамуы, жетістіктері де есепке алынуы тиіс. Медақұзыреттілікті қалыптастыру үшін алдымен медиабілім берілу қажет екендігіне жұмысымызда бірнеше рет тоқталдық. Теориялық білім кез келген мәселені дұрыс шешудің негізі. Тек сол теориялық білімді меңгерген студент оның тәжірибеде орын алуында қателіктерге аз ұшырайды деген пікірдеміз.

***Жан-жақтылық ұстанымын*** басшылыққа алу біздің зерттеуіміздің табыстылығын қамтамасыз етеді деп санаймыз. Себебі кез келген педагогикалық феномен басқа құбылыстармен байланыста болғандықтан, оны жеке дара қарастыру қателіктерге ұрындырады. Айталық, ЖОО білімдік үрдіс көптеген факторлармен біртұтастықта демек, біртұтас педагогикалық үрдістің тиімділігін арттыру үшін барлық факторлар есепке алынуы тиіс. Сондықтан оны сол ішкі ортамен бірлестікте қарастыру керек. Мысалы, біздің зерттеу жұмысымыз: философия, психология, педагогика, мәдениеттанымдық және филологиялық ғылымдар аясында қарастырылады. Зерттеу алдына қойған мақсаттарға жету үшін, осы аталған ғылым салаларында қол жеткізілген жаңалықтар мен нәтижелер басшылыққа алынуы тиіс.

***Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту*** мұндағы «әлеует» (лат. potential – күш, қор, бастау, мүмкіндік) – деген мағынаны береді. жағымды әсер қалдыратын жағдаятта белгілі бір істі жүзеге асыру. Ұстаным арқылы аса байқала бермейтін, көбінесе көрінбеген, жасырын қабілетті айқындау міндеті қойылады. Адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Бұдан «өзекті» және «әлеуетті» қабілет түсінігі пайда болады. Бұл ұстаным әрбір адамның өзіндік дамуы мен келешекте кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуіндегі жеке әлеуетін ашу мен дамытуға септігін тигізеді. Бұл ұстанымға сәйкес, біз зерттеп отырған студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы оның тұлғалық сапалары мен дара қасиеттері жетіледі деп күтіледі. Медиабілім алу барысында білім алушыда байқампаздық, креативтілік, сыни ойлаушылық, шешім қабылдаушылық, қабылдаған шешіміне жауаптылық сияқты қабілеттері қалыптасып, ақпарат өнімдерін талдап таңдау мүмкіншіліктері артады. Жоғарыда сипатталған әдіснамалық ұстанымдар зерттеу жұмысының ғылыми бағытын айқындап, алдына қойған мақсаттарына жетуді нәтижелі етеді деп санаймыз.Бұдан әрі қарай жұмысымызда ұсынылып отырған студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-қызметтік моделін негіздеумен жалғастырамыз.

## 2.2 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық – қызметтік моделі

Психологиялық сөздікте «Модель» - оқу әрекетін модельдеу деген ұғымды білдіреді. Оқу әрекетін модельдеу екі аспектіден тұрады: *Біріншісі* – оқу үдерісіндегі білімді меңгеру болса, *екіншісі* – оқудағы іс-әрекет элементінен тұрады.

Олай болатын болса, бірінші аспектіде модель мен модельдеуді психологиялық бағыт - білім жүйесіне енгізу болса, екіншіде – модельдеудің формасын, әдісін қолданылатын әрекетінің ерекшелігін білім алушылардың икемділігіне қарай бағыттауды көрсетеді.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Модель» термині, латынның «modules» сөзінен шыққан, ол «өлшем», «әдіс», «бейне» деген ұғымдарды білдіреді, - деп көрсетілген. Қазақша-орысша аударма сөздікте «Модель» - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымды білдіреді[178].

В.А.Штоффтың модельге берген түсінігінің педагогикалық зерттеулерде модельдеу ұстанымының мәні зор. Оның айтуынша, модель – зерттеу нысанын бейнелеп, шығаратын және сол нысанның орнын басып, жаңа ақпарат бере білетін, ойда бейнеленіп немесе материалды түрде іске асатын жүйесі болып табылады[179].

«Модель» сөзі латынның modulur (шегі, үлгісі, мөлшері). Ғылымның логикасы мен әдіснамасында модель сөзі табиғи немесе әлеуметтік шынайылық және т.б. белгілі бір көріністер аналогын (ұқсастығын) білдіреді. Ол аналог түпнұсқа жайында білімді сақтау және арттыруда қолданылады, оны құрылымдау, өзгерту және басқару аясын кеңейтеді. Ол сурет түріндегі кесте, құрылымы, белгілік жүйесін немесе басқа да шынайылықтың көрінісін ұсына алады. Модель мен түпнұсқаның арасында айырмашылық болады, өйткені модель белгілі бір шектеулер негізінде құрылады. Модель түпнұсқаның маңызды жақтарын көрсете отырып, оның мәнін түсінуге көмектеседі. Модель құру кезінде оның зерттеу объектісінің түпнұсқаға сай келуін қадағалау қажет. Модель үнемі түсіндіру, анықтау құралы бола отырып, танымдық рөл атқарады.Гнесологиялық (таным теориясы) тұрғыдан қарасақ, модель – түпнұсқа орынбасары. Модель дегеніміз – объект немесе объектіні сипаттау, бір жүйені екінші жүйемен (белгілі бір жағдайларға, ұсыныстарға, гипотезаларға байланысты) ауыстыру, түпнұсқаны немесе оның бір қасиетін көрсету мақсатында оқып білу. Сол сияқты, модель бір құрылымды екінші біреуіне өзгертудің нәтижесі. Түпнұсқаны тікелей зерттеудің орнына оның моделі зерттеледі, одан кейін модельдер түпнұсқаға көшіріледі, түпнұсқа да сол қасиеттер бар деп есептеледі. Бұндай ауысудың орынды болуы үшін, модель түпнұсқаның қасиеттерін айтарлықтай толық және дәлме-дәл көрсетуі (көшіруі, қайталауы), осы модельдің көмегімен зерттеуге икемді болуы қажет. Сонымен қатар, модель түпнұсқаның абсолюттік толық және дәлме-дәл көшірмесі болуы міндетті емес. Модельдеуде екі түрлі жол бар. Модель объектінің ұқсас көшірмесі болуы мүмкін, ол басқа материалдан, басқа масштабта орындалуы және бірқатар

бөлшектерінің болмауы да ықтимал.

«Модель» ұғымы «модельдеу» ұғымымен тығыз байланысты. Модельдеу – бұл теориялық танымның маңызды категорияларының бірі, теориялық деңгейде түрлі белгілер, абстрактілік модельдер, эксперименталдық деңгейде – пәндік модельдер қолданылатын үдерістер мен құбылыстарды зерттеудің жанама әдісі, сондықтан педагогикалық зерттеулерде модельді құру және оны қолдану кеңінен пайдаланылуда. Модельді құрастыру әдісі - интерактивтік болып табылады, өйткені педагогикалық зерттеулерде эмпирикалық және теориялық әдістерді біріктіруге мүмкіндік береді.

Модельдеу ғылыми таным әдісі ретінде объекті дамуының соңғы нәтижесін көруге мүмкіндік береді. Модельдеу – зерттеу әдісі, жобалау, конструкциялау ретінде ғылымда кең қолданыс тапты. Модельдеу – көбінесе қандай да бір құбылысты, үдерісті немесе объектілер тұрғызу арқылы және олардың модельдерін оқып үйрену арқылы зерттеу болып табылады. Модельдеу үдерісін негізгі төрт кезеңге бөлуге болады: *Бірінші* кезең – модельдің негізгі нысандарын байланыстыратын заңдарды қалыптастыру. *Екінші* кезең – құрылған модельдердің есептерін зерттеу. *Үшінші* кезең – тәжірибе белгілерін қабылданған болжамдық модельді қанағаттандыруды тексеру. *Төртінші* кезең – меңгерілетін құбылыстар, жаңалау мен модельді жетілдіру туралы мәліметтердің жинақталуына байланысты модельдің келесі сараптамасы.

Зерттеу мәселесі бойынша жасалған модель біртұтас педагогикалық үрдіс теориясын басшылыққа алады. Біртұтас педагогикалық процестің мәні туралы түсінік ғалымдардың бірнеше ұрпақтарының күш салуларының арқасында жинақталғандығын атап өтеміз. Жалпы **«педагогикалық үрдіс (процесс)»** деген термин ғылыми айналымға XIX ғасырдың екінші жартысында П.Ф.Каптерев енгізген. Педагогикалық процестің ерекшеліктері оның құрамындағы бөліктерінің ішкі байланыстарында бейнеленеді. Процесс (латынның prosessis – қозғалыс) «алға басу» 1) «жағдай»; 2) белгілі бір нәтижеге жетудегі бірізді әрекеттердің бірлігін білдіреді. Біз қарастырып отырған ЖОО педагогикалық «процесс» ұғымының астарында «оқытушылар-студенттер» жүйесіндегі түпкі мақсатқа бірізді әрекеттер бірліктері арқылы жетудің жолдарын айқындауды талап етеді және олар мектептің әлеуметтік міндеттеріне қарай жаңадан қаралып жетілдіріледі. Бұл мәселеге В.Е.Гмурман, В.С.Ильин, Б.Т.Лихачев, Қазақстанда белгілі ғалым Н.Д.Хмель т.б. өз еңбектерін арнаған.

Аталған ғалымдар пікірлеріндегі түйінді ой - мұғалімнің, оқытушының нақтылы жағдай жағдайында жасайтын әрекеттерін дұрыс жобалауы, жүзеге асыруы, олардың нәтижелі болуы үшін, педагогикалық процестің бөліктері мен құрылымын білуіне тікелей байланысты. Төменде біз ұсынып отырған студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық–қызметтік моделі (3-сурет).

**Мақсаты:** студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу, психологиялық-педагогикалық шарттар кешенін айқындап тәжірибеден өткізу

**Теориялық негіздер:** тұлға, біртұтас педагогикалық үрдіс теориялары, өзін-өзі дамыту туралы; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамалары

**Әдіснамалық негіздер:** құзыреттілік, іс-әрекеттік, аксиологиялық, семиотикалық **тұғырлар** мен жан-жақтылық, теория мен тәжірибенің бірлігі, тұлғаның әлеуетін дамыту **ұстанымдары**

**Компоненттер, көрсеткіштер**

**Мотивациялық**
- студенттің медиа туралы білім алуға қызығушылығының болуы;
- медиаөнімдерін сауатты тұтыну біліктерін дамытуға ынталылығы;
- антиманипуляциялық тәсілдерді меңгеруге деген ықыласының болуы

**Танымдық - әрекеттік**
-медиа түрлері, қызметі жайлы білімдерінің болуы;
-медиабілімдерді қолдана алу дағдылары,
-медианың манипуляциялық әсерінен сақтана алу біліктері

**Бағалаушылық**
-медиаөнімдерін сыни талдап бағалау;
-БАҚ материалдарындағы астарлы мәнді ұғыну;
-ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

**Біртұтас педагогикалық үрдіс құрамалары**

**Мазмұн**
«Медиабілім негіздері» атты элективтік курс (40 с)

**Әдістер, технологиялар**
белсенді оқыту әдістері, сыни ойлауды дамыту технологиясы, тренингтер, АКТ

**Құралдар**
БАҚ материалдары, АКҚ

**Психологиялық-педагогикалық шарттар:** *медиаөнімдердің, сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау; студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру; студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну*

**Диагностикалық әдістер:** 1.*«Сіз жаңа ақпараттармен танысуда қай ақпарат көзіне басымдық бересіз?»* авторлық сауалнамасы. 2.Н.П.Фетискиннің «Ақпараттық технологиялар танымы» әдістемесін түрлендіріп пайдалану. 3.*«Медиаөнімдерін тұтынудағы сауаттылығыңыз қандай?»* сауалнамасы. 4.Н.Лукановaның «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес» түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі

Деңгейлер: Жоғары | Орта | Төмен

**Нәтиже:** медиақұзыреттілігі қалыптасқан студент

3-сурет. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық–қызметтік моделі.

Біздің зерттеуіміздің басты кейіпкері студент өзін-өзі танитын, өзін-өзі анықтап, өзін-өзі басқара алатын, өзін-өзі шығармашылықпен дамытатын тұлға. Сондықтан модельдің теориялық негізі, ретінде алынып отырған тұлға теориясына тоқталу қажеттілігі бар.

«Тұлға» - ұғымының этимологиясы ағылшынның тұлға «personality» сөзі, латынның «persona» сөздерімен байланысты. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмасында театр қойылымы үшін киілетін бетпердені білдірген. Алғашқы кезінен-ақ «тұлға» ұғымына жеке адамның белгілі бір рөлдерді орындағанда енетін сыртқы, әлеуметтік бейнесі деген мән берілген. Кейін бұл сөзбен актердің өзі мен оның рөлі белгілеген. Рим халқында «persona» сөзі міндетті түрде рөлдің (әке тұлғасы, патша тұлғасы) белгілі бір әлеуметтік қызметін атап көрсетумен бірге қолданылған. Осылайша, «тұлға» ұғымының бастапқы мағынасы – бұл адамның белгілі бір әлеуметтік рөлі немесе қызметі болып табылады.

Психология ғылымында тұлғаға қатысты когнитивтік, психодинамикалық, гуманистік, әрекеттік теориялар бар. Олардың барлығының ортақ тұжырымы тұлға, ең алдымен, белгілі бір дәуірдің замандасы және бұл оның көптеген әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін анықтайды дегенге келіп саяды. Белгілі бір дәуірде тұлға қоғамның таптық құрылымында белгілі бір позицияны алады. Жеке тұлғаның белгілі бір класқа жататындығы оның тағы бір негізгі анықтамасы болып табылады, ол қоғамдағы жеке тұлғаның ұстанымымен тікелей байланысты. Сонымен қатар, экономикалық жағдай мен қызмет түрі, саяси мемлекет және қоғамдық-саяси қызметтің субъектісі ретінде қызмет түрі (ұйымның мүшесі ретінде); адамның азамат ретіндегі құқықтары мен міндеттерінің құқықтық құрылымы мен құрылымы, адамгершілік мінез-құлық және сана (рухани құндылықтардың құрылымы). Бұған қоса, жеке тұлға әрқашан белгілі бір ұрпақтың құрдастары ретінде оның қозғалысының сипаттамасымен, отбасылық құрылымымен және осы құрылымдағы ұстанымымен анықталады.

Модель басшылыққа алатын келесі теория, тұлға дамуындағы «Мен» тұжырымдамадан туындайтын өзін-өзі дамыту ілімі. Өзін-өзі дамытуда *«өзін-өзі тану», «өзін-өзі өзектілеу», «өзін-өзі жетілдіру», «өзін-өзі тәрбиелеу» «өзін-өзі басқару», «даму» және «қалыптасу», «саналы пайымдау», «өзіндік талдау»* сияқты ұғымдар кездеседі. Педагогика ұғымдарының бірі - өзін-өзі тәрбиелеу. Өзін-өзі тәрбиелеу – жеке тұлға болып қалыптасудың негізгі маңызды бөлігі. Оның нәтижесі қоғамдық талаптарға адамның өзіндік жауап қайтаруы, яғни реакциясы арқылы көрінеді. Өзін-өзі тәрбиелеу – ол моральдық және этикалық нормалардың қалыптасуы және олардың әдетке айналуы.

Енді осы ұғымдарға талдаулар жасап өтейік. Өзін-өзі тәрбиелеу – адамды дамытуға арналған тәрбие үрдісі. Кез келген тәрбие жүйесінде адам өзін әлеуметтік тұлға ретінде сезініп, қоғаммен және табиғатпен біртұтас тіршілік етеді. Өзін-өзі тәрбиелемей жеке тұлға қалыптаспайды. Өзін-өзі тәрбиелеу

барысында адам өз білімін дамытады. Өздігінен білім алу – мәдени мұраны игерудің өзіндік жүйесін жасау, өзін дамытушы жүйе құру. Өздігінен білім алу білімді дамытушы қозғаушы күш болып табылады. Өздігінен оқу - адамзат тәжірибесін өзінің ынтасымен, өзі таңдаған әдіспен игеру үрдісі. Осы өздігінен білім, тәрбие алу, оқу адамның ішкі жан-дүниесінің қажеттілігінен туындап, өздігінен дамуға өзін-өзі жетілдіруге тұлғаны бағыттайды.

Өзін-өзі білімдендіру оқу орындарының оқу бағдарламасы мен оқу жоспарынан тыс қоғамдық және өзіндік қажеттіліктер негізінде жүйелі және белгілі бір мақсатқа құрылған жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті деп тануға болады. Өзін-өзі білімдендіру – жалпы және кәсіби білімнің үздіксіз жалғасы, өйткені білімнің жан-жақты болып кеңеюіне және адамның рухани баюының жетілуіне септігін тигізеді. Сонымен қатар, зияткерлік арсеналының үнемі жаңалануына, кәсіби шеберлігінің шыңдалуына әсер етеді.

Адам өзін-өзі тануға талаптанбаса, оның қолынан өзге адамдарды танып түсіну және оларға нақты көмектесе алу келмейді. Қоғамдық дамудың өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсетін әрбір адам өзін-өзі дамуын тереңдетуі шарт, бірақ Джерсиидтің байқауынша бұған жеткілікті мөлшердегі жүректілік қажет, өз рефлексиясының нәтижелері қандай болса да, оларды әділ түрде қабылдауға мүмкіндік берерлік белгілі мөлшердегі объективтілік қажет.

Студент тұлғасының өзін-өзі дамуы білім беру жүйесінде жетекші мақсаттардың бірі дәрежесін алуы қажет. Бұл арқылы болашақ маманның өзін- өзі дамыту қағидаларын меңгереді, әйтпесе ол өзгелерге бұл үдерісті қажетті көмек бере алмайды. Медиақұзыреттілікті қалыптастыру мәселесінде де жоғарыда келтірілген тұжырымдар басшылыққа алынады. Студенттердің тек өз белсенділігі арқылы нәтижеге жетуге болады.

Біздің зерттеуіміздің теориялық негізі болып табылатын тұлғалық бағдарлы оқыту тұжырымдамасына тоқталсақ. Тұлғаға бағытталған оқытудың дидактикалық моделінің пайда болуы мен дамуы білім беру жүйесіндегі гуманистік көзқараспен анықталады. Бұл мәселені қазіргі заманның белгілі психологтары К.А.Абулханова-Славская, А.Г.Асмолов, Якиманская, В.В.Сериков және т.б. қарастырған. Мысалы, академик А.Я.Савченко жеке тұлғаға бағытталған оқытудың маңызды белгілерін әдістер мен технологиялардың алуан түрлілігін, күрделіліктің әртүрлі деңгейлерінде бір уақытта оқытуды ұйымдастыра білуді, эмоционалды жағдайды есепке алуды, яғни ішкі мотивацияның барлық құралдарын бекіту аясында қарастырады[180]. В.В.Сериков теориялық тұрғыдан тұлғаға бағытталған білім беруді негіздей отырып, білім беру процесінің жеке даму функцияларын жүзеге асыру үшін жағдай жасау қажеттілігін баса айтады[181].

Тұлғалық-бағдарлы оқыту оқушыны білім алу үрдісінің субъектісі ретінде қабылдауды, білім беруді оның қажеттіліктеріне, дара ерекшеліктеріне бейімдеуді көздейді. Соған сәйкес, оқу-танымдық әдістерді таңдау, іс-әрекетте білім алушылардың өзін-өзі анықтау және өзін-өзі тану

құқығын тануға негізделуі мақсат етіледі. Бұл оқу үрдісінің мақсаттары мен құндылық бағдарларын түбегейлі өзгертуді, мазмұндық компонентті жаңартуды және оны ізгілендіруді, технологияны қайта құруды және оны ізгілендіру мен демократияландыруды, педагог қызметінің әдістемесін өзгертуді және ондағы ынтымақтастық технологиясын кеңейтуді, оқу процесінің субъектісі ретінде оқушының оқу-танымдық іс-әрекетінің сипатын түзетуді талап етеді.

Бұл тұжырымдаманы есепке алу, біз зерттеп отырған студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін тиімді етеді, - деп есептейміз. Себебі, медиақұзыреттіліктерді қалаптастыруға бағытталған оқу процесін жобалау және жүзеге асыру кезінде әр студенттің субъективті тәжірибесі, оның әлеуметтену деңгейі есепке алынады. Медиа сабақтарын өткізуде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану арқылы оқытушы мен студенттер арасында субъективті қарым–қатынастарды қамтитын түсіну, белсенді диалог, өзін-өзі басқару, өзара түсіністік орнайды. Бұл өз кезегінде түсіну, қарым-қатынастағы ынтымақтастықты, позициялардың теңдігін, эмпатияны қамтамасыз етеді.

Студеттердің медиқұзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін зерттеуге қажетті әдіснамалық тұғырлар арнайы параграфта негізделгендіктен, модельдің келесі құрамаларын сипаттауға көшеміз.

Зерттеу жұмысымыз біртұтас педагогикалық үрдіс теориясына негізделгендігін жоғарыда айтып кеттік. Оған берілген анықтамаларды жүйелегенде педагогикалық үрдіс дегеніміз – білім берудің міндеттерін шешу мақсатындағы қоғамның, сондай-ақ жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған оқыту мен тәрбиенің құралдарын пайдалану арқылы білім берудің мазмұны төңірегіндегі педагог пен білім алушылардың арнайы ұйымдастырылған әрекеттестігі.

Біртұтас педагогикалық процесстің құрамаларына мыналар жатады: мақсат, міндеттер, мазмұны, әдістер, білім алушылардың танымдық әрекеті модельде басшылыққа алынған біртұтас педагогикалық үрдіс компоненттеріне тоқталамыз. Алғашқы сипаттайтынымыз «мазмұн» компоненті. Білімнің мазмұны дидактиканың негізгі ұғымдарының бірі. Ол мемлекеттегі әрбір реформа негізінде жасалады. Ал реформалар тек қана жергілікті факторлардың ықпалымен ғана емес, сонымен қатар халықаралық ықпалмен де болып жатады. Білім мазмұны «Нені оқыту керек?» — деген сұраққа жауап береді. Білім беру мазмұнының теориялық мәселелерін және оны іріктеу жолдарын В.В.Краевский, И.Я.Лернер, В.С.Леднев, М.Н.Скаткин, т.б. ғалымдар қарастырған. И.Я.Лернердің анықтамасы бойынша «білімнің мазмұны дегеніміз - оқушыға берілетін білім, іскерлік және дағды жүйесі, шығармашылық іс-әрекет, эмоциялық қарым-қатынас тәжірибесі»[182].

Айтылған ойдың басты түйіні, ең бастысы, білімнің мазмұны жеке тұлғаны, жан-жақты үйлесімді дамыту керек.

Дидактикада білім мазмұнының түрлері төмендегіше жіктеледі: күнделікті болмыс туралы негізгі ұғымдар, терминдер және ғылыми білімдер; көзқарастарды дәлелдеуге керекті күнделікті өмірден және ғылымнан алынған фактілер; болмыстың әртүрлі объектілері және құбылыстары арасындағы байланыстарды көрсететін ғылымның негізгі заңдары; белгілі бір объектілер, олардың арасындағы байланыс туралы ғылыми білімдер; ғылыми іс-әрекет тәсілдері, таным әрекеті және ғылыми білімді алу тарихы туралы білімдер; әртүрлі өмір құбылыстарын бағалау нормалары туралы білімдер. Біздің ұсынып отырған мазмұнымыз осы соңғысына сәйкес келеді.

Студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыру мазмұнын біз «Педагогика және психология» мамандығының студенттері үшін 2 кредиттен тұратын «Медиабілім негіздері» элективті курсы арқылы жүзеге асыруды жобаладық. Барлығы 90 сағат. Теориялық сабақ - 15 сағат, практикалық сабақ (семинар) – 15 сағат; СОӨЖ- 30; СӨЖ – 30 сағаттан тұрады.

Элективті курс бағдарламасы - қазіргі әлемдегі медиа және медиабілім рөлін, медиабілімнің бағыттарын, негізгі терминдерін, теорияларын, медиабілімнің шетелдерде және Қазақстанда тарихи даму кезеңдерін, медиақабылдау мәселелерін, медиатүрлерінің өнімдері арқылы сананы билеушілік әрекеттер техникасының жүзеге асырылуы, медиабілім сабақтарын ұйымдастыру түрлерін жобалауға үйретуді көздейді. Жұмысымыздың эксперименттік бөлімінде элективті курс мазмұны толық ашылатын болады.

Біртұтас педагогикалық үрдістің келесі компоненті – әдістер мен технологияларға тоқталамыз. Студенттердің медиақұзыреттілігін дамыту қалыптастыру бойынша, педагогикалық үрдісті жүзеге асыру әдістері ретінде білім алушылар орындайтын жаттығулар мен тапсырмаларға байланысты қолайлы түрде бірлестіре отырып жалпылама, жеке және топтық жұмыс түрлері алынды.

Медиақұзыреттілікті қалыптастыру үрдісінде педагогикалық үрдісті жүзеге асырудың әдістері ***оқыту*** және ***дамыту*** қызметтерін орындайды. Оқыту қызметі студенттердің сананы билеу (манипуляция), оның мәні, құрылымы (дәрістер, әңгімелер, пікірталастар барысында), сананы билеу технологиялары мен техникалары туралы жүйеленген білім кешенін қалыптастыруды, сондай-ақ осы білімдерді меңгеру мен оларды қабылдау қабілетін дамытуды көздейді. Дамытушылық қызмет сараптамалық, түсіндіру, бағалау, операциялық-әрекеттік, перцевтивтік біліктіліктер мен дағдыларды, сондай-ақ медиатұтынудың уәждік және эмоционалдық құрылымдарының сананы билегіштікке қарсы қасиеттерін мақсатты бағытты, жоспарлы дамытуды мақсат етеді.

Педагогикалық жұмысты жүргізу әрекеттердің келесі дәйектілігін: алдымен теориялық дайындауды, содан кейін практикалық біліктіліктері мен дағдыларын дамытуды жобалайды. Осыған байланысты негізгі назар әртүрлі практикалық тапсырмаларды (шығармашылық, зерттеушілік және т.б.)

жүзеге асыруды көздейтін оқытудың проблемалық, эвристикалық, ойын және басқа өнімді формаларына аударылады.

Медиаөнімдермен жұмыс барысында студенттер әрекеттің әртүрлі тәсілдерімен: зерттеушілік (мәселелер бойынша әдебиетті талдау, табылған материалдарды семинарларда ұсыну, оны соңынан талқылау), дескриптивтік (мазмұнын айтып беру, медиамәтін оқиғаларын тізбектеу), сараптамалық (оның тілінің құрылымын талдау, сананы билеушілік техникаларды анықтау), тұлғалық, рефлексивті (мәтіннен алған қарым-қатынастарды, сезімдерді, ассоциацияларды сипаттау), түсіндірме-бағалаушылық (медиамәтін, оның мақсаттары, құндылықтары туралы пікір қалыптастыру) айналысады.

Ұсынылып отырған модельде студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруда негізінен интербелсенді әдістер пайдалануды мақсат етіледі. *«Интерактивтік»* термині ағылшынның interaction сөзінен шыққан, мағынасы «өзара белсенділік» дегенді білдіреді. *Интерактивтік* әдістері мен түрлерінің, бағдарламаларының интерактивті мүмкіндіктері кері байланысты іске асыра отырып, оқушының белсенділігін арттыруға, дәстүрлі оқыту жүйелерінің көбінде орындалмайтын диалог пен тұрақты көмекті де іске асыруға мүмкіндік береді.

Элективті курс бағдарламасын жүргізу әдістемесін «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясының сабақ құрылымына сәйкес ұйымдастыру және аталмыш технологияның интербелсенді әдістерін (стратегияларын) пайдалану көзделеді[183]. Жұмысымызда ұсынылып отырған шарттардың бірі – студенттерді сыни ойлауға баулу болғандықтан, осы әдістерді таңдап алдық.

Оқыту құралдары алдымен "құралдар" ұғымдарының анықтамаларына жүгінейік. Түсіндірме сөздіктерде қарастырылатын ұғымдардың келесі анықтамалары келтірілген.

Құрал: 1) бір нәрсеге қол жеткізу үшін қабылдау, әрекет ету тәсілі; 2) қандай да бір қызметті жүзеге асыру үшін қажетті зат, құрал (немесе олардың жиынтығы).

Құрал: 1) бір нәрсеге қол жеткізу үшін қабылдау, әрекет ету тәсілі; 2) қандай да бір қызметті жүзеге асыруға арналған құрал (зат, құрылғылар жиынтығы).

Құрал-бұл: 1) қандай да бір жұмыстарды жүргізуге арналған қол құралы; 2) қандай да бір мамандықтағы қол құралдарының жиынтығы[184].

Оқыту құралы ретінде нақты объектілер, өндіріс процестері, құрылыстар бола алады. Дидактикалық құралдар, әдістер сияқты, дидактикалық жүйенің негізгі элементтерінің бірі, болып табылады және онда жетекші рөл атқарады. Оқу құралдарын таңдау тек дидактикалық тұжырымдамаға, оқу процесінің мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен жағдайларына ғана емес, сонымен бірге оқу өтетін нақты тарихи уақытқа да байланысты. Оқыту құралдарының негізгі қызметі дидактикалық, ақпараттық және бақылау болып табылады. Оқыту құралдары вербалды және бейвербалды болып бөлінеді.

Цифрландыру дәуірінде оқытудың жаңа формаларының пайда болуымен педагогикада жаңа ұғымдар пайда болды. Квест технологиясы, геймификация, транспрофессионал, т.б. Кейде кейбір ұғымдар басқа ұғымдармен алмастырыла бастайды, мысалы, "оқыту" ұғымының орнына оның классикалық нұсқасында "онлайн оқыту" және "офлайн оқыту" ұғымдары оны жүзеге асыру формасын нақты көрсете отырып жиі қолданылады.

Элективті курс мазмұнын жүзеге асыруда оқыту құралы ретінде интерактивті тақта, ақпараттық коммуникациялық құралдар, баспа және бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану жобаланады. Олардың нақты мысалдары диссертацияның эксперименттік бөлігінде келтіріледі. Құрылған модельдегі студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың психологиялық педагогикалық шарттарына жұмысымыздың келесі параграфында арнайы тоқталатын боламыз. Модельде зерттеу мәселесінің қалыптасуды диагностикалаудың деңгейлері айқындалды.

Алынған критерийлерге сәйкес студенттер медиақұзыреттіліктерінің қалыптасуының төменде сипатталатын: жоғары, орта, төменгі деңгейлері анықталды.

**Жоғары деңгей** - студенттердің «медиа», «медиабілім» жайында білімдері жеткілікті, медиаға қатысты терминдерді біледі, медиаөнімдерінің түрлері, қызметтері, әсерлері туралы түсініктері бар, оларды тұтыну барысындағы сауаттылығы, алынған ақпаратты саралай білу және қауіп төндіретін ақпаратты анықтай білуі мен ақпараттан төнген қауіпке қарсы тұру түрткісінің жоғары болуы;

**Орта деңгей** – студенттердің «медиа», «медиабілім» медиаөнімдерінің түрлері, қызметтері, әсерлері туралы жайында білімдермен таныс болғанымен, оларды тұтыну барысындағы сауаттылығы, медиаға қатысты терминдерді білу деңгейлері толық емес, алынған ақпаратты саралай білу және қауіп төндіретін ақпаратты анықтай білуде, ақпараттан төнген қауіпке қарсы тұруда салғырттық пен немқұрайлылық танытады;

**Төменгі деңгей -** студенттердің «медиа», «медиабілім» медиаөнімдерінің түрлері, қызметтері, әсерлері жайында білімдері жеткіліксіз, медиаға қатысты терминдерді аз біледі, оларды тұтыну барысындағы сауаттылығы, алынған ақпаратты саралай білу және қауіп төндіретін ақпаратты анықтай білу, ақпараттан төнген қауіпке қарсы тұру түрткісінің болмауы[185].

Таңдалған критерийлер мен көрсеткіштер зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыста басшылыққа алынды.

## 2.3 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттары

Студенттің медиақұзыреттілігі қазіргі заман тұлғасының аса маңызды сапасы. Тұлғаның бұл сапасы - жоғары оқу орынының бұқаралық ақпарат және коммуникация жүйелеріне қатысы бар, адамға ақпараттық әлемде өзін

іске қосуға мүмкіндік беретін теориялық білімдерді саналы игеру, ойлау тәсілдері мен адамгершілік нормаларды меңгеруге бағытталған білімдік әрекетінің мақсаты әрі нәтижесі болып табылады.

Болашақ мамандардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша жоспарлы жұмыс, бүкіл әлемде жаңа тұғырларды жасау қажеттілігіне, нақты бүгінгі таңдағы өмірде жоғары деңгейлі кәсіби шебер меңгеруі тиіс жаңа сапалар мен біліктіліктерді талап етілуіне байланысты туындайды. Бұл білім нәтижелерін немесе құзыреттіліктерді табысты меңгеру - болашақ мамандардың БАҚ өнімдерін сауатты тұтынуға қатысты практикалық дағдылар мен қажетті біліктіліктерді ала отырып, ақпараттық қоғамда дұрыс бағдарланып, өздерінің жеке және әлеуметтік өмірлерінің негізін құруға мүмкіндік береді.

Осыған орай ЖОО педагогикалық үрдісінде бұл мәселені тиімді шешуге қатысты жағдайлар жасалуы тиіс деп санаймыз. Солардың бірі ретінде, жұмысымызда студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын ұсынып негіздеу, тәжірибеден өткізу міндетін қойдық.

Әр құбылыстың ақырғы нәтижесі әсер етуші жеке себептерге ғана емес, ішкі және сыртқы шарттар нәтижесінің ара қатынасынан туындайды. Шарт - қоршаған ортаның, қандай да бір үдерісіне ықпал ететін жағдайлар мен факторлар, бір нәрсені шешудегі тәуелділік деген түсінік бар. Ғалымдар С.И.Ожегов пен Н.Ю.Шведова шарт түсінігін өзіне тәуелді, бағынышты болатын жағдай, - деп анықтайды[186].

Философиялық түсіндірме сөздікте «шарт» біріншіден, онсыз өмір сүру мүмкін емес орта, екіншіден, бір жайт жүргізіліп жатқан жер, - деп анықталады [187].

Ғалым В.И.Андреев педагогикалық шарттар: мазмұн, әдіс-тәсіл элементтерін жасау және пайдалану, мақсатты түрде іріктеудің, мақсатқа жету үшін білім беруді ұйымдастыру түрлерін пайдаланудың нәтижелерін білдіреді, - деген тұжырым жасайды[188].

Н.В.Ипполитова, М.В.Зверева т.б. ғалымдар педагогикалық шарттарды оқу үрдісінің табыстылығын қамтамасыз ететін факторлар мен оның компоненттерінің жиынтығы, оқыту және тәрбиелеу үрдісінің қолайлы жүруіне ықпал ететін факторлар, мән-жайлар, компоненттер, алғы шарттар мен шаралар жиынтығы, - деп түсінілетіндігін көрсетті[189; 190].

Білім саласындағы түйткілді мәселелерді шешудің психологиялық-педагогикалық шарттарын жүзеге асыруға арналған Н.В.Журавская, А.В.Лысенко, А.О.Малыхин еңбектерінде оларды келесі сипатта көрінетіндігі жөнінде мәлімет береді:

1) психологиялық-педагогикалық шарттар тұтас педагогикалық үдеріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін білім беру мен материалдық-кеңістік орта мүмкіндіктерінің жиынтығы ретінде қарастырылады;

2) психологиялық-педагогикалық шарттар ретінде сипатталатын әсер ету шараларының жиынтығы ең алдымен педагогикалық жүйенің субъектілері:

педагогтер немесе тәрбиеленушілердің тұлғаларын дамытуға бағытталады[191;192;193].

Авторлардың пікірлері бойынша психологиялық-педагогикалық шарттардың негізгі қызметі педагогикалық жүйенің жеке тұлғалық аспектісіне әсер ете отырып, жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі мен оқытудың нақты сипаттарымен қамтамасыз ететін педагогикалық әсер етуді ұйымдастыру және психологиялық-педагогикалық шарттар жиынтығы педагогикалық үдеріс субъектілерінің жеке тұлғалық сипаттамалары құрылымын есепке алуымен таңдалады.

Олай болса, психологиялық-педагогикалық шарттардың, педагогикалық үрдістің объектілері мен субъектілері: оқытушылар, білім алушылар тұлғаларына әсер етуші педагогикалық шараларды қамтамасыз ететіндігін байқаймыз. Оларды біз студенттердің медиақұзыреттілігінің қажетті деңгейіне қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған жоғары мектептің білім кеңістігіндегі өзара байланысты шаралар жиынтығы ретінде түсінеміз.

Жоғары оқу орынының студенттеріне медиабілім беру мүмкіндіктері мол, ол күнделікті тәжірибеде жүзеге асады. Осыған қарамастан, бұқаралық ақпарат құралдарын саналы пайдалануға жастарды, оқушыларды даярлауға деген білімдік қажеттіліктің бар екені даусыз. Солардың бірі студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын іздестіруге деген қажеттілік. Біздің зерттеу жұмысының негізгі міндеттерінің бірі де осы болды.

Кәсіби дайындау үрдісінде ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілік деңгейін көтеруге ықпал ететін педагогикалық шарттар кешенін құру барысында: біз, қоғамның жоғары кәсіби мектепке әлеуметтік тапсырысын; ЖОО-дағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшелігі мен зерттеліп отырған сапаны қалыптастыру үшін пайдалану мүмкіншіліктерін; құзыреттілік тұғырлардың жетекші идеясын ескердік. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, біз студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарының келесі кешенін анықтадық:

- *студенттердің медиаөнімдердің, сананы билеушілік (манипуляциялық) астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау;*
- *студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру;*
- *студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету.*

Шарттардың алғашқысы **психологиялық,** одан кейінгілері **әдістемелік, технологиялық** мәселелерді шешуді қарастырады. Олардың барлығы бір-бірімен өзара тығыз байланыса отырып, зерттеу мәселесін тиімді шешуге қызмет етуі ойластырылған. Ұсынылып отырған психологиялық-педагогикалық шарттарды көрнекті түрде төмендегідей сурет түрінде (4-сурет) бейнеледік:

Жұмысымызды бұдан әрі қарай аталған психологиялық-педагогикалық шарттардың ғылыми тұрғыда негіздеумен жалғастырамыз.

Кәсіби дайындау үрдісінде, болашақ мамандардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру үрдісінің қиындығы мен сан қырлылығы, оны дамытудың көп факторлылығы күн тәртібіне оны зерттеу үшін балама теориялық-әдіснамалық құрал құру мәселесін қояды.




4 – сурет. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық - педагогикалық шарттары

Алғашқы педагогикалық шарт **студенттердің медиаөнімдердің, сананы билеушілік астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау** деп, таңдай отырып, оны төмендегіше негіздейміз.

Ақпараттың тұлғаның оны тұтынушы ретіндегі тұлғалық дамуы және қалыптасуында алар орны мен маңызы ерекше. Жұмысымыздың алдыңғы параграфында халыққа ұсынылатын ақпараттардың тұтынушы үшін оң және теріс әсерлерінің болатыны айтылған болатын. Жиі кездесіп жататын сананы билеу ниеттегі медиаөнімдердің жағымсыз әсер етуінен сақтану үшін «сананы билеу», «қауіпсіздік», «ақпараттық қауіпсіздік» ұғымдарының мәнін және өзара қатынасы туралы арнайы тоқталғанды жөн, - деп есептейміз.

Ақпараттың бұқаралық сананы билеушілік әсеріне тоқталатын болсақ, оның тарихы тереңде жатыр. Ол өзара сөйлесу, қарым-қатынас жасау, коммуникация, ақпарат беру сияқты әлеуметтік үрдіс деңгейінде бізге жеткен. Педагогика саласында бұқаралық ақпарат құралдардағы сананы билеу және одан қорғану мәселелерін, тек XX ғасырдың соңында ғана қолға алына бастағанын айта кету керек.

Сананы билеу субъектілері ретінде бұқаралық ақпарат құралдары өнімдері: медиамәтіндер, бейне роликтер т.б. әсер ететін сипат беріп, адам психикасының ерекшеліктері негізінде оларды тұтынушы аудиторияның медиаықпалына ұшырағыштығын қалыптастырады. Осыған байланысты В.М.Хевеши: «Жаһанды Интернет желісі бар, жалпыға бірдей компьютерлік

ғасыр қоғамның бұқаралануына ықпал етеді. ХХ ғасыр соңында рационализм, ғылымилық басымдырақ көрініп, мифтер мен нанымдар келмеске кеткен сияқты болып көрінеді. Ал шын мәнінде, біз керісінше нәрсені көріп отырмыз», - деп атап өтеді[194]. Бұл пікірде бүкіл әлемдік ақпараттандыру жағдайында оның қандай да бір әсерінің болатындығын мойындау тұр, - деп санаймыз.

Бұқаралық сананы билеу феноменінің теориялық аспектісін түсіну үшін, медиаықпалдың тереңдеуін болжаған ХХ ғасырдың екінші жартысындағы М.Маклюэн, М.Кастельс, Э.Тоффлердің футуристік идеяларына сүйенген ақпараттық қоғамның бірқатар іргелі теорияларын білу маңызды. Мысалы, М.Маклюэн идеясы бойынша, ақпарат құралының өзі оны қабылдау сипатын қалыптастыру тұжырымдамасынан тұрады. Электрондық БАҚ-қа тән ерекшеліктер, олардан алынған ақпаратты қабылдау сипатына әсер етеді[195]. Сананы билеу объектісіне байланысты мәселелер кейінірек 1968 жылы Г.Маркузенің «Бір шамалы адам» атты кітабында: БАҚ-тың үнемі бейнелерді ұсынатыны, бұл адамның өз бетімен дамуына кедергі болатыны, стандартты ойды қалыптастыратыны жайлы, атап көрсетілген[196].

ХХ ғасыр 20-30–жылдары сананы билеу, иландыру, БАҚ арқылы жүргізілетін бұқараға әсер ету мәселесін практикалық зерттеуге көшу басталады. Бұл ғылымның назарын мәтіндерді талдау техникасы мен тәсілдеріне, сананы билеу субъектісі ретінде аудиторияны бақылап талдауға көңіл аударады. А.А.Данилова БАҚ-тағы  сананы билеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін талдау барысында, ХХ ғасыр басында және бірінші дүниежүзілік соғыс басталар алдындағы мәтіндер арқылы иландырудың пайда болуы арасындағы тәуелділікті зерттеулерінде атап көрсетеді[197].

20-жылдары бұқаралық сананы басқару тетіктерін талдауға талпыныс жасалып, насихаттау технологиясын ұсынған Г.Лассуэлл жұмыстары пайда болады. Үгіттеу психологиясы – сананы билеуге ұқсас үрдістерді зерттеу мен сол жылдардағы әлеуметтік-саяси өмірдегі сананы билеу бойынша теориялық тәсілдерді белсенді қолданудағы алғашқы практикалық бағыттардың бірі. Американдық социология аясында ХХ ғасыр басында пайда болған контент-талдау әдісі Г.Лассуэлл еңбектерінде практикалық және теориялық жағы аяқталып, қазіргі уақытқа дейін мәтіндерді талдаудың негізгі әдістемелерінің бірі ретінде пайдаланылады[198].

Бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің сананы билеушілік әлеуеті туралы ғылыми ойдың дамуына ХХ ғасыр 20-жылдарында жаңалықтардың белгілі - бір түрде құрылатыны туралы идея айтқан американдық зерттеуші У.Липпманның еңбектері маңызды рөл атқарды. Оның: болып жатқан оқиғаларға бұқаралық ақпарат құралдарының берген үстірт бағалары бұқаралық санада стереотиптер мен «аңыздардың» қалыптасуына әкелетіні және адамдарға дүниені осы бұрмаланған түрде қабылдатып, бағалауға мәжбүрлейтіні», жаңалықтардың стереотиптері және жалған оқиғалық сипаты турасында айтқан сын пікірі біз зерттеп отырған мәселе аясында аса құнды болып табылады[199].

Осы пікірді қазіргі уақыт тұрғысынан талдар болсақ, осы кезде де бұқаралық ақпарат құралдары өнімдері жайлы әртүрлі пікірлер айтылатыны белгілі. Бұл ретте, ақпарат берудің әсер ету технологиясы мен нақты сананы билеу тәсілдері мәтінде бөліп көрсетіледі. Медиаағынның дискретті бірлігін талдау және жас аудиторияның желілік БАҚ-ты қабылдауын талдауға негізделген медиаәсерден қорғанудың педагогикалық шарттарын әзірлеу үшін қызмет ететін медиабілім сияқты зерттеу саласы: БАҚ тіліне, санаға әсер етудің медиалық технологияларды, кешенді талдауын жүзеге асырады, сол арқылы дамиды. 90-жылдары уақыт талабына сәйкес, сананы билеу мәселелері - сайлау алды технологиялар, жарнамалар практикасы бағытында өрбіп, сананы билеуге қарсы вектор және одан қорғанысты талдау пайда болады. 90–жылдары сананы билеудің педагогикалық алдын алу және бейтараптандыру мәселелеріне ғылыми тұрғыдан ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік (АПҚ) идеялары өте жақын келді.

Бұл кезеңде психологиялық әсер ету мәселесі бойынша, ТМД елдерінің зерттеушілері - ақпараттық кеңістіктің өсуіне назар аударып, салдарының «коммуникацияға тарту», ақпаратты орынсыз, мақсатсыз тұтынуға әкелетінін, жастар арасында ең үлкен үндестіру және сананы стереотиптеу болатыны жөнінде, көпшілікке аталған үрдістердің әсері туралы тезистері ұсынылды. 1991 жылдары психологиялық әсер ету мәселесі бойынша Г.А.Ковалевтің алғашқы докторлық диссертациясы пайда болып, ғалым сананы билеу мен қорғанысты зерттеудің жинақталған тәжірибесін кіріктіреді[200]. Сонымен, XXI ғасыр басында сананы билеу мәселелерін ғылыми зерттеу шекарасы - құбылысының мәні мен сипаттамасын зерттеуден бастап, одан қорғану тәсілдерін әзірлеуге дейін кеңігені байқалады.

Соңғы жылдары авторлардың көпшілігі сананы билеу психологиялық-педагогикалық практика арқылы «иммундау» қажеттілігін атап көрсетеді. Ақпараттық ауруды «ақпараттық дәрімен», пікірталастармен, арнайы дәрістер өткізу арқылы, өзара әрекеттің диалог формасына негізделген іскерлік ойындар жүргізу арқылы емдеу керек, - деген тұжырымдар айтылады. Бұл идеялар, қазіргі кезде Батыста да даму үстінде. «Сыни ойлау және сауаттылықтың жаңа түрлері» - атты ғылыми жинақта БАҚ-тың жағымсыз әсерінің алдын-алу және бейтараптандырудың қажетті шарты ретінде, сыни ойды қалыптастыру мәселелері, ақпараттық қауіпсіздік бойынша шетелдік авторлардың 2001-2005 жж. жазылған мақалалары ұсынылған.

**Қауіпсіздік** – жеке адам, қоғам, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерден қорғалуы.

Қауіпсіздіктің негізгі нысандары: жеке адам – оның құқықтары мен бостандықтары; Қауіпсіздік: 1) қауіп-қатерлерден қорғаныс; 2) нысанның, құбылыстың немесе үрдістің басқа нысандар, құбылыстардың тарапынан болатын кері ықпалдарына қарамай өзінің негізгі белгілері мен мәнін қорғау, сақтау қабілеті; 3) аса ауыр зиян немесе залал келтіру мүмкін емес нысанның

қалпы; 4) қызмет етуі барысында жағымсыз өзгерістерге ұшырауы; 5) қауіпті тудыратын факторлар әрекетін шектеу, қауіп-қатердің аса жоғары емес деңгейі (қауіп-қатерден қорғаныс деңгейі); 6) басқа нысандарға аса қауіпті залал, зиян тигізуі мүмкін емес нысанның қалпы.

«Қауіпсіздік» ұғымын осылайша түрлендіру, оның адам өмірінің көптеген нысандарына, процестеріне, құбылыстарына қатысты қолданылуына байланысты[201].

Адамның қауіпсіздіктің қатынастар жүйесіндегі алатын орны, оның осы үдерістегі рөлі мен орнына байланысты болады. Қауіпсіздік субъектісі болып саналатын адаммен салыстырғанда, оның объектісі ретінде табиғат, техникалық құралдар, жылжымайтын мүлік, құқықтар мен азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің заңды мүдделері болуы мүмкін. Бір адам қауіптің субъектісі және объектісі бола алады (5-сурет).




5 – сурет. «Тұлға» және «қауіпсіздік» ұғымдарының арақатынасы

Қазіргі кезде қауіпсіздік бойынша пәнаралық ғылым ретінде, секъюритология — немесе қауіпсіздік туралы ғылым даму үстінде. Басқа қалған ғылымдар, ғылыми және практикалық бағыттар адамның өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге бағдарланған. *Секъюритология кең мағынасында интегралды ғылыми танымды реттейтін дүниетаным, ғылыми идеология, философия және келесі міндеттерді қамтиды: зерттеу әдістерін таңдау; деректерді түсіндіру, сипаттау және ұғындыру; тұжырымдама құрастыру; теория құру; кешенді, жүйелі тұғыр негізінде модель құрастыру.* Алғаш рет аталған ұғымды ғылыми қолданысқа енгізген В.И.Ярочкин[202] болды. Секьюритологияның ерекшелігі, оның феноменін жекеленген ғылымдар әдісімен немесе әдістердің қарапайым жиынтығымен зерттеуге болмайтындығында жатыр.

Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік ақпарат ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен мүдделері қорғалуының жай-күйі. «Ақпараттық қауіпсіздік – мемлекет, қоғам, әлеуметтік топтың, тұлғаның ресурстар мен ақпараттық ағымдар үшін өміршеңдікті, тұрақты даму мен қызмет етуді, ақпараттық қауіпке адамдардың психикасы мен қоғамдық және жеке санаға кері әсер ететін ақпараттық ықпалға және компьютерлік желілер мен басқа технологиялық ақпараттық бастауларға қарсы тұруды білдіреді» - дейді Ресей зерттеушісі Л.И.Шершнев[203]. Ал белгілі қазақстандық саясаттанушы Г.Ж.Ибраева ақпараттық қауіпсіздікке

мынандай анықтама береді: «Ақпараттық қауіпсіздік – қоғам субъектілері мен мемлекетке тұлға мен қоғам мүдделерін қорғауға дұрыс шешім қабылдау үшін шұғыл, объективті ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болу»[204].

Ақпараттық қауіпсіздікті оқытуды ұйымдастырудың бірқатар жағдайлармен анықталатын өзіндік ерекшеліктері болады. Оны анықтайтын жағдайлардың бірі ретінде, ғылыми білімнің осы саласының салыстырмалы түрдегі жаңашылдығы, категориялық-ұғымдық аппараттың және қалыптасқан мазмұнның бір жақтылығының болмауы алынады. Ақпараттық қауіпсіздіктің маңыздылығына, өзектілігіне және қамтамасыз етудің мәніне қарамастан, ақпараттық қауіпсіздік теориясының өзі әлі қалыптасу кезеңінде деуге болады. Кез келген ғылымды зерттеу негізіне соған сәйкес пәндік саладағы педагогикалық бейімделген ғылыми білімдер қаланады. Ақпараттық қауіпсіздікті зерттеудегі жалпы тұғырлар, қауіпсіздік теориясымен, қауіпсіздік өмір негіздерімен тығыз байланысты.

Ақпараттық қауіпсіздік және қауіпсіздік мәселесі қазіргі ғылымда өзінің біртұтас көрінісін тапты деуге әзір болмайды. Жекеленген бағыттары мен тараулардың терең мамандандырылуымен сипатталатын, жаратылыстану-ғылыми тұғырдың басым үрдістерімен салыстырғанда, қазіргі кезде қауіпсіздік мәселесін үздіксіз дамудағы бірыңғай, тұтас ғылым ретінде қарастыратын тұғыр қалыптасып келеді. Оның теориясының қалыптасуындағы басты рөл қоғамдық даму тәжірибесі мен ғылымға, мақсаттың, орынның және уақыттың бірлігіне берілуі қажет. Себебі, қауіпсіздіктің алуан түрлі аспектілері (экономикалық, саяси, әлеуметтік, ақпараттық және т.б.) көптеген қоғамдық және техникалық ғылымдарда құрастырылады, сондықтан олар қауіпсіздіктің жалпы теориясының қалыптасуына өзіндік үлесін қосуы керек.

Бұл ретте ақпаратың адам санасын билеуінен қорғану жолдарын іздестіру медиқұзыреттілікті қалыптастыру мәселесі аясында қарастырғанды жөн деп есептедік. Себебі медиақұзыреттілік құрамына тұлғаның ақпарат өнімдерін сауатты пайдалану сияқты сапасы да енеді, ал ол қорғана алу тәсілдерін білу дегенді білдіреді. Ол тетіктерді меңгерту медиапедагогиканың атқаратын қызметі.

Келесі шартты **студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру** деп алдық. Бүгінгі күні медиа индивидуумдардың мінез-құлық және әлеуметтік құндылықтар моделін тарататын «төртінші билік» болып табылады. Осыдан барып медибілімнің: *тұтынушыларды талдауға және медианың сананы билегіштік әсерін анықтауға, заманауи қоғамның ақпараттық ағынында бағдарлана білуге үйрету* сияқты жетекші мақсаттары шығады. Бұл мақсаттар әсіресе студент жастардың медиаөнімдерін пайдалануда қателіктерге ұрынбауының алдын алу шараларын жасауды міндеттейді.

Соның бірі насихаттау күші жоғары медиамәтіндердің, шартты символдардың, тележарнамалар мен бейнероликтердің әсеріне бой алдырмауға негіз болатын студенттердің медиамәтіндерге қатысты сыни

ойлауын қалыптастыру деген болар едік. Жалпы жастарды сыни ойлауға үйретудің бастауында америкалық ғалым педагогтер тұрғандықтан, олардың «сыни ойлау» ұғымына берген анықтамаларына тоқтала кетсек.

*Сыни ойлауды* Америка философия ассоциациясы (АРА) келесідей анықтайды: «түсіндіру, талдау, бағалау және интербелсенділікпен, сондай-ақ айқын, тұжырымдамалық, әдіснамалық, немесе осы пайым негізделген мәнмәтіндік пайымды түсіндірумен аяқталатын мақсат, өзін-өзі реттейтін пікір. …Мінсіз сыни ойлау – әдетте, адамның білімге құштарлығымен, жақсы хабардарлығымен, сенім себебімен, күні бұрын кесіп-пішілмегендігімен, икемділігімен, бағалаудағы әділдікпен, өзінің жеке жалған сенімімен қақтығыстағы адалдығымен, пайымдаудағы ақылға қонымдылығымен, мәселелер мен күрделі сұрақтарды анықтау, қайта қарау ниетімен, қажетті ақпаратты іздеудегі мұқияттылығымен, критерийлерді таңдау орындылығымен, пайдаланылған алғашқы көздер сияқты нақты, анық болатын нәтижелерді іздеу тұрақтылығына байланысты. Бұл сыни ойлау біліктілігін дамытуды рационалды және демократиялық қоғам негіздерін түсінумен байланыстыратын комбинация».

Белгілі психолог Д.Халперн «*сыни ойлау* – күтілетін соңғы нәтижені алу мүмкіншілігін ұлғайтатын когнитивті техникаларды немесе стратегияларды пайдалана отырып, ойланушы нақты оқиға мен шешілетін міндеттер типі үшін, негізделген және тиімді дағдыларды пайдаланады деген пікір білдіреді[205].

Д.Клустер сыни ойлауды әлеуметтік және дербес ойлау деп есептей келе, сыни ойлау, сұрақ қою мен шешілуі тиіс мәселені анықтаудан басталады. Сыни ойлау арқылы сенімді дәлелдемелер жасалады деген пікір білдіреді. Автор ақпарат - сыни ойлаудың соңғы нүктесі емес, керісінше бастапқы нүктесі болып табылатындығын атап өтеді[206].

Бұл тұжырымдамада авторлар сыни тұрғыда ойлау қабілеті қалыптасқан тұлғалардың, аталған білік дағдылар арқылы кез келген бұқаралық ақпарат құралдары тарататын өнімдерді тұтынуда сауатты болатындығын алға тартады.

M.Lipman өз еңбектерінде ойлаудың осы түрін қарастыра келе, сыни ойлаудың қалыпты ойлаудан айырмашылығын нақты көрсете алған[207] (5-кесте).

5 – кесте. Тұрмыстық және сыни ойлау белгілерін салыстыру
(M. Lipman бойынша)

| **Тұрмыстық ойлауға тән белгілер:** | **Сыни ойлауға тән белгілер:** |
|---|---|
| Ақпаратқа сенім; | Ақпараттың әртүрлі түсініктеріне жол беру; |
| Ассоциация туралы ұғымдарды біріктіру; | Қағидаларды, механизмдерді түсіну; |
| Жеткіліксіз негізсіз болжам; | Гипотеза құру; |
| Фактілерді, құбылыстарды кездейсоқ топтау; | Фактілерді, құбылыстарды негіздеп жіктеу; |
| Дәлелденбеген пікірді емес пайымды интуитивті болжамды айту; | Дәлелденген пікір айту; |

| | |
|---|---|
| Аяқ асты артықшылық таныту; | Салмақты, бағаланған пайым: |
| Критерийлерге сүйенбестен пайымдар жасау; | Пайымдарды критерийлер негізінде жасау; |
| Қорытындыны кенеттен жасай салу. | Фактілерді немесе құбылыстарды алдын- ала сыни талдау салдары ретінде логикалық қорытынды жасау. |

Бұл келтірілген анықтамаларда сыни ойлау бақыланатындығымен, негізделгендігімен және мақсатты бағыттылығымен ерекшеленетін құбылыс ретінде сипатталады. Демек, міндеттерді шешу, қорытындылар жасау, бағалау мүмкіндігі мен шешімдер қабылдау барысында қолданылатын ойлау типі деген тұжырым жасалады.

Біздің ойымызша, автор *сыни ойлауды* тұрмыстық (үйреншікті) ойлаумен салыстыра отырып, алғашқы пайымдардың күңгірттігін, дәлсіздігін және белгісіздігін анық, нақты және пікірді айқын білдірумен сипатталатындығын көрсете алған. Ал дәйексіздік, логикаға сай еместік, үстірттік, қарабайырлық, әділетсіздік сыни ойлаудың дәйектілігіне, логикалығына, тереңділігіне, маңыздылығына жол береді.

Сыни ойды дамыту бағытын ұстана отырып, француз медиапедагогы Ж.Гонне (J.Gonnet), ең бастысы, оқушы - демократиялық қоғамның автономды ойлау қабілеті бар еркін, ашық азаматы болуы деп санайды[208]. Осыған ұқсас көзқарасты британдық Р.Фергюсон де ұстанады[209]. Олармен D.Buckingham келіседі де, педагогтердің студенттерге тұлға мен саясат арасындағы байланысты құра білуге мүмкіндік беру керек, демек, оларды әлеуметтік салалардың кең диапазонында белсенді азаматтық көзқарасқа дайындау керектігіне айырықша назар аударады[210].

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту мәселесі ресейлік зерттеушілерді де қызықтырған мәселе қатарына жатады.

Мысалы, В.Н.Брюшинкиннің еңбегінде «*Сыни ойлау* – пікірлер немесе пікір жүйелерінде қабылданатын фактілерге, нормаларға немесе құндылықтарға сәйкестігін анықтау мақсатында оларды тексеруге бағытталған ақыл әрекеттерінің дәйектілігі. Сыни ойлау деңгейлері бар, олардың әрқайсысы үшін логикалық және когнитивті компоненттердің әртүрлі қатынастарымен сипатталатын дәлелдемесінің өзіндік түрі бар:

1) эмпирикалық деңгей – фактілерді сыни тексеру;

2) теориялық деңгей – теорияларды сыни тексеру;

3) метатеориялық деңгей – нормалар мен құндылықтарды сыни тексеру» - деп қарастырылады[211].

Л.А.Калинников «*Сыни ойлаудың* негізгі белгілерінің бірі – міндетті түрде ойлау субъектісінен, ой сананың қандай да бір функциясы: құндылық бағдар, мақсатқа жету құралдарын тану немесе іздеу үшін пайдаланатыны туралы өзіндік есепті талап ететін *трансценденталды рефлексияның* болуы» - деген тұжырым жасайды[212].

Г.В.Сорина «*Сыни ойлау* өзінің ой әрекетіне қатысты рефлексия дағдылары, ұғымдары, пайымдары, сұрақтарымен жұмыс істеу біліктілігінің,

сараптамалық әрекетке, сондай-ақ басқа адамдардың балама мүмкіндіктерін бағалауға қабілетін дамыту міндеттерінің болуын көздейді. Сыни ойлауға жалпы практикалық бағдар тән. Осыған байланысты, ол пікір мен пікір айтатын субъектінің жеке ерекшеліктері мәнмәтініне байланысты іштен қарастырылған практикалық нысаны ретінде түсіндірілуі мүмкін» деген анықтама береді [213].

Е.И.Федотовская «Сыни ойлау тетігіне пікір мен дәлелдеу үрдістерін анықтайтын ой операциялары: мақсат қою, гипотезалар ұсыну, дәлелдер келтіру, оларды негіздеу, салдарларды болжау, балама көзқарастарды қабылдау немесе қабылдамау кіреді. Оған күрделі және бір мәнді емес оқиғалар мен мәселелерді синтездеу, талдау мен бағалау үшін базалық зияткерлік біліктілікті (білім мен түсінуді) қолдану қабілеті кіреді. Сонымен қатар, оған мәселені табу, оқиғаны анықтау, сұрақты жан-жақты зерттеу, шешімдер мен ақпарат көздерінің сенімділігін бағалау критерийлерін әзірлеу, жалпылаудан аулақ болуды жатқызуға болады» деген көзқарас білдіреді[214].

А.П.Короченскийдің айтқанындай, «сынау бас тартуға, жағымсыздық пен оның ауыспалы сипатын ашуға әкеліп соқпайды. Сынның бағаланушылығы сыни тексеруге төтеп бере алмаған құбылысты жоққа шығаруды пайымдау немесе бас тарту ғана емес, ол сондай-ақ, көбіне сыни таным барысында жағымды нәрсені мақұлдауға бағытталғандығын білдіреді»[215].

Дж.Стил және т.б., «зейінді білім алушылар, оқырмандардың жаңа ақпаратпен кездесе отырып, өз түсінігін қадағалайтындығын» байқаймыз. Жақсы оқырмандар өзінің түсінбей қалған жерлерін түсіну үшін, мәтіннің сол бөлігін қайта оқиды. Жақсы тыңдармандар, хабарламаны қабылдай отырып, әдетте сұрақтар қояды немесе болашақты анықтап алу үшін, түсінбеген жерлерін жазып алады. Селқос білім алушылар, бұл мәселелерді түсінуге тырыспайды. Олар пайда болған білместікті, түсінбеушілікті немесе тіпті ақпараттың түсіп қалғанын есепке алмайтынын» көреміз деген пікір білдіреді[216].

Сыни ойлауға қатысты жоғарыда келтірілген анықтамаларды салыстыру мен талдау медиабілім теориясын қалыптастыру аясында өте өзекті болып табылады.

Біз медиабілімдегі сыни ойлау *медиаақпаратты қабылдаудағы ондағы қате, жалған, күдік тудыратын т.б. әртүрлі элеметтерді анықтау, ақпаратты тұтынуда дұрыс шешім қабылдауға бағытталған көпқырлы сараптамалық үрдіс* деп тұжырымдаймыз. Медиамәтінді сыни талдау оның жеке элеметтерінің қасиеттерін, байланыстарын анықтайтын ойлау операциясы. Медиамәтінді толық талдау үшін аудиторияның мына төмендегі біліктері болуы тиіс:

- *бақылау* – медиаақпаратты мақсатты тұтас қабылдау, фактілерді, қасиеттерді, құбылыстарды топтастыра білу, олардағы ұқсастықтарды, айырмашылықтарды аңғару, оларды жіктей алу;

- *түсіндіру* – медиамәтіндегі мәнді қасиеттерді, оның ішкі құрылымын, басқа объектілермен байланысын аша алу;
- *салыстыру* – ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату үшін медиамәтіндегі танылатын элементтерді салыстыра алу;
- *анықтау* – байқалған заттар мен құбылыстарға атаулар бере алу;
- *ассоциациялау* – медиамәтіннің элеметтері арасында ойша байланыстар жасай алу, өзара әрекеттестік принципіне қарай біріктіре білу;
- *қорытындылау* – алынған фактілер мен деректер негізінде қорытындылар жасау, ұсыныстар жасау;
- *қолдану* – алынған білімді күнделікті жағдаяттарда, медиаақпаратпен әрекет жағдайында қолдана алу.

Зерттеуіміздің тақырыбына байланысты, медианың социумдағы (жалпы) қызмет жүйесі мен сан алуан түрлі және әртүрлі жанрдағы (жеке) медиамәтіндерге қатысты сыни ойлауды анықтау міндеті пайда болды. Заманауи адам медиақұзыреттілігінің міндетті компоненті ретінде дамыған сыни ойлауды қарастырып, көптеген анықтамаларды синтездей отырып, келесі нұсқаны ұсынуға болады:

*Медиа мен медиамәтіндер жүйесіне қатысты сыни ойлау – ойдың күрделі рефлексивті үрдісі, оған ассоциативті қабылдау, социумдағы медианың қызметін және адамға медиамәтіндердің (ақпараттар мен хабарламалардың) бұқаралық коммуникациясы арқылы келіп түсетін тетіктерін талдау, жинақтау және бағалау кіреді. Бұл ретте, сыни ойлауды дамыту – медиабілімнің қорытынды мақсаты емес, ол оның тұрақты компоненті болып табылады.*

Медиақұзыреттілікке қатысты сыни ойлау медианың соцумдағы қызметі мен сан алуан түрлі және жанрдағы медиамәтінді сыни талдау, түсіндіру біліктіліктерін дамытудың қандай да болмасын деңгейін көздейтін ***түсіндіру, бағалау көрсеткішінің*** ажырамас бөлігі болып табылады.

Медиа мен медиамәтіндерге қатысты студенттердің сыни ойлауын қалыптастырудың **кезеңдерін** біз төмендегіше белгіледік:

- әртүрлі жанрдағы медиаматериалдары мен медиамәтіндерге қатысты танымдық қызметті белсендіру, мотивтендіру;
- медиамәдениет және сыни ойлау үрдісі туралы алғашқы білім алу;
- социумда медианың немесе медиамәтіннің қызметіне байланысты сұрақтар қою және мәселелерді анықтау (философиялық, әлеуметтік, мәдениеттанушылық, этикалық, эстетикалық, гендерлік, болжамдық және т.б.);
- социумдағы медианың қандай да, болмасын түрінің немесе медиамәтіннің мазмұндық қызмет ету үрдісіне қатысты дискуссия және аргументтерді, контраргументтерді, нанымдарды, дәлелдерді, дәлелдемелерді қарастыру;
- медиа немесе медиамәтіндер саласында баламаларды, ассоциацияларды, жүйелілікті іздеу;

- социумдағы медианың немесе медиамәтін мазмұны қызметінің үрдісіне қатысты бағалау пікірлерін анықтау.

Бұл кезеңдердің әрқайсысымен сыни ойлауды тиімді дамытуға ықпал ететін, сәйкес біліктіліктің арақатынасын анықтауға болады. Мысалы, төмендегідей **біліктіліктер**:

- қандай да болмасын медиамәтіндерді табу;

- социумдағы медианың қандай да болмасын, түрі немесе медиамәтін мазмұны қызметінің үрдісіне байланысты сұрақтар қою және мәселелерді анықтау;

- медиамәдениет және сыни ойлау үрдісі туралы алынған білімді қайта қарау және оны практикада қолдану (соның ішінде – әртүрлі жағдайларда жаңа міндеттерді, мәселелерді шешу, шешімдер іздеу үшін өз бетімен трансферлеу);

- дәлелді, ассоциативті, социумдағы медианың қандай да болмасын, түрі немесе медиамәтін мазмұны қызметінің үрдісін логикалық түрде талдау және бағалау, қорытынды жасау және талдап қорыту.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарды ескере отырып, біз студенттердің медиаөнімдерді тұтынуда, сыни тұрғыдан ойлау - медиақұзыреттілікті қалыптастырудың мәнді шарттарының бірі деген қорытынды жасаймыз.

Зерттеу мәселесін шешудің тиімділігін арттыратын үшінші шарт ретінде **студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету** алынып отыр. Енді соның негіздемесіне көшеміз.

Алдымен медиамәтіндерді «қабылдау» және «түсіну» ұғымдарының мәнін қарастырайық. Қабылдау — ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. Қабылдаудың физиологиялық негізіне мидың сараптамалық және синтетикалық қызметі жатады. Өйткені, сырттан әсер еткен тітіркендіргіштерге сараптама жасамасақ, оның ерекшеліктерін толық анықтай алмаймыз. Толық анықтау үшін талданған затты жинақтау керек. Қабылдау процессінде бірнеше талдағыш қызмет етеді. Кез келген жаңа затты қабылдау бұрыннан бар тәжірибеге және білім негізінде жүзеге асады. Сондықтан қабылдау процессінде бұрын қалыптасқан уақытша байланыстың кейбіреулері жанданып отырады. Қабылдағанда адам миындағы болып жатқан процесстерді физиологиялық негіз деп атайды. Қабылдаудың түрлері түйсіктің түрлеріне ұқсас болып келеді[217].

*Қабылдау тұтастығы* - қабылдау объектісі жеке қасиеттерден, бөлшектерден тұрғанымен біз оларды бүтіндей тұтас қабылдаймыз. Тұтастық қабылдаудың құрылымды болумен байланысты. Қабылдау көп жағдайда біздің мезеттік түйсінулерімізге тура келе бермейді, әрі сол түйсіктердің қарапайым қосындысынан жасалмайды. Адам, әдетте, нақты түйсінуден дербестеніп, дерексізденген қорытынды құрылымды қабылдайды, ал бұл қорытындыға келу біршама уақыт өтуін талап етеді. Егер сіз қандайда бір әуенді тыңдай қалсаңыз, алғашқы естіген нотаңыз келесі нота берілгенше құлағыңыздан кетпей қояды. Әдетте, тыңдаушы үшін ән-күй бірінен соң бірі

келетін ноталарымен емес, біртұтас әуенімен мәнді. Қабылдаудың тұтастығы мен құрылымдығы бейнеленуші қоршаған дүние нысандарының шындыққа сай өзіндік ерекшеліктерінен туындайды.

*Қабылдаудың тұрақтылығы* - біз өзіміздің тәжірибемізге, білімімізге байланысты заттар мен құбылыстарды тұрақты түрде қабылдаймыз. Қабылдау кезінде қабылданатын заттар мен құбылыстардың кейбір белгілері, түрлері, формалары өзгерсе де, біз оларды бұрынғы қабылданған күйінде қабылдаймыз.

*Қабылдаудың таңдамалылығы* - бізге қабылдау кезінде бірнеше заттар немесе құбылыстар әсер етуі мүмкін. Бірақ біз өзіміздің қажеттілігімізге байланысты біреуін ғана қабылдаймыз. Қабылданған зат қабылданғанның объектісі, деп аталады. Ал объектіден тыс қалған заттар қабылданғанның фоны деп аталады.

*Аперцепция* - қабылдаудың тәжірибеге, білімге, сенімге, іс-әрекеттің нәтижесіне және мамандыққа тәуелді болуын аперцепция деп атаймыз. Аперцепция 2-ге бөлінеді: тұрақты және уақытша. *Тұрақты түрі* - адамның дүниеге көзқарасын, мамандығына, іс-әрекетіне және табандылық көрсетуіне байланысты. *Уақытша түрі* – адамның қабылдау кезіндегі көңіл-күйіне және психикалық қалпына тәуелді болады. Бұқаралық коммуникация әлеуметтік үрдіс болғандықтан, студенттік БАҚ аудиториясы – осы әлеуметтік үрдіс әсері мен оның дамуы және әлемді қабылдау ықпалына ұшырағыш болып келеді[218].

Қабылдаудың физиологиялық негізіне бірнеше тітіркендіргіштердің жиынтығы мен олардың қарым-қатынасында пайда болатын уақытша жүйке байланыстары жатады. Мұны И.П.Павлов *қатынас рефлексі* деп атаған[219]. Мәселен, талдағыштарында осындай қатынас рефлексінің жасалуы немесе тітіркендіргіштердің бір-бірімен байланысы, заттың түр-түсі, мөлшеріне қарамай-ақ, оның тұлғасын тануға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, қабылдау - түйсіктегідей бір талдағыштардың қызметі емес, бірнеше талдағыштардың бірлесіп қызмет істеуінің нәтижесі. Мәселен, бейне материалды екі талдағыштардың (есту, көру) өзара байланысып жұмыс істеуінен болады. Осы айтылғандарды зерттеу мәселесімен байланыстырар болсақ, медиаөнімдерді де студенттер алдымен көру немесе есту арқылы ми қыртыстарында талдайды, әсерлер жинақтайды.

Осы айтылғандар медиаматериалдарын қабылдауда да дәл осылайша жүреді. Содан кейін түсіну процесін басынан өткізеді.

Студенттердің ми қабығында талданған және жинақталған ақпаратты енді түсіну немесе түйсіну.

**Түсіну** – ойлау әрекетінің нәтижесінде, белгілі бір оқиғаның немесе құбылыстың мағынасы жайлы ой-тұжырымға келу[220]. Түсіну мүмкіндігімен сан алуан құбылыстардың себеп-салдарын, елеулі белгілерін, өзара байланысын, маңызы мен мағынасын ұғынуға болады. Басқа адамның амал-әрекетінің, ой-пікірінің мазмұнын ұғынуда, кез келген ақпаратты қабылдап, оған лайық ой түю түсіну арқылы жүзеге асады. Түсінудің

арқасында адам қоғамдық және мәдени ортада, өзара қарым-қатынаста, ақпараттық кеңістікте өз орнын, өзіндік ой-пікірінің лайықты мүмкіндігін айқындайды. Өзгенің ой-пікірін, көңіл-күйін, мақсатын түсінбей тұрып, өзіндік ой-пікір тұжырымдау, қарым-қатынасқа түсу мүмкін емес. Сондықтан түсінудің алғышарты өзгемен санасу, оны мұқият тыңдау. Ғылымдағы түсіну жүзеге асуы үшін арнаулы әдіснамалық ережелер, логикалық қисындар, ғылыми-теориялық нәтижелер пайдаланылады. Мәселені дұрыс түсіну үшін адамға тиянақты, саналы білім, ақыл-парасат, дағды қажет. Түсіну үшін мәселенің негізгі мәнін іздеу, түйінін шешетін сұрақ қоя білу, дәл тұжырымдау, жалпылау, топтастыру, т.б. шарттар орындалуы тиіс.

Студенттердің ми қабығында талданған және жинақталған ақпаратты түсіну күрделі ой жұмысын керек етеді. Заттар мен құбылыстардың тек ішкі мәніне түсінудің арқасында түрлі амал-әрекеттің себебін, олардың бір-бірімен байланысын, ішкі мазмұнын, яғни ғылымның тұжырымдарын аңғарамыз. Бұл айтылғандармен бірге түсіну сан алуан құбылыстың бөліктері мен ұсақ-түйектеріне айыруда, басқа біреудің сөзінің мәнін ұғуда да (мәселен, интонация, пауза, метафора, әзіл, қалжың т.б.) ерекше көрінеді. Бірақ барлық жағдайда да дұрыс түсіну үшін білім қоры, дағды, іскерлік қажет.

Түсіну үрдісі екіге бөлінеді: оның бірінші түрі - *тікелей түсіну. Тікелей түсіну* жанама түрде ой операцияларын керек етпейтін, қабылдауға ұқсас процесс. Мәселен, бізге жақсы таныс сөздер, сөйлемдер, белгілі құбылыстар, адамдардың қылықтары т.б. Түсінудің екінші түрі - *жанама түсіну.* Жанама түсіну бірнеше аралық басқыштардан тұратын, ой операцияларын керек ететін, көмескі нәрсені анық-айқын етіп бейнелеуде бірнеше ой түйіндерін талап ететін процесс. Жанама түсінуде сұрақ қоюдан басталатындығын, сұрақ пен жауап табудың арасында аралық түйіндер бар екендігін, осы аралық түйіндерді табу жаңа мәселені шешудің кілті екендігін атап өтуіміз қажет.

Медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету осы процесті нәтижелі ететін әдістер жүйесін қолдану дегенге келіп саяды. Себебі технология - әдістер жүйесі. Жұмысымызда медиақұзыреттілікті қалыптастыру үшін бұл шартты алу себебіміз дәріс, семинар сабақтарында аудиторияның сыни ойлау қабілетін қалыптастыратын мәселенің әртүрлі пайымдарын, көзқарастарын қарастыру, студенттерге өзіндік пікір, шешімдер, қорытындылар жасауға жағдай жасау, медиаматериалдарын жұптасқан және топтық талдау түрлері арқылы медиаөнімдерді тұтынуға қажетті: медиамәтінді талдау, айтар ойы мен идеясын терең түсіну, әртүрлі көзқарастарды тыңдау, салыстыру біліктілігін, өзінің пікірі үшін жауапкершілікті дамытуға ықпал ету сияқты педагогикалық мәселелерді шешуді жүзеге асырады.

Демек, студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруда өз әрекетін іске қосып, сол әрекетте шығармашылығын және сыни көзқарасын таныту, медиаөнімдерді тұтынуда толеранттық, эмпатия сияқты адами

құндылықтарды негізге алу, рефлексия жасай алу сияқты қасиеттерге ие болуға тырысу сияқты жетекші қағидаларына негізделе отырып, біз, ізделініп отырған тұлғаның сапасын қалыптастыруда, кеңейту үрдісінде құзыреттілік, іс-әрекеттілік, аксиологиялық тұғырларды кіріктіріп қолдану зерттеу алдына қойған мақсат пен міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келдік.

*Қамтамасыз ету* дегенге түсініктеме бере кетсек, ол қойылған міндетті іске асыру үшін керек материалдық, қаржылық немесе басқа құрылымдардың және ұйымдастыру іс-шараларының жиынтығы деген болар едік. Педагогикалық үрдісті жүзеге асыру үшін осылардан басқа кадрлық, техникалық, әдістемелік, технологиялық қамтамасыз ету талап етіледі. Біз қарастырып отырған медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету осы процесті нәтижелі ететін әдістер жүйесін қолдану дегенге келіп саяды. Себебі технология - ол әдістер жүйесі. Олар жайында жұмысымыздың эксперименттік бөлімінде толық тоқталатын боламыз.

Осындай шарттар студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша педагогикалық қызметтің сапасын, жүйелілігін, теориялық және әдіснамалық атқарымдылығын көтеруге және оның салдарын жоғары мектеп педагогикасы базасында, сананы билегіштік әсердің алдын алу міндетін шешуде ықпал етеді деп ойлаймыз.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, медиақұзыреттілікті қалыптастырудың ұсынылған шарттарын жүзеге асыру нәтижесінде, студенттер: медиа туралы *білімдер жинақтап, терминдерді түсінеді, қолдана алатын болады;* медиакеңістікте бағдарлану, сыни ойлау арқылы медиаөнімдерін сауатты тұтыну *қабілеттері жетіледі*; жаңа әдістер мен технологияларды тиімді пайдалану медиаақпаратты талдай алу *біліктерін арттырады*; медианың сананы билеушілік әсерін түсіну мен осы әсерге қарсы тұру *әлеуеттерін көтереді* деген қорытынды жасаймыз.

Келесі параграфта студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың ұсынылып отырған мазмұнына талдау жасалады.

# ІІІ.КӘСІБИ БІЛІМ АЛУ БАРЫСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ МЕДИАҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

## 3.1 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны

Өткен ғасырдың 80 – жылдарынан бастап, мектеп оқушыларын, жастарды баспа өнімдерін сыни қабылдауға тәрбиелеу туралы мәселелер көтеріліп келеді. Мұндағы мақсат: БАҚ – ның қызмет ету тәсілдерін, көздейтін мән мағынасын терең ұғу арқылы олардың өнімдерінің күшті және әлсіз жақтарын ажырата алатын, олар құратын «тұзақты» тани, түсіне алу нәтижесінде өз бетінше алшақтай алатын, ақпараттық қоғамның белсенді мүшесін қалыптастыру болып табылады. Әсіресе студенттерді ашық ақпараттық қоғам жағдайында БАҚ өнімдерін белсенді тұтынушысы ретінде қалыптастыру мемлекеттің білім беру саясатында маңызды орын алады.

Осыған сәйкес, ақпараттық құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамыту педагогикалық мамандықтардың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарында белгіленіп, типтік оқу бағдарламаларындағы кейбір пәндер аясында қарастырылған. Атап айтсақ, 5В010100 - «Мектепке дейінгі білім және тәрбие», «5В010200 «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «5В010300 – «Педагогика және психология» 5В010500 – «Дефектология» сияқты педагогикалық мамандықтардың Типтік оқу бағдарламаларының міндетті компоненттерінде «Информатика», «Ақпараттық технологиялар негізі», «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» атты пәндер оқытылады. Олар бойынша бітірушілерінің біліктілігіне қойылатын талаптарда: жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін қазіргі ақпараттық технологияларды сенімді әрі сыни қолдануға қабілетті, әрі компьютер, қарым-қатынас және қызмет құратын желілерде Интернет арқылы кәсіби қызмет саласында ақпаратты қолдану, орнына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, көрсету және алмасу дағдыларын меңгереді деп көрсетілген.

Аталған мамандықтардың барлығында оқытылатын «Тіршілік қауіпсіздігінің негіздері» міндетті пән аясында бізді қызықтырып отырған мәселенің қарастырылуына келер болсақ, бұл пән мазмұнында «қауіпсіздік» ұғымына жалпы түсіндірме беріліп, адамның: өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, техногендік апаттар сияқты әртүрлі өмір жағдаяттарындағы қауіпсіздігі, қауіп-қатерді тани білуі, мүмкін зардаптың, зиянның шамасын айыра алуы, қауіп-қатер болған төтенше жағдай кезінде білікті іс-әрекет жасай білуді қалыптастыру көзделеді[221].

Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеттің жоғарыдағы педагогикалық мамандықтарға арналған жұмыс оқу жоспарларында «Ақпараттық-комуникациялық технологиялар», «Білім берудегі цифрлық технология» сияқты пәндер оқытылады. Олардың басты мақсаты: болашақ мұғалімдердің оқу-тәрбие процесінде және сабақтан тыс жұмыста жеке тұлғаға бағытталған, интерактивті, АКТ, SMART және STEAM - технологияларын қолдануға даярлау ретінде белгіленген. Байқап

отырғанымыздай, бұл пәндер студенттердің медиақұзыреттілігін арнайы қарастырмайды.

Дегенмен, зерттеу жүргізу барысында еліміздің педагог мамандарын даярлайтын кейбір оқу орындарында болашақ педагогтердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған курстар әзірленіп, тәжірибеде қолданылып жатқаны мәлім болды. Атап айтсақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы П.Б.Сейтқазы көп жылдардан бері медиабілімге байланысты курстар жүргізіп, оларда жастарға арналған телерадио бағдарламаларды, басылымдардағы материалдарды, интернет өнімдерін, әртүрлі сайттардың өнімін талдау барысында олардың тәрбиелік жағына, жағымды-жағымсыз әсеріне мән беруге назар аударып келеді.

Аталған курс білім алушылардың XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Медибілім беруге байланысты мазмұнды қазіргі білім жүйесіне, ЖОО оқу-тәрбие үрдісіне ендіруге соның нәтижесінде студент тұлғасының медиақұзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етудің тәжірибеде жеткілікті еместігін, мұқият әзірленген бағдарламалық-мақсатты және технологиялық құрылымдауды талап ететін әдістемелік жүйенің жоқтығын ескеріп, біз бұл кемшілікті толықтырып, ЖОО білім алушыларына арналған, элективті курстың бағдарламасын жасау жауапкершілігін өзімізге алдық.

Педагогика және психология мамандығының студенттері үшін жобаланған, 2 кредиттен тұратын «Медиабілім негіздері» элективті курсының жалпы көлемі 30 сағат аудиторлық сабақты құрайды, олар 15 аптаға бөлінген. Теориялық сабақ - 15 сағат, практикалық сабақ (семинар) – 15 сағат; СОӨЖ- 30; СӨЖ – 30 сағаттан тұрады. Барлығы: 90 сағат.

Элективті курстың бағдарламасы кафедра отырысында қаралып, оны эксперименттік топта өткізу туралы Педагогика және психология институтында шешім қабылданды (№ 7 Хаттама, 28.11.2019 ж.).

Элективті курс бағдарламасы - қазіргі әлемдегі медиа және медиабілім рөлін, медиабілімнің бағыттарын, негізгі терминдерін, теорияларын, медиабілімнің шетелдерде және Қазақстанда тарихи даму кезеңдерін, медиақабылдау мәселелерін, медиатүрлерінің өнімдері арқылы сананы билеушілік әрекеттер техникасының жүзеге асырылуы, медиабілім сабақтарын ұйымдастыру түрлерін жобалауға үйретуді көздейді.

Бағдарламаны игеру үрдісі дәрістік сабақтар мен олардың негізінде оқу мазмұнын игерудің интербелсенді формалары, проблемалық, эвристикалық, ойын әдістемелері мен шығармашылық сипаттағы практикалық сабақтарды біріктіру арқылы құрылған. Семинар сабақтарында студенттердің теориялық білімдерді тәжірибеде қолдана алуға машықтандыру көзделеді. СОӨЖ, СӨЖ тапсырмалары негізінен шығармашылық бағыт алып, медиақұзыреттіліктің алынған көрсеткіштеріне сай қалыптасуын нәтижелі етеді деп күтіледі.

Бағдарлама - студенттердің медиамәтіндерді сыни талдау негізінде толыққанды саналы қабылдау мен даму қабілетін қалыптастыруға өтуді қарастырады. ЖОО-ның оқу бағдарламасына медиасауаттылық сабақтарын

қоса отырып, біз жастарға БАҚ-тың олардың өміріне әсерін өз бетімен реттеуіне көмектесетін дағдылар береміз деп ойлаймыз.

***Элективті курстың мақсаты:*** ақпараттық қоғам жағдайында студенттердің (болашақ педагогтердің) медиа жайлы, медиабілімнің даму кезеңдері турасында түсініктерін қалыптастыру, медиаөнімдеріне деген сыни көзқарасты дамыту, медиаөнімдерін саналы қабылау тетіктерін меңгерту.

*Пәннің міндеттері:*

- әлемдегі, алыс жақын шетелдегі, өз еліміздегі медиабілім дамуының негізгі тарихи кезеңдерін сипаттау арқылы студенттерге медиа, медиапедагогиканың генезисі жайлы білім негіздерін қалыптастыру;
- заманауи социомәдени, ақпараттану мен цифрлану жағдайларда, медиабілімнің теориялары, терминдері, олардың қызметтері мен тұлғаның дамуына әсерлерін талдау;
- медианың негізгі түрлері мен олардың өнімдерін тұтынудағы құзыреттіліктерін және қауіпті ақпараттан қорғану тәсілдерін, жолдарын оқып-үйрену.

***Элективті курс мазмұнын игеру барысында студент:***

- бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихын;
- «медиа», «медибілім», «медиақұзыреттілік» ұғымдарының мәні мен түрлерін***;***
- медиабілімнің заманауи әлемде алатын орны мен рөлін;
- медианың жағымды және жағымсыз әсерін ***білетін болады.***

***Студент:***

- бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін талдай алады;
- медиаөнімдерін талдай алады;
- медиаөнімдердің мазмұндық, қызметін ***жасай алатын болады***.

***Студент:*** медиабілім тарихы, жанры мен формалары бойынша ғана білім қорын игеріп қоймай, сонымен қатар осы білімдерді пайдалана білуді ***меңгеретін болады*** (*6 – кесте).*

6 – кесте. «Медиабілім негіздері» атты элективті курстың оқу –тақырыптық жоспары

| № | Тақырыптар | Сағат саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дәріс | семинар | СОӨЖ | СӨЖ |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 5 |
| 1 | Курстың мақсат - міндеттері. Ақпараттық қоғам және Қазақстанның цифрлық жүйеге көшуі | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 2 | «Медиа» ұғымының мәні, шығу тарихы | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 3 | «Медиабілім» ұғымы. Медиа мен медиабілімнің заманауи әлемде алатын орны мен рөлі | 1 | 1 | 2 | 2 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Медиабілімнің шетелдерде даму кезеңдері | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 5 | Медиабілімнің Ресей мен Қазақстанда дамуы | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 6 | Медиабілімнің терминдері, теориялары | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 7 | Сананы билеу жайлы түсінік | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 8 | Медианы қабылдау, түсіну | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 9 | «Медиақұзыреттілік» ұғымының мәні, құрылымы, қызметі | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 10 | Медианың түрлері | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 11 | Жарнама саласындағы медиқұзыреттілік | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 12 | Бейнероликтер: жағымды, жағымсыз әсері | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 13 | Интернет қолданудағы қауіпсіздік. | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 14 | Баспа материалдарын тұтынудағы сауаттылық | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 15 | Сыни ойлау - ақпараттың әсерінен сақтану құралы | 1 | 1 | 2 | 2 |
| | **Барлығы:** | **15** | **15** | **30** | **30** |

Әрі қарай элективтік курс мазмұнынан мәлімет беру мақсатында бағдарламадағы тақырыптардың қысқаша мазмұнына тоқталып кетеміз.

**1 - тақырып.** *Ақпараттық қоғам және Қазақстанның цифрлық жүйеге көшуі.* Тақырып аясында «Ақпарат» терминінің ғылыми айналымға түсуі, коммуникация құралдарының қарқынды дамуы, Маршалл Маклюэн «Гутенберг галактикасы: баспамен айналысатын адамның қалыптасуы» еңбегі туралы, постиндустриалдық қоғам теориясын ұсынған жетекші зерттеушілердің бірі Д.Беллдің ақпараттық қоғам тұжырымдамасы, «бұқаралық ақпарат құралдары» ұғымы және Қазақстанның цифрлық жүйеге көшу бағдарламасы.

**2 - тақырып.** *«Медиа» ұғымының мәні, шығу тарихы.* медианың *алғашқы:* адам тілі, ым және мимика сияқты тура коммуникацияны беру формалары, хабарламаны жіберушіге де, алушыға да техникалық құрылғылар, құралдардың қажет болуы, теледидар, радио, CD, DVD және мультимедиалық-қосымшалар деп аталатын құрылғылардың пайда болуы.

**3 - тақырып.** *«Медиабілім» ұғымы. Медиа мен медиабілімнің заманауи әлемде алатын орны мен рөлі.* Заманауи социомәдени жағдай ерекшеліктері (ақпараттың дыбыстық-көру құралдарының, компьютер техникасының, нарықтық кино бейнепрокаттың, эфирлік, спутниктік теледидардың бейне, DVD, CD-ROM, IMAX, Интернет және т.б. қарқынды дамуы). Аудиторияның масс-медиамен қарым-қатынас, байланыс спецификасы және осы үрдістегі бұқаралық (танымал) мәдениет феноменінің рөлі. Заманауи әлемдегі медиабілім және оның тұлға дамуына ықпалы. Медиабілімнің педагогика және гуманитарлық білімнің басқа бағыттарымен байланысы. Медиабілімге

ЮНЕСКО тарапынан қолдау көрсетілуі. Медиабілімнің медиасауаттылықты қалыптастырудағы мүмкіндіктері.

**4 - тақырып.** *Медиабілімнің шетелдерде даму кезеңдері.* XX ғасырдың 20-90 - жылдар аралығында АҚШ, Канада, Австралия, Ұлыбритания, Франция және Германияда дамуы. ЮНЕСКО мен Еуропа кеңесінің медиабілім үрдісіндегі рөлі. Медиабілім бойынша халықаралық конференциялар. Шетелдік медиабілімнің заманауи үдерістері.

**5- тақырып.** *Медиабілімнің Ресей мен Қазақстанда дамуы.* Медиабілім XX ғасырдың 20-жылдарындағы пресса, фотография және кино материалында. Медиабілімнің XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы сталиндік тоталитаризм кезеңіндегі дағдарысы. Медиабілімнің «жылымық» леберализация кезеңіндегі жандануы (1956-1968). Медиабілімде 70-80-жылдары «эстетикалық тәсілдің» дамуы. Медиабілімнің XX ғасырдың 80-жылдардың соңы мен 90–жылдардың басында дамуының жаңа импульсі. Ресейдегі медиабілімнің заманауи үдерістері. Көрнекі ресей медиапедагогтерінің шығармашылығы. Қазақстан ғалымдарының бұл саладағы еңбектері.

**6 - тақырып.** *Медиабілімнің терминдері, теориялары.* Тақырып мазмұнында төмендегі терминдер жайлы түсініктер беріледі. Медиа мен медиабілімнің негізгі ұғымдары. Медиабілім. Медиасауаттылық. Медиамәтін. Агенттік. Медиасанаты. Медиатехнологиясы. Медиатілі. Репрезентация. Аудитория. Сыни тұрғыда ойлау. Медиақабылдау. Қорғаныс, сақтандыру теориясы, идеологиялық теория, мәдениеттану теориясы, семиотикалық теория, сыни ойлауды дамыту теориясы, эстетикалық теория, социомәдени теориясы және медиабілімнің басқа теориялары. Олардың әртүрлі елдердегі педагогикалық тұжырымдамалардағы ықпалы мен таратылуы.

**7 - тақырып.** *Сананы билеу жайлы түсінік.* Ұғымының мәні, медианың сананы билегіштік қызметі, XX ғ. 20 ж. Г.Лассуэллдің бұқаралық сананы басқару тетіктерін талдау, насихаттау технологиясы, бұқаралық сананы билегіштік талдау тетіктері, бұқарада өз дербестігін жоғалтатын индивидтің психологиялық зақымдану феномені туралы жазған Г.Лебонның жұмыстары.

**8 - тақырып.** *Медианы қабылдау, түсіну.* Медиақабылдау үрдісі (образдық жалпылау, дыбыстық көру және кеңістік-уақыттық баяндау, қабылдау шарттары элементтерін синтездеу, бірге ойлау және бірге шығармашылықпен жұмыс істеу). Медиақабылдау деңгейлері мен типологиясы («алғашқы сәйкестендіру», «екінші сәйкестендіру», «кешенді сәйкестендіру»). Медиамәтінді қабылдаудың жастық, әлеуметтік, кәсіби, ұлттық және басқа ерекшеліктері. Сан алуан түрлі жанрлар мен түрлердегі медиамәтіндердің бұқаралық жетістіктерінің феномені.

Медиаақпараттарын сауатты қабылдауға, түсінуге, талдауға; оның оқырмандар мен тыңдармандарға әсерінің тетіктері мен салдарлары туралы түсініктер, бір жақты және бұрмаланған ақпарат (мысалы, теледидардан берілетін насихаттау күші жоғары ақпарат), берілген ақпарат көзінің

сенімділігін; пайымның әділетсіздігін; айқын емес немесе екі ұшты дәлелдерді; пайымдау тізбегіндегі логикалық үйлесімсіздікті және т.б. анықтай алу.

**9 - тақырып.** *«Медиақұзыреттілік» ұғымының мәні, құрылымы, қызметі.* Еуропа Кеңесінің құжаттарында, басқа да ғылыми еңбектерде берілген «медиақұзыреттілік» терминінің анықтамаларын талдау. Медиақұзыреттіліктің құрамына енетін: медиабілім, медиасын, медиақабылдау, медиатұтыну ұғымдарының мәні, медиақұзыреттіліктің қызметтері туралы мәліметтер.

**10 - тақырып.** *Медианың түрлері.* Г.Марси-Бенке мен М.Рат бойынша: нарративтік, коммуникативтік, музыкалық әуенді, белсенді, экшн, коммуникативті медиа түрлеріне сипаттама.

**11 – тақырып.** *Жарнама саласындағы медиқұзыреттілік.* Жарнаманың түрлері: жарнама әсері, жарнама білдіру тәсілі, ұтымды жарнама, эмоционалдық жарнама, «қатты» және «жұмсақ» жарнама сурет жарнамасы, тұрақтылық жарнамасы, ішкі жарнама, өнім сату көлемін ұлғайту мақсатындағы жарнама, нанымды жарнама, ынталандыру, салыстырмалы, күшейтетін, ақпараттық жарнама; жарнамалық қызметі; жарнаманың танымдық компоненті, жарнама сезімі, жарнама қабылдауы, жарнамалық бейне, жарнамаға назар, жарнама жаднамасы; жарнамадағы эмоциялық компонент; жарнама мотивтері: тұтынушылық, эмоционалдық, ұтымдылық себептері, құралдық, эстетикалық, бедел себеп-дәлелдері, сәндік, өзін-өзі бекіту себептері.

**12 - тақырып.** *Бейнероликтер: жағымды, жағымсыз әсері.* Бейне (латын тілінен, «мен көріп отырмын») - теледидар қағидаларына негізделген мобильді бейнені қалыптастыру, жазу, өңдеу, беру, сақтау және көбейтудің электронды технологиясы, сондай-ақ физикалық ортада жазылған дыбыс-бейне жазу (бейнежазба, бейнежазбалар және т.б.). Бейне, бейнетаспа, бейнежазба (бейнеролик) әсерлері. Бейнежазба - қысқа мерзімді персоналдың шығармашылық дәйектілігі. Бейнелер тауарлар мен қызметтерді жарнамалау үшін және теледидардағы аудио композициялардың көрнекі сүйемелдеуі.

**13 - тақырып.** *Интернет қолданудағы қауіпсіздік.* Интернет және мультимедиялық компьютерлік жүйелер. Компьютер ойындары. Ресейдегі және шетелдегі Интернеттің дамуының негізгі кезеңдері. Интернет-порталдар, сайттар, мәтіндер. Интернетті басып шығару. Интернет-сайт - аудиовизуалды және баспа БАҚ - тың синтезделген моделі ретінде. Ақпараттық-психологиялық әсер, мәні мен сипаттамасы, жеке және басқа әлеуметтік субъектілердің ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігі, олардың өзара байланысы. Психологиялық қорғау - тұлғаның ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі жолы.

**14 - тақырып.** *Баспа материалдарын тұтынудағы сауаттылық.* Кітап пен мерзімдік басылымдардың өзара байланысы. Кітап басылымдары (публицистикалық, кәсіби, ғылыми көпшілік, көркем әдебиет, анықтамалық

және библиографиялық әдебиет, энциклопедиялар, балалар мен жастарға арналған әдебиеттер).

Мерзімді басылым түрлері: қоғамдық-саяси; кәсіби; ғылыми танымал; әдеби және т.б. Мерзімді баспасөз жанрлары: ақпараттық (аңдатпа, есеп, сұхбат), сараптамалық (мақала, пікір, шолу); көркем публицистикалық (нобай, очерк, эссе, фельетон, памфлет); әдеби (өлең-поэмалар, әңгіме, роман, новелла және т.б.), жарнама.

Баспасөз бен кітаптағы иллюстративті материал. Иллюстративті материал түрлері (сурет, сызу, комикс, каррикатура, сызба, диаграмма және т.б.). баспа және журналистика мамандығы. Отандық баспасөздің шығу тарихы, өнімді дамуы.

**15 - тақырып.** *Сыни ойлау - ақпараттың әсерінен сақтану құралы.* Сыни ойлаудың анықтамалары, сын тұрғысынан ойлауды дамыту теориялары, сыни ойлаудың негізгі белгілері, сыни ойлаудың басталуы мен өрбу үрдісі (проблемамен бетпе бет кездесу, сұрақ қою мен мәселені анықтаудан басталады да шешім қабылдаумен аяқталатын үрдіс), сыни ойлаудан күтілетін соңғы нәтиже, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру технологиясы мен әдістері.

Жоғарыда келтірілгендер дәрістік сағаттардың мазмұны. Сонымен бірге, студенттердің практикалық жұмыстарының: семинар, СОӨЖ және СӨЖ жұмыстары жоспарланды. Оларда студенттердің өздік жұмысы барысында орындауға арналған жаттығулар мен тапсырмалардың дидактикалық кешені жасалды.

Жалпы кредиттік жүйеде берілетін сабақтардың ерекшеліктерінің бірі — екі деңгейлік өздік жұмыстардың берілуі. Сабақта студенттердің үйренгендерін нақтылау үшін, білім деңгейлерін, теориялық қорын кеңейтуге, ойларын жүйелеп дұрыс құрып, оны айтып үйрену үшін маңызы зор. Өздік жұмысы студенттердің оқытушымен бірге жасалады (СОӨЖ), студенттің өз бетінше орындалатын жұмысы (СӨЖ) түрінде болады. СОӨЖ — негізгі сабақтың танымдық мақсаттағы құрамдас бөлігі, студенттің білімі алдағы өз белсенділігін көрсетер тұсы. Ал танымдық белсенділік — үйренушінің танымдағы жігерлілігі және өзіне таныс емес нәрсені іздеу қабілеті. Олай болса, үйренушінің танымдық белсенділігі — оқудағы жылдамдық деген сөз, яғни білімге деген жан-жақты терең қызығушылықпен дербес қабілет белсенділігін таныту. СОӨЖ әр сабақта өтілген тақырыптар негізінде шығармашылық тапсырмалар түрінде беріледі.

Ұсынылып отырған элективті курстың дәрістік сағаттарында негізінен жаңа ақпараттар ұсынылатын болса, практикалық: семинар, СОӨЖ, СӨЖ жұмыстарында студенттердің белсенділігін тудыратын, өз бетінше іздену жағдайына қоятын жұмыс түрлерін орындаулары ойластырылды. Практикалық жұмыс түрлері студенттердің медиақұзыреттілікті құрайтын білім, білік, дағыларын тиімді дамуына бағытталды.

Элективті курс бағдарламасындағы семинар сабақтарда төмендегідей мәселелер талқылану жобаланады:

1. «Қоғамның ақпараттануы – өркениеттіліктің белгісі» тақырыбында ой талқы;

2. Қазақстандағы радио, теледидар, Интернет жүйелерінің пайда болуы жайлы материалдар жинақтау, презентациялар әзірлеу;

3. «Медиабілім – қажеттілік» тақырыбында хабарламалар әзірлеу;

4. Медиабілімге қатысты терминдердің қысқаша сөздігін жасау;

5. Медиабілімнің өзіңіз таңдаған елдегі жағдайына сараптамалық талдау жасау;

6. Медиабілім саласының өзіңіз қалаған бір ғалымы жайлы деректер жинап, хабарлама әзірлеңіз;

7. *«Сананы билегіштік және жапа шегуші»* ойыны;

8. «Медиаманипуляция дегеніміз ...... ойды жазбаша аяқтау;

9. Медиа азаматтардың жеке құқықтарын бұзады ма?» тақырыбында пікірталас;

10. Медиаөнімдерінің сананы билеушілік әдістерін сипаттаңыз (нақты мысалдар негізінде);

11. «Қазақстан» телеарнасында бір апта ішінде берілетін хабарларды Г.Марси-Бенке мен М.Рат ұсынған түрлеріне қарай жіктеу;

12. Тақырыпқа қатысты бейнероликті көріп, талдау;

13. «Ақпараттық қауіпсіздікке дайын болу» жайында жазбаша хабарлама жазып келу, талқылауға қатысу;

14.КТК телеарнасында бір апта ішінде берілген хабарларға сыни тұрғыда талдау жасап, презентациялау (шағын зерттеу);

15. «Медиа және біз» атты қорытынды конференция сабақ.

Ендігі кезекте практикалық сағаттарға арналған мазмұнның кейбірін сипаттауға көшеміз.

Мысалы, 1 дәріске қатысты СӨЖ тапсырмасы төмендегідей:

Ақпараттың бүркемеленген болуы мүмкін бе? Ақпаратты таңдау мен бақылау, қажетсіз немесе бұрмаланған ақпаратты алып тастау мүмкіншілігі болуы мүмкін бе?» - деген сұраққа өз жауабыңыздың **дәлелдемелерін дайындаңыз.**

№ 2 дәріске СӨЖ тапсырма төмендегідей:

Медиа мүмкіндігімен әртүрлі елдердің өзара әрекеті мен қарым-қатынастары, соның ішінде «мәдениеттер диалогына» шығуға жол ашуды қамтамасыз ететіні жайында эссе дайындаңыз.

Студенттер 2 топқа бөлінеді, олардың әрқайсысы, өздерінің пікірі бойынша, БАҚ-та берілетін өзекті тақырыптарға қатысты эмоционалдық тұрақтылықты көрсететін балама және сенсибилдеуші/десенсибилдеуші реакциялардың тізімін жасауы керек. Мысалы: «Конгодағы авиакатастрофа: сәйкессіз реакция - десенсибилизация; сәйкес реакция – қаза тапқандар мен олардың туыстары үшін күйзелу, жеке көмек көрсету жолдарын іздеу және т.б.). Тізімдер өзара салыстырылады да, пікірталас барысында студенттердің қоршаған адамдарды бақылау бойынша өздерінің жеке тәжірибесінде,

осындай реакциялар көріністерінің таралымдылығы талқыланады. Сәйкес қорытындылар жасалады.

Практикалық сабақтарда студенттерге ақпараттық жарнамалар мен мәтіндерден қандай да болмасын, сананы билегіштік техникаларды пайдаланудың барынша көп жағдайларын табуы тиіс. Жаттығумен жұмыс жасап болғаннан кейін, оқытушымен бірге алынған нәтижелерді талдайды. Студенттің тапқан сананы билегіштік тәсілдердің санын ғана емес, сонымен қатар оларды пайдалану себептері мен ерекшеліктерін түсіндіре білуі маңызды.

Элективті курс мазмұнында студенттердің медиаөнімдерінің сананы билегіштік әсерінен қорғана білуге үйретуге берілетін жаттығулар ерекше орын алады. Солардың бірі *«Факт-түсініктемесі»* жаттығуы. Онда ұсынылған медиамәтіндердің нақтылығын және бағалау ақпаратын ажырату қажет етіледі.

«Ойлан, тап!» жаттығуында оқытушы жекелеген жаңалықтар туралы мақалалардан бір немесе бірнеше сананы билегіштік тәсілдерді атауы керек. Студенттердің жауаптары, мәселен: «анықталмаған рефлекторлық индекс», метафора», «номинаттау» және т.б. Жаттығу жарыс негізінде құрылады. Әрбір студентке техника атауын тапқаны үшін 1 ұпай беріледі. Студенттер орнында отырып, қолын көтеріп жауап береді. Мадақтап ынталандыруға болады.

«Іздер» жаттығуы студенттердің желілік БАҚ-тармен өз бетімен жұмысы негізінде жүргізіледі. Студенттер желілік БАҚ-тардағы жаңалық мақалаларға контент-талдау жүргізу тапсырылады. Міндеттеріне – сананы билеудің әртүрлі техникаларды пайдаланудың барынша көп жағдайларын табу, нақты медиамәтіндерде олардың пайдалануын анықтау кіреді. Іздеу-сараптамалық жұмыстардың нәтижелері оқытушының қатысуымен топта талқыланады.

Желілік БАҚ-тармен өз бетімен жұмыс (үй тапсырмасы). Желілік БАҚ-тың жаңалық мақалаларының тереңдетілген контент-талдауы, онда тілдік сананы билеу бірліктерін сандық есептеуден басқа, медиаәсер мақсатын, себептерін, бастамашыларын тәптіштеп зерделеу, басқа желілік БАҚ-тардың осы тақырыптағы жаңалық материалдары бар әртүрлі мақалаларды салыстыру керек. Іздеу-сараптамалық жұмыстар нәтижелері топта оқытушының қатысуымен талқыланады.

7 - дәріске семинар сабағы *«Сананы билегіштік және жапа шегуші»* түріндегі ойын түрінде өткізу жобаланды. Ойынның шарты: студенттердің барлығына белгілі қандай да болмасын болған оқиғамен байланысты ойын тақырыбы беріледі. Қатысушылар командаларға бөлінеді. Барлық командалар тапсырылған тақырып бойынша құрамында сананы билеу техникалар бар жаңалық мақалаларын әзірлейді, яғни студенттер желілік БАҚ авторларының рөлін атқарады. Бұдан әрі командалар жасалған мәтіндермен алмасады да, сананы билегіштіктің мақсатын, бастамашының, технологияларын сәйкестендіру, сондай-ақ ойдан шығарылған жаңалық мақаласында пайдаланылған барлық техникаларды анықтаулары керек.

Келесі кезең – әзірленген мақалаларды құндылық, шынайылық, шындық, фактілік сипаттамаларына төтеп бере алатын «манипулятивтік емес» мақалаларға айналдыру. Екі тапсырмамен де жемісті жұмыс істеген топ, «қорғалғандар» деген, ал осы тапсырманы орындай алмағандар «жапа шегушілер» деген атқа ие болады. Мадақтауды қолдануға болады.

Курс бағдарламасында жоспарланған практикалық жұмыстар студенттердің зерттеушілік жұмыстармен айналысуларын да көздеді. Атап айтсақ, дәріс тақырыбына орай ойластырылған тапсырмада студенттер өздерінің курстастарынан, достарынан, жолдастарынан, медиа қолданудағы олардың уәждері қандай екендігі туралы сұрап, *сауалнама* жүргізіп, анықтайды. Нәтижелері арнайы дайындалған бланкілерге *«жағымды»* және *«жағымсыз»* мотивтері, қарапайым форма түрінде есептеледі. Студенттер, сауалнамаға қатысқан достарының БАҚ-қа жүгіну қажеттілігі конфигурациясына байланысты, олардың БАҚ сананы билегіштік әсеріне түсушілігіне өз болжамдарын береді. Студенттердің өз болжамдарын негіздегендіктері маңызды болып табылады.

Бағдарламаның 11-дәріс тақырыбы жарнамаға қатысты медиақұзыреттілікті қалыптастыруға арналған. Дәрістен кейінгі семинарда ***«Артық салмақтан қалай арылуға болады?»*** деп аталатын жарнамалық роликті талқылау жоспарланған (Әлеуметтік желіде 07.03.2017 ж. жүктелген).

Бейнеролик (бейнежазба) басталған уақыттан бастап, екі түрлі суретте бейнеленген қыз-келіншектер бейнелері жарияланады. Бірінде толық болған кезі және арықтап салмақ тастаған сәттері бейнеленеді. Артынан олардың қанша салмақ тастағаны (18,30,25кг.) айтылады. Кадрдың соңына қарай хабарландыру айтылған нұсқаулық беріледі. Бейнеролик осымен аяқталады. Бұл семинардың өтілу барысының қысқаша мысалы жұмыстың эксперимент бөлімінде келтіріледі.

Элективті курс бағдарламасын жүзеге асыру барысында студенттердің танымдық әрекетін белсендіру мақсатында дәріс сабақтарының сан алуан формалары көзделеді, олар: кіріспе, дәстүрлі, дәріс-диалог, проблемалық, слайд-дәрістер. Дәрістердің әзірленген курсының мазмұны зерттеу мәселелері бойынша оқу-әдістемелік әдебиетті талдау, сондай-ақ медиаорта феноменін зерттеудегі өзіндік тәжірибе негізінде жасалған.

Бағдарламаны жүзеге асыруда тренингтік сабақтар жүргізу жобаланды. Себебі, **тренинг**-бұл дағдыларды қалыптастыру және жетілдіру, еңбек немесе басқа қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында жүйелі түрде жүзеге асырылатын әртүрлі жаттығулар бағдарламасы. Оларға эксперимент бөлімінде тоқталатын боламыз.

Бағдарлама оқытудың келесі ұстанымдарға негізделді:

- ***ғылымилық*** (оқыту мазмұны студенттерді объективті ғылыми фактілермен, теориялармен, тұжырымдамалармен, заңдылықтармен таныстырады, ғылымның заманауи жағдайын көрсетеді. Осы ұстаным оқу бағдарламалары мен оқулықтарда, зерделенетін материалды іріктеуде,

сондай-ақ студенттерді ғылыми ізденіске, ғылыми ізденіс әдістері элементтеріне үйрету арқылы жүзеге асырылады);

- ***оқу мен практиканың байланысы*** (оқу үрдісі студенттердің алған білімдерін практикалық міндеттерін шешу, қоршаған өмірді талдау мен түрлендіру үшін, өздерінің көзқарасын қалыптастыра отырып, пайдалануға ынталандырады);

- ***жүйелілік пен дәйектілік*** ұстанымы білім беру мен меңгеруді белгілі бір тәртіппен, белгілі бір жүйе бойынша жүргізуді көздейді. Ол оқу мазмұнының да, оқу үрдісінің де логикалық құрылуын талап етеді. Принцип бірқатар ережелерді сақтауды білдіреді. Мысалы, бірінші – зерделенетін материал жоспарланады, логикалық бөлімдерге – тақырыптарға бөлінеді, онымен жұмыс тәртібі мен әдістемесі анықталады; екінші – оқылғанды бекіту және біліктіліктер мен дағдыларды дамыту мақсатында теориялық сабақтар практикалық сабақтармен ұштастырылады;

- ***қолжетімділік*** ұстанымы оқушылардың даму ерекшелігін есепке алуды, материалды олардың мүмкіндіктері тұрғысынан талдауды және оқуды олар зияткерлік, моральдік, физикалық артық жүктемені сезінбейтіндей етіп ұйымдастыруды талап етеді. Принцип келесі ережелер арқылы жүзеге асырылады: жақыннан бастап оқудан алыстағыға қарай ауысу; жеңілден ауырға, белгіліден белгісіздікке қарай ауысу;

- ***көрнекілік*** ұстанымы оқу тиімділігінің сезім ағзаларының оқу материалын қабылдау мен өңдеуге дұрыс тартуға байланысты екендігін білдіреді. Әртүрлі үлестірме, иллюстрациялық материалдар, сұлбалар, кестелер, суреттер, слайдтар пайдаланылу арқылы оқушылар саналылығы мен белсенділігін арттыру көзделеді. Себебі оқыту, студенттер белсенділік танытқанда, қызмет субъектілері болған кезде тиімді. Бұл олардың мақсатты түсінуінен, өз жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруынан, өзін–өзі тексере алатындығынан, білімге қызығушылық танытуынан, проблемалар қойып, шешімдер таба білуінен көрінеді.

Оқытудың жалпылама, топтық, жеке формаларын кезектесіп пайдалану, сөз, көрнекілік, ізденіс, ойын әдістерін қолдану курс динамикасын қамтамасыз етеді, студенттердің зерделенетін материалға қызығушылығын сақтайды. Бұл ретте студенттер әрекетінің зерттеу, дескриптивтік, сараптамалық, рефлексивтік, түсіндіру-бағалау және басқа түрлерін кезектестіру және оларды қолайлы біріктіру маңызды болып табылады. Ұсынылып отырған элективті курстың бағдарламасы студенттердің медиасауаттылық деңгейін арттыруға, соның негізінде медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Курс мазмұнын игеру барысында медиа туралы білім және оны түсіну, бір жағынан, таным нәтижесі болса, екінші жағынан ол, бағалана отырып, құндылық бағдарлар деңгейіне дейін көтеріледі. Сонымен қатар, медиабілім мақсаттарына байланысты бағалау медиаәлем туралы білім беру тетігі ретінде, белгілі бір медиамәтінді таңдау тетіктерімен байланысты. Адам, медианы пайдалану мақсаты мен мүмкіншіліктерін таңдау мәселесіне кездесе отырып, таңдау шегінде *қажетті* және *мүмкінді*

теңдестіре отырып, үнемі сыртқы жағдайды өз бетімен талдап, өз бетімен бағалайды. Сондықтан, медиамәтінді таңдау мен бағалаудың, мазмұндық бөлігінде адамгершілік қасиеттер де қалыптасады, деп ойлаймыз.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысы мен нәтижелері келесі бөлімде баяндалады.

### 3.2 Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі

Студенттердің қарастырылып отырған медиақұзыреттіліктерін қалыптастыру мазмұны айқындалған соң, оның әдістемесін даярлау міндеті тұрды. Зерттеу мақсаты мен міндеттеріне орай әдістемені қарастыруда өзіміз ұсынып, алдыңғы параграфта сипатталған психологиялық - педагогикалық шарттардың тиімділігін дәлелдеу мәселесі алға қойылды.

*Ұсынылып отырған әдістеме* ақпараттық қоғам жағдайында еңбек етіп, жас ұрпақ тәрбиесімен айналысуға дайындалып жатқан студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Медиабілім беру жайындағы еңбектерді талдай келе, біздің жұмысымызға сәйкес келетін дидактикадағы мына төмендегі әдістерді таңдадық:

- ***сөздік:*** дәріс, әңгіме, пікірталас, әңгімелесу;

-***көрнекілік***: медиамәтіндерді, илююстрацияларды, бейнематериалдарды, жарнамаларды мысалдарды көріп талдау;

- БАҚ – өнімдерін ***контент-талдау***, проблемалық талдау;

- медиаматериалдары негізіндегі ***шығармашылық тапсырмалар шешу***;

- ***зерттеушілік*** (ізденіс): студенттердің ақпарат көздеріндегі қызықты материалдарды өз бетімен іздеуі және материалды ұсынуы;

- ***репродуктивті***к: білім алушылардың қажетті дағдыларын жаттықтыру үшін педагогтің медиаматериал негізінде әртүрлі жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлеуі мен қолдануы;

-***қазіргі заманауй педагогикалық технологиялардың интербелсенді әдістері;***

-***медиаөнімдерін талдаудың арнайы өзіндік әдістері.***

Бұл әдістерді қолдану барысында студенттердің оқу әрекетінің тәсілдеріне мыналар жатады:

-***дескриптивтік*** (оқиғаға қатысушылар мен оқиғаларды атай отырып мазмұнды баяндап беру);

-***тұлғалық*** (эмоцияны, қатынасты, медиамәтінмен байланысты еске түсірулерді сипаттау);

-***сараптамалық*** (медиамәтіннің тілін, құрылымын әр жақты көзқарас тұрғысынан талдау);

-***жіктемелік (***тарихи контекстегі шығарманың орыны);

-***түсіндірмелі*** (медиамәтін жайындағы пайымдардың қалыптасуы);

-***бағалаушылық*** (айқындалған критерийлер негізінде медиамәтіннің артықшылықтарын тұжырымдау).

Шетелдік медиабілім әдістерін зерттеген A.V.Sharikov медиақұзыреттілікті қалыптастыру сабақтарындағы мұғалім мен оқушы

арасындағы қарым-қатынас стилінде мына мәселелерге назару аударылуы қажет екенін алға шығарады:

- сабақтарда ашық, өзара сенімге негізделген, психологиялық қолайлы атмосфера орнату;
- ақпаратттың табиғи полисемиялылығын, немесе көпмағыналылығын пайдалану, сабақ өткізудің бағдарламаланған (программаланған) қатаң сұлбаларынан бас тартып, импровизацияны пайдалану;
- ақпаратты түсіну мен түсіндірудің көп нұсқалылығын, сабақтың барлық қатысушыларының теңдігін мойындау.

A.V.Sharikov т.б. сонымен қатар медиабілімнің тең құқықты екі мақсатын ұсынады – медиамәтіндерге сыни ойлауды қалыптастыру және білім алушылардың медиамәтіндерді қабылдау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту[222].

Зерттеу мәселесін шешудің тиімділігін арттыруға бағытталған шарттардың бірі студенттерді сыни ойлауға баулу болып табылады. Сондықтан студенттердің ақпараттар жүйесінен келіп жатқан материалдарға сыни немесе белгілі бір дәрежеде күмәнмен карауға баулу үшін «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын таңдаған болатынбыз[223].

Енді осы технология бойынша таңдалған әдістердің кейбіреулеріне сипаттама бере кетейік.

**ИНСЕРТ** (тиімді оқу мен ойлау белгілерінің интербелсенді жүйесі). Әдістеме мақсаты – студенттерді, белгілі бір таңбаларды пайдалана отырып, оқитын ақпаратты өзінің түсінуін қадағалауға дағдыландыру.

Символдармен берілген таңбалауға сәйкес ой операциясын тиянақтауға мүмкіндік береді. Бұл студенттердің тек өздеріне белгілі материалға ғана емес (бұл психологиялық тұрғыдан түсінікті), сонымен қатар, жаңаға назарды аударуға ынталандырады, берілген ақпаратқа күмәндану және жалған ақпаратты ажыратуға, мәтінмен жұмыс барысында пайда болатын сұрақтарды қоюға үйретеді.

Жалпы бұл әдістеме ақпаратты терең өңдеуге бағытталған. Сондықтан, егер біз қанықтылығымен, баяндалған фактілердің бір мәнді еместігімен ерекшеленетін ақпаратпен жұмыс істейтін болсақ, оған жүгінгеніміз дұрыс. Әдетте, мұндай ақпарат зерделенетін тақырыпта негізгілердің біріне жатады. Неге назар аудару керек? ИНСЕРТ әдістемесі ақпаратты өз бетімен және терең зерделеу, оны мұқият өңдеу, ұсақ-түйектерге мұқият қарау біліктілігін қалыптастырады. Бұл жерде *«-», «?»* белгілері өте маңызды. Мәтінді зейінді оқу дәстүрлі түрде «білемін – білмеймін» сұлбасы бойынша жүреді. Студентте ақпаратқа сыни көзқарас, оны тереңірек, нақтырақ түсінуге, көбірек білуге тырысу ниеттері сирек пайда болады. Мәтінді бірінші рет оқыған кезде мәтін шетінде көбіне тек екі белгі *«V»* және *«+»* ғана пайда болады. Бұл жағдайда оқытушы оқырманды күдік тудырған жерлерді, сондай-ақ сұрақ тудыратын ақпаратты іздеуге итермелеу керек. Бұл әдістеме үлгісінде сыни ойды дамыту аясындағы базалық оқу моделі түсіндіріледі

және ашылады, сондықтан оны негізгі деп атауға болады. Міне, бұл ИНСЕРТ әдістемесін меңгеру барысында студентте оқудың дәстүрлі үрдісінің стереотиптері бұзыла бастайды. Бірінші қадам үнемі маңызды. Сондықтан, бұл әдістемені өткізуге ерекше мұқият дайындалу керек.

**Бағытталған оқу-қабылдау**. Бұл әдістеме негізіне медиамәтінді терең түсінуге жетелейтін сұрақтар жүйесі жатады. Сұрақтар медиамәтінге үнемі назар аударып отыруға ықпал етеді, оны бағыттайды. Міне, сондықтан ақпаратпен жұмыс барысында сұрақтар үлкен рөл атқарады. Олар әртүрлі деңгейде (түсінуден бағалауға) болуы керек, елестетуді дамытуға ықпал ету керек, авторлық медиамәтін логикасын көруге бағыттау керек. Сұрақтар негізінен ашық сипатта болады. Неге назар аудару керек? Әдістеме, ең алдымен толыққанды қабылдауға үйретеді; сұрақты естуге, медиамәтінге жүгіне отырып, оған дұрыс жауап беруге үйретеді. Ол оқығанды дереу рефлексиялауды көздейді. Бұл әдістеме бойынша, жұмыс істей отырып, білім алушылар медиамәтін мағынасын анықтау дағдысына машықтанады.

**Болжамдар кестесі**. Оған медиамәтіннің себеп-салдар қатынастарын және бөлшектерін талдау, болжамдар мен мәтіндегі нақты оқиғаларды салыстыру арқылы оқиғаларды дамытуды алдын ала білуді ынталандыру есебінен қол жеткізіледі. Әдістеме негізі ақпаратты талдау, синтездеу және бағалау қызметін нақты ұйымдастыруға және нәтижелерді жазбаша түрде тиянақтауға мүмкіндік беретін үш бөлімнен тұратын кесте жатады. Кестеге енгізілген сұрақтар, іс жүзінде, түсіндіру тетігіне негізделетін оқырманның медиамәтіндермен ішкі диалогының сұлбасын құрайды.

Бұл әдістемені оқиғалар мен сюжеттің күтпеген бұрылыстарымен қанық медиамәтінмен жұмыс барысында пайдаланған дұрыс, бұл оқиғаларды мағыналық блоктарға бөліп, оның дамуын әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік береді. Неге назар аудару керек! Әдістеме медиамәтінді тәптіштеп қарауға және себеп-салдар байланыстарын анықтауға ықпал етеді. Аталмыш болжау және өз болжамын жазбаша түрде рәсімдеу біліктілігін, оқиғалар дамуының өздік логикасын құру біліктілігін қалыптастыру үшін әлеует құрады. Медиамәтінге қадамдап кіру алдымен жеке, содан кейін топта өтеді, ал ол студенттердің басқалардың пікірін тыңдай, қабылдай білу, басты идеяларды қысқаша тиянақтай білу сияқты әмбебап біліктілерін машықтандыру мүмкіндігін береді.

**Шатасқан логикалық тізбектер**. Бұл себеп-салдар байланыстарын немесе оқиғалардың хронологиялық тізбегін қадағалауға мүмкіндік беретін медиамәтінмен жұмыс тәсілі. Оны, кейбір мезеттердің даму даулылығына, нұсқалылығына назар аудару керек болған кезде, оқиғалар мен фактілерге қанық медиамәтінмен жұмыс істеу үшін пайдаланады. Неге назар аудару керек? Оқиғаның себебі мен салдарын ажырата білу керек, себебі мұны түсінбеу, болып жатқан нәрсені жалған бағалауға әкеліп соғады. Оқиғаны талдау барысында көбіне себеп салдармен және керісінше ауыстырылады. Сәйкес, біліктілікті алуға ұсынылатын стратегия ықпал етеді.

**Ілгерілемелі дәріс**. Бұл әдістеменің ерекшелігі, ол ауызша түрде медиамәтінмен белсенді зияткерлік жұмысты ынталандыратындығы болып табылады. Бұл оқытудың ең кең тараған формаларының бірі – дәрістің баламасы. Әдістеме адамның медиамәтінді 15-20 минут ішінде белсенді қабылдау ерекшелігін ескереді, содан кейін әрекетті ауыстыру керек – бұл белсенді тыңдаушыдан белсенді талқылауға, содан кейін қайтадан белсенді тыңдауға бағытталуы керек. Неге назар аудару қажет? Бұл жұмысқа дайындалу барысында ұсынылатын материалды нақты құрылымдау керек, өйткені іс жүзінде осындай дәрістің жартысы медиамәтінді талқылауға кетеді. Әсіресе, зерделетін тақырыпқа жалпы сұранысты ойластыру өте маңызды, бұл оқушыларды тақырып бойынша барлық түсініктерді ой елегінен өткізіп, олардың бұрынғы білімдерін белсендіруге мүмкіндік береді.

Дәріс – мұнда ақпаратты репродуктивті қабылдау, яғни естігенді жазбаша тиянақтау деп санайтын аудиторияның стереотипін бұзу маңызды. Тыңдаушы белсенділігі мен оны диалогқа қосу үшін, дәріскер тыңдаушылардың тақырып бойынша алғашқы білімі мен тәжірибесіне қызығушылық танытады, сол арқылы көздеген мақсатқа қол жеткізуге болады.

**Графикалық ұйымдастырушылар**. Сыни ойды дамыту әдістемесі графикалық ұйымдастырушылардың кең корпусын ұсынады, олар, бір жағынан, зерделенетін медиамәтіндерді терең түсіну мен түйіндеуге ықпал етеді, екінші жағынан, - білім алушылардың өз көрінісі мен қабылдауын көрсетуге ынталандырады. Түйіндеме жасау үрдісінде медиамәтінді кеңітетін негізгі идеясын бөлу мен басты ережелерді анықтау, олардың арасындағы байланысты орнату көзделеді. Бұл үрдіс медиамәтінді түсінуді көрсетеді және басты мен қосалқыны ажырату, сондай-ақ медиалық ақпаратты қысқаша баяндау біліктілігін машықтандыруға ықпал етеді. Студенттерге қандай да болмасын графикалық ұйымдастырушы түрінде берілетін, өздерінің идеялары, өз күшімен және шығармашылық елестерімен жасалған ерекше, ой қызметінің өнімі болып табылады. Осының арқасында, білімалушылардың ойлау үрдісі ерекше ашық бола бастайды.

Ұсынылатын графикалық ұйымдастырушыларды үш топқа бөлуге болады. Оларды жіктеу негізінде – ақпаратты ұйымдастыру формасының типі жатыр. Әрине, форманы таңдау белгілі бір графикалық ұйымдастырушы арқылы барынша жүзеге асырылатын мақсатқа байланысты. Бірінші топқа студенттердің белгілі бір әрекеті мен ойлау үрдісіне бағытталған нақты, қатал берілген формасы бар ұйымдастырушылар жатады. Бұл - Венн диаграммасы, тұжырымдамалық кесте, Т-сұлба. Екінші топты тапсырылған формасы аздау графикалық ұйымдастырушылар құрайды. Сұлбаны құрудың белгілі бір манерасы мен техникалық амалы ғана ұсынылады, олардың нақты белгілері нақты жұмыс үрдісінде пайда болады. Оған топтастыруды жатқызуға болады. Үшінші топқа оны құру кезінде барынша еркіндік беретін ұйымдастырушыларды жатқызамыз. Бұл – тұжырымдар картасы. Графикалық ұйымдастырушылар қандай да, бір материалды зерделеу,

онымен жұмыс барысында немесе оны ойлау кезінде болатын ой үрдістерін көрнекі етуге, медиамәтін мәнін нақты және айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

**Тұжырымдамалық кесте**. Бұл материалды ұйымдастырудың тағы бір тәсілі. Диаграмма талдау және синтез сияқты ой дағдыларын дамыту мен қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл әдістемені, медиамәтіндердің үш және одан артық аспектілерін салыстыру көзделген кезде, пайдаланған дұрыс. Салыстыру бойынша кез келген жұмыс өте ұзақ, ең бастысы көп еңбекті талап ететін жұмыс, өйткені ортақ пен айырмашылықты есте сақтауға немесе қалай да болмасын тиянақтауға тура келеді. Кесте былайша құрылады: тігінен салыстырылатындар орналастырылады, ал көлденеңіне – салыстыру жүргізілетін әртүрлі белгілер мен қасиеттер орналастырылады. Белгілер мен қасиеттер. Салыстыру объектісі 1 Белгілер (студент анықтайды) 2 Қасиеттер (студент анықтайды). Неге назар аудару керек?

Бұл графикалық ұйымдастырушы онша жиі пайдаланылмайды, ал бұл студенттердің медиаақпаратты талдау дағдылары мен синтездеу дағдыларын дамытуға баға жетпейтін қызмет көрсетеді. Дәстүрлі оқытуда белгілі бір мәселемен танысу және оны зерделеу үшін дайын тұжырымдамалық кестелер беріледі. Тұжырымдамалық кестені өз бетімен құру жұмысы студенттердің мәселе бойынша көп көлемді ақпаратқа жүгінуін, мұқият қарап шығуын және оны орынды жүйелеуін көздейді. Тұжырымдамалық кесте құру, ең алдымен зерттеу жұмысын орындау барысында қажет, оны қорытынды презентациялау ауызша (баяндамалар, хабарламалар) түрде де, жазбаша түрде (кез келген өздік шығармашылық жұмыс) де жасалады. Тұжырымдамалық кестемен жұмыс – күрделі үрдіс. Оны бірнеше кезеңде орындау керек:

- салыстыру объектілерін (ұғымдарын) анықтау және кестенің бірінші тік бағанын толтыру;
- салыстыру параметрлерін анықтап, бірінші көлденең бағанды толтыру (ұяшық саны параметрлер санына байланысты);
- бірнеше дерек көзбен мақсатты жұмыс істеп, идеяны қысқа қалыптастырып, келесі бағандарды толтыру;
- Жұмыс жасалған дереккөздердің логикалық-мазмұндық өзара байланысын анықтап, талдау жұмысының нәтижелерін түйіндеу керек.

Бұл әдістеме студенттердің өздік талдау жұмыстарын жасау (баяндама, рефераттар; курстық, дипломдық жұмыстар жазу және т.с.с.) біліктіліктерін дамыту міндеттерін шешу барысында тиімді.

**Топтастыру**. Студенттерді ауызша немесе жазбаша түрде өз ойларын өз беттерімен рәсімдеуге дайындау кезеңінде кластерді пайдалануға болады. Бұл өз ойларын, идеяларын сызықтық емес түрде беруге көмектеседі. Әрекеттің бұл түрін басқаша «ой сұлбасы» деп те атайды. Бұл тәсіл шығармашылық мәселелері жөніндегі маман Т.Бьюзан ойлап тапқан. Топтастыру (Кластер) білім алушылардың ашуы тиіс тақырыпты ойластыру үшін олардың зейіні мен ойын жұмылдыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің

тиімділігі, көру арқылы есте сақтау қабілетін іске қосылуымен, мидың логикалық сол жақ жарты шарынан гөрі оң жақ, шығармашылық жарты шарының белсендірілуіне байланысты. Топтастыру формасы әртүрлі болады: бұл идеялардың біреуі басқаларына қарағанда көбірек дамитын «шоқ» та, тақырып маңайында идеяларды «шашырату» да болуы мүмкін. Идеяларды шашырату барысында олардың арасындағы байланыс пен өзара байланыс орнатылады. Бұл ретте, барынша көп байланыстарды анықтаған маңызды. Неге назар аудару керек? Дәстүрлі түрде оқытушылар студенттерге бұрын біреулер құрастырған графикалық ұйымдастырушыларды (оқулық, оқу құралдары, ғылыми әдебиеттердегі) ұсынады. Студенттерге тек осы материалды меңгеру, ұсынылған материал логикасын түсіну, кейде оны еске сақтау ғана ұсынылады. Топтастыру – ойды сызықтық емес дамыту амалына ықпал ететін графикалық ұйымдастырушылардың бірі.

Студенттер ұсынылып отырған әдістемемен жұмыс барысында, топтастыру оларға тақырып немесе мәселе бойынша ойларының өз сұлбасын ұсыну мүмкіндігін беретінін түсінеді. Студенттер назарын, барлық туындайтын идеялар жиналып, олардың арасында өзара байланыс орнаған кезде топтастыруды ерікті түрде (қарапайым топтастыру) де жасауға болатынын, сондай-ақ осы үрдісті күрделендіруге болатынын, яғни алдымен санаттарды бөліп алып, содан кейін ұсынылатын идеяларды, бөлінген санаттар бойынша орналастыруға (күрделі топтастыру) болатынына көңіл аудару керек. Қарапайым топтастыру білім алушылардың тақырып (немесе мәселе) туралы бастапқы ойларын білдіреді, сондай-ақ бұрынғы білімін қайта еске түсіруге және тақырыпты әрі қарай зерделеуді белсендіруге де мүмкіндік береді. Күрделі топтастыруды ой мен оқығанды түйіндеудің толыққанды құралы ретінде қолданған жақсы.

**Тұжырымдама картасы**. Студенттердің өздік және шығармашылығының тиімді көрінуіне ықпал ететін графикалық ұйымдастырушының еркін түрде орындалатын түрі. Бұл мәселені тұжырымдамалық көруге дағдыландыруға үйретеді. Тұжырымдама картасы – қандай да болмасын мәселені көру тұжырымдамасы (яғни көзқарастар жүйесі) символдар арқылы сұлбамен беретін графикалық ұйымдастырушы. Бұл графикалық ұйымдастырушыда идеяларды графикалық формада көрсету бойынша қатал ережелер жоқ. Жасалған тұжырымдама идеяларды, қағидаларды және олардың арасындағы байланысты белгілер картасы түрінде беріледі. Неге назар аудару керек?

Бұл әдістеме талқыланатын мәселедегі басымдықтарды анықтауға, мәселені тұжырымдамалық көруін білдіруге ықпал етеді. Қорытындысында, тұжырымдамалық ой-дағдылары қалыптасады. Бұл мәселені тұжырымдамалық шешуде әртүрлі көзқарастарды білдіру мен оларды салыстыру арқасында жүзеге асады.

Тұжырымдамалық сұрақтарды талқылау пікірталас сияқты оқыту түрінің негізін қалайды. Пікірталас оқу үрдісінде айтарлықтай маңызды орын алады. Нақты өткізілген пікірталас – қатысушыларының сыни ойының

қалыптасқанының нәтижесі. Екінші жағынан, пікірталас үрдісі – бұл сыни ойды дамыту үрдісі болып табылады. Пікірталасты өткізу табыстылығы оқытушының оны ұйымдастыру біліктілігі мен студенттердің пікірталастыра алуына байланысты. «Бірлесіп іздеу», «Тоғыспалы пікірталас», «Бұрыштар» және т.б. стратегиялар, міне осыған бағытталған, олар туралы біз төменде айтатын боламыз.

**Бірлесіп іздеу**. Білім алушының мәселе бойынша өз пікірін айтудан бұрын, жазбаша түрде тиянақтауын көздейтін пікірталастың жеңіл түрі. Бұл әдістеме студенттердің өз ойларын қалыптастыру мен айтуға ойланып келуін, пікірталас үрдісінде, қажет болған жағдайда, өз көзқарасын ойлы түзетуге, қайта қарау біліктіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сырт көзбен қарағанда, пікірталас баяулайтындай түсірілімді еске түсіреді: зейін оның әр қадамында, демек, әр сұрағына аударылады. Осындай пікірталасты өз ойларын дәлелдеу, бір-бірін тыңдау мен есту, пікір таластыру деңгейлері жеткілікті емес аудиторияда өткізген өте дұрыс. Пікірталастың бұл формасының негізінде сұрақты шешуге біртіндеп жақындауды көздейтін проблемалық және ашық сұрақ жатыр. Әдетте, бұл сұрақты ойлау кезеңінде қалыптастырып, көбіне мәтінмен жұмысты аяқтайды. Сондықтан, сұрақта мәтіннің негізгі мағынасы айтылады.

Мәтін мағынасына жетуге талқыланатын мәселені жан-жағынан ашатын, алдын ала ойластырылған сұрақтар жүйесі ықпал етеді. Сұрақтар дәйектілігін, олардың өзара байланысын пікірталастың жүру барысына сәйкес ауыстыруға болады. Бірақ сұрақтар түрін келесідей жасауға болады: медиамәтін фабуласы бойынша сұрақтар; метафизикалық сұрақтар; «қарама-қарсы» сұрақтар; «арандатушы» сұрақтар; «өз бетімен емес қабылдауды» анықтауға арналған сұрақтар.

**Алдын ала дайындалған түсіндірмелер көмегімен өткізілетін пікірталас**. Бұл пікірталастың тағы бір түрі. Ол медиамәтін негізінде құрылады, осы бойынша алдын ала түсініктемелер дайындалады. Осындай пікірталас мазмұны – түсініктемелермен алмасу. Пікірталас аты оны жүргізу сипатын көрсетеді. Пікірталас сұлбасы қарапайым, оқытушының араласуы көп талап етілмейді, сондықтан оны пікірталас өткізу бойынша тәжірибесі аз адамдар да өткізе алады. Бұл әдістемеде алдын ала дайындық өте маңызды: медиамәтінді мұқият қабылдау; пікірталас үшін материал таңдау; оны қысқаша түсіндіру. Пікірталас іс жүзінде барлық қатысушыларды пікір алмасуға тартады, өйткені оған алдын ала дайындалу мүмкіндігі болады. Бұдан басқа, пікірталас кезінде өз көзқарасын басқа қатысушылардың көзқарасымен салыстыруға, оны түзетуге мүмкіндік бар.

**Тоғыспалы пікірталас**. Пікірталастың бұл формасы студенттердің қатал және ашық қатысу сұлбасын көздейді. Оларға бір бинарлы сұрақ (яғни не оң, не теріс жауапты талап ететін) ұсынылады. Өз көзқарасын анықтап алмас бұрын, пікірталас қатысушысы Т-сұлбасын жасап, талқылайды, онда ол оң жауап пайдасына да, кері жауап пайдасына да барлық мүмкін дәлелдерді көрсетеді. Неге назар аудару керек? Жеке және жұптасып Т-

сұлбасымен жұмыс істеу, өз көзқарасын анықтамастан бұрын, барлық «иә» мен барлық «қарсыны» анықтап алуға мүмкіндік береді. Кіші топтардағы жұмыс өзінің пікірлестерін тыңдау бойынша, әлеуметтік дағдыларға машықтануға ықпал етеді. Пікірталас барысын нақты регламенттеу қатысушылардан ойластырылған дәлелдер мен контрдәлелдер келтіруді, өз оппоненттерін тыңдай білуді талап етеді. Семинарда осындай стратегияны енгізу барысында пікірталастың нақты осы ерекшелігін көрсету керек. Регламенттілік оқытушыға пікірталас үрдісін басқаруға, оның барысын бақылауға мүмкіндік береді.

**Бірлескен жұмыс**. Бірлесе оқу, студенттер бірге – не жұптасып, не кішігірім топтармен бірігіп – бір мәселе бойынша жұмыс істегенде, бір тақырыпты зерделегенде немесе ортақтасып, жабылып идея беруге тырысқан кезде болады. Командада жұмыс істеу ақпаратты терең зерделеуге («Зигзаг», «Оқу, қабылдау – жұптасып қосу» әдістемелері) немесе бар ақпаратты талқылауға («Ротация әдісімен пікірлерге шолу жасау» және «Қаламсап үстел ортасында» стратегиялары) бағытталуы мүмкін.

**Оқу, қабылдау – жұптасып қосу**. Бұл әдістемені Д.Дансеро мен оның Техас христиан университетіндегі әріптестері ойлап шығарған. Оның негізінде бірін-бірі оқытуды көздейтін жұптасқан жұмыс жатыр. Жұп мүшелерінің әрқайсысы кезек-кезек баяндамашы мен оппонент рөлін атқарады. Қарастырылып отырған әдістеме «медиалық» ақпаратты мұқият өңдеуге ықпал етеді және медиамәтіннің жекелеген бөліктерімен жұптасып жұмыс істеу арқасында зияткерлік әлеуетін күшейтеді; оның мазмұнына зейінді ынталандырады және қызығушылыққа қолдау көрсетеді (рөлдерге бөліп оқу, ұсыну есебінен).

Бұл әдістеме оқығанды, қабылдағанды көп рет қайталау мен ол бойынша ойлану, медиамәтін бойынша өз түсінігін қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда, теориялық материалды жақсы меңгеруге қол жеткізіледі. Бұл әдістемеге ақпараттық қанықтылығымен (фактологиялық және мағыналық материалмен), жеке қабылдау мен түсіну күрделілігімен ерекшеленетін медиамәтіндермен жұмыс барысында, сондай-ақ ақпаратты қайта қарау қажеттілігі болған кезде жүгінген дұрыс.

**«Қаламсап үстел ортасында»**. Бұл әдістеме қандай да болмасын мәселені талқылау формасының бірі болып табылады. Қатысушылар кезек-кезек мәселені «дөңгелек үстелде» талқылайды. Сөйлейтіндердің әрқайсысы қаламсапты (қарындашты) үстел ортасына қою арқылы өзінің қатысатынын тиянақтайды. Барлық қатысушылардың қаламсаптары үстел ортасында болғанға дейін (яғни барлығы өз ойын айту керек), ешкім де басқа идеялар айтпау керек. Топ мүшелерінің барлығы талқылауға өз үлесін қосуда тең құқылы, ешкім де басымдық көрсете алмайды. Оқытушы кез келген қаламды таңдап алып, «дөңгелек үстелдің» кез келген қатысушысынан ол қандай «үлес» келтіргенін сұрай алады. Бұл әдістеме нақты сұрақ бойынша дәйекті және өнімді әңгіме ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл әңгіменің әрбір қатысушысына өз ойын айтуға мүмкіндік береді және идеяларды ашық

көресетуге ықпал етеді. Бұл сұлба бойынша жұмыс қорытындысы тыңдалған көзқарастарды талқылау және оларды қосу болып табылады.

Талқылау жазбаша формада жүргізіліп және қатысушылардан өз көзқарасын қысқаша ойластырылған түрде білдіру талап етіледі. Бірақ бұл, шынымен-ақ, талқылау, өйткені келіспеген жағдайда, қандай да болмасын сұрақ бойынша пікір таластыру мүмкіндігі бар. Бұл әдістеме әрекетті орындау кезінде: «қадамдар» нақтылығы, уақыт регламенті, жазбаша айтылған ұсыныстар негізінде өз көзқарасын презентациялауды ойластыруды талап ететін жағдаят есебінен нақты ұйымшылдықты көздейді. Жұмыстың бұл түрі тек оқу практикасында ғана емес, сонымен қатар қандай да болмасын өзекті мәселе бойынша кәсіби қарым-қатынасты ұйымдастыруда да перспективті. Өз ойын жазбаша айту біліктілігін жетілдіру. Жазу біліктілігін жетілдіру – студенттің сыни ойын дамытудағы маңызды бағыттардың бірі. Өз ойын нақты айта білу, белгілі бір өзінің көзқарасын нақты, сауатты және дәлелді түрде жазбаша бере білу, кез келген сала маманы үшін қажет. Студенттерге көптеген әртүрлі жазба жұмыстарын орындауға тура келеді. Мысалы, рефераттар, курстық жұмыстар, дипломдық, біліктілік жұмыстарын және т.б. жазады. Алайда, оқытушылар өз ойын жазбаша білдіру біліктілігіне оқу үрдісінде аз көңіл аударады. Ал, бұл ойды дамытуға ықпал етеді: жазған ойды нақтылауға, оның сөйлемдерін, нақтырақ және мәнерлірек лексиканы таңдай отырып, дұрысырақ грамматикалық консрукцияны пайдалана отырып, жетілдіруге болады.

Білім алушылар үшін жазбаша жұмыстар қиынырақ келеді, өйткені, бір жағынан, ол көп еңбекті, ал екінші жағынан, ол белгілі бір дағдыларды талап етеді. Д.Клустер осыған байланысты: «Жазуда ой үрдісі көрнекі болады, демек, мұғалімге қолжетімді. Жазып отырған адам үнемі белсенді. Ол үнемі өз бетімен ойлайды және бұл ретте, бұл барлық білім қорын пайдаланады. Ол өз ойын бекіту үшін лайықты дәлелдер келтіреді. Жақсы жазба жұмысында қандай да болмасын мәселенің шешімін іздеу болады...», - деп атап көрсетеді [224]. Сыни ойды дамыту бағдарламасында студенттерге медиамәтін авторының да, өзінің негізгі жеке идеясын да қысқаша айту біліктілігін; идеяларды ашып, түсіндіру, дәлелдер табу және оларды өзі келтіру біліктілігін; тезис қалыптастырып, оны орынды дәлелдеу біліктілігін; болжалды адресатты есере отырып, өз ойын әртүрлі тұрғыдан беру біліктілігін алуға көмектесетін әдістемелер ұсынылады. Өз ойын жазбаша білдіру біліктілігін жетілдіру үрдісінің маңызды кезеңдері: «ойларды жинау» бойынша алдын ала жұмыс, алғашқы түрін жазу, оны талқылау, редакциялау және жариялау.

**Рөл - аудитория - форма – тақырып (РАФТ)**. Бұл әдістеме жазуға тіл әрекеті ретінде негізгі амалдарды көрсетуге мүмкіндік береді. Әдістеменің атының өзі (рөл - аудитория - форма - тақырып), бұл сұлба бойынша жазбада акцент неге жасалатыныны айтылады. Жазатын адам, алдына қойған мақсатын ескере отырып, адресат пен өзі жасайтын шығарма формасын таңдауы өте маңызды. Неге назар аудару керек? Әдістеме - сабақта

шығармашылық атмосферасын құруға мүмкіндік береді; тақырыпты және жалпы бүкіл ойын еркін таңдау арқылы қамтамасыз етіледі. Әдістеме негізіндегі шығармашылық импульсі әрбір студентке өз деңгейінде өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл стратегия бойынша жұмыс, басқа көзқарасқа құрмет көрсетуді көздейді, жазғаны үшін жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Білім алушылардың өздеріне байқатпай, оқытушы шығармашылық үрдісіне басшылық жасайды.

**Кьюбинг**. Тақырыпты объективті түрде ұсыну үшін, оны барлық жағынан қарастырған маңызды. Оған «Кьюбинг» әдістемесі мүмкіндік береді, бұл Б.Блум бөліп көрсеткен әртүрлі ой дағдыларымен байланысты тапсырмалар ұсынылады. Бұл тапсырмаларды орындау терең түсіну үрдісіне қажетті дағдыларды алуға ықпал етеді. Бұл жерде арнайы кубик пайдалануға болады, оның әрбір жағына тақырыптың бір жағын ашатын және белгілі бір дағды қалыптастыратын тапсырма көрсетіледі: мынаны сипаттаңыз (түсін, формасын, мөлшерін); мынаны салыстырыңыз (неге ұқсайды, неге ұқсамайды); мынаны бір нәрсемен байланыстырыңыз (ол сізге нені есіңізге түсіреді, ассоциациясын беріңіз); талдаңыз (ол неден жасалғанын, неден тұратынын айтыңыз); мынаны қолданыңыз (онымен не істеуге болады, ол қалай қолданылады); осының «иә» және «қарсы» дәлелдерін келтіріңіз (орныңызды алыңыз, әртүрлі дәлелдер келтіріңіз). Неге назар аудару керек? Егер қарастырылып отырған әдістеме студенттерге бірінші рет ұсынылып отырса, онда оны әрқайсысы әрекет мақсатын, мағынасын түсінуі үшін, топтарда орындау керек. Содан кейін әрбір қатысушы мәселені, тақырыпты жан жағынан өз бетімен бере алады.

**Қысқа эссе түйіндеменің кіші формасы ретінде.** Студенттерге белгілі бір уақыт аралығында (5 немесе 10 минут) талқыланатын мәселеге немесе медиамәтінге өз ойын жазбаша түрде еркін формада беру ұсынылады. Қатал уақыт шектеуі қатысушыларды өз ойын қысқаша баяндауға жұмылдырады.

**Галереяға саяхат**. Бұл жазба жұмыстарын жариялаудың өзінше бір формасы. Олар аудитория қабырғаларына ілінеді. Қатысушылар аудитория бойынша еркін жүріп, таңдауы бойынша жазбаша жұмыстарды оқып, өздерінің ескертулерін енгізеді. Осылайша, жазбаша формада жасалған идеялар көпшілік назарына беріледі. Жариялаудың бұл түрі сөздің жазудағы маңыздылығын, өз туындысының бірінші нұсқасын мұқият қайта қарау маңыздылығын нақты көрсетеді.

**Автордың орындығы**. Бұл ауызша жариялау түрі, ол әрбір студентке медиамәтін авторының рөлінде болып, өз аудиториясымен кездесуге мүмкіндік береді. Бұл рөл өте қызықты және тартымды, бірақ сонымен қатар, ол жазғаны үшін жауапты болуға міндеттейді. Ауызша презентацияға ілесетін талқылау, оқушылардың өздері құрған туынды үшін жауапкершілігін қалыптастырып, оларды өздерінің медиамәтіндерін әрі қарай толықтыруға ынталандырады. Авторлар «аудиториямен кездесуді» өздері жүргізеді.

Жоғарыда сипатталып кеткен «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясының әдістерінен басқа студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруда ақпарат өнімдерін талдаудың ***арнайы әдістері*** де тиімді қызмет етеді. Медиаматериалдарын талдаудың үлгісін жасауда біз оның түрлері мен мақсаттарына мән бердік. Әрі қарай сол әдістерге тоқталмақпыз.

**Аудиовизуалды медиамәтінмен жұмыс.** Ақпарат тек мәтін (ауызша, жазбаша) түрде ғана емес, сонымен қатар бейнелі көру-есту қатары (ғылыми, ғылыми-танымал, ойын, ресми, анимациялық, оқу фильмдері, телехабарлар) арқылы да берілуі мүмкін. Аудиовизуалды медиамәтіндерді осылайша презентациялау студенттердің ерекше қызығушылығын арттырады. Бұл амалдың ерекшелігі бейнелі дыбыстық-көру қатары арқылы негізгі талдағыштарды іске қосу жатады. Аудиовизуалды медиамәтіндермен жұмыс үнемі жоғары эмоционалдықпен ілеседі, ал, бұл сөзсіз, оқу тиімділігін ынталандырады. Алайда, аудиовизуалды медиамәтіндерді қабылдау және зерделеу бірқатар қиындықтармен байланысты. Біріншіден, осындай медиамәтіндер аудиторияға жеке ерекшеліктеріне – жады мен қабылдаудың қандай да болмасын түрінің артық болуына байланысты әсер етеді. Екіншіден, медиамәтіндермен осындай формада танысу әдетте уақыт аясымен шектеледі. Кейде оқушылардың оқу кезіндегі сияқты емес, медиамәтінді қайта қарауға мүмкіндіктері болмайды (бірақ заманауи DVD техникасы оны ешқандай қиындықсыз шеше алады). Бұл әдістеме аудиовизуалды түрде берілген медиамәтінді жан жақты талдауға; коммуникативтік біліктіліктерді жетілдіруге; жады мен зейіннің сан алуан түрлерін дамытуға ықпал етеді.

**Медиамәтін авторына сұрақтар**. Бұл әдістеме оқырман, тыңдаушы, көрерменнің автормен тұрақты диалог жүргізу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді, ал ол қабылдау, оқу үрдісін белсенді және ойлы етеді. Бұл әдістеме сұлбасында көзделгені оқығанды, естігенді, көргенді қабылдау, оқу және ойлау барысында тоқтау; белсенді оқырманның, тыңдаушы және көрерменнің негізгі дағдыларының бірі – өзіне сұрақ қою және оған медиамәтіннің әртүрлі бөліктерінен жауап іздеу дағдысын қалыптастырады.

Қарастырылып отырған әдістемеде, ең дұрысы қосымша түсініктемелерге мұқтаж, толық ашылмаған, ережелер кіретін, сұрақтар тудыратын мәселелі медиамәтінмен жұмыс барысында пайдаланған дұрыс.

Бұл түсініктемелер медиамәтіннің басқа бөліктеріне, эпизодтарына, сценаларында «шашырап» кетуі мүмкін және оларды таба білу керек. Ол шынымен-ақ, белсенді және ойлы оқырман, тыңдаушы, көрерменнің қолынан келеді. Неге назар аудару керек? Бұл әдістеме аясында жұмыс белсенді оқу, қабылдаудың кейбір негізгі дағдыларының: медиамәтін мағынасы бойынша ойлаудың, тұжырымдамалық сұрақтар қоюының қалыптасуын көздейді. Студенттер ойының өнімділігі мен олардың сұрақтарының тереңдігі көбіне педагогтің медиамәтінді фрагменттерге шебер бөлуіне байланысты. Бұл жерде әр бөлімнің логикалық аяқталуына бағдарланған медиамәтінді

стереотипті бөлуден бас тарту маңызды. Ең дұрысында медиамәтінді бөлу барысында, жалғасы келесі бөлімде болуы мүмкін негізгі эпизодтардан, сценалардан бастау керек. Бұл студентке тоқтап, белгілі ақпаратқа сүйене отырып, алдымен медиамәтінді өз бетімен ойластырып, мүмкін сұрақтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Медиамәтінді минитоптарда талдау**. Қарастырылып отырған әдістеме медиамәтінмен жұмысты студенттердің минитоптарында жүргізуді көздейді. Бұл жерде минитоптар құру амалының өзі қызықты, онда әрбір қатысушының рөлі нақты сипатталған. Минитоптарда медиамәтінмен жұмыс сұлбасы «Зигзаг» әдістемесін еске түсіреді. Студенттер күші медиамәтіннің мазмұнын терең түсінуге және рөлдердің тұтас спектрінің арқасында, оқылғаны бойынша жан жақты рефлексияны терең түсінуге бағытталған. Жұмыс үшін ұсынылатын медиамәтін көркем де, ғылыми-танымал да, публицистикалық та болуы мүмкін. Талдау қай бағытта болатындығы оқытушыға байланысты. Бұл сондай-ақ, оқушыларды, мақсатты, міндеттер мен минитоптың әр мүшесінің үлесін олардың атқаратын рөліне байланысты қоюлата отырып, медиамәтін мазмұны бойынша толық рефлексияға әкелу керек. Бұл әдістеме минитоп қызметіне байланысты болғандықтан, жұмыстың қаншалықты нақты және мақсатты ұйымдастырылуы көбіне педагогке байланысты. Минитоптың қандай да, болмасын мүшесі орындау керек болатын әрбір рөлді алдын ала жазу керек. Оқытушы топтарда жұмыстың қалай жүргізіліп жатқанын бақылап, медиамәтінді талқылауды дұрыс арнаға бағыттау үшін оларға қажетті сұрақтар «лақтырып», талқылау міндетін нақтылау қажет. Бұл жерде әрбір рөл логикалық және мазмұнды аяқталуы керек. Рөлдерді іріктеу мәтінге және оқу аудиториясында онымен жұмыс мақсатына байланысты.

**Медиамәтінді сараптамалық қорытындылау**. Әдістеме медиамәтінді талдаудың объективті түйіндемесін жазбаша түрде жасауды көздейді. Педагогтер мен оқытушыларда кездесетін қиындықтардың бірі, білім алушылардың медиамәтіннің негізгі ойын, автор логикасын анықтауды білмеуі болып табылады. Бірақ, бұл ретте, көптеген медиалық мәтіндер авторлық көзқарастың көптеген түсіндірмелерін алдын ала көздейтінін ескеру керек. Медиамәтінді сараптамалық қорытындылаудың негізгі мақсаты – аудиторияның медиамәтін авторының көзқарасын түсінуге және оны жазбаша түрде беруге тырысуын дамыту. Әдістеме аудиторияға, автор көзқарасын ескере отырып, медиалық ақпаратты талдаудан синтездеу мен бағалауға көшуге көмектеседі. Бұл сыни ойлау біліктілігін дамыту үшін өте маңызды: бір нәрсеге баға беру алдында, алдымен нені бағалауды түсіну қажет. Бұл жерде, әрбір білім алушы авторлық көзқарас, тұжырымды және жалпы медиамәтінді жеке түсінуге және талдауға тырысуы маңызды. Топта медиамәтінмен жұмыс нәтижелерін талдау, тереңірек сараптамалық қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

***Медиаөмірбаян әдісі.*** Бұл әдіс білім алушылардың медиаөнімдерді тұтыну тәжірибесін айқындауға көмектеседі. Айтылған мәселені анықтау үшін мынадай сұрақтар жүйесі қолданылады:

1. Сіз үшін қандай медиаөнімдердің маңызы жоғары болды?
2. Сіздің отбасыңызда медиаға деген көзқарас қандай болды? Белгілі бір ережелер болды ма?
3. Мектепте медиа туралы айтылушы ма еді?
4. Медиаөнімдер пайдаланылушы ма еді?
5. Өзініздің медиатұтыну әрекетіңізді қалай бағалайсыз?
6. Медиасауаттылығыңызға қандай баға бересіз?
7. Қай сала бойынша медиақұзыреттілігіңізді дамытқыңыз келеді?

Осы сұрақтар төңірегінде білім алушылар берген жауаптары арқылы медиаөнімдерін тұтынушылық өмірбаяны жайлы деректер алынады. Ол деректер медиақұзыреттілікті қалыптастыру бағытында әрі қарай жүргізілетін жұмыстарды жобалауға мүмкіндік береді.

Медиаөмірбаян әдісі - жастардың медиапайдалануын түсіну үшін қолданылады. Балалық шағындағы өз медиаөмірбаяны туралы ойланып жазуы, өзінің медиапайдалануын ретроспективті түрде рефлексиялауға көмектеседі. Медианың әртүрлі функциялары мен пайдалану мүмкіндіктері туралы алған білімдерін қазіргі күнге ауыстыруға болады, бұл медиа рөлін күнделікті өмірде жақсырақ және кешендірек түсінуге ықпал етеді.

***Медиамәтінді талдау*** әдісі. *Талдау (сараптама)*– әртүрлі мәтіндерді, шығармаларды тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып карастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Медиамәтінді талдау әдісінің басты мақсаты медиөнімнің мазмұнын, идеологиясын ашу.

Медиаматериалдарды сыни талдау деген – бұл берілген ақпараттың әділдігін, шынайылығын немесе ықтималдығын анықтау үрдісі. Ол келесі алгоритм бойынша жүргізіледі: материал мазмұнымен танысу (оқу, қарап шығу), өз әсерін қалыптастыру, сюжетті, персонаждарды талдау, қарама-қайшылықтарды (факті, дәлелдерді) табу, медиаматериалдың жалпы бағасы, қолда бар ақпарат немесе фактілер негізінде қорытынды жасау. *Медиамәтіндерді талдау* дегеніміз, оқытушы мен студенттердің еркін пікірталасы, диалогтік қарым-қатынасы, ынтымақтастығы болып табылады.

Медиамәтіндерді талдауда біз төменде үлгісі келтіріліп отырған, өзіміз құрастырған талдау парағымен жұмыс жасадық (7 - кесте).

7 – кесте. Медиамәтіндерді талдау парағы

| р/с | Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|---|
| 1 | Медиамәтінде не сөз болып отыр? | |
| 2 | Медиамәтіннің түрі? | |
| 3 | Медиамәтіннің тілі? | |
| 4 | Медиамәтіннің идеологиясы? | |
| 5 | Мазмұнның нақты өмірге сәйкестігі? | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Оқырманды қызықтыру үшін автор қандай құралдар пайдаланған? | |
| 7 | Бұл мәтін қандай аудиторияға арналған? | |

Т
алдау барысында қойылған сұрақтар бойынша мазмұнда не баяндалатындығынан бастап, қандай тұтынушылар аудиториясына арналғандығына дейінгі мағлұматтар алынады. Мұндай талдау барысында білім алушылар медиаөнімнің автор алдына қойған мақсатына көз жеткізіп, оған қол жеткізу құралдарын пайдаланғандығына дейінгі аралықтағы әрекеттеріне баға беріледі. Дәл осындай талдау білім алушылардың медиатұтынушы ретінде оларға сыни тұрғыда баға беріп, қажетті сапаларын дамытуға ықпал етеді.

Студенттер тұрақты қарайтын медиа түрінің тағы бірі ол ***жарнамалық роликтер.*** Телеарналардың барлығында мұндай өнім әрбір 5 - 10 минут сайын беріліп тұрады. Жарнама мақсаты: мақсатты аудиторияға бағытталған ақпараттың нәтижесінде шешілуі тиіс нақты міндет. Жарнаманың мақсаты тауар туралы ақпараттандыру, еске салып тұру немесе сол тауарға тұтынушылардың сенімін арттыру болып табылады.

Мақсаттарына қарай жарнаманы ақпараттандырушы, сендіруші, еске салушы деп бөлуге болады. Ақпараттандырушы жарнама жаңа тауарды нарыққа енгізу барысында алғашқы сұранысты туғызу, жаңа тауардың пайда болуын хабарлау, тұтынушылардың санасында фирма бейнесін қалыптастыру және т.б.

Сендіруші жарнаманың мақсаты – қызметтер мен нақты маркаларға деген талғамды қалыптастыру, өткізуді ынталандыру, тұтынушыларды сатып алуға жетелеу. Кейбір Европалық мемлекеттерде мұндай жарнамаға тыйым салынған. Бельгия мен Германияда оны қолдану теріс ниетті бәсекені пайдаланғанмен тең. Еске салушы жарнаманың негізгі мақсаты – тауарды тұтынушының есіне салып, хабардар болуын қадағалайды.

Қазіргі кезде бес түрлі бұқаралық ақпарат құралдарының барлығы: газет, журнал, теледидар, радио, кино барлығы жарнама таратумен айналысады. Сондықтан қоғамда жарнама туралы адамдар арасында әртүрлі пікірлер қалыптасқан. Ақтаушылар және даттаушылар да бар. Біз жарнаманың адам санасына жағымсыз әсер ететін, тауарға қосымша құндылық дарытып, жалған қажеттіліктерді туғызатын айлалы әрекет деп жағымсыз жақтарының да кездесетінін атап өткіміз келеді. Халық арасында «жарнамаланған зат сапасыз» деген пікірдің қалыптасуы да тегін емес. Интернет арқылы сапасыз тауар сатып алып шығынданатын, теледидар, газет-журнал арқылы жарнамаланатын дәрі-дәрмек алып, ауруын қоздырып алып жатқан адамдар, шетелге жақсы, жалақысы үлкен жұмыс іздеп кетіп қайғылы жағдайларға тап болып жатқан жандар жайлы жиі естиміз, тіпті өз араларымызда да жүр.

ҚР «Жарнама туралы» заңында «қиянатшыл жарнама» болатындығы, олардың тұтынушыларды адастыратындығы, себебі жарнамаланатын тауарлар: жұмыстар, қызметтердің түпкі мақсаттарының мүлдем басқа

екендігі, сондай-ақ «дәйексіз жарнама», «әдепсіз жарнама» болатындығы көрсетіледі[225].

Жұмысымызда бұл мәселеге көңіл бөліп отыруымыздың себебі де, жастарымызды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беріліп жататын жарнамалық материалдарын сауатты тұтынуға қажетті дағдыларының негізін қалау. Ұсынылып отырған авторлық бағдарламада бұл тақырыпқа арнайы сағат бөлінген. Жарнамалық материалдармен жұмыс жасау үшін біз талдау парағын әзірледік (8 - кесте).

8–кесте. Жарнамаларды талдау парағы

| р/с | Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|---|
| 1 | Жарнамалық хабарлама мақсаты? | |
| 2 | Әсер ету типі бойынша жарнама түрі? | |
| 3 | Жарнамалық роликтегі назар аудару тәсілдері? | |
| 4 | Жарнама уәждері? | |
| 5 | Суггестивті технологиялардың болуы? | |
| 6 | Жарнамалық хабарламадағы түс пен форманың эмоционалдық әсері? | |

Студенттер осы параметрлер бойынша теледидарлық, жарнамалық роликті сыни талдау жасау арқылы, бұл өнімнің пайдалы және жағымсыз әсерлеріне баға береді.

Жарнаманы сыни талдау әдістемесі төмендегі ретпен жүргізіледі. Алдымен студенттерге жарнамалық роликті (3 минуттық үзіліспен 20 секундтық ролик) 3 рет қарап шығу ұсынылады. Содан кейін, олар роликке талдау жүргізу арқылы жарнамалық хабарламаның мақсатын дұрыс анықтауға мүмкіндік алады, хабарламаның уәждерін әділ бөліп көрсете алады. Суггестивті технологияларды пайдалануды атап өте отырып, медиаөнім авторының тұтынушыны иландыру (суггестия) сол арқылы адамға оның психологиялық түрде әсер ету құралдарын айқындайды, жарнамалық хабарламадағы түс пен форманың эмоционалдық әсерін талдау арқылы тұтынушыға әсерін анықтайды. Бұл әдістеме жарнаманы сыни қабылдаудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге болады.

Жарнаманың тағы бір кең тараған түрі ***бейне роликтер.*** Интернет жүйесінде әртүрлі жастарды суицидке итермелейтін осындай материалдарға тап болғанда тұтынушының сауатты болуы аса маңызды. Сол себепті оларды талдауға үйрету медиақұзыреттілік мәселесі аясында қарастырылуы орынды деп санадық және сондай әдіс қолданылды. Оған да біз арнайы талдау парағын құрастырдық (9 - кесте).

9–кесте. Бейнеклиптерді талдау парағы

| р/с | Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|---|
| 1 | Бейнероликте не баяндалады? | |
| 2 | Мақсаты не? | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Бұл мәтін қандай аудиторияға арналған? | |
| 4 | Мазмұнның нақты өмірге сәйкестігі бар ма? | |
| 5 | Оқырманды қызықтыру үшін автор қандай құралдар пайдаланған? | |
| 6 | Қандай әсер қалдырды? | |

Бейнероликтерді тамашалау барысында, жалпыға белгілі және тексеруді талап ететін фактілер арасындағы айырмашылықтарды; ақпарат көзінің сенімділігін; пайымның әділетсіздігін; айқын емес немесе екі ұшты дәлелдерді; пайымдау тізбегіндегі логикалық үйлесімсіздікті және т.б. анықтай алу қажет. Бұл Сіздің ақпараттық-психологиялық қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді. Өйткені, бұл бейнероликтердің Интернет парақшасына жіберілуінің өзіндік себептері бар екендігі туралы мәліметтер беріледі.

Элективті курс мазмұнын жүргізуде студенттермен тренингтер жүргізу де қарастырылды. Мысалы *«Сен және санаттар» «Медиа туралы ойлар – сен әйтеуір бір…?» «Медиамашина», «Жаңалықты пікірден қалай ажыратуға болады?»* тақырыбындағы тренингтер пайдаланылды.

Жұмысымыздың келесі тараушасында әдістемелердің қолданылуы сипатталып, алынған нәтижелер келтіріледі.

### 3.3 Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген эксперимент және оның нәтижелері

***Зерттеудің тәжірибелік эксперименттік кезеңінің мақсаты:*** студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру үрдісін педагогикалық қамтамасыз ету, бұл үрдіс барысының тиімділігін арттыратын психологиялық - педагогикалық шарттарын жүзеге асыру, эксперимент қойылған топтардағы студенттер медиақұзыреттіліктерінің қалыптасу динамикасы белгіленген критерийлері мен көрсеткіштері бойынша диагностикалау, мониторинг жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың тиімділігін дәлелдеу. Эксперименттік жұмыс алдына қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін оның жоспары жасалды. Төменде осы жоспардың кестелік кескіні келтіріледі (10-кесте).

10 – кесте. Зерттеудің тәжірибелік жоспары

| **Кезеңдер** | **Міндеттер** | **Әдістер** | **Нәтижелер** | **Шарттардың жүзеге асуы** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Айқындаушы** | -эксперимент базаларын айқындау;<br>-студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптасу критерийлерін даярлау;<br>-студенттердің медиақұзыреттілігінің бастапқы деңгейін айқындау;<br>-медиақұзыреттілікті қалыптастыру мазмұнын жасау;<br>-медиақұзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін даярлау | -ЖОО келісімдер жүргізу;<br>-критерийлер мен белгілерді айқындау;<br>-диагностикалық әдістер таңдап, сауалнамалар, тестер жасау, жүргізу;<br>- «Медиабілім негіздері» пәнінің ОӘҚК әзірлеу;<br>- авторлық курсты өткізу әдістемесін әзірлеу: | Жұмыстың 2.2 параграфын да келтіріледі. | -медиақұзыреттілікті қалыптастыруды әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлардың, жан-жақтылық, теория мен тәжірибенің бірлігі, тұлғаның әлеуетін ашу бірлестігінде жүзеге асыру ұстанымдары; |
| **Қалыптастырушы** | -студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың психологиялық -педагогикалық шарттарын жүзеге асыру;<br><br>-«Медиабілім негіздері» пәнінің зерттеу базаларында жүргізу. | -дәріс, семинар, практикалық, шығармашылық жұмыстар;<br><br>-медиаөнімдерді саналы тұтыну әдістері. | жұмыстың 2.2 параграфын да келтіріледі. | -студенттердің медиаөнімдердің, сананы билеушілік (манипуляциялық) астарларынан болатын қауіпті түсіну;<br>-студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру;<br>-студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету. |
| **Бақылау, қорыту** | -студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың шарттарының жүзеге асырылуын бағалау;<br>- алынған нәтижелерді жинақтау;<br>- безендіру. | - анкеталау;<br><br>-тестілеу;<br>-математикалық әдістер; | диссертация мәтінін безендіру. | |

Жүргізілген эксперимент нәтижесін шығару үшін жұмысымыздың 1.3 параграфында берілген студенттер медиақұзыреттілігінің компоненттері мен соларға сәйкес алынған көрсеткіштер басшылыққа алынды (3-сурет).

Біздің зерттеуімізде тәжірибелік-эксперименталдық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Тараз мемлекеттік педагоггикалық университетінің (қазіргі М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті) базасында ұйымдастырылды. Эксперимент жүргізу үшін

«Педагогика және психология» мен «Бастауышта оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандықтары бойынша жалпы саны 128 студенттен тұратын екі топ – эксперименталды және бақылау топтары ұйымдастырылды.

Бастапқы деректерді жинаудың негізгі әдістері ретінде төмендегідей диагностикалық әдістер таңдалды:

1. *«Сіз жаңа ақпараттармен танысуда қай ақпарат көзіне басымдық бересіз?»* авторлық сауалнамасы.

2. Н.П.Фетискиннің «Ақпараттық технологиялар танымы» әдістемесі түрлендіріліп «Ақпарат туралы таным» әдістемесі ретінде пайдаланылды.

3. *«Медиаөнімдерін тұтынудағы сауаттылығыңыз қандай?»* сауалнамасы.

4. Н.Лукsecurityнованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес» түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі.

Төменде аталған әдістерді пайдаланудың алғашқы нәтижелері беріледі.

Анықтаушы эксперимент барысында, біз студенттердің бұқаралық ақпарат құралдарының қайсысын жиі қолданатынын білу мақсатында *«Сіз жаңа ақпараттармен танысуда қай ақпарат көзіне басымдық бересіз?»* деген сауалнама жүргіздік. Олардың 53-55% -ы Интернет желісін, 33,5-31% -ы телеарна, 5-6% -ы радио, ал қалған 8,5-8% -ы мерзімді баспасөз: газеттер мен журналдар пайдаланатындары белгілі болды. Төмендегі суреттен студенттердің ақпарат құралдарын пайдалану деңгейіне байланысты сауалнаманың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерін көруге болады (11-кесте).

11 – кесте. Бақылау және эксперимент топтарында ақпарат құралдарын пайдалану деңгейіне байланысты сауалнаманың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

| № | Ақпарат құралдары | бақылау тобы | эксперимент тобы |
|---|---|---|---|
| 1 | телеарна | 33,5 | 31 |
| 2 | радио | 5 | 6 |
| 3 | мерзімді баспасөз: газеттер мен журналдар | 8,5 | 8 |
| 4 | интернет | 53 | 55 |




6 – сурет. Бақылау және эксперимент топтарында ақпарат құралдарын пайдалану деңгейіне байланысты сауалнаманың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері

Байқап отырғанымыздай бақылау және эксперименттік топтар арасында ақпарат құралдарын пайдалану деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтың жоқ екенін байқауға болады. Студенттердің басым бөлігі ақпарат алуда интернет көздерін өте жиі пайдаланатындығы анық байқалады. Студенттердің айтуынша, интернет еліміздегі, шетелдердегі білім, саясат, мәдениет, экономикалық және т.б. ақпараттарды, сондай-ақ тіпті жақын адамдары, атақты, өзін қызықтыратын тұлғалар жайлы да, ақпараттарды алу өте тез және қолжетімді, әрі кез келген уақытта алуға қолайлы болып табылады[226].

Ал студенттердің *басым бөлігі* қалған ақпарат құралдарын пайдалану өткен ғасырдың еншісінде қалып кеткен деп, есептейтіндіктерін жасырмады. Студенттердің *біраз бөлігі* ақпаратты теледидардан да алуға болатындығын және ондағы ақпараттар талаптарға сай, реттелген күйде берілетіндігі және сапасы да жоғары, ақпараттың қомақты мөлшері емес, керекті мәліметтерді береді, деп есептейді екен. Сонымен қатар, студенттердің *аз бөлігі* ақпаратты алуда радио және газет-журналдарды қолдану ыңғайлы деп есептейтіндіктерін айтты. Себебі, басқа ақпарат құралдарына қарағанда ақпарат жүйелі, әрі сапалы беріледі деп есептейді екен. Студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыруда медиаөнімдерін пайдалану үдерісіне қатысты теориялық тұжырымдамаларды негізге ала отырып, эксперимент жұмысының айқындаушы кезеңінде студенттердің жалпы медиаға қатысты білім деңгейлері соған орай жасайтын ізденістері зерттелді[227].

Бұл ретте *«Медиаөнімдерін тұтынудағы сауаттылығыңыз қандай?»* сауалнамасын жүргізудегі мақсат студенттердің жалпы медиашығармаларын тұтынуға деген көзқарастары, тәжірибелері мен ұстанымдары жайлы мәлімет жинау болды (1-қосымша). Төмендегі кестеде экспериментке қатысқан топтардың медиақұзыреттілік көрсеткіштерінің бірі медиасауаттылықтарының деңгейін анықтау нәтижесі көрсетілген (12-кесте).

12 – кесте. Бақылау және эксперимент топтарында «*Медиаөнімдерін тұтынудағы сауаттылығыңыз қандай?»* сауалнамасын жүргізудегі салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері (%)

| р/с | Сауалнама сұрақтары | Бақылау тобы | | | Эксперименттік топ | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **ж/д** | **о/д** | **т/д** | **ж/д** | **о/д** | **т/д** |
| 1 | Мен достарымның, таныстарымның пікірін тыңдауға бейіммін; | 11,6 | 13,4 | 75 | 12,6 | 13,4 | 74 |
| 2 | Мен жарнамаға сенімсіздеу қараймын; | 17,45 | 14,87 | 67,68 | 19,45 | 15,87 | 66,68 |
| 3 | Мені жарнамадағы жарқын бейнелер қызықтырады; | 11,5 | 54,8 | 33,7 | 12,8 | 58,02 | 29,18 |
| 4 | Мен кездейсоқтыққа сенбеймін; | 11,7 | 41,8 | 46,5 | 13,8 | 40,8 | 45,4 |
| 5 | Мен сыбыстарға (өсек-аяңға) сенімсіздеу қараймын, олар тіптен шындық болуы мүмкін болса да; | 21,5 | 23,9 | 54,6 | 23,01 | 21,5 | 55,49 |
| 6 | Мен жарнамаға көңіл бөлемін, егер онда танымал адамдар көрсетілсе; | 14,8 | 68,7 | 16,5 | 15,7 | 71,05 | 13,25 |
| 7 | Мен дүкендерде өткізілетін жеңілдіктерге сенбеймін; | 14,45 | 54,47 | 31,08 | 17,5 | 53,4 | 29,1 |
| 8 | Мен реалити – шоудың ақиқаттығына сенбеймін; | 11,05 | 38,4 | 50,55 | 15,6 | 39,7 | 44,7 |
| 9 | Мен, тек өзімнің көзім жеткен нәрсеге ғана сенім артамын; | 16,8 | 3,4 | 79,8 | 19,4 | 3,8 | 76,8 |
| 10 | Мен топта жүргенімде, қарсы пікірлерге өз көзқарасымды білдіруге жүрексінемін. | 3,8 | 82,7 | 13,5 | 5,8 | 88,4 | 5,8 |
| ***Орташа мәні:*** | | ***13,45*** | ***39,64*** | ***46,89*** | ***15,56*** | ***40,59*** | ***44,04*** |



7 – сурет. Бақылау және эксперимент топтарында «*Медиаөнімдерін тұтынудағы сауаттылығыңыз қандай?»* сауалнамасын жүргізудегі салыстырмалы пайыздық көрсеткіштері (%)

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, бақылау тобындағы студенттердің 13,45%-ы жоғары деңгейді, 39,64%-ы орта деңгейді көрсетсе, 46,89%-ы деңгейі төмен екенін аңғаруға болады. Ал эксперимент тобындағы 15,56%-ы жоғары деңгейді, 40,59%-ы орта деңгей болса, 44,04% төмен деңгей байқалады. Сондай-ақ, осы тұста тиісті білік, дағдыны қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмысты жүргізу қажеттілігінің бар екендігін көруге болады.

Сонымен қатар, біздің зерттеуіміз үшін қазіргі кезде ЖОО-да білім алу барысында студенттеріміз қаншалықты дәрежеде ақпараттық технологиялар, ақпарат әлемі және ақпараттық қауіпсіздік туралы білім алып жатқандығын да білу маңызды болды. Ол үшін біз Н.П.Фетискиннің «Ақпараттық технологиялар танымы» диагностикалау әдістемесін түрлендіріп «Ақпарат туралы таным» диагностикалық әдістемесі ретінде пайдаландық (2-қосымша).

13–кесте. Бақылау және эксперимент топтарында «Ақпарат туралы таным» диагностикалық әдістемесі бойынша алынған сауалнаманың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің бастапқы деңгейі (%)
(Н.П. Фетискиннің әдістемесі бойынша)

| № | деңгейлері | бақылау тобы | эксперимент тобы |
|---|---|---|---|
| 1 | жоғары | 10,5 | 12,2 |
| 2 | орта | 42,3 | 44,5 |
| 3 | төмен | 47,2 | 43,3 |




8 – сурет. Бақылау және эксперимент топтарында «Ақпарат туралы таным» диагностикалық әдістемесі бойынша сауалнаманың салыстырмалы пайыздық көрсеткіштерінің бастапқы деңгейі (%)
(Н.П.Фетискиннің әдістемесі бойынша)

Кесте бақылау тобының 10,5% студенттерде, эксперименттік топтың 12,2% студенттерде деңгейі жоғары, ал 42,3% бақылау тобының студенттерінде, 44,5% эксперимент тобының студенттерде орта деңгейді, төменгі деңгейдің 47,2% бақылау тобының студенттеріне, 43,3% эксперимент тобының студенттеріне тиесілі екендігін көрсетеді.

Сауалнама қорытындысына сүйенер болсақ, студенттердің басым бөлігінің жауаптарына қарап «медиа», «медиабілім», «ақпараттық қауіпсіздік», «медиақұзыреттілік» ұғымдары туралы жалпылама түсініктің ғана бар екендігі, жете түсінбейтіндігі анықталды. Студенттерде медиақұзыреттілік ақпараттық қауіпсіздік деп компьютерлік жүйелердегі ақпараттық қорғалу жүйесі деген түсінік қалыптасқан. Медиақұзыреттілік деп – сырттан келген зиянды, қауіпті ақпарат көздеріне тосқауыл қою, тыйым салу деп түсінетіндіктері белгілі болды. Бұдан студенттердің зерттеуіміздегі тірек ұғымдары жайлы түсініктері саяз деген қорытынды жасауға болады.

Диссертациядағы қарастырылатын негізгі мәселе ақпарат құралдарынан келіп жатқан зиянды, жағымсыз материалдарды тани білу, олардан алшақтай алу болғандықтан, келесі ретте, біз студеттердің Интернет желілеріндегі киберэкстремизм деп аталатын түрлі экстремистік топтар мен теріс пиғылдағы ақпараттардың түрлі қылмыстарға итермелеу, заңсыз сауда және т.б. теріс пиғылдарын жүзеге асыратын өнімдерге деген көзқарастарын, олардың әсерінен сақтана алу, мүмкіндіктерінің қандай екендігін айқындау мақсатын қойдық.

Осыған байланысты, біз студенттерге Н.Луканованың *«Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі»* сауалнамасын жүргіздік (3-қосымша). Төменде осы сауалнама қорытындысын келтіреміз.

14 – кесте. Бақылау және эксперимент топтарынан Н.Луканованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы қорытындысының бастапқы деңгейі(%)

| **№** | **Критерийлері** | **Бақылау тобы** | | | **Эксперимент тобы** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Деңгейлер | | | | | |
| | | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен |
| 1 | мотивациялық | 12,5 | 39,1 | 48,4 | 13,6 | 39 | 47,4 |
| 2 | танымдық-әрекеттік | 10,2 | 39,2 | 50,6 | 11,2 | 39,3 | 49,5 |
| 3 | бағалаушылық | 9,5 | 38 | 52,5 | 10,5 | 36 | 53,5 |




9 – сурет. Бақылау және эксперимент топтарынан Н.Лукsecuranованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы қорытындысының бастапқы деңгейі(%)

Алынған нәтижелерге сәйкес, бақылау тобының 12,5%-ы, эксперимент тобының 13,6% студенттерінде мотивациялық деңгейі *жоғары* және бақылау тобында 10,2% студенттерде, эксперимент тобында 11,2% студенттерде танымдық-әрекеттік деңгейі *жоғары* болса, бақылау тобының 9,5%-ы, эксперимент тобының 10,5% студенттерінде бағалаушылық деңгейі *жоғары* екенін көрсетті. Ал бақылау тобында 39,1% студенттерде, эксперимент тобында 39% студенттерде танымдық-әрекеттік деңгейі *орта* және бақылау тобында 39,2% студенттерде, эксперимент тобында 39,3% студенттерде танымдық-әрекеттік деңгейі *орта* болса, бақылау тобының 38%-ы, эксперимент тобының 36% студенттерінде бағалаушылық деңгейі *орта* екенін көрсетті.

Сондай-ақ, бақылау тобының 48,4%-ы, эксперимент тобының 47,4% студенттерінде мотивациялық деңгейі *төмен* және бақылау тобында 50,6% студенттерде, эксперимент тобында 49,5% студенттерде танымдық-әрекеттік деңгейі *төмен* болса, бақылау тобының 52,5%-ы, эксперимент тобының 29,5% студенттерінде бағалаушылық деңгейі *төмен* екенін көрсетті.

Бақылау және эксперимент топтарына жүргізген сауалнама қорытындысына назар аударар болсақ, студенттерде киберэкстремизм қызметіне қарсы әрекет ету түркілерінің жоғарғы және орта деңгейін көрсетті. Бұл дегеніміз студенттердің біраз бөлігі интернет желілеріндегі түрлі экстремистік топтардың қызметіне қарсы әрекет етуге мүдделі екендігін айтуға болады, ал студенттердің біраз бөлігі бұл мәселеде әрекетке мүдделі болса да, кейбір тұстарында бей-жай караушылық бар екендігін айтуға болады.

Айқындаушы эксперименттің нәтижесін қорытындылай келе, студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша арнайы дайындық жұмыстар жүргізудің қажет екендігі анықталды. Бұл

жұмысымыздың алдыңғы тарауында берілген мазмұн мен әдістемеге орай, элективті курс ретінде жүргізу арқылы іске асырылды.

Эксперименталдық жұмыстың (тікелей педагогикалық эксперименттің) қалыптастырушы кезеңін жүзеге асыруды дидактикалық жасақтамасы студенттердің сәйкес білім, білік, дағдыларды алуы негізінде, олардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру міндеттерін сындарлы және толық шешу мақсатында іріктелді.

Арнайы педагогикалық және психологиялық әдебиетті, әртүрлі зертеушілердің практикалық тәжірибесін талдау барысында, сондай-ақ өзіміздің педагогикалық тәжірибеміз негізінде, ЖОО базасында студент тұлғасының медиақұзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық үрдісіне кіріктірілетін, бірқатар әдіснамалық және дидактикалық аспектілер анықталып, бөлінді. Соның ішінде, студент тұлғасының медиақұзыреттілігін қалыптастыру бойынша тәсілдер мен принциптер, оқыту әдісі мен амалдары, балама міндеттер анықталды[228].

Тәжірибелік-эксперименталдық жұмысты дидактикалық қамтамасыз етудің таңдап алынған параметрлері жүргізіліп отырған педагогикалық эксперименттің жалпы да, тұжырымдамалықта негіздері–медиақұзыреттілікті қалыптастырудың оқу-тәрбие үрдісінің тәсілдері, принциптері, формалары, әдістері, дәйектілігі, функциялары туралы, сондай-ақ, элективті авторлық курс бағдарламасында көрініс тапқан студенттердің медиақұзыреттілігін дамыту бойынша, оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны туралы да, ұғым береді және оған студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған нақты мақсаттар, міндеттер, формалар, әдістер, құралдар, жаттығулар мен шығармашылық тапсырмалар кірді.

Төменде дайындалған элективті курс мазмұнына сай кейбір дәрістік және семинар сағаттарының өтілу барысына сипаттама беріледі.

*Сабақтың тақырыбы:* **«Медиа» ұғымы. Медианың қоғамдағы орны мен рөлі**

*Сабақтың түрі:*ақпараттық-дәріс.

*Сабақтың мақсаты:* студенттерге медиа, бұқаралық ақпарат құралдары және олардың қызметі, ҚР-да цифрландыру туралы қабылданған құжаттар туралы мәліметтер беру.

*Сабақтың әдісі:* түсіндіре отырып баяндау әдісі, сұрақ-жауап әдісі, сұхбаттасу әдісі, әңгімелесу әдісі.

*Сабақтың көрнекілігі:* тақырып бойынша үлестірмелі материалдар, слайд.

Жоспары:

1.«Медиа» ұғымының мәні.

2.Бұқаралық ақпарат құралдары және олардың қызметі.

3.«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы.

*Барысы:*

***І. Қызығушылықты ояту***

Студентердің сабаққа деген қызығушылығын тудыру және теориялық білімдерін тексеру үшін оларға бірнеше сұрақтар қойылады:

1.«Медиа» ұғымын қалай түсінесіздер?

2.БАҚ туралы қандай мәліметтер білесіздер?

3.Ақпарат құралдарының қызметі туралы не білесіз?

4.«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасымен таныс болу, сіз үшін қаншалықты маңызды?

***II. Мағынаны тану*** *(оқытушының дәрісі, презентация түрінде)* Мәтін қосымшада беріледі.

***III. Ой - толғаныс***

1.Бүгінгі сабақтан өзіңізге не алдыңыз?

2.Тағы не білгіңіз келеді?

3.Егер сіз осы тақырыпта сабақ өткізсеңіз, оған қандай өзгерістер енгізер едіңіздер?

Әр студент өз қалауы бойынша өз пікірін ортаға салады.

Бұл дәріс сабақта студенттер ұсынылып отырған элективті курстың мазмұнындағы алғашқы тақырыптың мазмұнын ашу қатыстырылды. Дәрісте олардың өз білетіндері мен жаңа ақпарат арасына көпір жасай отырып, мазмұнды бірлесіп игеру көзделді және жүзеге асырылды. Білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру техникалары пайдаланылды.

Келесі сипатталатын сабақ түрі бұқаралық ақпарат құралдары, олардың қызметі жайлы білім беруге арналған.

*Сабақтың тақырыбы:* **Бұқаралық ақпарат құралдары, олардың қызметі**

*Сабақтың түрі:*семинар

*Сабақтың мақсаты:*студенттерге бұқаралық ақпарат құралдары және оның қызметі туралы дәріс сағатында алған білімдерін қорыту, бекіту

*Сабақта қолданылатын педагогикалық технология:* Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту.

*Сабақтың әдіс-тәсілдері:* Топқа бөлу, жарнама, постермен жұмыс, педагогикалық рефлексия

*Оқыту құралдары*: интерактивті тақта, маркер, постер, флитчарт

Практикалық сабақ сұрақтары:

1. Ақпарат дегеніміз не?

2. Ақпарат әлемінің қазіргі қоғамдағы алар орны қандай?

3. Ақпарат құралдары қазіргі қоғамдағы орны мен қызметі қандай?

*1 тапсырма*. Топ студенттері өзара ақпарат ұғымының мәнін ашады.

*2 тапсырма*. Студенттер «Ақпараттық орта» тақырыбында эссе жазу.

*3 тапсырма*. Топқа бөлу

Студенттерді 1,2,3 топқа өздері таңдаған фигуралар бойынша бөлінеді.

1 топ: Теледидар

2 топ: Мерзімдік басылымдар

3 топ. Интернет желісі

*4 тапсырма:* Таныстыру

Әр топқа өз тобына берілген тақырыпты таныстырып, жарнамалау тапсырылады. Топтық презентация.

*5 тапсырма*: Постермен жұмыс.

1 топ. Теледидардың қазіргі қоғамдағы қызметімен таныстыру;

2 топ. Мерзімдік басылымдардың қазіргі қоғамдағы қызметімен таныстыру;

3 топ. Интернет желісінің қазіргі қоғамдағы қызметімен таныстыру. *Қорытынды. Педагогикалық рефлексия. Стикерлер* тарату

Рефлексия жазуды ұсыну.

1.Стикерлерді флипчартқа жапсыру арқылы өткізілген сабақтар бойынша көңіл күйлерін білдіру.

2.Студенттер: Нені білді? Нені білгісі келеді? Ұсыныстар? Жазады.

Өткізілген дәріске өз тарапымыздан рефлексия жасасақ, бұл сағатта студенттер медиақұзыреттілікті қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдары түрлерімен, олардың қызметтерімен белсенді жағдайда танысты, пікір алмасты, ой қорытындылар жасады.

Ендігі кезекте зерттеу жұмысымыздың тірек ұғымы болып табылатын «ақпараттық қауіпсіздік» түсінігін талдауға арналған дәрістің сипаттамасын келтіреміз.

*Сабақтың тақырыбы:* **Ақпараттық қауіпсіздік**

*Сабақтың мақсаты:*студенттерге ақпараттық қауіпсіздік, қауіпті ақпараттар, ақпараттан қорғану саласы бойынша білім беру

*Сабақтың көрнекілігі:* тақырып бойынша үлестірмелі материалдар, слайд

***I. Қызығушылықты ояту кезеңі***

Студентердің сабаққа деген қызығушылығын тудыру және теориялық білімдерін тексеру үшін оларға бірнеше сұрақтар қойылады:

1.Ақпараттық қауіпсіздік мәселесін қалай түсінесіз?

2.Сананы билеуден қорғану жолдарын білесіз бе?

***II. Мағынаны тану кезеңі***

Студенттер дәріс тақырыбына қатысты үлестіріліп берілген мәтінмен «Инсерт» әдісімен оқып танысады (төменде мәтін беріледі).

Мәтінмен жұмыс барысында студенттер Инсерт «білемін», «білгенімнен басқаша», «жаңа ақпарат», «таныс емес» бағандарынан тұратын кестеге толтырған мәліметтерімен бөліседі.

***III. Ой - толғаныс***

1.Бүгінгі сабақтан өзіңізге не алдыңыз?

2.Тағы не білгіңіз келеді?

3.Егер сіз осы тақырыпта сабақ өткізсеңіз, оған қандай өзгерістер енгізер едіңіздер?

Әр студент өз қалауы бойынша өз пікірін ортаға салады.

Келесі сипатталатын сабақ тақырыбы: **«Медиақұзыреттік»** ұғымының мәні, құрылымына арналады.

*Сабақтың мақсаты:*студенттерге ақпараттық қоғам жағдайында медиаөнімдерін сауатты тұтынуға қажетті құзыреттілік, оның құрылымы мен қызметі жайлы түсініктер беру.

*Сабақта қолданылатын әдістер*: «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы, эссе жазу, топқа бөлу, постермен жұмыс, топтық талқылау, рефлексия сияқты әдістері.

*Оқыту құралдары:* интерактивті тақта, маркер, постер, флитчарт.

Түрлі-түсті стикерлер арқылы топтарға бөлу.

*Ой қозғау:*

1.«Медиақұзыреттілік» дегеніміз не? Топтастыру (кластер) жасау.

Топтарда орындалған жұмыстар жария етіледі.

*Мағынаны тану:*

Оқытушы дайындап әкелген үлестірме материалмен (немесе презентациямен) жұмыс.

*Ой толғаныс:*(топтық жұмыстар)

1.Медиақұзыреттілік кімге және не үшін қажет? (постер дайындау)

2.Қызметі қандай? (графикалық бейнелеу)

3.Медиақұзыреттілік мәнін қалай түсінесіз? (кластер құру)

4.Медиақұзыреттілік қалай қалыптасады? (эссе жазу)

Әр топтың жұмыстары тыңдалып, қорғалады, қорытындыланады.

*Қорытынды. Педагогикалық рефлексия. Стикерлер* тарату және көрсету арқылы өтілген дәріс жайындағы көңіл - күйлерін білдіреді.

Келесі сипатталатын дәріс тақырыбы: **«Жарнама саласындағы медиқұзыреттілік»** деп аталды.

***Ой қозғау кезеңі:*** Студенттерді жарнама туралы білетіндері бойынша ассоциациялық қатар жазу тапсырылады.

***Мағынаны тану кезеңі:***Төмендегі мәтін бойынша презентация жасалады.

*Жарнама түрлері, жарнама әсері, жарнама білдіру тәсілі, ұтымды жарнама, эмоционалдық жарнама, «қатты» және «жұмсақ» жарнама сурет жарнамасы, тұрақтылық жарнамасы, ішкі жарнама, өнім сату көлемін ұлғайту мақсатындағы жарнама, нанымды жарнама, ынталандыру, салыстырмалы, күшейтетін, ақпараттық жарнама;*

*Жарнамалық қызметінің психологиялық құрылымы, эмоционалды-апелляциялық жарнама, жарнамалық қызметтің шығармашылық стратегиясы.*

*Жарнаманың танымдық компоненті, жарнама сезімі, жарнама қабылдауы, жарнамалық бейне, жарнамаға назар, жарнама жаднамасы.*

*Жарнамадағы эмоциялық компонент, жарнамадағы мінез-құлық компоненті, шығармашылық жарнама.*

*Жарнамалық тәжірибедегі стереотиптері: үстемдік стереотиптері (қабылдау, ойлау, мінез-құлық), теріс стереотип, оң стереотип, бейтарап стереотип;*

*Жарнама қажеттіліктері: иерархиялық қажеттіліктер, объективті қажеттілік, саналы қажеттіліктер;*

*Жарнама мотивтері: тұтынушылық, эмоционалдық, ұтымдылық себептері, құралдық, эстетикалық, бедел себеп-дәлелдері, сәндік, өзін-өзі бекіту себептері, дәстүрлі т.б.*

Бұдан соң «*Себепті нүкте*» (сауықтыру холдингі) тақырыбында жарнама көрсетіліп, жұмысымыздың бетінде келтірілген жарнаманы талдау кестесі

және жарнамалық хабарламаларды қабылдау деңгейін анықтауға арналған тест бойынша топтарда талдау жасалды (5-қосымша).

*«Баспасөз материалдарын тұтынудағы сауаттылық»* тақырыбында өткен семинар сабағын 03.03.17ж. «Жас қазақ» газеті № 9-санында жарияланған **«Аслан мен Сағынбек Сирияда жүр»** атты материал ізімен, ***пікірталас*** түрінде өтті.

Үй тапсырмасы ретінде танысып келуге берілген мақаланы талқылау үшін төмендегі сұрақтар әзірленді:

1. Жат ағымның жетегінде жүргендерді желіктірген қандай күш?
2. Қан төгуге шімірікпей ұмтылудың артында не тұр?
3. Жастарымыздың мешіттен гөрі, Интернетті жөн көріп, имам - ұстаздан бұрын, мұхиттың ар жағында отырған белгісіз біреулерге жүгінуді қалыпты жағдайға айналдыруының сыры неде?

Студенттер қарастырылған мәселе бойынша, өз ойларын білдірді. Олардың ішінде: діни сауаттылықтың жоқтығы, ақпаратты ұсынушылардың материалдық көмек беруі, жастардың әлеуметтік жағдайларының төмендігі, ата - аналардың отбасында бала тәрбиесін әлсіретіп алуы, Интернет өнімдеріне деген цензураның жоқтығы сияқты пікірлер айтылды. Қорыта келе, студенттер осының барлығы жастардың медиаөнімдерін тұтынуда сыни тұрғыда талдау жасай білмеу, медиасауаттылықтың жеткіліксіздігі деген тұжырымға келді. Пікірталас сағатының соңында талданған мәселеге қатысты бес минуттық **эссе** жазу тапсырылды.

Интернет желілері арқылы өте жиі берілетін бейне роликтер жастар назарын аудармай қоймайды. Эксперимент барысында студенттермен талқылауға ұсынылған әлеуметтік бейнеролик «Данияр» деп аталады. Бұл бейнероликті автор өзінің бірінші режиссерлік жұмысым деп таныстырады. Әлеуметтік желіде 31.08.2017ж. жүктелген бейнероликтің сюжеті 12 – қосымшада. Бұл материалмен жұмыс диссертацияның 2.2. параграфында сипатталған **Болжамдар кестесі** бойынша жүргізілді. Студенттер кестені толтыру арқылы сюжеттің бөлшектерін болжау арқылы мұқият талдауға машықтанады. Олар оқиғаның себеп-салдар қатынастарын талдау, оқиғаларды салыстыру арқылы оқиғаларды дамытуды алдын ала білуді ынталандырылады (15 - кесте).

15 – кесте. Болжамдар кестесі

| № | **Сұрақтар** | **Жауаптар** | **Болжам** |
|---|---|---|---|
| 1 | Бейнероликтің мән-мағынасы неде? | | |
| 2 | Қыз бір нәрсені уайымдап жүрген бе еді? | | |
| 3 | Қасындағы орын неге бос? | | |
| 4 | Ол орынға неге мән беріліп тұр? | | |
| 5 | Жігіттің қатысы қандай? | | |
| 6 | Неге өкінішке толы көзқарас? | | |
| 7 | Бұл суицид пе? | | |
| 8 | Қалай әсер етті? | | |

Осы әдістеме негізінде бейнероликке қатысты әр студент іштей диалогқа қатысады. Оқиғаның желісіндегі бұрылыстар, күтпеген жайттар ашылады, олардың орын алуының себебі болжанады. Бастысы медиаөнімді осылайша талдау арқылы, студенттердің сыни тұрғыда ойлауының дамуына мүмкіндік алып, ақпараттың әсер етушілік астарлары айқындалады, студенттер «сабақ» алады.

Бағдарламаның 11-дәріс семинар сабағында талқыланған «Артық салмақтан қалай арылуға болады?» деп аталатын жарнамалық роликті таңдау себебіміз студент қыздардың көпшілігі осы проблемамен «ауырады». Бейнероликте бір көргенге бастапқы және кейінгі нәтижесі көрсетілген осындай мәселесі бар адамға сенім ұялататын суреттер бейнеленген. Нәтижесін көргенде, еріксіз адамда қызығушылық пайда болады. Әсіресе, аз уақыт ішінде: 18, 30, 25 кг салмақ тастау, өте еліткіш сандар.

Студенттер бейнероликті талдау арқылы ақпараттың ақиқаттығына не жалғандығына өз пікірлерін білдірді (13–қосымша).

Тағы бір тапсырмада өздік жұмыс барысында студенттер жаңалықтар порталы пайдаланушыларының қандай да болмасын жаңалық жариялымдарына түсініктемелерін талдайды. Реципиенттердің жұлдыздар өмірі, сенсациялар, қалыпты емес құбылыстар туралы жаңалықтарға реакцияларын талдау, содан кейін топта талқылау барысында сананы билегіштіктен қорғаныс бойынша шартты конференция үшін пайдалануға болатын 5 тезис әзірлеу ұсынылады. Тапсырма идеясы, студенттер өздерін адамның эмоционалдық саласына сананы билегіштіктің қаупін және одан қорғану мүмкіншілігін түсіндіруі тиіс спикерлер ретінде сезінуі жатады.

Қалыптастырушы эксперимент барысында жүргізілген *«Жаңалықты пікірден қалай ажыратуға болады?»* тақырыбындағы тренинг төмендегіше ұйымдастырылды.

Қажетті материалдар: Күнделікті газет көшірмелері, интернетке қолжетімдік және компьютерлер.

**Үлестірме материалдар:**

1. «Медиаконтент»; 2. «Жаңалықтың пікірден айырмашылығы»; 3. «Факт немесе пікір?»; 4. «Факт, пікір, сөздер-маркерлер»; 5. «БАҚ-тағы бүркемеленген пікірлерді анықтау әдістері».

Студенттерге үлестірме материалдар таратылып, танысып шығу және топтарда талқылау тапсырылды. Содан соң әр топтың жауаптары тыңдалып, оларға қатысты пікірлер ортаға салынды.

Келесі тренинг болашақ педагогтерді балаларға медиаөнімдерін талдауға үйретуге қатысты болды. Ол үшін арнайы сұрақтар қоюға машықтандыру міндеті тұрды. Бұл ретте балалардың қойылған сұрақтарға «дұрыс жауап» беру онша маңызды емес, іс жүзінде ол идеялармен алмасу үрдісі екендігіне баса назар аударылды.

Қойылатын сұрақ үлгілері: 1. Бұл медиаөнім біреулерге ақша табуға қалай көмектеседі? Бұл тарихқа, кейіпкерлерге немесе тақырыпқа қалай әсер

етеді? 2. Бұл медиаөнім кімге арналған? (жынысы қандай, жасы қандай, қызығушылықтары қандай және т.б.). Бұл оқиға кімге бағытталған? 3. Егер ол басқа адамдарға арналса, басқаша болу мүмкін бе? 4. Кімнің күші мен билігі артығырақ? Ол басқа кейіпкерлерге қалай әсер етеді? 5. Қандай адамдар мен әрекеттер марапатталған, ал қандайлар жазаланған? Сендердің ойларыңызша, неге? 6. Бұл не? (Телешоу, кино, бейне ойын, журнал және т.б.). 7. Егер медиаөнімде зорлық, төбелес сценалары бар болса, онда балалардың пікірі бойынша, осындайға қатысқан адамдар нақты өмірде не сезінген болар еді? 7. Мультфильмдерде жаман кейіпкерлердің дауыстары қандай? Ал жағымдылардікі қандай?

Студенттер осы сұрақтарды өз тараптарынан ұсынып, нақты медиаөнімдер негізінде мүмкін жауаптарды талқылады.

Медиақұзыреттілікті қалыптастыру үшін берілетін шығармашылық тапсырмаларда медиамәтіндерге, кинофильмдердерге пікір жазу және арнайы жасалынған кесте толтыруда тапсырылды (4-қосымша). Тапсырманы орындау барысында осы курс үшін арнайы әзірленген терминдер сөздігін пайдалану ұсынылды. Дайын мәтіндер сабақта оқылып, жетілдіру бағытында оқытушы тарапынан ақыл кеңес берілді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, практикалық сабақтар педагогикалық қызмет бойынша өздік тәжірибе негізінде іріктелген, оқу материалын зерделеудің белгілі бір тәсілдері мен курс мазмұны бойынша оқу-әдістемелік әдебиетті талдау негізінде ұйымдастырылды.

Зерттеу барысында жүргізілген педагогикалық тәжірибе дәріс, семинар СОӨЖ сағаттарындағы қолданылған интерактивті әдістер мен диалогтік өзара әрекеттестік тәсілдері студенттер мен оқытушының бірігіп, шешім қабылдауына ықпал етіп, студенттерінің медиақұзыреттілігін қалыптастырудағы білім беру үрдісін инновациялау мүмкіндігін туғызды. Сонымен зерттеу жұмысымыздың қалыптастыру эксперименті жоспарға сәйкес жүзеге асырылып, алға қойылған практикалық мақсаттардың шешілуіне мүмкіндік алдық.

Осылайша, медиабілім беру, медиақұзыреттілікті қалыптастыруға бағытталып ұйымдастырылған дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтар жүйесі студенттердің медиабілім тарихы, дамуының кезеңдеріне сәйкес теориялар мен тұжырымдамалармен танысуларына, медиамәтіндерді талдап, ойын, мақсатын түсінуге үйретеді, тәжірибе жүзінде медиаәлемінің құпияларын саналы ұғынуға жағдай жасайды деген қорытынды жасалады.

Қалыптастырушы эксперимент соңында студенттердің медиқұзыреттілігін қалыптастыруды диагностикалаудың айқындаушы эксперимент кезінде жүргізілген диагностикалық әдістер қайтаталап алынды. Алғашқы сауалнама нәтижелеріне назар аударсақ, бақылау және эксперимент топтары студенттерінің басым бөлігі негізгі ақпарат құралдары ретінде интернет, одан кейінгі орнында теледидар деген шешімдерін өзгертпегенін анық аңғаруға болады.

Ал қазіргі кезде ЖОО - да студенттеріміздің медиа, медиаөнімдер, медиақұзыреттілік туралы білімдерін анықтау мақсатында «Ақпарат туралы таным» әдістемесі бойынша (сауалнаманы қайталап жүргіздік.

Кесте 16 - Бақылау және эксперимент топтарында «Ақпарат туралы таным» әдістемесі бойынша алынған сауалнаманың көрсеткіштерінің тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

| № | Ақпараттық–коммуникациялық технологиялар танымы | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
|---|---|---|---|
| 1 | жоғары | 28,5 | 37,8 |
| 2 | орта | 42 | 54 |
| 3 | төмен | 29,5 | 8,2 |




10 – сурет. Бақылау және эксперимент топтарында «Ақпарат туралы таным» әдістемесі бойынша алынған сауалнаманың көрсеткіштерінің тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

17 – кесте. Бақылау және эксперимент топтарында «Ақпарат туралы таным» әдістемесі бойынша алынған сауалнаманың қорытындысының тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

| № | Деңгейлері | Тәжірибеге дейін (%есебімен) | | Тәжірибеден кейін (%есебімен) | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Бақылау тобы | Эксперимент тобы | Бақылау тобы | Эксперимент тобы |
| 1 | жоғары | 10,5 | 12,2 | 28.5 | 37,8 |
| 2 | орта | 42,3 | 44,5 | 42,0 | 54,0 |
| 3 | төмен | 47,2 | 43,3 | 29,5 | 8,2 |




11 – сурет. Бақылау және эксперимент топтарында «Ақпарат туралы таным» әдістемесі бойынша алынған сауалнаманың қорытындысының тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

Алынған нәтижелерге сүйене отырып, біз эксперимент тобында «медиа», «медиабілім», «медиасауттылық», «медиқұзыреттілік» жайында білімдерінің біршама толыққанын, медианың сананы билегіштік әсерінен қорғанудың тәсілдерінен хабарлары бар екендігін анық аңғаруға болады. Ал бақылау тобында эксперимент тобымен салыстырмалы түрде айтарлықтай өзгерістің болмағандығын көруге болады.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысының эксперименттік бөлігін қорытындылау кезеңінде Н.Лукानованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша сауалнамасын да қайта жүргіздік.

18 – кесте. Лукановaның «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы қорытындысының тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

| **№** | **Критерийлері** | **Бақылау тобы** | | | **Эксперимент тобы** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Деңгейлер | | | | | |
| | | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен |
| 1 | мотивациялық | 51,7 | 36 | 12,3 | 53,4 | 35 | 11,6 |
| 2 | танымдық-әрекеттік | 51,5 | 37 | 11,5 | 51,5 | 35 | 13,5 |
| 3 | бағалаушылық | 48,6 | 38 | 13,4 | 49,6 | 35 | 15,4 |




12 – сурет. Луканованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы қорытындысының тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

19 – кесте. Луканованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнамасының салыстырмалы қорытындысының тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

| Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру | **Тәжірибеге дейін** | | | | | | **Тәжірибеден кейін** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бақылау тобы | | | Эксперимент тобы | | | Бақылау тобы | | | Эксперимент тобы | | |
| | деңгейлері | | | | | | Деңгейлері | | | | | |
| | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен | жоғары | орта | төмен |
| мотивациялық | 2,5 | 39,1 | 48,4 | 13,6 | 39 | 47,4 | 51,7 | 36 | 12,3 | 53,4 | 36 | 10,6 |
| танымдық-әрекеттік | 10,2 | 39,2 | 50,6 | 11,2 | 39,3 | 49,5 | 51,5 | 37 | 11,5 | 51,5 | 37 | 11,5 |
| бағалаушылық | 9,5 | 38 | 52,5 | 10,5 | 36 | 53,5 | 48,6 | 38 | 13,4 | 49,6 | 38 | 12,4 |
| *Орташа мәні* | **тобы** | **38,7** | **50,5** | **11,76** | **38,1** | **50,13** | **50,6** | **37** | **12,4** | **51,5** | **37** | **11,5** |



13 – сурет Лукискованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы қорытындысының тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

Бақылау және эксперименттік топтар арасындағы Лукискованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» әдістемесі бойынша: медиа, медиаөнімдері, медиақұзыреттілік жайындағы білім деңгейлері арасындағы айырмашылықты анықтау мақсатында «Тәуелсіз таңдамалар үшін Стьюденттің Т-критерийін» қолдандық (20 - кесте).

20–кесте. Лукискованың «Киберэкстремизм қызметіне қарсы күрес түрткілерін қалыптастыру деңгейін диагностикалау әдісі» бойынша жүргізілген сауалнама қорытындысының тәжірибеге дейінгі және кейінгі деңгейі (%) («*Тәуелсіз таңдамалар үшін Стьюденттің Т-критерийі» бойынша*)

| Киберэкстремизм қызметіне қарсы Күрес түрткілерін қалыптастыру | Тәжірибеге дейін | | | | | | Тәжірибеден кейін | | | | | | Бақ.т. | Эксп.т |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Бақылау тобы | | | Эксперимент тобы | | | Бақылау тобы | | | Эксперимент Тобы | | | Тэмп. | Тэмп. |
| | деңгейлері | | | деңгейлері | | | деңгейлері | | | деңгейлері | | | P | p |
| | $M_1$ | $m_1$ | σ1 | $M_1$ | $m_1$ | σ1 | $M_2$ | $m_2$ | σ2 | M2 | m2 | σ2 | | |
| М | 1,8 | 0,34 | 2,1 | 1,84 | 0,9 | 2,73 | 1,1 | 1 | 0,1 | 1,9 | 0 | 1,9 | 0,440 | p=0,05 0,275 |
| Т-I | 0,5 | 0,44 | 0,1 | 0,56 | 1,2 | 0.63 | 0,9 | 0 | 0.9 | 0 | 0 | 0 | 0,318 | p=0,05 1.604 |
| Б | 1,2 | 0.76 | 2 | 1,26 | 2,1 | 3.37 | 2 | 1 | 1 | 1,9 | 0 | 1,9 | 0,110 | p=0,05 0,452 |

Зерттеу жұмысымыздың нәтижелер сенімділігін тексеру «Хи-квадрат» критерийін қолдану арқылы жүзеге асты. Мұндағы өлшемді есептеу формуласы:

$$\chi_n^2 = \sum_{i=1}^{n} \frac{(O_i - E_i)^2}{E_i}$$

Нақты және күтілетін жиіліктегі айырмашылықтардың сенімді екендігін анықтау үшін $\chi^2_{эксп}$ мәнін осы критерийдің сынилық мәнімен $\chi^2_{крит}$ салыстыру қажет.

Айырмашылықтардың сенімділігі туралы $\chi^2_{эксп}$ мәні сынилық мәнінен асқан кезде ғана қорытынды жасауға болады.

Бұл жағдайда $\chi^2_{эксп}$ =482,071, ал $\chi^2_{крит}$ = 447,68 мәндеріне тең болды. Демек, эксперименттік мән сыни мәннен асып кетті. Сол себепті, бақылау және эксперименттік топтар арасындағы шынайылық деңгейі p = 0,05 мәнінде көрсетіледі.

Қорытынды есептеулер бақылау тобына қарағанда, эксперименттік тобындағы нәтижелердің артқандығын көрсетеді. Қалыптастырушы

эксперимент нәтижелері кәсіби дайындық барысында студенттерге «медиа», «медиабілім», «медиасауаттылық», «сананы билеу», «медиақұзыреттілік» турасында теориялық және практикалық білімдер жиынтығын ұсыну, медиа өнімдерін тұтынуда талғам мен ойлылықты дамытуға бағытталған жұмыстардың тиімді болғанын байқатады.

Бақылау және эксперимент топтарына жүргізген сауалнаманың алдыңғы және соңғы қорытындыларына назар аударсақ, бақылау тобының студенттерінің жауаптарында аздаған ілгері жылжу байқалады, ал эксперимент тобының студенттерінің жауап қорытындысынан біршама ілгері жылжу байқалады.

Қалыптастырушы эксперименттің қорытынды нәтижесі медиақұзыреттілік компоненттерінің өсу динамикасын шығаруды талап етті.

Жұмысымыздың 2.1. параграфында анықталған медиақұзыреттіліктің *мотивациялық, танымдық-әрекеттік* және *бағалаушылық* компоненттердің көрсеткіші бойынша анықталған мәліметтердің графикалық бейнесі 14-суретте беріліп отыр.




14 – сурет. Студенттердің медиақұзыреттілік көрсеткіштерінің тәжірибеге дейінгі және тәжірибеден кейінгі деңгейі (%)

Суретте бақылау тобына қарағанда тәжірибе тобындағы нәтижелердің артқандығын көрсетеді. Қалыптастырушы эксперимент нәтижелері кәсіби дайындық барысында студенттерге «медиа», «медиабілім», «медиасауаттылық», «сананы билеу», «медиақұзыреттілік» турасында теориялық және практикалық білімдер жиынтығын ұсыну, медиаөнімдерін тұтынуда талғам мен ойлылықты дамытуға бағытталған жұмыстардың тиімді болғанын байқатады.

Алынған нәтижелерді растау үшін t-критерий Стьюдент өлшемін төмендегі формуланы қолдану арқылы орташа мәндерін салыстырып анықтадық:

$$t = \frac{M_1 - M_2}{\sqrt{m_1^2 + m_2^2}}$$

$M_1$- бірінші салыстырмалы жиынтығының арифметикалық орташа мәні, $M_2$ - екінші салыстырмалы жиынтығының арифметикалық орташа мәні, $m_1$

- бірінші арифметикалық орташа мәнінің қателігі, $m_2$ - екінші арифметикалық орташа мәнінің қателігі.

$$t_{эмп} = \frac{|\bar{x} - \bar{y}|}{\sqrt{n_1 \cdot D_x + n_2 \cdot D_y}} \cdot \sqrt{\frac{n_1 \cdot n_2}{n_1 + n_2} \cdot (n_1 + n_2 - 2)}$$

Жоғарыда көрсетілгендей, есептелген критерий мәні сыни мәннен жоғары болғандықтан, эксперименттік топта байқалған мәліметтер т-эмпирикалық шаманың t- сынилық мәннен аз болғанын көреміз. Яғни, бақылау тобымен салыстырғанда, эксперименттік топтың жоғары көтерілгеніне көз жеткіземіз.

Біз үшін медиақұзыреттілікті қалыптастыру сананы билеу мәселесі бойынша, тек білім алып қою қажеттілігін түсіну ғана емес, сонымен қатар оған қарсы тұра алу қабілеттерін өз бетімен жетілдіру, бұл бағыттағы білік, дағды, білім, қасиеттер мен уәждік мақсаттардың қалыптасуына да кеңінен ықпал етті деген тұжырымға сәйкес келеді. Студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың әрекеттік тәсілін қолдану, бұл тәсілдің білім алушылардың белсенді, өнімді, өздік және топтық жұмыстарға бағдарлануы, педагогикалық жұмыс мазмұнының вариативтілігінде, студенттер орындайтын жұмыстардың әртүрлілігінде көрінетін педагог оқытудың белсенді әдістерін таңдауы сабақтардың бір сарындылығын төмендетіп, студенттердің орындалатын жұмысқа қызығушылығын арттырды. Зерттеудің міндеттерінің бірі медиақұзыреттілікті дамыту үшін жасалған мазмұны болашақ мамандардың медиаөнімдерді тұтынуға деген мотивтерін жоғарылатып, медиаға қатысты теориялық және практикалық білімдер мен біліктер жинақтауға мүмкіндік берді. Алған білімдерді тәжірибеде қолдана алу дағдыларының қалыптасуына оң ықпал етті.

Студенттердің медиа жайындағы білімдер алып, медиөнімдерді сауатты қолдануға дағдыландыру бойынша жасалған элективтік курс барысында қолданылған RWCT - мен біз ұсынған арнайы әдістердің олардың сыни ойлауын дамытуға ықпалы болды. Өз кезегінде студенттердің медиатұтынушы ретіндегі қажетті құзыреттіліктерінің жетілгенін көрсетті. Эксперимент барысындағы осы бағытта жүргізілген жұмыстар студенттердің медиқұзыреттіліктерін қалыптастыру үрдісін технологияландырудың нәтижелі болғандығын байқатты.

Бұдан шығатын қорытынды зерттеу міндеттерінің өз шешімін тапқандығын, ұсынылған психологиялық-педагогикалық шарттардың дұрыс таңдалғанын дәлелдейді. Эксперимент бағдарламасында ұсынылған үш негізгі кезең («диагностика – курс – диагностика») алдыға қойылған зерттеу міндеттері аясында ең логикалық дұрыс шешім екендігі дәлелденді. Осы кезеңдер эксперименттің барлық уақыттарында сыналушылардың медиақұзыреттілік көрсеткіштері мен критерийлерінде болып жатқан өзгерістерді талдауға мүмкіндік берді, ал эксперименттің қалыптастырушы кезеңі медиақұзыреттіліктің барлық компоненттерінің қалыптасуында өсу бар екендігін көрсетті.

Тәжірибелік эксперименттік жұмыстар аяқталғаннан кейін де ЖОО студенттерінің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-шаралар жүргізілді (6-қосымша). Атап айтсақ, «Педагогика және психология» бакалавриат мамандығы аясында «6В01102-Медиапедагогика» білім беру бағдарламасының (9-қосымша); 7М011-Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша, тағайындалатын дәрежесі Педагогикалық ғылымдар (Медиапедагог) магистрін дайындау үшін үлгілік ББ бағдарламалары жасалды (10-қосымша).

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы сайтында 2021-2022 оқу жылынан бастап, жалпы білім беретін, арнайы және мамандандырылған мектептерде вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болатыны келтірілген[229]. Осыған орай бұл пәнді жүргізуге педагогтерді даярлау мақсатында «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы педагогтердің біліктілігін жетілдіру бағдарламасы ұсынылған.

Зерттеу жұмысымыздың тәжірибелік-эксперименттік жұмысының жалғасы ретінде, осы курсты жүргізуге қатыстым. 72 сағат көлемінде жаһандық құзыреттілік аясында «Медиасауаттылық» атты курс 2021 жылдың 11-27 - қазан аралығында жүргізілді (7, 8 - қосымша).

«Медиасауаттылық» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы: мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орнының ұстаздарына, мектеп және университет сынды жоғары оқу орындарының басшыларына, сонымен қатар жоғарғы оқу орындарының студенттеріне медиабілім арқылы дүниетанымын кеңейтіп, өз білімдерін жаңарту мен кәсіби біліктіліктерін дамытуға мүмкіндік береді (11 - қосымша).

Зерттеу мәселесі бойынша алынған нәтижелерді мектептер мен ЖОО тәжірибесіне ендіру жұмыстары алдағы уақыттарда да жалғасын таба береді.

# ҚОРЫТЫНДЫ

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы қоғамдық қозғалыстар негізінде жүзеге асып, қоғамдағы кез келген өзгеріске тәуелді болады. Бүкіл әлемде болашақ мамандардың медиақұзыреттілігін қалыптастыру жоғары деңгейлі маманның бүгінгі күннің шындығын, ақиқатын білуге, ақпарат ағынынан қажетті, пайдалы мәліметті таңдай, таба, тұтына алуға даярлау, сол бағытта білім берудің жаңа амалдарын іздестіру, әзірлеу қажеттілігі артуда. Бұл айтылғандарды табысты меңгерген болашақ мамандар өзінің жеке және әлеуметтік өмірінде практикалық білік пен дағдыларын кәсіби қызметінде жүзеге асыруына мүмкіндігі болады. Біздің зерттеу жұмысымыз Қазақстанды ақпараттандыру, барлық саланы цифрландыру жағдайындағы өзекті мәселелердің бірі – студент жастардың медиақұзыреттілігін қалыптастыруға арналды.

Зерттеу жүргізу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді:

- ***біріншіден,*** философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге талдау жасай отырып, «студенттердің медиақұзыреттілігі» ұғымының мәні мен оның қазіргі кезеңдегі орнын айқындап, қалыптастырудың мүмкіндіктері анықталды; зерттеу алдына қойған міндеттерге сәйкес тұлғаның ізделініп отырған сапасын қалыптастырудың теориялық, әдіснамалық астарлары талданып, ақпараттық қоғам жағдайында медиақұзыреттілікті дамытудың негізі болып табылатын медиабілімнің шетелдерде және Қазақстанда даму тарихы, олардың сипаттамалық белгілері, мақсаттары, міндеттері теориялық тұғырлары мен ұстанымдары айқындалды;

- ***екіншіден,*** зерттеу жұмысының тірек ұғымдары болып табылатын «медиа», «медиабілім», «медиақұзыреттілік», «сананы билеу» (манипуляция) ұғымдарының мәнін зерттей отырып оларға берілген анықтамалар мен тұжырымдарды жүйеге келтіріліп, жан жақты сипаттама берілді, олардың бір-бірімен өзара байланысы көрсетіліп және аталған түсініктер зерттеу пәніне сәйкес нақтыланды. Сондай-ақ, бұл ұғымдардың өзара қатынасы мен қазіргі қоғамдағы, жеке тұлға дамуындағы, мемлекет дамуындағы, ішкі және сыртқы қарым-қатынас мәселесіндегі маңызы айқындалды;

- ***үшіншіден, с***туденттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық–қызметтік моделі мотивациялық, танымдық–әрекеттік, бағалаушылық компоненттер мен олардың көрсеткіштерінің, әдіснаманың әрекеттік, құзыреттілік, аксиологиялық, семиотикалық тұғырлары, жан жақтылық, теория мен тәжірибенің бірлігі, тұлғаның әлеуетін дамыту ұстанымдары, біртұтас педагогикалық үрдістің құрамалары: мазмұн, әдіс-технологиялар, құралдар негізделген, зерттеліп отырған сапаның деңгейін анықтайтын әдістер мен әрекеттер жиынтығынан тұратын құрылымы айқындалды және сынақтан өтті;

- ***төртіншіден,*** ЖОО-да кәсіби білім алу барысында медиқұзыреттілікті қалыптастыруды нәтижелі ететін:

- студенттердің медиаөнімдердің, сананы билеушілік (манипуляция) астарларынан болатын қауіпті түсінуіне жағдай жасау;

- студенттердің медиаөнімдерді тұтынуға сыни көзқарасын қалыптастыру;

- студенттердің медиамәтіндерді қабылдау және түсіну үрдісін технологиялық қамтамасыз ету (бірлесе талдау) сияқты психологиялық-педагогикалық шарттары негізделіп, тәжірибеден өтті.

- ***бесіншіден,*** студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға арналған «Медиабілім негіздері» атты элективті курс мазмұны әзірленіп, пәнді жүргізудің даярланған әдістемесі сынақтан өтіп, оң нәтижесін берді. Жүргізілген тәжірибелік-эксперимент қорытындысында жоғары оқу орындары оқытушылары үшін пәннің оқу-әдістемелік кешені, медиақұзыреттілікті дамытуға арналған «Медиабілім және медиқұзыреттілік» атты оқу-әдістемелік құралы даярланып баспадан шықты. Сондай-ақ, Педагогика-психология бакалавр мамандығы бойынша «6В01102-Медиапедагогика» білім беру бағдарламасының үлгілік жобасы және 7М011 - Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша, (Медиапедагог) магистрін дайындау үшін БББ үлгілік жобасы дайындалды. Жүргізілген жұмыстар мен алынған нәтижелер төмендегідей ***ұсыныстар*** жасауға негіз болды:

1.Студенттердің медиақұзыреттілігін дамыту мәселесін жоғары мектеп педагогикасындағы өзекті мәселе ретінде танып, міндетті пәндердің мазмұнына арнайы тақырыптар енгізудің мүмкіндіктерін қарастыру.

2.ЖОО профессорлық-оқытушылар құрамының студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыруға арнайы даярлау мақсатында университеттің біліктілікті арттыру және қашықтықтан оқыту бөлімі арқылы курстық және семинар жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру.

3.Университет жағдайында студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық және психологиялық жұмыстар аудиториядан тыс шараларда жан жақты жүзеге асыруды жоспарлау, тұрақты және жүйелі ұйымдастыру.

4.Студенттердің бұл сапаларын қалыптастыру үшін «Медиабілім негіздері» пәнін барлық педагог мамандарын даярлайтын оқу орындары мен орта білім беретін ұйымдардың оқу бағдарламасына ендірудің мүмкіндігін қарастыру.

5.ЖОО-да студенттердің медиақұзыреттілігін қалыптастыру арқылы БАҚ өнімдерінің сананы билегіштік әсерінің алдын алуды толыққанды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін әдістемелік-дидактикалық ресурстық базасын құру.

Зерттеу мәселесі күрделі, әрі көп бағытты болғандықтан, оның нәтижелері болашақта студенттерге медиабілім берудің жаңашылдық әдістері, жоғары мектеп оқытушыларын студенттердің медиақұзыреттіліктерін қалыптастыруға даярлау мәселелері бойынша жан жақты ғылыми тұрғыда әрі қарай зерттелуі қажет деп санаймыз.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. inform.kz. https://www.inform.kz/kz/cifrlyk-kazakstan_t8246 (27.11.2021ж. қаралған)

2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555

3 Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169

4 Назарбаев Н.Ә. Біздің бағдарымыз—бірігу, қоғамдық прогресс және әлеуметтік серіктестік болуға тиіс // Егемен Қазақстан. – 1993, мамыр - 13.

5 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация /Пер. с анг. – М.: Когито-Центр, 2002. -396с.

6 Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека.–М.:Прогресс, 1994. - 387 с.

7 Роберт И.В. Теория и методика информатизации образования (психолого-педагогический и технологический аспекты). БИНОМ Лаборотория знаний. М.: - 2014. -398

8 Хуторской А.В. Компетентностный подход в обучении. Научно-методическое пособие. А.В.Хуторской. — М.: Издательство «Эйдос»; 2013.-73с. (Серия «Новые стандарты»).

9 Құдайбергенова Г.Қ. Құзырлық ұғымының теориясымен әдістемесі оқу құралы. – Алматы, 2008. – 54 б.

10 Абсатова М.А., Таженова Г.С. т.б. ЖОО оқыту үрдісін құзыреттілікке бағытталған амал негізінде ұйымдастыру (оқу-әдістемелік құрал). Алматы, 2016ж.140 б.

11 Кунакова К.У. К проблеме измерения профессиональных компетенций преподавателей высшей школы / К.У.Кунакова, Г.С.Примбетова //Вестник Академии педагогических наук Казахстана. – 2020. – № 1(93). – С. 41-48.

12 Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері. - Алматы, 2010.–287 б.

13 Нағымжанова Қ.М. Студенттердің кәсіби тұрғыдан өзін–өзі дамыту моделі. /Қазақстанның ғылымы мен өмірі. //Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. – 2018. №3 (58) – Б.164-167.

14 Нұргалиева Г.Қ. және т.б. Білім беру порталдарын жасау әдістемесі: Оқыту әдістемелік құрал – Алматы, 2010. – 45 б.

15 Балықбаев Т.О. Теоретико-методологические основы информационной модели формирования студенческого контингента вузов: дисс.... док.пед.наук: –13.00.01. – Алматы, 2003. – 298 б.- 0503РК00052.
16 Қараев Ж.А. Активизация познавательной деятельности учащихся в условиях применения компьютерной технологий обучения. дисс.... д.п.н.: 13.00.01-Общая педагогика. Алматы, 1994.
17 Кобдикова Ж.У. Үш өлшемді әдістемелік жүйе (ҮӘЖ)‖ нәтижеге бағытталған білім берудің тиімді механизмі.- Алматы, 2008.- 110 б.
18 Халықова К.З. Тұлғаны компьютер негізінде дербес оқытудың педагогикалық мүмкіндіктері (5-6 класс информатика курсы материалдары негізінде): пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 1995. – 215 б.
19 Абыканова Б.Т. Компьютерлік технологияны пайдалану арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттырудың дидактикалық шарттары: пед.ғыл.канд. ... дисс.: 13.00.01. – Алматы, 2005. – 143 б.
20 Бидайбеков Е.Ы. Развитие методической системы обучения информатике специалистов совмещенных с информатикой профилей в университетах Республики Казахстан: дисс. ... докт. пед. наук:. 13.00.02. – М., 1998.
21 Жүсіпбалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения: дисс. ... докт. пед. наук:. 13.00.01. – Алматы, 1997. – 284 б.
22 Беркімбаев К.М. Студенттердің кәсіптік құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде қалыптастырудың тиімділігін зерттеу нәтижелері / К.М. Беркімбаев, Г.Ж. Ниязова // Шоқан тағылымы-13 Халықаралық ғылыми-практикалық конф. баянд. Том 6. Көкшетау, 2008. – 272-275 б.
23 Сағымбаева А.Е. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дисс.:.13.00.02. – Алматы, 2004.
24 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: дисс. ... пед. ғыл. докт.: 13.00.08. – Қарағанды, 2005. – 267 б.
25 Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Түркістан, 2007. – 150 б.
26 Сыздыкбаева Г.У. Формирование профессионально-личностной компетенции студентов педагогических вузов: канд. пед. наук. ... дисс.:13.00.01. – Алматы, 2006. – 136 б.
27 Чакликова А.Т. Информатизация профессиональной подготовки страноведов-международников в условиях университетского образования: дисс. ... к.п.н. – Алматы, 2002.
28 Поппер К.Р. Предположения и опровержения: Рост научного знания [Текст] / Пер. с англ. — М.: ООО «Издательство АСТ», 2004. — 638 с.
29 Халперн Д. Психология критического мышления / Д. Халперн. - СПб. : Питер, 2000. - 512 с.

30 Поль Р.У. Критическое мышление: Что необходимо каждому для выживания в быстро меняющемся мире. 1990. В формате Word (zip)
31 Ennis R.H, Norris S.P., 1989. Ennis R.H, Norris S.P. Evaluating critical thinking. Midwest, 1989. https://www.amazon.com/Evaluating-Critical-Thinking-Practitioner-Teaching/dp/0894553801
32 Попков В.А. Коржуев А.В. критический стиль мышления у субъектов высшего профессионального образования. - М.,2002-236с.
33 Ходос Е.А., Бутенко А.В. Критическое мышление: метод, теория, практика. Учебно-метод. пособие. - Красноярск, 2002.-139с.
34 Заир-Бек С.И. Стратегии рефлексивного обучения студентов в педагогических вузах /С.И. Заир-Бек // Педагогика в вузе как учебный предмет: Сборник научных трудов. СПб.: РГПУ им. А.И.Герцена, 2001. - С.106-116.
35 Мирсеитова С. Успехи и вызовы. - Алматы. Раритет, 2004. -220 с.
36 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: "Полиграфия-сервис К", 2012. – 316 б.
37 Моль А. Социодинамика культуры /А.Моль ; пер. с франц., ред. и примеч. Б.В.Бирюкова, Р.Х.Арипова, С.Н.Плотникова. - М.: Прогресс, 1973.- 408 с.
38 Хараш А.У. Социально-психологические механизмы коммуникативного воздействия : дисс... канд. психол. наук /А.У.Хараш. - М., 1988. - 324 с.
39 Бехтерев В.М. Внушение и его роль в общественной жизни. - СПб.: Питер, 2001.
40 Лебон Г. Психология масс /Г. Лебон. - М. : АСТ, 2000. - 320 с.
41 Маркузе Г. Одномерный человек : пер. с англ. / Г.Маркузе. - М. : REFL-book, 1994.-368 с.
42 Фрейд 3. Введение в психоанализ : лекции 1-15 /З.Фрейд ; под ред. Е.Е.Соколовой, Т.В.Родионовой. - СПб.: Алетейя, 1999. - 278 с.
43 Маклюэн Г.М. Понимание медиа. Внешние расширения человека /пер. с англ. В.Николаева. - М.: Жуковский: КАНОН-пресс-Ц; Кучково поле, 2003. – 464 с.
44 Хевеши М.А. Толпа, массы, политика : ист.-филос. очерк : пер. с венг. /М.А. Хевеши. - М.: ИФРАН, 2001. - 229 с.
45 Липпман У. Общественное мнение : пер. с англ. /У.Липпман. — М. : Изд-во Фонда «Общественное мнение», 2004. - 384 с.
46 Бандура А. Теория социального научения /А. Бандура. - СПб. : Евразия, 2000. - 320 с.
47 Милграм С. Эксперимент в социальной психологии / С. Милграм. - СПб. : Изд-во «Питер», 2000. - 336 с.
48 Aufenanger S. Medienkritik - Alte und neue Medien unter der Lupe // Computer + Unterricht, 2006 - Nr. 64, S. 6-9

49 Миронов А.С. Раздувай и властвуй: практическое пособие по технологиям «мягкой» пропаганды /А.С. Миронов. - М.: Добросвет-2000, 2001.-216 с.
50 Горчева А.Ю. Основы манипулирования людьми в избирательном процессе /А.Ю.Горчева //Вестн. Моск. ун-та. Сер. 10, Журналистика. - 2002. - №1. - С. 91-103.
51 Крысько В.Г. Социальная психология /В.Г.Крысько. - СПб.: Питер, 2005.-221 с.
52 Пугачев В.П. Управление свободой /В.П. Пугачев. - М.: КомКнига, 2005. - 272 с.
53 Грачев Г.В., Мельник И.К. Манипулирование личностью: организация, способы и технологии информационно-психологического воздействия /РАН. Ин-т философии. - М., 1999.
54 Мельник Г.С. Mass Media: Психологические процессы и эффекты. – Санкт - Петербург, 1996. − 136 с.
55 Каландаров К. Управление общественным сознанием. - М.: Гуманитарный центр Монолит, 1998. - 80 с.
56 Жижина М.В. Курс «Основы медиапсихологии»: учебно-метод. пособие / М.В. Жижина. - Саратов : ИЦ «Наука», 2008. - 50 с.
57 Быкова О.Н. Языковое манипулирование общественным сознанием /Сост. О.Н.Быкова. - Красноярск : Красноярский ГУ, 1999. - 64 с.
58 Берёзкина О.П. Социально-психологическое воздействие СМИ : учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений /О.П.Берёзкина. - М.: Издательский центр «Академия», 2009. - 240 с.
59 Бергер П, Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания / П. Бергер, Т. Лукман. - М.: Медиум, 1995. - 323 с.
60 Зелинский С.А. Манипуляции массами и психоанализ. Манипулирование массовыми психическими процессами посредством психоаналитических методик. - Спб.: Скифия, 2008.- 248 с.
61 Адамьянц Т.З. К диалогической коммуникации: от воздействия к взаимодействию / Т.З.Адамьянц ; отв. ред. Т.М.Дридзе. - М.: Институт социологии РАН, 1999. - 135 с.
62 Харламова Т.М. Психология влияния: учеб.пособие /Т.М.Харламова. - 2-е изд., перераб. - М. : Флинта: МПСИ, 2008. - 111 с.
63 Баукин А.В. Манипулирование сознанием: опыт социально-философского анализа : дис.... канд. фил. наук /А.В. Баукин. - М., 2007. -119 с.
64 Журин А.А. Информационная безопасность как педагогическая проблема / А.А. Журин // Педагогика. - 2001. - № 4. - С. 48-55.
65 Федоров А.В. Развитие медиакомпетентности и критического мышления студентов педагогического вуза /А.В. Федоров. М.: Изд-во МОО ВПП ЮНЕСКО «Информация для всех», 2007. - 616 с.
66 Шариков А.В. Медиаобразование: мировой и отечественный опыт /А.В.Шариков. - М.: Акад. пед. наук СССР, 1990. - 66 с.

67 Гура В.В. Новые виды интеллектуальной деятельности в медиасреде как основа развития медиакомпетентности /В.В.Гура //Медиаобразование. - 2007. - № 2. - С. 87-98.
68 Григорова Д.Е. Медиаобразование как одно из условий развития критического мышления / Д.Е. Григорова //Медиаобразование: от теории - к практике/сост. И.В. Жилавская. Томск : Изд-во Томск, ин-та информационных технологий, 2007. С.113-118.
69 Столбникова Е.А. Медиаобразование: проблема воспитания критического мышления /Е.А. Столбникова //Проблемы научной и учебно-методической работы в вузе ; ред.Р.М. Чумичева. - Волгодонск : Волгодонское полиграфобъединение, 2001. - С. 150-155.
70 Жилавская И.В. От медиапроектов - к системе медиаобразования /И.В.Жилавская //Медиаобразование. -2007. - № 2. - С. 4-8.
71 Мастерман Л. Обучение языку средств массовой информации: теория и практика /Л. Мастерман //Перспективы. Вопросы образования. - 1984. - № 2. - С. 37-48 ;
72 Баранов О.А. Медиаобразование в школе и вузе /О.А.Баранов. -Тверь : Изд-во Тверского гос. ун-та, 2002. - 87 с.
73 Сальный Р.В. Медиакомпетентность студентов педагогических вузов как актуальная проблема / Р.В. Сальный // Медиаобразование. - 2007. -№3.- С 108-112.
